

ҚҰРАН  
және  
СҮННЕТ

# АҚЫРЕТ ӨТКЕЛДЕРІ

﴿وَلَكِنَّ الْبِرَّ مَنْ ءَامَنَ بِاللّٰهِ وَالْيَوْمِ الْآخِرِ﴾

УДК 28  
ББК 86.38  
А 38

А 38 «Ақырет өткелдері»/ — Құраст. А.Қадыров, Қ.Қыдыралыұлы,  
З.Аман. — Алматы: «Кәусар-саяхат» ЖШС, 2010. 240 бет.

ISBN 978-601-7016-37-1

*Жинақта өлім, қабірдегі жағдай, ақырзаман белгілері, қиямет-қайым ахуалдары және жаннат пен тозақ мәселелері жан-жақты баяндалады. Сондай-ақ бұл кітап оқырмандарға ақыреттің ұлы көші туралы қарымды да қомақты мағлұмат беріп, оларды осы өткелдерге алдын ала дайындалуға үндейді.*

*Еңбек қалың қауымға арналады.*

УДК 28  
ББК 86.38

ISBN 978-601-7016-37-1

© «Кәусар-саяхат» ЖШС, 2010

## Пікір

Бұл жинақ тақырыбы жағынан болсын, онда көтерілген мәселелері жағынан болсын өте құнды. Оны ақыретті тануға көмектесетін, қабір өмірінен мәлім ететін, қиямет белгілерін т.б. айқындап беретін, сөйтіп, діни саналы адамды болашақ өмірге дайындайтын «ақиқат білімдер жинағы» деп атауға болады. Діни білімі бар оқырман да, о дүниеден бейхабар жан да бұл жинақтан керектіні тауып, таза білім бұлағынан сусындай алады. Қоғам сұранысын өтеуге арналған мұндай ыждаһатты істердің қолға алынуы құба-құб. Аудармашы-құрастырушылар осы еңбек арқылы өздерінің риясыз қажырлылығын, мол діни білімдерін танытқан. Өйткені діни ілімдерді арабшадан аударып, туған топыраққа санадан орын алатындай сіңісті ету — екінің бірінің қолынан келе бермейтін жауапты да маңызды іс. Әрі ол рухани ықыласты, кіршіксіз таза ниетті талап етеді. Бұл реттен келгенде, құрастырушылар көп тер төгіп, межеден шыға білген. Олар оқырмандарға дайын рухани азықты заман талабына сай ұсынып отыр деп білеміз.

Еңбек жеті бөлімнен құралған. Әрбір бөлімнің тақырыбы толық ашылып, мақсатына дөп жеткен. Құран аяттары мен хадистер орынды келтіріліп, аудармалары, негізінен, дұрыс берілген. Еңбектің мазмұнының өзі, негізінен, қасиетті Құранға, ондағы көрсетілген о дүниенің жай-жапсарына арналған.

Қорыта айтқанда, құрастырушылар баспаға дайындаған «Ақырет өткелдері» атты жинақты оқырмандар жүрегіне жол тауып, имандарын берік етуге қосылған үлкен де сәтті үлес деп бағалаймыз.

*Абылайхан атындағы ХҚЖӘТУ-нің доценті,  
ф.ғ.к., арабтанушы Д.Ә.Есенжан*

## Алғы сөз

Әлемдердің Раббысы Аллаһқа мадақ! Өзінен кейін еш пайғамбар келмейтін, сүйікті пайғамбарымыз Мұхаммедке, оның ардақты отбасы мен ізбасарлары болған сахабаларына және Қиямет күніне дейін олардың сондарынан ізгілікпен ілесушілерге Аллаһ тағаланың сәлемі, игілігі және берекеті болсын!

Бұл ғаламның Жаратушысы болған Ұлы Аллаһ тағала, ондағы барлық жанды-жансыз атаулының да жоқтан бар Етушісі болып табылады. Аллаһ тағала жеті қат көк пен жерді алты күнде жаратып, содан кейін Аршыға Өзіне лайықты түрде көтерілді. Сондай-ақ осы көктер мен жердің әрқайсысына арнап тұрғындар жаратты. Аспан тұрғындары дегеніміз — еш уақытта Аллаһқа қарсы келмейтін, күнә жасамайтын, әрдайым Оны ұлықтап, пәктеп тұратын нұрдан жаратылған періштелер. Ал жер беті тұрғындары дегеніміз — Аллаһ тағалаға ғана құлшылық етуге бұйырылған жындар мен адамдар.

Сонымен қатар Аллаһ тағала әр нәрсенің дүниедегі тағдырын белгіледі. Әрі олардың ешқайсысының да бұл дүниеде мәңгі емес екендігін және дүниеге бекер жаратылмағандарын, сондай-ақ ақыр соңында баратын орындары Өзінің алды екендігін, барлығын да аса Дана, ұлы құдірет Иесі Аллаһ қасиетті Құран Кәрімде баян еткен.

Ендеше, бұл өмір адамзатқа сынақ үшін берілген. Сондықтан да Раббымыз Аллаһ Өзінің кітабында: **«Ондағылардың (яғни жер бетіндегілердің)<sup>1</sup> бәрі өткінші (мәңгі емес). Ұлы Дәрежелі әрі Жомарт Раббыңның жүзі ғана қалады»,** — деген (Рахман, 26-27).

Алайда өлім адам тіршілігінің соңы емес. Уақытша дүние тіршілігінен қол үзген адам «фәниден» (өткінші) «бақиға» (мәңгілік) өтеді. Бұл екі ұғым біздің тілімізде екі дүние деп

---

<sup>1</sup> Жақшаға алынған сөздер Құран аяттары мен хадистер мәтінінде кездеспейді. Олар сөз өрісінің мағынасы түсінікті болу үшін қолданылады.

те қолданылады. Яғни бұл дүние және ақырет өмірі. Бақилық өмір дегеніміз де — міне, осы ақыреттік тіршілік. Бұл айтқандарымызға Құран Кәрімдегі Аллаһ тағаланың: «Шын мәнінде, бұл дүние тіршілігі (уақытша) пайдалану ғана. Ал ақырет, ол — тұрақты мекен» (Ғафыр, 39), — деген сөзі дәлел болады.

Қоғамда көпшіліктің діни сауатының аздығына байланысты біреулер өзін жаратып, бұл өмірді сыйлаған бір Жаратушы Аллаһ тағаланың бар екенін білсе де, дүниеден озған соң, осы Ұлы Жаратушымыздың алдына баратынымызды, қайта тірілтіліп, есеп-қисап болатынын, соңыра әркім дүниеде жасаған амалдарының қарымтасын алып, иман иелерінің жаннатқа, ал имансыздар мен серік қосушылардың тозаққа айдалатынын, сөйтіп, ақыреттік мәңгілік өмірдің басталатынын біле бермейді..

Міне, сол ақыреттік мәңгілік өмірге, Аллаһ тағаланың ізгі құлдарына уәде еткен жаннаттарына қол жеткізу үшін әрбір адам бар күш-жігерін, мал-дүниесін Оған құлшылық жасап, жақындау барысында сарп етіп, ақыреттік азығы болып табылатын сауаптар жинауы керек.

Осы тұрғыда біз көпшілікке мәңгілік ақырет мекеніне көшетін адамды күтіп тұрған: өлім, қабір сынағы, қиямет-қайым, қайта тірілу, махшар, есеп-қисап, таразы және сират көпірі сияқты үлкен-үлкен өткелдер жайында мағлұматтар беруді жөн көрдік. Аллаһ тағаладан медет тілей отырып, Құран Кәрім аяттары мен Пайғамбарымыздың (ﷺ)<sup>1</sup> хадистеріне, сондай-ақ әйгілі ғұламалардың дәйектеріне сүйене отырып құрастырған еңбегімізді «Ақырет өткелдері» деп атадық.

Еңбек «Ақыретті тану», «Өлім яки кіші қиямет», «Қабір өмірі», «Қияметалды белгілер», «Қиямет-қайым», «Тозақ» және «Жаннат» сияқты жеті бөлімнен тұрады.

<sup>1</sup> Пайғамбарымыз Мұхаммедтің есімі аталған кезде әрбір мұсылман «салла Аллаһу алейһи уә сәлләм» (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) деп тілек-дұға айтуы тиіс. Біз оны ықшамдап «(ﷺ)» деп арабша нұсқасымен бердік.

Кітаптың бұл басылымында оқырмандардың сыни пікір-көзқарастары мен өтініштері ескеріліп, қажетті түзетулер мен толықтырулар енгізілді.

Сөз соңында, Жаратушы Иемізден осы еңбегімізді Өзінің жүзін қалап істеген амалдарымыздың қатарына жазуын және оны оқып пайда алған баршамызға ақырет өткелдерінен абыроймен өтуді нәсіп етуін сұраймыз.

*Құрастырушылар*

## I бөлім

### Ақыретті тану

Бұл бөлімде әрбір адамды еріксіз терең ойланып, толғануға итермелейтін, Аллаһ тағаланың құлдарынан құпия ұстаған — ақырет күні жайлы әңгімеленеді. Сонымен қатар бөлімде ақырет күніне сену — иман тіректерінің бірі, ол күнге иман келтіруге үндеу — барша пайғамбарлардың дағуаты, оған сенбейтіндерге айтар ақыл-кеңестер, ақырет күніне сенбейтіндердің ақыл-ойына түрткі салатын Құран аяттары, ақыретке сенудің пайдасы мен оған күдіктенудің салдары, оны танып-білудің қажеттілігі, ақыреттің келуінен бұрын оған ізгі іс-амалдар жасау арқылы қамдану, оған қатысты үрей мен үміт сияқты тақырыптармен танысасыздар.

### Ақырет күніне сену

Иман тіректерінің бірі — ақырет күніне сену. Иман дегеніміз — Аллаһқа, (Оның) періштелеріне, кітаптарына, пайғамбарларына, ақырет күніне, тағдырға және ондағы жақсылық пен жамандықтың тек Аллаһтан екендігіне сену. Демек, ақыретке сену — иманның ажырамас бір бөлшегі. Онсыз иман кәміл болмайды.

Ал ақырет күні дегеніміз — Аллаһ тағаланың адамдарды есеп-қисап үшін қайта тірілтіп, қабірлерінен тұрғызып, олардың арасында төрелік етіп, іс-амалдарының қарымтасын беретін күн.

Ислам ақидасы Аллаһ тағаланың бірлігі<sup>1</sup> мәселесінен кейін барлық жандының ақырет күнінде қайта тірілуі сеніміне құрылады. Осы ұлы күннің маңыздылығы себепті Аллаһ

---

<sup>1</sup> Яғни Жаратушымыз, рыздық Берушіміз, барлық ісімізді Орайластырушымыз — бір Аллаһ тағала деп тану, Оған ғана құлшылық ету және Оның Өзіне ғана тән есім-сипаттарының бар екенін толығымен мойындау.

тағала көптеген аяттарда Өзіне иман келтіруді ақырет күніне деген сеніммен байланыстырған. Аллаһ тағала Өзінің кітабында: **«Бірақ кім Аллаһқа және ақырет күніне иман келтірсе, сол нгі (іс)»** (Бақара, 177);

**«Аллаһқа және ақырет күніне иман келтіргендер: соларға зор сауап береміз»,** — дейді (Ниса, 162)

Құран Кәрімде осы мазмұндас көптеген аяттарды кездестіреміз. Сондай-ақ Пайғамбарымыз (ﷺ) да әрдайым иманның осы тірегіне баса назар аударып, сахабаларына өсиет айтқанда: **«Кім Аллаһқа және ақырет күніне иман келтірсе...»,** — деген сөз тіркесін жиі қолданатын...

Ендеше, әрбір мұсылман ақырет күніне сенудің діндегі орнын, маңыздылығын және онсыз иманының толық болмайтындығын әрдайым жадында сақтап, бұл күн жайлы мағлұматтарды алдын ала ізденіп, оқып-білуге тырысканы жөн. Өйткені адамзат баласына жіберілген барша пайғамбарлардың міндеті өз үмбетін бір Аллаһқа құлшылық етуге шақыру және жасаған амалдарының қарымтасын алар ақырет күніне иман келтірумен ескерту еді. Сонымен қатар жер бетінде өмір сүрген алдыңғы үмбеттер де осы пайғамбарлар мен елшілердің шақыруларына берген жауаптарына сәйкес Аллаһ тағаладан сыйларын (нығметке, ризыққа бөленумен) немесе жазаларын (азанқа душар болумен) алып отырған. Аллаһ тағала бізге Өзінің кітабында бұл қауымдар жайлы көптеген қиссаларды баян етеді.

Енді пайғамбарлар мен қауымдарының арасында болған кейбір қиссалардан үзінді берсек: мәселен, Нұх (аләйһис-сәләм) қауымына: **«Ей, елім! Аллаһқа құлшылық қылыңдар, сендер үшін Одан өзге құдай жоқ. Мен сендер үшін ұлы күннің (ақыреттің) азабынан қорқамын»,** — деп ескерттеді (Ағраф, 59).

Бірақ қауымы оны өтірікшіге шығарады. Бір күні оған (аләйһис-сәләм) Жаратушыдан кеме жасауға бұйрық келеді. Кеме жасалады. Бірер уақыттан кейін Нұхқа иман келтірмегендердің жазасы ретінде Аллаһ тағала жер бетіне топан су жібереді. Нұх топан судың алғашқы белгілерін көрген



сәтте кемеге қауымынан иман келтірген санаулы адамдарды, өз отбасы мүшелерін (бір ұлынан басқа) және әрбір жануардан бір-бір жұптан мінгізеді. Бұл жағдай Құран Кәрімде: «Сонда аспан есіктерін құйылған жапбырмен аштық. Жерді жарып, қайнарлар шығардық. Сонда су тағдыр етілген әмір бойынша қосылды. Оны шегелер мен тақтайлардан тұратын (кемеге) отырғыздық. Кәпірлерге жаза ретінде Нұхтың кемесі көз алдымызда жүріп бара жатты» (Қамар, 11-14);

«Расында, Нұх бізге жалбарынды. Біз—қандай жақсы Қабылдаушымыз! Оны да, отбасын да зор машақаттан құтқардық. (Жер бетінде) оның ұрпақтарын қалдырдық. Оны (Нұхты) кейінгілерге дәріптеттік. Нұхқа әлемдерден сәлем болсын! Біз ізгі (амал) істеушілерді осылай марапаттаймыз. Ол біздің мүмін пенделерімізден. Сосын басқаларды суға батырдық», — деп баяндалған (Сафғат, 75-82).

Су көбейіп, қалалар мен ауылдарды алады. Судың беті жер бетіндегі ең биік таулардан он бес кезге дейін жоғары көтеріледі. Нұхпен бірге болғандардан басқаның бәрі суға батады...

Нұхтың қауымынан кейін алғаш рет пұтқа табынған қауым ад тайпасы болды. Аллаһ тағала оларға Һудты пайғамбар етіп жіберді. Һуд (аләйһис-сәләм) да өз қауымына: «Ей, елім! Аллаһқа құлшылық қылындар. Сендердің Одан басқа тәңірлерің жоқ. Сепдер — өте жалақорсындар. Ей, елім! Бұған сендерден ақы сұрамаймын. Еңбегім мені Жаратқанға ғана тән. Сонда да түсінбейсіңдер ме?! Ей, халқым! Раббыларыңнан кешірім өтініңдер. Сосын Оған тәубе қылындар. Сендерге көктен жаңбыр жаудырып, қуаттарыңның үстіне қуат қоссын. Сондай-ақ күнөкар болып жалтармаңдар», — деп ескертеді (Һуд, 50-52).

Бірақ елінің қарсы болған тобы оған: «Әрине, біз сені есуас көреміз және сені анық өтірікшілерден деп ойлаймыз» (Ағраф, 66), — дейді. Сондай-ақ ақыретті жалғанға шығарған елінің көсемсымақтары: «Бұл—өздерің сияқты бір адам ғана. Жегендеріңді жеп, ішкендеріңнен ішеді. Егер өздерің сияқты адамға бойсұнсандар, рас, сендер сол уақытта

зиянға ұшырайсыңдар. Сендерге өліп, топырақ және сүйек болғанда тіріліп шығатындарыңды ескерте ме?! Сендерге бұл ескертілген іс ұзақ, тым ұзақ! Дүниедегі тіршілігіміз ғана — тіршілік. Кейбіріміз өлеміз, кейбіріміз өмір сүреміз де қайта тірілмейміз. Ол — Аллаһқа өгірік жала жапқан адам. Біз оған сенбейміз» (Муминун, 33-38), — десіп, қауымын одан әрмен алжастырады.

Һуд оларды бір Аллаһқа құлшылық етуге шақырып, ақырет күнімен ескертуден танбай: «Енді Аллаһтан қорқып, маған бағыныңдар. Сендерді білген нәрселеріңмен қамтамасыз еткен Аллаһтан қорқыңдар. Сендерге малдар, балалар берді. Бақшалар мен бұлақтарды берген (Аллаһтан қорқыңдар). Расында, мен сендерге болатын ұлы күннің азабынан қорқамын» (Шүғара, 131-135), — деп дағуатын жалғастыра береді. Ал ад қауымы өздеріне Аллаһ тарапынан жіберілген пайғамбарға ілесудің орнына, оны келемеждеп, кемсітумен болады. Ақыры Аллаһ оларға ішінде жаптүршігерлік азабы бар дауыл жіберіп, жер бетінен біржолата жояды. Дауылдан Һуд және оған иман келтірген бір топ адамдар мен олардың малы ғана аман қалады. Бұл оқиғадан кейін мүміндер сол жерде өмір сүруді жалғастырады...

Сондай-ақ пайғамбарымыз Мұхаммед (ﷺ) да құрайыштарды бір Аллаһқа құлшылық етіп, ақырет күніне иман келтіруге шақырған. Бір күні Пайғамбарымыздың (ﷺ) алдына бір көпір келіп, қолындағы өзі алып келген құраған сүйекті майдалап уатады да, ұнтақты ауаға шашып жіберіп:

«Ей, Мұхаммед! Мынаны Аллаһ қайта тірілтеді деп бөсесің бе?» — дейді.

Бұл жайтқа қатысты Аллаһ тағала: «Ол өз жаратылысын ұмытып, Бізге мысал келтірді. «Шіріген сүйектерді кім тірілтеді?» — деді. Сен: «Оны әу баста жаратқан тірілтеді. Ол — барлық жаратылысты Білуші», — деп айт» (Ясин, 78-79), — деген уахи түсіреді (Ибн Кәсир)...

Сол сияқты бүгінгі күнде де арамызда шайтан сенімдерін әбден билеп-төстеп алған, «Ақырет күні бар» дегенге

таңғалатын адамдар аз емес. Олар ақырет туралы, өлімнен кейінгі өмір жайлы әңгіме қозғағандарды «Онда кім барып келіпті» деп әжуалайды. Ал өздері бастарына бір қиын іс түскенде, сол сәттен-ақ Жаратушысы Аллаһқа жалбарынып, дұға қылатынын сырт көзге білдірмеуге тырысады. Сондай-ақ бұл өздерінің басқалар алдындағы пендешілігі мен сасық кеуделілігінен екенін ескермейді де!..

Адамзатты жоқтан бар еткен, бір тамшы судан жаратқан Раббымыз Аллаһ Өзінің құлдарынан ақырет күні есеп алатынына ешкімнің де күмән келтіруі мүмкін емес. Ендеше, ең бастысы — Аллаһ тағаладан барша адамдарға иман, тауфик (сәттілік) және тура жол беруін тілейміз.

### **Ақырет күніне сенбейтіндерге жауап**

Ақырет күніне және қайта тіріліп, сұраққа алынатындарына сенбейтіндерге жауап ретінде Аллаһ тағала Құранда бұл дүниенің өзінде-ақ өлтіріп, сосын қайта тірілткен адамдары жайлы алты мысал келтірген:

1. Аллаһ тағала **«Аллаһты ашық көрмегенімізше саған еш иман келтірмейміз»** дегендері үшін (Өзі) өлтіріп, сосын қайта тірілткен Мұсаның (аләйһис-сәләм) қауымындағы адамдар жайлы: **«Сендер: «Ей, Мұса! Аллаһты ашық көрмегенімізше саған мүлдем иман келтірмейміз», — деген кезде, сендерді қарап тұрған халдеріңде жасын алған еді. Сонан соң шүкірлік етерсіңдер деп, өлгендеріңнен кейін қайта тірілттік», — деп баяндайды (Бақара, 55-56).**

2. Құран Кәрімде Аллаһ тағала: **«Сендер біреуді өлтіріп, сол жөнінде дауластыңдар. Аллаһ жасырғандарыңды ортаға нығарушы. Сонда: «Оны (өлікті) оның (сиырдың) кейбір (бөлігімен) қағыңдар», — дедік. Осылайша, Аллаһ өліктерді тірілтп, сендерге ақылға келерсіңдер деп Өз аяттарын көрсетеді», — деген (Бақара, 72-73).**

Бұл аят өз араларындағы өлтірілген біреудің төңірегінде дауласқан исраилдіктер жайлы. Аллаһ тағала оларға бір сиыр-

ды сойып, оның бір мүшесімен өлікті қағуды бұйырған. Олар өздеріне бұйырылғанды орындағаннан кейін Аллаһ тағала өлікті тірілтеді. Сонда ол өзін өлтіргенді айтып беріп, сосын қайта өлі қалпына түскен.

3. Аллаһ тағала оба ауруына ұшырап қашқан исаилдіктерді өлтіріп, кейін қайта тірілткендігі туралы: «(Ей, Мұхаммед!) **Өлімнен қорқып, өз жұрттарынан шығып кеткен мыңдаған адамдарды көрмейсің бе?! Аллаһ оларға: «Өліңдер»,** — деді де, кейін қайта тірілтті. **Расында, Аллаһ — адамдарға кеңшілік Иесі. Бірақ адамдардың көбі шүкіршілік қылмайды»,** — деген (Бақара, 243).

4. Аллаһ тағала өлтіріп, сосын жүз жылдан кейін қайта тірілткен Ғұзайыр (аләйһис-сәләм) жайлы: **«Немесе іргетасына дейін қиратылған ауыл үстінен өткен кісіні көрмедің бе? Ол: «Аллаһ мұны өлгенінен кейін қалай тірілтер екен?»** — деді. Сонда Аллаһ оны жүз жыл өлі күйінде қалдырып, кейін қайта тірілтті де: **«Қанша уақыт жаттың?»** — деді. Ол: **«Бір күн немесе күннің бір бөлігіндей жаттым»,** — деді. (Аллаһ): **«Олай емес, сен онда жүз жыл жаттың. Тамағың мен сусыныңа қарашы, мүлдем бұзылмапты. Сондай-ақ есегіңе қара, біз сені адамдарға аят-белгі қылу үшін осылай еттік. Ал енді сүйектерге қара, оны қалай құрастырып, кейін (қайтіп) ет қаптайтынымызға?! Оған жағдай айқындалған кезде: «Сөзсіз, мен Аллаһтың әр нәрсеге Қүдіретті екенін білемін»,** — деп айтты», — дейді (Бақара, 259).

Яғни сонымен қатар Аллаһ тағала оның шіріген сүйекке айналған есегін көз алдында қайта тірілткен.

5. Ибраһим (аләйһис-сәләм) Раббысынан өліктерді қалай тірілетінін көрсетуді сұраған. Аллаһ тағала оған төрт құсты сойып, боршалап, араластырып, оны төртке бөліп, төрт тауға апарып қоюды бұйырды. Сонан соң Раббысының әмірімен Ибраһим оларды шақырғанда құстардың боршаланған дене мүшелері пайғамбардың көз алдында бірігіп, қайта тіріліп келген. Бұл жайында Құранда: **«Ибраһим: «Уа, Раббым! Өлілерді қалай тірілтетінінді маған көрсетші»,** — деп айтқанын есіңе ал.

(Аллаһ): «Сенбейсің бе?» — деді. (Ибраһим): «Әрине, (сенемін). Бірақ жүрегім орнығуы үшін», — деді. (Аллаһ): «Олай болса, құстардың төртеуін ұста да, оларды (сойып боршалап) алдыңа жиып қой. Сосын бөлшектерін әр таудың төбесіне қой да, оларды шақыр, сол бойда алдыңа жетіп келеді. Әрі Аллаһтың өте Үстем, аса Дана екенін білгейсің», — деді», — деп баяндалады (Бақара, 260).

6. Аллаһ тағала «Кәһф» сүресінде әңгімеленген үңгірдегі жігіттер туралы: «Олар үңгірлерінде үш жүз жыл жатты. Сондай-ақ (оған) тоғыз (жыл) қосындар», — деген (Кәһф, 25).

Яғни діндерін сақтап қалу мақсатында, тура жолдан адасқан қауымдарынан қашып келіп, бір үңгірді паналаған жігіттерді Аллаһ тағала күн күнтізбесі бойынша үш жүз жыл ұйықтатқан (ай күнтізбесіне шаққанда бұған тоғыз жыл қосылады).

### **Аллаһ тағала ақырет күніне сенбейтіндердің ақыл-ойына түрткі салады**

Адам баласының Аллаһ жаратпастан бұрын биологиялық тұрғыда қандай күйде болатынына назар аударайықшы. Ол әуеліде бар-жоғы ештеңеге тұрғысыз бір тамшы ұрық суы ғана болады. Осы бір тамшы су бірнеше миллиондаған тірі жасушалардан тұрады. Адамды осыншалықты көп жасушадан біріктіріп, дербес жаратылыс етіп, соңыра оны дүниеге әкеліп, ақыл-ой берген Аллаһ тағаланың оны қайта тірілтуге күдіреті жетпей ме?!

Әрине, ақыл иесі болған әрбір адам бұл сөзімізге еш күдіксіз толық келісетіні белгілі. Яғни адам баласын бір тамшы судан жаратқан Аллаһ, әлбетте, оны қашан, қай жерде өліп, жерленсе де, ақырет күні қайтадан тіріліп, сұраққа алады. Осы себепті де Аллаһ тағала Құран Кәрімде Өзіне қарсы келіп, істеген амалдарының сыйын немесе жазасын алатын күннің келетініне сенгісі келмейтіндердің ақыл-ойларына түрткі салатын көптеген аяттар келтірген. Енді осы аяттарға тоқталсақ:

Аллаһ тағала: «Адам баласы өзін бір тамшы судан жаратқанымызды көрмей ме? Сонда да ашық қарсылық істейді» (Ясин, 77);

«Адам баласы бос қоя берілеміз деп ойлай ма? Ол (жатырға) тамызылған бір тамшы ұрық суы емес пе еді? Со-сын ол ұйыған қан болды. Оны Аллаһ жаратып, толықтады. Сөйтіп, одан (бұл адамнан) екі жыныс: ер және әйелді жаратты. Ендеше, Ол (яғни мұның барлығын жасай білген Аллаһ) өліктерді қайта тірілтуге Қүдіретті емес пе!?» (Қиямет, 36-40);

«Ал адам баласы өзін алғаш жаратқанымызда (өзінің) дәнне емес екенін жадында ұстамай ма?» — деген (Мәриям, 67).

Көк пен жер сияқты үлкен-үлкен нәрселерді жаратқан Аллаһ тағалаға адамды қайта тірілту не тұрады?! Бұл жайында Аллаһ тағала Құран Кәрімде: «Сондай көктер мен жерді жаратқан (Аллаһ) солар сияқтыны жаратуға Қүдіретті емес пе?» — деген (Ясин, 81).

Сондай-ақ Аллаһ тағала өлі жерді тірілткені сияқты адамдарды да өлгендерінен кейін тірілтетіні жайлы: «Ол сондай (Аллаһ) рақметінің (жаңбырдын) алдында желдерді сүйінші етіп жібереді. Ауыр бұлттарды көтерген бойда өлі бір өлкеге жіберіп, сол жерде ол арқылы жаңбыр жаудырып, сонымен әртүрлі жемістерді шығардық. Осылайша, өліктерді де тірілтеміз. Мүмкін үгіт аларсындар», — деп баяндаған (Ағраф, 57).

Сол сияқты адам әр ұйықтап тұрған сайын өліп-тірілуді сезінеді. Өйткені ұйқы — кіші өлім. Аллаһ тағала: «Ол сондай (Аллаһ) түнде сендердің жандарыңды алады. Сондай-ақ күндіз не істегендеріңді біледі. Содан соң белгілі бір мерзім өту үшін сендерді (ұйқыдан) қайта тірілтеді. Кейін қайтып барар жерлерің — Сол жақ. Содан кейін Ол істегендеріңнің хабарын береді», — деген (Әнғам, 60).

### Ақыретке сенудің пайдасы

Бүгінде адамдар дүниелік қам-қарекеттерін барынша жа-сап, оларды мүмкіндігінше пайдаланып қалуға ұмтылуда.

Бірақ пендепің ақыретті де естен шығармағаны жөн. Ақыретпен шұғылдану дегеніміз — дүниелік істерді бір шетке ысырып қою мағынасында емес. Керісінше, біз сол ақыреттік әзірліктерді істеу барысында бұл дүниелік те, ақыреттік те бақытқа қол жеткізе отырып, Раббымыздың иман келтірген құлдарына уәде еткен жаннаттарына ұмтылуымызды білдіреді. Еңдеше, ақыретті танып-білуден біздің алар пайдамыз мол. Атап айтсақ:

1. Ақырет күніне сену — ақиданың негізгі тіректерінің бірі. Ақырет күніне сенбесек, біз иман келтірушілердің санатына жатпаймыз. Ал имансыз тіршіліктің баяны қандай болмақ?! Аллаһтын азабы келгенде, күніміз не болмақ?! Әрі ақыретке сену — иманның бір тірегі, тақуалықтың шарты. Олай дейтініміз, Аллаһ тағала Құранда тақуа пенделерін сипаттан: **«Сондай ғайыпқа иман келтіргендер, намаз оқығандар және Біздің бергендерімізден (мал-дүние) жұмсағандар. Сондай-ақ саған түсірілгенге (Құранға) және сенен бұрын түсірілген (кітаптарға) иман келтіргендер. Олар ақыретке анық сенеді»**, — деген (Бақара, 3-4).

2. Ақырет күніне сену мұсылман адамды жақсылыққа, ізгі амалдар жасауға талпындырады. Ал ол күн болмаса, мұндай ізгі амалдарды істеудің қаншалықты қажеті бар?! Өлім адам өмірінің ең соңғы шегі болатын болса, сауапты амалдарды жасаудың керегі қанша?! Демек, ақыретті танып-білу мүміндерді өздерінің істеген жақсы іс-амалдары үшін сауап алатындарына сенімдерін арттырып, игілікке үгіттейді. Бұл игіліктің нәтижесі жайлы Аллаһ тағала: **«Сосын әркімнің еңбегі толық беріледі де, олар зұлымдыққа ұшырамайды»**, — деген (Әлі Имран, 161).

Сонымен қатар адамдарды бұл дүниенің алдамшы қызықтарынан жүз бұрып, намаз өтеуге, ораза ұстауға және Құран оқуға т.с.с. құлшылық түрлерін орындауға жетелейтін де осы ақырет күніне деген сенім болмақ. Аллаһ тағала ақыретке сенушілерді Құранда: **«Олар — Раббыларының азабынан қорқушылар»** (Мағариж, 27):

**«Ол ақыреттен сақтанады және Раббысының рақымын үміт етеді», — деп сипаттаған (Зумәр, 9).**

Ілгеріде Әбу Дахдах (Аллаһ оған разы болсын) есімді бір сахаба болған. Оның қартайған шағында жаңғақ ағашын отырғызғаны риуаят етіледі. Жаңғақ ағашы өнім беру үшін біраз жыл қажет ететіндігі белгілі. Мұнысына таңырқаған адамдар оған: «Бұл ағаш өнім берем дегенше сен өмір сүресің бе, жоқ па?! Мұның саған нендей қажеті бар?» — дегенде, ол (Аллаһ оған разы болсын): *«Мен пайдаланбасам, менен кейінгілер пайдаланады. Ал маған сауабы барып тұрады»,* — деп жауап берген екен.

Міне, бұл — ақыретке шынайы сенген адамның көрінісі.

Сондай-ақ осы сенім арқылы адамзат бұл өмірде бір даналықтың бар екендігін түсінеді.

3. Ақырет күніне сену адамдарды харам істерден сақтайды. Тіршіліктерін тиянақты етіп, бір қалыпта ұстауларына себепші болады. Әсіресе, қоғамымызда көптеп кездесетін дүние үшін кісі өлтіру, ұрлық істеу және қиянатшылдыққа бой ұру сияқты жаман қылықтардан қайтарады. Өйткені ақыретке сенген адам өзінің әрбір үлкен-кіші істерінен сұралатынын түсінеді. Бұл жайында Құран Кәрімде: **«Сол бір күні (Қиямет күні) әр адамның жақсы-жаман істері өз алдарында дайын болады»** (Әлі Имран, 30);

**«Олар: «Өттеген-ай! Бізге нендей өкініш!? Мына кітап кішіні де, үлкенді де тастамай түгендепті», — дейді. Сондай-ақ олар істегендерін өзір табады. Раббың ешкімге зұлымдық қылмайды», — деп әңгімеленеді (Кәһф, 49).**

Сонымен қатар пендені жаман істерден оның ішкі бақылаушысы қайтарып тұрады. Осы ішкі бақылаушысы жоқ мүшелерге ие болған қоғам жабайылықта, өзімшілдікте, адамгершілік пен ар-ұяттан жұрдай болған күйде күн кешеді. Сондықтан көпір қоғамда сабырсыздық, сараңдық, парақорлық, өзімшілдік, маскүнемдік, зинақорлық және ойынқұмарлық сияқты лас әрекеттер кеңінен орын алған.



4. Ақырет сенімі адамға бұл дүниедегі өтпелі кезендердегі қиындықтарға шыдауға, басына түскен уақытша қайғы-қасіреттерді көтеріп, сабырлық қылуға үндейді. Осы себепті де ақыретке сенген мүміннің тұла бойы тұнған жақсылық болады.

Суһайбтан (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етілген хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ): **«Мүміннің ісі таңғаларлық. Расында, оның ісінің бәрі жақсылық және бұл мүміннен басқа ешкімге тән емес. Егер оған шаттық келсе, шүкір қылады және (шаттығы) оған жақсылық болады, ал егер ауыртпалық келсе, сабыр етеді және ол (ауыртпалық та) оған жақсылық болады»**, — деген (Муслим).

5. Ақырет күніне сену қоғамның салауаттылығының кепілі болып табылады. Дәл осы сенім әрбір адамды салауатты, нәтижелі әрі жемісті өмірге бастайды. Бізді өз еркімізбен кедей-кепшіктерге қарайласуға, оларға садақа, зекет беруге не мәжбүрлейді? Әлбетте, бұл — біздің ақырет күніне деген сеніміміз.

Ал ақырет күніне сенбейтін қоғамда мемлекет заңынан қорқу ғана адамдарды салық төлеуге мәжбүр етеді. Статистика бойынша, кез келген мұсылман емес елде әрбір жүз адамның сексенге жуығы салық төлеуден бұлтарады екен.

6. Ақырет күніне сенген адам бұл жалған дүниенің қаншалықты қысқа екенін түсініп, өзіне берілген аз ғана уақытты барынша тиімді әрі ұтымды пайдалана отырып, көптеген жақсылықтар мен ізгіліктерге қол жеткізеді.

7. Ақырет күніне сенген жан фәнидің таразысына емес, бақидың таразысына қарап, дүниенің есебімен емес, ақыреттің есебімен амал істейді.

8. Ақырет күніне деген сенім пендені Аллаһ тағаланың ұлылығын, құдіретін сезінуге мәжбүрлейді. Өйткені Құран Кәрімде: **«Қиямет сағаты кіршік қаққандай, тіпті одан да жақынырақ. Сөзсіз, Аллаһ әр нәрсеге Құдіретті»** (Нахл, 77), — деп айтылғанындай, Аллаһ тағала қияметті қас қағым сәтте-ақ алып келуге және жаратқан пенделерін жинап, амалдарының есебін әділетпен айыруға толығымен құдіретті. Аллаһ тағала Өзінің аяттарында: **«Адам баласы Біз сүйектерін жинай ал-**

**майды деп ойлай ма? Әрине, Біз оны саусақтарының ұшына дейін қайта жасауға Құдіреттіміз», — деген (Қиямет, 3-4).**

Осы аятта меңзелгендей, қайсыбір адам болсын оның саусақтарының ізіне ешбір жанның саусақ ізі сәйкес келмейді, тіпті олар егіздер болса да. Бұдан асқан қандай құдірет болуы мүмкін?! Аллаһ тағала: **«Міне, (бұл құдыреттер Иесі) — Аллаһ хақ. Расында, Ол өліктерді тірілтеді және Оның әр нәрсеге құдіреті жетеді. Сондай-ақ қиямет күдіксіз келеді. Онда (яғни оның болатынына) еш күдік жоқ және, әлбетте, Аллаһ қабірдегілерді тірілтеді», — деген (Хаж, 6-7).**

9. Осы күнге деген иманымыз Аллаһ тағаланың әділдігіне деген сенімімізді арттырады. Аллаһ тағала: **«Ешбір күнәкар басқаның күнәсін көтермейді. Күнәсі ауыр болған біреу (күнәсін) көтеруге шақырса, егер ол жақыны болса да, одан еш нәрсе (оған) жүктелмейді», — деп айтқан (Фатыр, 18).**

10. Бұл сенім пендені өзгелерге арқа сүйеп алданып қалудан құтқарып, өзін жеке басының жауапкершілігіне үйретеді. Өйткені ақыретте адам баласына оның ешбір туысы немесе арқа сүйер жақыны жәрдем бере алмайды. Бұл жайында Құранда: **«Сол күні кісі туысынан қашады: шешесінен, әкесінен, әйелінен және балаларынан (қашады). Ол күні әркімнің өзіне жететін ісі болады», — деп баяндалған (Абаса, 34-37).**

Демек, адам тура жолды ұстануы немесе ұстанбауы ол тек өзі үшін ғана. Егер тура жолда болса, екі дүниеде де бақытын табады. Ал адасқан болса, дүниеде және ақыретте көптеген кесәпаттарға душар болады. Өйткені Аллаһ тағала: **«Кім ізгі іс істесе, ол өзінің пайдасына. Ал кім жамандық істесе, ол да өзінің зиянына. Раббың пенделерге зұлымдық істеуші емес» (Фуссиләт, 46);**

**«Сонда кім тозақ түйірінің салмағындай жақсылық істеген болса, оны (яғни ақыретте сауабын) көреді. Ал кім тозақ түйірінің салмағындай жамандық істесе, оны да (яғни ақыретте жазасын) көреді», — деп айтқан (Зілезәл, 7-8).**

Ақыретте әрбір пенде Аллаһтың алдына жеке-жеке, тек өзінің істеген амалдарымен ғана келеді. Аллаһ тағала ол күнді

сипаттап: «Сондай-ак олардын барлығы күймет күні Отан

жек-жеке келді», — деген (Мерям, 95).

Сонымен қатар адам баласы тек өз басының күнеларына

ғана жауап беретіндігі жайлы Құран Каримнің «Нежм»

сүресінде Аллаһ тағала: «Ешбір күнекар басқанын күнәсін

көтермейді. Адамзат үшін өз амалы ғана (найда береді). Сөз

жок, амалы(ның нәтижесі) тағу арада көрінеді. Солан сон

отан (амалының) есесі толық беріледі», — дейді (Нежм, 38-41).

Сондай-ак Аллаһ тағала Әзіне иман келтірмегендер мен

мүшріктерге өзіндерен тозақ отынан ер мұсылман өзін және

жақындарын сақтандыруды ескертіп: «Ей, иман келтіргендер!

Өздеріңді және отбасыларыңды, отыңы адамдар мен тастар

болған тозақтан сақтанулар», — деген (Тахрим, 6).

Бірде Лайғамбарымыз (ﷺ) өзінін жақын туыстарын жи-

нат: «Ей, Каб ибн Лухей ұлдары! Өздеріңді тозақтан

күтқаруыңдар! Ей, Мұрра ибн Каб ұлдары! Өздеріңді

тозақтан күтқаруыңдар! Ей, Хашм ұлдары! Өздеріңді

тозақтан күтқаруыңдар! Ей, Абдул-Мүтталлиб ұлдары!

Өздеріңді тозақтан күтқаруыңдар! Ей, Мұхаммедтің қызы

Фатима! Өзінді тозақтан күтқар! Өйткені мен сендерге

Аллаһтың алдында еткендай жардем бере алмаймын», —

деген-ді (әл-Бухаря, Муслам).

Егер адам ақыретте өзінің туыстарына септігін типте алғанда,

онда сөз жок, Лайғамбарымыз (ﷺ) өз жақындарына жардем бе-

редей. Бірақ ол күні біреу-біреуге қол ұшын беруі мүмкін емес-

тігін білген Лайғамбар (ﷺ) алдымен туысқандарын ескертіп:

«Мен сендерге Аллаһтың алдында еткендай жардем бере

алмаймын», — деген.

1. Ақыретке деген сенім адамға қорам алыдыла жауапкерші-

лік жүктейді. Бұл жауапкершілік, әсіресе, халық қызметіндегі

адамдарға қатысты. Осы сенімді қалтқысыз ұстанған әділетті

әмірші — Омар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ отан разы болсын):

«Ирақта бір қашыр сүрінсе, ол үшін Аллаһтың мені «Неге жоқ-

мын», — деген.

12. Ақырет сенімі адамға өлімді батыл қарсы алуына көмектеседі. Ал ақыреттік өмірге сенбейтін адамдар өлімнен өлердей корқады. Аллаһ тағала бұлар жайында:

«(Ей, Мұхаммед! Яһудилердің жалпы) адамдардап да, мүшріктерден де өмір сүруге тым құмар екенін көресің. Олардың әрбіреуі мың жыл өмір сүруді қалайды. Алайда ұзақ өмір сүруі оны азаптан арашаламайды. Аллаһ — олардың істегендерін толық Көруші», — деген (Бақара, 96).

13. Ақыретке деген сенім бізді біреуде кеткен есеміздің қайтатынына үміттендіреді. Ал бұл үміттің ақталуы ақиқат. Оған күдіктенуге, шүбәлануға болмайды.

Ал ақырет түгіл, Аллаһтың Өзіне сенбейтін көпірлер жайлы Құранда: «(Олар) дүние тіршілігімізден басқа (тіршілік) жоқ және біз қайта тірілуші емеспіз», — дейді», — делінген (Әнғам, 29).

Ақырет күніне сенбейтін пенде жан азабында күн кешеді. Мәселен, ақырет күніне сенбейтін бір адамға залым біреулер қиянат жасап қорлық көрсетсе, мал-мүлкін тартып алып, зұлымдық қылса, кегін қайтаруға шамасы келмеген әлгі пенде өзгеде кеткен ақысын кімге барып дауларын білмей, үмітсіздікке тап болып өмірден түніліп, күйінбей ме?!

14. Ақырет істері, Қиямет күнінің белгілері жайлы көптеген хадистер келген. Бұл хадистер бізге арамызда бүлік туған жағдайда тура жолды нұсқайды. Мысалы, Пайғамбар (ﷺ) бүлік жайлы ескертті: *«Сендердің алдарыңда қараңғы түннің бөліктеріндей фитналар тұр. Онда кісі мүмін күйінде таң атырып, кәпір болып кеш батырады. Мүмін болып кеш батырып, кәпір күйінде таң атырады. Онда отырған тұрғаннан жақсы, тұрған жүргеннен жақсы, жүрген жүгіргеннен жақсы»*<sup>1</sup>, — деген. Сонда сахабалар: *«Бізге не бұйырарсың, уа, Аллаһтың елшісі?»* — деді. Пайғамбарымыз (ﷺ) оларға бүлік шыққан жағдайда оған араласпауға бұйырып: *«Үйлеріңнен шықпаңдар!»* — деді (Әбу Дауд).

<sup>1</sup> Яғни Пайғамбар (ﷺ) оларды басы артық әрекет жасамауға үндеген.

Аллаһ елшісінің (ﷺ) берген бұл тәлімі сахабаларға ғана емес, бізге де тура жолды сілтеп, жақсылықтарға бастайтыны хақ.

### Ақыретті танып-білудің қажеттілігі

Баз біреулер ақыретке деген көзқарасын «Жарайды, ақыретті танып-білдік. Бірақ бізге қияметтің қашан келетінін, оның үлкен-кіші белгілерін және ондағы болатын әр түрлі жағдайларды білудің қажеті қанша? Біз мұндай істермен айналысқанша, нақты бір істермен неге шұғылданбаймыз? Мысалы: Ислам экономикасын көтеру, үмбетті аяққа тұрғызу, жастарымызға заманауи білім беру сияқты көкейтесті мәселелермен неге айналыспасақ? Өйткені бүгінгі таңда Ислам әлеуметі әлемдік даму сатысына ілесе алмай отыр емес пе? Адамдарға Яжуж-Мажуждың пайда болуы жайлы айтқанша, осы кемшіліктеріміздің орнын неге толтырмаймыз?..» деген сияқты ойлармен жеткізуі мүмкін.

Біздің бұларға айтар уәжіміз:

1. Ақырет жайлы оқып-білу — дініміздің талабы. Ал дін талабында біз ерікті емеспіз. Сондай-ақ ақыретке сену — иманның бір тірегі. Олай болса, мұны білуге әрбір адам міндетті.

Бұл дүниеде Пайғамбарымыз (ﷺ) Ислам мемлекетінің негізін қалаған. Ол (ﷺ) Ислам үмбетін көтеру жолында тіпті түрлі жиһадтарға шыққан уақытта да, әрдайым өз сахабаларына ақыретті егжей-тегжейлі түсіндірген. Сонымен қатар мұсылмандарға екі тарапты тепе-теңдікте ұстауды, дүние және дін істерін Аллаһ белгілеген шариғатқа сай реттеуді өсиет еткен. Пайғамбарымыз (ﷺ) көрсетіп, қалыптастырып кеткен бұл жағдай — біздің осы дүниедегі ұстанымымыз. Сол тұстағы сахабалар мен ізгі буындар осы үйренгендерін жадында сақтап, артық сөз, дау-дамай тудырмастан, оны дұрыс ұстана білді. Осы себепті оларды ақыретке деген шынайы сенім дүниелік істерден тыйған жоқ. Өйткені Аллаһ тағала: **«Аллаһтың саған берген (дәулетімен) ақырет мекенін ізде. Сондай-ақ дүниедегі несібенді де ұмытпа»** (Қасас, 77), — деп Құранда ашық айтып

нұсқау берген нәрседе біздің орынсыз ойларға еруіміздің қажеті қаншалық?!

Әрине, шын мәнінде де, осы тепе-теңдікті бұзып, біржақты түсінікпен, Исламның тура жолынан ауытқыған адамдар мен жамағаттар баршылық. Әлбетте, біз оларды құптамаймыз.

2. Ақыретті танып-білудегі біздің тағы бір қажеттілігіміз — өзіміз білмейтін (ол күн туралы) мағлұматтарды оқып-білу, олармен танысу. Адам баласының жаны білмеген нәрсесіне күйгелек келеді. Әсіресе ол болашақта өзін не күтіп тұрғанын білмесе... Мысалы, болашақтан үміті жоқ пендеге көз салайық. Ол үмітсіздігінің кесірінен түрлі жаман әдеттерге бой алдыруы мүмкін. Тіпті өз болашағын білгісі келіп, жұлдызнамаларға жүгініп, бақсы-балгерлерге немесе астрологиялық болжамдарға ұрынады. Мұның сонында өзін аздырған, жанын жегідей жеген түпсіз, тұңғықсыз қиялдар мен ойларға душар болады. Соңыра уақыт өте келе, өкініштен басқа ештеңеге де қол жеткізе алмайды...

Ал ақыретті танысақ, бізге болашағымыз жайлы нақты мәліметтер белгілі болады. Ендеше, оларды неге оқып, білмекке?! Бұған қоса, қияметтің белгілерін білу біздің иманымызды арттырады. Олай дейтініміз, қияметтің кіпі белгілерінің өзі Пайғамбарымыз (ﷺ) дүниеден озған соң басталып, қазірге дейін жалғасын тауып, көз алдымызда жүзеге асып келеді. Бұл жағдай біздің иманымызды арттырмай ма?! Сондай-ақ ол белгілерді күту Пайғамбарымыз (ﷺ) айтып кеткен хабарларға сенбеу деген ұғым емес, керісінше, Ибраһимнің (аләйһис-сәләм): «**Бәлкім, жүрегім орнығу үшін**» (Бақара, 260), — деп айтқанындай, жүрегімізде иманды орнықтырып, ақыреттегі уәде етілген жаннаттарға кіруге деген құлшынысымызды арттыра түседі.

### Ақыретке қамданудың қажеттілігі

Ақырет жайлы оқып-үйрену пендені сауапты іс-амалдар жасауға шақырады. Аллаһ тағала Құранда: «**Раббыларыңның**

кешіріміне және тақуалар үшін әзірленген кендігі көктер мен жердей жаннатқа жарысыңдар» (Әлі Имран, 133), — десе, Пайғамбарымыз (ﷺ) үмбетіне: **«Адам мүмін болып оянып, кәпір болып кеш батыратын, мүмін болып кеш батырып кәпір боп таң атыратын, дүние мақсатында дінін сататын, сондай бір қараңғы түннің бөлігіндей фитналардың алдын іс-амалдармен алыңдар»**, — деп осиеет еткен (Муслим).

Келесі бір хадисте Пайғамбар (ﷺ): **«Іс-амалдармен алты нәрсенің алдын алыңдар: күннің батыстан шығуының<sup>1</sup>, түтіннің<sup>2</sup>, Дәжжалдың, жануардың<sup>3</sup>, әрбіріңе қатыстының (өлімнің) және жалпылық істің (қияметтің)»**, — деген (Муслим).

Яғни ақыретке деген сенім бізді қол қусырып отырмай, ізгі іс-амалмен ол күнге әзірлік жасауға үндейді. Шынында да, біз нені күтуіміз керек? Көкейімізде туындаған бұл сұраққа Аллаһ елшісінің (ﷺ): **«Жаңылдырушы жоқшылықты күтесіңдер ме? Масандырушы байлықты ма, не зарарлы ауруды ма немесе опат етуші кәрілікті ме? (Әлі) келмеген (бірақ) күтіліп отырғандардың ең кесірлісі — Дәжжалды ма, әлде аса ауыр, тым ащы қияметті ме?!»** — деп айтқан сөзі жауап болады (әт-Тирмизи).

Сондай-ақ Әбу Һурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етілген хадисте: Бірде Пайғамбарымызға (ﷺ) бір адам келіп: **«Уа, Аллаһтың елшісі, қай садақаның сауабы**

<sup>1</sup> Қиямет күні белгілерінің бірі. Пайғамбарымыз (ﷺ): «Күн батыстан шыққанға дейін қиямет келмейді», — деген (әл-Бұхари, Муслим).

<sup>2</sup> Қиямет күні белгілерінің бірі. Аллаһ тағала: «Аспан адамдарды басытын ашық бір түтінмен келетін күнді күт. Бұл — күйзелтуші азап», — деген (Духан, 10-11).

<sup>3</sup> Қиямет күні белгілерінің бірі. Аллаһ тағала: «Егер оларға (уәделі) сөз орындалса, оларға жерден адамдардың аят-белгілерге сенбегенін айтып сөйлейтін бір жануар шығарамыз», — деген (Нәмл, 82).

<sup>4</sup> Адам жағдайы, мүмкіндігі бар кезде әрекет жасап қалуы керек, егер ол жоқшылыққа тап болса, пенденің мақсаты тек қарын тойдыру ғана болып қалады.

үлкен?»— деп сұрайды. Пайғамбарымыз (ﷺ): **«Денің сау, сараң болуыңмен қатар, жоқшылықтан қорқып, әрі баюды қалап тұрып садақа беруіңнің (сауабы артық)»**,— деп жауап берген (Муслим).

Демек, мұндай даналыққа толы хадистен ұғарымыз: артық дүниеден берілген садақадан малдың басы құралмай жатып берген садақа абзал. Ауырып, ақыретті ойлап берген садақадан дін аман-сау кезде берілген садақаның сауабы артық.

Ендеше, біз ақыретке сенсек, бейғамдыққа салынып күтіп отырмауымыз керек. Өйткені бізге ертеңіміздің қалай болары беймәлім...

Пенденің қолындағы мал-мүлкіне қатысты екі ғана жолы бар: оны игілікке пайдалануы керек немесе ол мүлік оның артында қалады. Кісінің мал-дүниесі өзінен кейінгілерге қалатыны жайлы Пайғамбарымыз (ﷺ) жасы келгендерге арнап: **«Есіңде болсын, (мал-дүниен) пәленшеге (қалды)»**,— деген (әл-Бұхари, Муслим).

Ал өзіне берілген несібе, ризықты ізгі амалға пайдалана алмағандар жайында Құран Кәрімде: **«Олар (тозақта): «Раббымыз, бізді тозақтан шығар! Істеген амалдарымыздан басқа жақсы амалдар істейік»**,— деп шынғырады. **«Біз сендерге үгіт алғысы келген кісі үгіт алатын өмір бермедік пе? Әрі сендерге ескертуші де келген еді. Енді татындар, залымдар үшін ешбір (Аллаһтың азабынан) құтқарушы жоқ»**,— (деліпеді)»,— деп әңгімеленеді (Фатыр, 37).

Аллаһ тағаланың аяттағы: **«Біз сендерге өмір бермедік пе?»** деген сөзінің түсіндірмесін Ибн Аббас (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) және басқа да тәпсір ғалымдары: **«Сендерді алтыс жасқа жеткізбедік пе?»**— деп тәпсірлеген. Бұдан аңғаратынымыз, адам баласына алпыс жыл мұрсат берілген. Ал алпыс жастан кейін пендеде айтар уәж (үзір) қалмайлы. Өйткені Әбу Нұрайрадан (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етілген хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ): **«Аллаһ тағала пендеге үзір беріп, оның мерзімін ол алтыс жасқа жеткенге дейін кешеуілдеткен»**,— деген (әл-Бұхари).



Алайда Пайғамбарымыз (ﷺ) тағы бір хадисінде: **«Менің ұмбетімнің өмір жастары алтыс пен жетпістің арасында»**, — деген (әт-Тирмизи, Ибн Мөжәһ).

Ғұмырының көбі өтіп, азы қалған мұсылман кейін опық же-меуі үшін дүние істерінен гөрі ақыретін ойлауы керек. Қалай болғанда да, мұнан кейін бұл дүниеде оған ақыретіне әзірлік жасаудан басқа еш нәрсе қалған жоқ. Аллаһ тағала өмірімізді ізгі амалдармен ұзартқай!

### Ақыретке қатысты үрей мен үміт

Расында да, ақыретке қатысты әңгімеден адам бойында үрей, қорқыныш тууы мүмкін. Бірақ бұл — жаннатқа жетелейтін пайдалы қорқыныш. Мүміннің өзі «үміт пен қорқыныштың арасында жүреді» деп сипатталады емес пе?.. Мүмін-мұсылмандарды қорқытып, үрейлендіріп, сонымен қатар оларды үміттендіретін Құрап аяттары мен Пайғамбардың (ﷺ) хадистері жетерлік. Енді осы аят-хадистерге тоқталсақ: Аллаһ тағала адамдарды Қиямет күнімен ескертіп: **«Менен ғана қорқыңдар!»** — деген (Бақара, 40);

**«Расында, Раббыңның қолға алуы өте қатты»** (Буруж, 12);

**«(Тұрғындары) залым болған ауылдарды қолға алғанда, Раббыңның қолға алуы осындай (болды). Расында, Оның қолға алуы (яғни жаазалауы) күйзелтуші әрі қатты. Күдіксіз осында ақырет азабынан қорыққан (кісілер үшін) анық дәлел бар. Бұл адамдар сол үшін жиналатын күн. Сондай-ақ ол (бәрі де) әзір болатын бір күн. Біз оны (яғни Қиямет күнін) санаулы бір мерзімге ғана кешіктіреміз. Ол күн келгенде, Аллаһтың рұқсатынсыз ешкім де сөйлемейді. Олардың сорлысы да бақыттысы да бар. Сонда сорлағандар тозақта ыпыранып, шыңғырады»**, — деген (Һуд, 102-106).

Әрі ол күннің қиыншылықтарын адамдардың естеріне сала: **«Сол күні кісі туысынан қашады: шешесінен, әкесінен, әйелінен және балаларынан (қашады). Ол күні әркімнің өзіне жететін ісі болады»** (Абаса, 34-37);

«Ей, адамдар! Раббыларыңнан қорқыңдар! Расында, қияметтің сілкінісі — үлкен нәрсе. Ол күні әр емізушінің емізуді қойғанын және әрбір буаз жәндіктің іш тастағанын көресің. Және де адамдарды мас түрде көресің. Негізінде, олар мас емес. Бірақ Аллаһтың азабы қатты», — деп баяндаған (Хаж, 1-2).

Осы Тәптірі алдындағы қорқыныш пендені жаннатқа жеткізеді. Аллаһ тағаланың Өзі: «**Раббысының алдында түрудан қорыққан кісіге екі жаннат бар**» (Рахман, 46), — деп көрсеткендей, бұл қорқыныш бізді жаннатқа жол табуымыз үшін ізгі іс-амалдар жасауға ынталандырады.

Аллаһ тағала жаннаттағылардың өзара бір-біріне айтқан сөздері жайлы: «**Олар бір-біріне қарама-қарсы (отырып) сұрасады. «Расында, Біз бұрын (дүниеде) отбасымызда қорқушы едік. Сондықтан Аллаһ бізге кеңшілік етті де заһарлы азаптан қорғады. Расында, біз бұрын Аллаһқа жалбарынушы едік. Өйткені Ол игілік Істеуші, ерекше Мейірімді**», — деседі», — деген (Тур, 25-28).

Енді Пайғамбарымыз ﷺ үмбетіне ескертіп айтқан мына бір хадиске құлақ түрейік. Онда Аллаһтың елшісі ﷺ: *«Мен сендердің көрмейтіндеріңді көремін және естімейтіндеріңді естимін! Аспан қайысты! Оның қайысуға хақысы бар! Онда Аллаһ тағалаға маңдайын сәждеге қойып тұрған періште (болмаған) төрт елі (бос) жер жоқ! Аллаһпен ант етейін! Сендер мен білген нәрсені білгендеріңде еді?! Онда, сөзсіз, аз күліп, көп жылайтын едіңдер, төсекте әйелдермен ләззаттанбайтын едіңдер, жолға шықпайтын едіңдер. Тек қана Аллаһ тағалаға жалбарынар едіңдер!»* — деген (әт-Тирмизи).

Бірақ алам баласы бұл қорқынышты естерінен шығарады, ұмытады, өйткені оларды көзімен көре алмайды. Бұл да болса — Аллаһтың пенделеріне деген мейірімі мен кеңшілігінің корінісі. Егер, шын мәнінде, біз қорқатын нәрселер көз алдымызда тұрғанда, күніміз не болар еді?! Мысалы, Аллаһ тағала адамдарға тозақтың толық өзін емес, оның кішкентай ғана бір бөлігін көрсетер болса, біз қорқыныштан өз-өзімізді жоғалтып, есімізден танар едік.

Сондай-ақ Пайғамбарымыз (ﷺ) Қиямет күнін сипаттай отырып: *«Қиямет күні адам баласы қашан ол өмірінен, оны не нәрседе өткізгендігі және іс-амалынан, оны не нәрседе істегендігі және мал-дүниесінен, оны қайдан тауып, қайда жұмсағандығы және тәнінен, оны не нәрседе пайдаланғандығынан сұралмайынша, оның екі аяғы қозғалмайды»*, — деген (әт-Тирмизи).

Сонымен қатар Әбу Һурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етілген хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ) Аллаһ тағаланың: *«Ол күні жер хабарларын айтады»* (Зилзала, 4), — деген аятын оқып (серіктеріне): *«Сендер оның хабарларының не екенін білесіңдер ме?»* — деп сұрайды. Сахабалар: *«Аллаһ және Оның елшісі жақсы біледі»*, — деп жауап берді. Пайғамбарымыз (ﷺ): *«(Жердің) хабарлары оның Қиямет күні өзінің бетінде әрбір еркек пен әрбір әйел пенденің не істегеніне куәлік беруі. (Жер): «(Пәленше) мына-мына күні, мынаны-мынаны істеді»*, — дейді. *Оның хабарлары осы»*, — деген (Ахмад).

Әбу Сағид әл-Худриден (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етілген хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ): *«Қалай ләззаттанайын?.. Керней иесі (Исрафил) кернейді аузына алып, маңдайын иіп, құлағын тосып үрлеуге бұйрық күтіп тұр. (Қашан бұйырылады), үрлейді»*, — деген (әт-Тирмизи).

Пайғамбарымыздың (ﷺ) бұл сөзі ақыреттің қашпалықты жақын қалғанын аңғартады. Исрафил (аләйһис-сәләм) кернейін үруге бұйрық күтіп дайын тұр. Бұл — ақыреттің басталуының белгісі. Мұндай суық хабардан Пайғамбарымыздың (ﷺ) сахабалары үрейленіп қалады. Сонда Пайғамбар (ﷺ) оларға: *«Аллаһ бізге жеткілікті. Ол — өте жақсы Уәкіл. Раббымыз Аллаһқа тәуекел қылдық»*, — деп айтыңдар», — деген екен (әт-Тирмизи).

Біз, мүмін-мұсылмандар, қанша жерден ынта-жігеріміз күшті болып, ізгі амалдарымыз көбейіп, сауантарымыз артқанмен, Аллаһтың рақымына ілікпей, жаннатқа жете алмаймыз. Тек Аллаһ тағаланың мейірімімен ғана жаннаттың есігін аша аламыз.

Рас, ақыретті ойлау қорқынышты-ақ! Бірақ бұл адамның сағын сындыратын, жүнін жығатын, үмітсіздікке бой алдыратын қорқыныш емес, керісінше, пайдалы, нәтижелі қорқыныш. Бұл айтқанамызға Пайғамбарымыздың (ﷺ): **«Кім қорықса, асығады»**, — деген сөзі айқын дәлел.

Яғни ақыреттегі Аллаһтың азабынан қорыққан пенде бейғамдыққа салынбай, неғұрлым сауапты амалдарды көбірек жасауға тырысып, қияметке әзірлікте болады.

Мұнан кейін Пайғамбарымыз (ﷺ) сөзін жалғастырып: **«...ал кім асықса, қонысқа жетеді. Аллаһтың тауары қымбат емес пе? Ал Аллаһтың тауары — жаннат емес пе?»** — деген (өт-Тирмизи).

Демек, Аллаһ тағаланың бұл қымбат тауарына қол жеткізу үшін қажымастан тер төгу керек.

Жоғарыда айтылған әңгімелерден бауырларымыздың жүрегіне түскен қорқынышты сейілту үшін үміт жайлы айтылған аят-хадистерден біразын келтіресск. Мысалы, Аллаһ тағала Құранда: **«(Ей, Мұхаммед!): «Ей, өздеріне зиян қылған құлдарым! Аллаһтың рақымынан күдер үзбеңдер. Аллаһ барша күнәларды кешіреді. Өйткені Ол — аса Кешірімшіл, өте Мейірімді»**, — де» (Зумәр, 53);

**«Рақымым әр нәрсені сыйдырады»**, — дейді (Аграф, 156).

Ал Пайғамбарымыз (ﷺ) үміт жайлы өз создерінде не айтқан еді?..

Аллаһ елшісі (ﷺ): **«Аллаһ тағала: «Кім (Маған) бір жақсылықпен келсе, оған дәл сондай он (жақсылық беремін) немесе (одан да) арттырамын. Ал кім бір жамандықпен келсе, жамандықтың жазасы дәл сондай бір жамандық немесе кешіремін. Кім Маған бір қарыс жақындаса, Мен оған бір кез жақындаймын. Ал кім Маған бір кез жақындаса, Мен оған бір құлаш жақындаймын. Кім Маған жүріп келсе, Мен оған жүгіріп барамын. Кім Маған жер толы қателіктермен, Маған ештеңені серік қоспай жолықса, Мен оны дәл сондай кешіріммен қарсы аламын»**, — деп айтады», — деген (Муслим).

Жабирден (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етілген хадисте Пайғамбарымызға (ﷺ) бір бәдәуи келіп: «*Уа, Аллаһтың елшісі! Уәжіп<sup>1</sup> болатын екі нәрсе не?*» — деп сұрағанда, Пайғамбарымыз (ﷺ) оған: «*Кім Аллаһқа ештеңені серік қоспай өлсе, жаннатқа кіреді де, оған жаннат уәжіп болады. Ал кім Оған бір нәрсені серік қосып өлсе, тозаққа кіреді де, оған тозақ уәжіп болады*», — деп жауап берген (Ахмад).

Демек, таухид жаннатты, ал ширк тозақты уәжіп қылады екен.

Әнәс (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте, бірде Пайғамбарымыз (ﷺ) артында мінгесіп келе жатқан Муғазға (Аллаһ оған разы болсын): «*Ей, Муғаз!*» — дейді. Муғаз: «*Ләббәй, уа, Аллаһтың елшісі!*» — деп жауап береді. Пайғамбарымыз (ﷺ) қайтадан: «*Ей, Муғаз!*» — дейді. Муғаз: «*Ләббәй, уа, Аллаһтың елшісі!*» — дейді. Пайғамбарымыз (ﷺ) тағы да қайтара: «*Ей, Муғаз!*» — дейді. Муғаз да: «*Ләббәй, уа, Аллаһтың елшісі!*» — дейді<sup>2</sup>. Сонан соң Пайғамбар (ﷺ): «*Қайсыбір пенде шын ниетімен Аллаһтан өзге құдай жоқтығына және Мұхаммед Оның құлы әрі елшісі екендігіне куәлік берсе, Аллаһ тағала оған тозақты харам етеді*», — деген.

Сонда Муғаз Пайғамбарымыздан (ﷺ): «*Уа, Аллаһтың елшісі! Адамдарды сүйіншілеп (мұны) хабарлайын ба?*» — деп сұрайды. Пайғамбар (ﷺ): «*Онда олар (бұл сөзге) арқа сүйен кетеді*», — деп бұл айтқан сөзінен адамдардың хабардар болуын күп көрмеді (әл-Бұхари, Муслим).

Расында да, бұл хадисті естіген мүмін «Маған Аллаһ тозақты харам етіп қойған» деген ойға келіп, түрлі күнәларға ұрынуы мүмкін ғой? Сол үшін де Пайғамбарымыз (ﷺ) мұны адамдардан жасырған. Ал хадисті естіген жалғыз Муғаз Пайғамбарымыз (ﷺ) дүние салғанға дейін бұл естігені жайлы ешкімге тіс жармаған. Тек Аллаһ елшісі (ﷺ) дүниеден өткеннен кейін ғана, өзінің өлері алдында адамдарға айтып берген.

<sup>1</sup> Уәжіп — міндетті түрде орындалуы керек іс-амал.

<sup>2</sup> Пайғамбар (ﷺ) сахабасының есімін бұлайша үш қайтара атауымен, өзінің (ﷺ) оған өте маңызды бір нәрсе айтқысы келетіндігін аңғартты.

Сондай-ақ келесі бір хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ): *«Аллаһтан өзге құдай жоқтығына және менің Аллаһтың елшісі екендігіме куәлік беремін. Қайсыбір пенде шәк-шүбәсіз бұл екеуімен Аллаһқа жолықса, жаннаттан тосылып қалмайды»*, — деген (Муслим).

Қателік жіберу, күнә істеу адам баласының табиғатына тән екендігі әу бастан-ақ баршаға мәлім. Аллаһ елшісі (ﷺ): *«Сендер күнә жасамағандарыңда (еді), Аллаһ тағала күнә істейтін, сөйтін, (Өзі) оларды кешіретін (басқа бір) жаратылыс жаратар еді»*, — деген (Муслим).

Аллаһ тағала шынайы мұсылманның ақырет күніне деген үрей мен үміттің арасында өмір сүретіні жайында: *«Расында, олар жақсылықтарға ұмтылып, Бізден үміт пен үрей арасында тілейді және Бізге жан-тәнімен беріледі»*, — деп хабарлаған (Әнбия, 90).

Біз күнә жасап қойсақ, өкінеміз және Аллаһтан кешірім сұрап, жасаған күнәміздің ақырынан қорқамыз. Бірақ күнә жасадық екен ден Аллаһтың рақымынан үміт үзбейміз. Осылайша, үміт пен қорқыныштың арасында өмір кешеміз. Егер бұл екеуін бойымызда біріктіре алсақ, онда ақыретте жетістікке жетеріміз хақ.

## II бөлім

### Өлім яки кіші қиямет

Кітаптың бұл бөлімінде әрбір адамның қияметі саналатын (яғни «өмірінің соңы», «кіші қиямет» деп те аталатын) өлім жайында сөз болады. Сондай-ақ бөлімде жанның ұғымы, рухтың тәннен ажырауы, ұйқы — кіші өлім, өлім — ақиқат, ажалдың мерзімі және орны, пенденің жантәсілім етуі, мүміннің жан тапсыруы, кәпірдің жан беруі, өлім алдындағы арпалыс, адам баласының бұл өмірді қимауы және пенденің өлімді жек көруі сияқты тақырыптармен танысасыздар.

### Рух (жан) деген не?

Сонымен, рух дегеніміз не?

Абдуллаһ ибн Аббастан (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) риуаят етілген хадисте, құрайыштар Надр ибн Харис пен Уқба ибн Әбу Мутиғды мәдиналық яһудилердің дінбасыларына жіберіп: «Олардан Мұхаммед жайлы сұрандар. Оларға оны сипаттап беріңдер және сөздерін жеткізіңдер. Өйткені олар — алғашқы кітап иелері, оларда бізде болмаған пайғамбарлар ілімі бар», — дейді. Сөйтіп, ол екеуі (жолға) шығып Мәдинаға келіп, яһудилердің дінбасыларынан Аллаһтың елшісі (ﷺ) жайлы сұрайды. Оларға оның жөнін және кейбір сөздерін айтып береді де: «Сендер — Таурат иесісіңдер. Біз сендерге осы адамымыз жайлы хабар беру үшін келдік», — дейді. Олар: «Одан біз тапсырған үш пәрсе туралы сұрандар. Егер ол сендерге ол (үшеуі) туралы айтыш берсе, онда ол — жіберілген пайғамбар. Ал айта алмаса, бөсіп жүрген жай бір адам. Онда оның жөнін өздерің табарсыңдар. Сендер одан алдыңғы заманда өткен жас жігіттер, оларға не болғаны жайлы сұрандар. Расында, оларға қатысты бір гажап әңгіме бар. Және одан жердің шығысы мен батысына жетіп шарлаған бір адамның хабары туралы сұрандар. Сондай-ақ одан рухтың не екенін сұрандар», — дейді. Надр

мен Уқба құрайыштарға келіп: «Ей, құрайыш қауымы! Біз сендерге өздерің мен Мұхаммедтің арасына төрелік ететін нәрсе алып келдік. Яһудилердің дінбасылары бізге одан бір нәрселер жайлы сұрауымызды тапсырды», — деп, дінбасылардың айтқапдарын айтып берді. Сөйтіп, барлығы Аллаһ елшісіне ﴿﴾ келіп: «Ей, Мұхаммед! Бізге хабар бер», — деп (яһуди дінбасыларының) тапсырғандарын сұрайды.

Осы кезде Жәбірейіл (аләйһис-сәләм) Аллаһ тағаладан Кәһф (үңгір) иелері жайындағы сүрені әкеледі. Онда (құрайыштар) сұраған жас жігіттердің жай-жапсары мен (жер бетін) шарлаған кісінің хабары бар еді және: **«Олар сенен рух жайлы сұрайды: «Рух–Раббымның әмірінен. Сендерге білімнің азғантай бөлігі ғана берілді», — деп айт»** (Исра, 85), — деген Аллаһ тағаланың сөзін (әкелді) (Ибн Кәсир).

Сондай-ақ жоғарыдағы «Исра» сүресінің 85-аяты Пайғамбарымызды ﴿﴾ сынамақ үшін яһудилердің өздері оған рух жайлы сұрақ қойғанда, жауап ретінде түскені риуаят етіледі. Абдуллаһ ибн Масғуд (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісімен ﴿﴾ Мәдинаның егіс алқабында келе жатқанмын. Ол құрма таяғына сүйеніп алған-ды. (Пайғамбар ﴿﴾ яһудилер қауымының жанынан өтті. Олар бір-біріне: «Одан рух жайлы сұраңдар», — десті. Кейбіреулері: «Сұрамаңдар», — деді. «Рух жайлы одан сұраңдар», — деді (біреулері). Сөйтіп, олар: «Ей, Мұхаммед! Рух деген не?» — деп (сұрады). (Пайғамбар ﴿﴾ әлі таяққа сүйеніп тұрған-ды. Мен оған уахи түсіп жатқан болар деп ойладым. Сол кезде ол ﴿﴾: **«Олар сенен рух жайлы сұрайды: «Рух–Раббымның әмірінен. Сендерге өте аз мәлімет берілді», — деді. Олар бір-біріне: «Сұрамаңдар деп айттық қой», — десті»,** — деген (әл-Бұхари, Муслим және Ахмад).*

Рух, бұл — ақиқаты Аллаһ тағалаға ғана аян таңғажайып нәрсе.

Имам Ибн Қайим әл-Жаузи «Рух» атты кітабында рухтың не екеніне түсіндірме бере келе: «Рух, ол — қасиеті жағынан өзгенің бір (болмыс)<sup>1</sup>. Ол — нұрлы, жоғары, жеңіл, тірі, қозға-

<sup>1</sup> Яғни, материалдық денелерден өзгеше.



лып әрекет ететін, ағзалардың бойына бітетін дене. Ол ағзаларда гүлде судың жүргені яки зәйтүнде майдың жүргені немесе көмірде оттың жүргені сияқты жүреді. Қашан ағзалар сол нәзік дененің (рухтың) әсерлерін қабылдауға жарамды болса, әлгі нәзік дене сол ағзалармен бірлестікте қалады. Бұл әсерлер (ағзаларға) сезім, әрекет және қалау дарытады<sup>1</sup>. Ал егер ағза кері әсерлердің<sup>2</sup> нәтижесінде аталмыш әсерлерді қабылдай алмай қалса, рух тәннен ажырайды. Сөйтіп, ол рухтар әлеміне кетеді», — деп айтқан.

Әбу Дәрданын (Аллаһ оған разы болсын): «*Расында, тәнім менің көлігім ғана. Егер оны құтсем, мені жеткізеді* (алып жүреді), *ал егер құтпесем, жеткізбейді*», — дегені сияқты. Ибн Тәймия (Аллаһ оған рақмет етсін) өзінің «Пәтуалар жинағында»: «Адам рух және тән бірлестігінен тұрады. Бәлкім, адам үшін тәнге карағанда, рух қажеттірек болар. Өйткені тән рухтың көлігі ғана», — деген.

Сосын сөзін әрі қарай жалғастыра түсіп, Абдуллаһ ибн Аббастан (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) риуаят етілген: «*Қиямет күні адамдар арасында дау-дамай рух пен тәннің дауласуына дейін жалғасады. Рух тәнге: «(Жамандықтарды) сен істедің», — дейді. Ал тән рухқа: «Маған әмір берген сенсің», — деп айтады. Сонда оларға төрелік етуге Аллаһ бір періштені жібереді. (Төрелік етуге жіберілген періште ол екеуіне): «Расында, сендердің жағдайларың мүгедек пен соқырдың жағдайындай. Ол екеуі бір баққа кіреді. Мүгедек (ағаш бұтақтарындағы) жемістерді көріп, соқырға: «Мен жемістерді көріп тұрмын, бірақ оған шыға алмаймын», — дегенде, соқыр: «Бері кел! Менің үстіме шық!» — дейді. Соқыр келіп мүгедекті көтеріп, екеуі жемістерді жинайды. Періште (рух пен тәнге осы мысалды айтып): «Енді екеуінің қайсысы жазалану керек?» — деп сұрағанда, олар: «Екеуі де», — деп жауап береді. Періште оларға: «Сендер өздеріңе үкім шығардыңдар!» — дейді. Яғни тән рухқа көлік сияқты», — деген сөзді келтіреді.*

<sup>1</sup> Яғни тән рухсыз сезімге, әрекетке және қалауға ие бола алмайды.

<sup>2</sup> Ауру-сырқау, апатқа ұшырау және т.с.с.

Біздің бұдан ұғарымыз, адам рух пен тәннің бірлестігінен тұрады. Адам баласының ісіне ол екеуі бірдей атсалысады. Демек, мәселе кейбіреулер айтып жүргендей, адамның істеген істері үшін ол екеуінің біреуі ғана жауап береді емес, керісінше, екеуі де (яғни рух та, тән де) бірдей жазаланады немесе нығметке бөленеді.

### Жан мен нәпсі — бір ұғым

Сондай-ақ рух «нәпсі» деп те аталады. Кейбір ғұламалар рух пен нәпсінің арасын ажыратқан. Бірақ Ибн Тәймия және тағы басқа бір топ ғұламалар рух пен нәпсінің бір нәрсе екендігін айтады. Аллаһ тағала Құранда нәпсіні үш түрлі (яғни жамандыққа бұйырушы нәпсі, жазғырушы нәпсі және тыныштық тапқан нәпсі) атайды. Мысалы, Аллаһ тағала: **«Расында, нәпсі Раббым рақым еткеннен басқаны жамандыққа бұйырушы»** (Юсуф, 53);

**«Жоқ, жазғырушы нәпсімен ант етемін»** (Қиямет, 2);

**«Ей, тыныштық тапқан нәпсі Раббына, Ол сенен, сен Одан разы болған түрде қайт! Енді құлдарымның арасына кір! Сондай-ақ жаннатыма кір!»** — дегеш (Фәжр, 27-30).

Негізінде, осы аяттарда айтылған нәпсілердің бәрі — бір нәпсі. Ғұламалар осылай деген. Бірақ нәпсі үш сипатқа ие. Тахауия ақидасының түсіндірмесінде: «Бұлар бір нәпсі, онын сипаттары бар. Негізінде, ол — жамандыққа бұйырушы нәпсі<sup>1</sup>, егер оған (нәпсіге) иман қарсылық көрсетсе, ол жазғырушы нәпсіге айналады<sup>2</sup>. Ал егер иман күшейсе<sup>3</sup>, ол тыным тапқан нәпсі болып табылады» деліпген.

Демек, жан (рух) — нәпсі мен рух деген екі атауды иеленген бір ұғым.

---

<sup>1</sup> Бұл нәпсі адамды жамандыққа, бұзықтықтарға итермелейді.

<sup>2</sup> Бұл нәпсі адам күнә істегенде жазғырады.

<sup>3</sup> Яғни иманы берік болып, күнәларды тастаса.

## Рухтың тәннен ажырауы

Рух тәннен түрлі жолдар арқылы ажырайды. Олардың ең негізгісі — рухтың тәннен өлім жағдайындағы ажырауы. Бұл жағдай «кіші қиямет» деп аталады. Кімде-кім өлсе, оның мерзімі бігеді, қияметі келеді. Айшадан (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етілген хадисте, бірде далалық арабтар келіп, Пайғамбарымыздан (ﷺ) қиямет жайлы сұрайды. Пайғамбарымыз (ﷺ) олардын араларындағы ең (жасы) кішілеріне қарап: **«Егер мынау өмір сүрсе, сендердің қияметтерің келгенге дейін оған кәрілік жетпейді»**, — деген (әл-Бұхари, Муслим).

Ибн Кәсир бұл хадисті түсіндіре: «(Пайғамбарымыздың (ﷺ) бұл сөзінен) мақсат — осы ұрпақтың ғасырларының бітуі<sup>1</sup> және олардың ақырет әлеміне енулері. Кімде-кім өлсе, ол ақыреттің үкіміне кіреді. Сол үшін де адамдар «Кімде-кім өлсе, оның қияметі келіпті» дескен. Бұл сөз осы мағынада дұрыс болады», — деген.

Демек, қаза табу — «кіші қиямет» деп аталатын өлім.

## Ұйқы — кіші өлім

Сондай-ақ кіші қаза бар, онда рух тәннен басқаша көріністе ажырайды. Яғни, рух тәннен шыққанмен, түбегейлі ажырап кетпей, жеңіл байланыста болады. Бұл жағдайда тән ояу кезіндегідей сезім, қалауға ие болмағанымен, тірі болады. Айтып отырған кіші қазамыз, міне, осы ұйқы. Өйткені ұйқы да өлімнің бір түрі болып табылады. Ал ұйқыдан ояну, ол — қайта тірілу. Сол үшін де ұйқыдан тұрған адамның Пайғамбарымыздан (ﷺ) жеткен дұға бойынша: **«Әлхамду лилләһи-лләзи ахйәнә баэдә мә әмәтәнә уә иләһин-нушур** (Сондай бізді өлтіргеннен кейін қайта тірілткен Аллаһқа мадақ болсын және біз Оған қайтамыз)», — деп айтуы лазым делінген (әл-Бұхари).

<sup>1</sup> Яғни олардың ғасырларының аяқталуы — олардың қияметтері. Әрбір пенденің қияметі — оның өлімі.

Аллаһ тағала: «Ол (Аллаһ) сондай түнде сендерді өлтіреді (яғни ұйықтатады). Және күндіз не істегендеріңді біледі. Соған соң сендерді белгіленген мерзім өтуі үшін (ұйқыдан) қайта тірілтеді. Соңыра қайтып барар жерлерің Сол жақ. Одан кейін Ол істеген амалдарыңды түсіндіреді», — деген (Әнғам, 60).

Яғни ұйқыда адамдардың рухы алынады. Бірақ түбегейлі емес, басқаша бір өзіндік көріністе уақытша тәннен шығарылады. Бұл қажет болса, Аллаһ тағаланың қалауымен біржолата іске асып, оның арты өлімге айналуы мүмкін. Немесе рух тәнге қайтып, адам бейне бір қайта тірілгендей болып ұйқыдан оянады. Жағдайдың бұлайша өрбуін Құранда Аллаһ тағала: «Аллаһ өлер уақытта жандарды алады<sup>1</sup>. Ал өлмегендердің (жандарын) ұйқыда алады<sup>2</sup>. Сосын (ұйқыда) өлімге үкім етілгендердің (жандарын) ұстайды<sup>3</sup> да, басқалардікін белгілі бір мерзімге дейін жібереді<sup>4</sup>. Сөз жоқ, мұнда ойланған ел үшін белгілер бар», — деп сипаттаған (Зумәр, 42).

Яғни адам ұйқыда жатқанда, кіші өлім (ұйқы) үлкен өлімге айналып, тән тіршілігін тоқтатуы мүмкін. Әлбетте, бұл — Аллаһ тағаланың әмірімен ғана орындалатын нәрсе. Жоғарыдағы аятта айтылғандай, Оның әмірімен бір рухтар ұсталып, қалғандары белгілі бір мерзімге дейін қайтарылады. Сондықтан да біз жатар алдында: «*Субханәкә Рабби, уадағту жәнби, уә бикә арфағуһу, ин әмсәктә нәфси фавғир ләһә, уә ин әрсәлтәһә фахфазһә бимә тахфазу биһи ғибәдәкәс-салихин* (Сен Пәксің, Раббым, бір бүйіріммен жаттым және Сенімен оны көтеремін. Егер менің жанымды ұстасаң, оны кешір, ал егер жіберсең, оны Өзіңнің ізгі пенделеріңді сақтағанындай сақта)», — дейміз (Муслим).

---

<sup>1</sup> Бұл үлкен қаза, яғни өлім.

<sup>2</sup> Бұл кіші қаза.

<sup>3</sup> Бұл ұйқының өлімге айналуы.

<sup>4</sup> Бұл кезде адам ұйқыдан қайта оянады.

## Өлім — ақиқат

Әрбір жаратылыс үшін өлім хақ. Жаратушы Аллаһтан басқаның бәрі құриды, өледі. Аллаһ тағала: **«Ол (Аллаһ), іс-амалда қайсыларын жақсы екенін сынау үшін өлім мен тіршілікті жаратқан»** (Мүлік, 2);

**«Оның дидарынан басқа әрнәрсе жоқ болады. Үкім Оған тән. Сондай-ақ Оған қайтарыласыңдар»** (Қасас, 88);

**«Бүкіл (жер жүзіндегілер) өткінші. Ұлы Дәрежелі, Жомарт Раббыңның жүзі ғана қалады»** (Рахман, 26-27);

**«(Ей, Мұхаммед!) Шынында сен де өлесің және олар да өледі»** (Зумәр, 30);

**«Сенен бұрын да адам баласына мәңгілік (өмір) бермедік. Ал егер сен (де) өлсең, сонда олар мәңгілік қала ма?»** — деген (Әнбия, 34).

Бір таңғаларлығы, біз өлімнің ақиқат екендігін біле тұра, осы бір күдіксіз, қашып құтыла алмайтын шындықты елемейміз. Әлбетте, (барлығына адамға да, жынға да) өлім келеді. Ибн Аббастан (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) риуаят етілген хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ): **«Сенің құш-құдіретіңнен пана сұраймын. Сенен өзге құдай жоқ. Сен (ешқашан) өлмейтін Тірісің, ал адамзат пен жын өледі»**, — дейді (Муслим).

## Ажал мерзімі және орны

Аллаһ тағала: **«Ешкім ертең не істейтінін білмейді және ешкім қай жерде өлерін де білмейді»**, — деген (Луқман, 34).

Яғни Аллаһ тағала адам баласынан ажалының мерзімі мен орнын жасырған. Аятта айтылғандай, ол қашан, қай жерде өзінің жантәсілім ететінін білмейді. Өлім мерзімін құпия ұстауда Аллаһтың даналығы бар. Бұл адамның әрдайым өлімге дайын жүруі үшін. Өзінің қашан өлетінін білмейтін адам үнемі оған әзірленін, қамданумен болады. Ал егер адам ажал мерзімінен хабардар болса, ол өмір бойы арқасын кеңге салып жүріп, өлім сәті жақындағанда ғана жанталасуы мүмкін. Сол үшін де

ажал мерзімі адам баласынан құпия ұсталған. Пенде өлімге әрдайым әзірленуі қажет. Өзіне белгіленген ажал мерзімі бар екенін және ол келген жағдайда бір сәтке де кешеуілдетілмейтінін түсінуі керек. Аллаһ тағала: «**Әр халықтың белгілі бір мерзімі бар. Олар сол мерзімі келгенде, бір сәт кешіктірілмейді де ілгерілемейді**» (Аграф, 34);

«**Ей, нман келтіргендер! Сендерді малдарың мен балаларың Аллаһты еске алудан тоспасын (кедергі келтірмесін). Кімде-кім мұны істесе, міне, солар зиян шегушілер. Сендерден біреулеріңе өлім келіп: «Раббым! Мені жақын бір мерзімге дейін кешіктірсең, ал мен садақа беріп, ізгілерден болсам», — деуден бұрын өздеріңе берген несібемізден (тиісті орынға) жұмсандар. Қашан біреудің ажалы келсе, Аллаһ оны өсте кешіктірмейді және Аллаһ істегендерінді толық біледі**» (Мунафиқун, 9-11);

«**Ақыры олардың біріне өлім келген сәтте: «Раббым! Мені (дүниеге) қайтар! Мүмкін мен қалдырғанымда (дүниеде) жақсы амал істермін», — дейді. Өсте олай емес. Бұл — оның бір айтқан бос сөзі. Олардың артында қайта тірілетін күнге дейін барзах<sup>1</sup> бар», — деген (Муминун, 99-100).**

Аллаһ тағала әрбір пенденің өлімі үшін ешкім өзгерте алмайтын уақыт пен мекен белгілеген. Адам баласына, ол қай жерде болсын өлімнің келуі хақ және ол қанша сақтансын бәрібір оған белгіленген жерде Аллаһтың өлімі жетеді. Бұл жайында Аллаһ тағала: «**Әрбір жан (несі) Аллаһтың рұқсатымен ғана белгіленген жазмыш (ажал) жеткенде өледі**» (Әлі Имран, 145);

«**Қайда болсандар да, тіпті биік қорғандарда (яғни жұлдыздарда) болсандар да, сендерге өлім жетеді**» (Ниса, 78);

«**(Ей, Мұхаммед! Оларға): «Расында, сендер қашқан өлім; сөзсіз, сендерге жолығушы», — деп айт**» (Жұма, 8);

«**Біз араларында өлімді белгіледік. Сондықтан ешкім де Бізден оза алмайды», — деген (Уақиға, 60).**

---

<sup>1</sup> Рухтар әлемі.

Бірде Пайғамбарымыз (ﷺ) мүміндердің анасы Умму Хабибә бинт Әбу Суфиянның (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһым, мені күйеуім Аллаһ елшісінен, әкем Әбу Суфияннан және бауырым Мугауиядан пайдаландыр<sup>1</sup>»*, — деп дұға қылып жатқанын естіп: *«Расында, сен Аллаһтан белгіленген мерзімдерді, есептелген күндерді және ажыратылған тризықтарды сұрадың. Ешбір нәрсе мерзімінен бұрын ілгерілетілмейді және Аллаһ ешбір нәрсені мерзімінен кейін кешеуілдетпейді. Одан да Аллаһтан өзіңе тозақ азабынан және қабір азабынан пана болуын сұрасаң, ол сен үшін қайырлы және жақсырақ болар еді»*, — деген (Муслим).

Яғни пенде Аллаһтан өз өмірін ұзартуды қанша сұрағанымен, ол өлшеулі ғұмыр болғандықтан, мұнан ештеңе өзгермейді. Ол тек қана Жаратқанға аян. Аллаһ тағаланың Өзі ғана білетін бес нәрсе бар. Пайғамбарымыз (ﷺ): *«Ғайыптың кілттері бесеу. Оларды Аллаһтан басқа ешкім білмейді. Расында, қияметтің қашан болатыны Аллаһтың алдында. Ол жаңбыр жаудырады, жатырлардағыны біледі. Ешбір жан иесі ертең не істейтінін білмейді және ешбір жан өзінің қай жерде өлетінін білмейді. Аллаһ — бәрін Білуші, аса Хабардар<sup>2</sup>»*, — деген (әл-Бұхари).

Яғни хадистен түсінгеніміздей, ажал мерзімі — Аллаһқа ғана аян, ғайыптың ісі.

Сондай-ақ Пайғамбарымыздың (ﷺ) хадистерінің бірінде: *«Егер Аллаһ бір жерде пенденің жанын алуды қаласа, оған ол жерде бір қажеттілік жасайды»*, — делінген (Ахмад, өт-Тирмизи).

Яғни оны бір себептермен сол жерге алып барады.

<sup>1</sup> Яғни Умму Хабиба (Аллаһ оған разы болсын) бұл сөзі арқылы Аллаһтан жақындарының ұзақ өмір сүруін тіледі. Өйткені арабтар біреуге ұзақ өмір тілеуді қаласа: «Аллаһым, бізді одан пайдаландыр», — деп айтатын.

<sup>2</sup> «Лұқман» сүресінің 34-аятын кара.

## Жантәсілім ету

Жан алудың басы — ажалдың келуі. Ажал келсе, жан алынады. Адам баласы үшін мұнан құтылудың ешқандай айла-шарасы жоқ. Ол осы сәтте жан тапсыруға мәжбүр болады. Бұл туралы Құдірет Иесі: **«Ол құлдарынан Өктем. Сендерге сақтаушы (періштелерді) жібереді. Біреулеріне өлім келсе, елшілеріміз (яғни, періштелеріміз) оның жанын алады және еш кемшілік жібермейді»**, — деген (Әнғам, 61).

Ал енді, адам жаны (рух) қалай алынады? Бұл көріністі, одан кейін де болатын ахуалдарды және қабір жағдайы мен рухтың аспанға көтерілуін сипаттаған хадистер көп.

## Мүміннің жан тапсыруы

Бара ибн Азибтан (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етілген хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ): **«Расында, мүмін пенде дүниеден аттанып, ақыретке барарында оған көктен жүздері аппақ күн сияқты періштелер түседі. Оларда жаннаттың кебіндерінен бір кебін және жаннаттың иіссуларынан бір иіссу болады. (Періштелер келіп) оның көз алдында отырады. Сосын өлім періштесі келеді де, оның бас жағына отырып: «Ей, қош көрілген нәсі! Аллаһтың кешірімі мен разылығына қарай шық!» — дейді. Рух ыдыс ернеуінен аққан бір тамшы судай ағып шығады. Сөйтіп, (періште) оны алады»**, — деген.

Мүмін адамның жаны осындай көріністе алынады. Әлбетте, олар үшін жан тапсыру жеңілірек. Періштелер мүмінді көңілі саябыр тауып қорықпас үшін өлім алдында сүйіншілейді. Бұл жайында Құран Кәрімде: **«Расында: «Раббымыз Аллаһ!» — деп, сосын тура болғандар; оларға періштелер түседі де: «Қорықпаңдар да қайғырмандар! Сендерге уәде етілген жаннат арқылы қуанышқа бөленіңдер. Біз дүние тіршілігінде де, ақыретте де достарыңбыз. Сендерге онда (жаннатта) көңілдерің көксеген нәрселер бар. Сондай-ақ сендерге тілеген нәрселерің бар. (Бұл) аса Кешірімді, өте Мейірімді (Аллаһ)**



тарапынан бір сыйлық», — дейді» (Фуссилат, 30-32), — деп баяндалады. Ғұламалар «бұл аяттар періштелердің өлім алдында мүмінді сүйіншілейтіндігін баяндай келген» дейді.

### Кәпірдің жантәсілім етуі

Кәпір мен залым адамның жантәсілім етуі аса ауыр жағдайда өтеді. Бұл жайында Пайғамбарымыз (ﷺ): «*Расында, кәпір пенде<sup>1</sup> дүниеден кетіп, ақыретке барарында оған көктен жүздері қара түсті, дөрекі, қатыгез періштелер түседі. Олармен бірге тозақтан «масух»<sup>2</sup> болады. (Періштелер) оның көз алдына келіп отырады. Одан соң өлім періштесі келеді де, оның бас жағына отырып: «Ей, сұмпайы нәпсі! Аллаһтың ашу-ызасына қарай шық!» — дейді. Сол сәтте оның рухы денесінен (ағза-ағзасына) бөлініп тарап кетеді<sup>3</sup>. (Өлім періштесі) оны сулы жүннің арасынан тікенекті бұтақ суырғандай етіп суырады. Онымен бірге қан тамырлары мен жүйке талшықтары бырт-бырт үзіледі», — деген.*

Дегенмен бұл жағдайларды жаны шығып жатқан адамның қасындағылар байқамайды. Аллаһ тағала бұл сәтті Құранда сипаттап: «**Жан жұтқыншаққа келген кезде сол уақытта сендер қарап тұрасындар. Негізінде, ол (өліп бара жатқанға) Біз жақынырақпыз. Бірақ сендер көрмейсіңдер**», — деген (Уақиға, 83-85).

Аятта баяндалғандай, біз үшін бұл жағдай көмес. Егер адам баласы бұл жайтты көзімен көрсе не сезінсе, оның өмірге деген құлшынысы мүлдем жоғалар еді. Аллаһ тағала: «**Жоқ! Олай емес! Жан алқымға келген кезде (сонда): «Кім дем береді?» — делінеді. Ол, шын мәнінде, айырылу екенін сезеді. Балтыры балтырына оралады. Ол күні Раббы жаққа айдалады**», — деген (Қиямет, 26-30).

<sup>1</sup> Кейбір риуаяттарда «бұзық» деп келген.

<sup>2</sup> Жүннен тоқылған қатты бөз, кенең мата сықылды.

<sup>3</sup> Яғни ағза-ағзасын қуалап қашады.

Сондай-ақ Бәдір шайқасында өлген мүшріктер жайлы Құран аяты келген. Онда Аллаһ тағала: «Періштелер, сондай көпірлердің беттеріне, арқаларына ұрып: «Күйдіретін азапты татыңдар!» — деп жандарын алғанын көрсен! Бұл бұрынғы өз қолдарыңмен істегендеріңнің салдарынан. Аллаһ құлдарына зұлымдық етуші емес» (Әнфәл, 50-51), — деп баяндаған. Ибн Кәсир және өзге де көптеген ғалымдар бұл сөздің жалшы көпір атаулыға қатысты екенін айтқан.

Аллаһ тағала көпірлердің жандарының қалай шығатынын және олардың өліммен арпалысуын: «Аллаһты жалғанға шығарған немесе өзіне ешбір уахи етілмесе де: «Маған уахи етілді», — деген және: «Аллаһ түсірген сияқтыны мен де түсірем», — дегеннен кім залымырақ? (Ей, Мұхаммед!) Залымдарды өлім арпалысында періштелер қолдарын созып: «Жандарыңды шығарыңдар! Бүгін Аллаһқа қарсы орынсыз сөйлегендерің, Оның аяттарына менменсігендерің себепті қорлаушы азаппен жазаланасыңдар», — дегенде бір көрсен!» — деп әңгімелейді (Әнғам, 93).

### Өлім алдындағы арпалыс

Пайғамбарымыз (ﷺ) бізге жанның шығуын суреттеп, оны ыдыс ернеуінен бір тамшы судың ағып шығуына немесе сулы жүннен тікенекті бұтақтың суырылуына теңегенімен, пенденің жантәсілім ететін сәтіндегі жағдай бұдан да ауыр болады. Мәселен, денеміз бір ауыр соққы алса, ауырсынуды сеземіз. Өйткені адам баласы көру, есту, иіс сезу сезімдеріне ие болғаны сияқты сезіну қабілетіне де ие. Ал өлім сәтіндегі қиналу бұл сезінуден әлдеқайда ауыр. Себебі бұл жағдайда адамның бүкіл ағзасы қатты ауырсыну, қиналу сезінеді. Міне, «өлім сандырағы» дегеніміз осы. Адам жантәсілім етер алдындағы «өлім сандырағы» келген сәт Құранда: «**Өлім сандырағы ақиқат келді. Міне, сол — сенің қашқан нәрсен**», — деп баяндалады (Қаф, 19).

Өліммен арпалысып жатқан пендеге жан беру қиынға соғады. Сол сәтте ол сандырақтап, есенгірейді. Тіпті үрейленгені сонша, мас адам сияқты халге түседі. Мастық адамда әдетте алкагольді ішімдіктің яки есірткі заттың салдарынан пайда болады. Сонымен қатар қорқыныш, ауру сияқты жан азабынан да адам масаң күйге түседі. Олай дейтініміз, Аллаһ тағала қияметтегі адамдардың қорқынышы: **«...Адамдарды мас халінде көресің. Негізінде, олар мас емес. Бірақ Аллаһтың азабы қатты»**, — деп суреттеген (Хаж, 2).

Пайғамбарымыз (ﷺ) дүние саларда оның алдында бір ыдыста су тұрды. Өлім алдында арпалысқа түсіп, жаны киналып жатқанда Пайғамбарымыз (ﷺ) ыдыстағы суга қайта-қайта қолын батырып, бетін сипап: **«Лә илһә иллаллаһ. Расында, өлімнің сандырағы бар»**, — деп айтқан (әл-Бұхари).

Айша (Аллаһ оған разы болсын): **«(Өлім алдында) Аллаһ елшісіндей (ﷺ) қиналған ешкімді көрген жоқпын»**, — деген (әл-Бұхари).

Әнәстен (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етілген хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ) дүние саларда жағдайы ауырлап, қатты қиналған кезде қайта-қайта талықсып, есін жоғалтып ала берген. Сол кезде Фатима (Аллаһ оған разы болсын): **«Әкетай, қиналдың-ау...»**, — деп дауыстайды. Сонда Пайғамбарымыз (ﷺ): **«Әкең өлімнен кейін ешқандай қиындық жоқ!»** — деген екен.

Ендеше, өлім сандырағы жантәсілім ететін әрбір пендеде болады. Одан ешкім де шет қалмайды. Егер өлім сандырағынан құтылатын адам болса, одан, сөзсіз, Пайғамбарымыз (ﷺ) құтылар еді. Ал ол кісінің өзі де өлім сандырағына душар болғаны жоғарыдағы хадистерде айтылды.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ): **«Сендер өлгенде көздері шақшиған (көздері ашық қалған) адамды көргенсіңдер ме?»** — деп сұраған. Адамдар: **«Әрине»**, — деп жауап береді. Сонда Пайғамбарымыз (ﷺ): **«Бұл оның көзінің (шыққан) жанға ілескендегісі»**, — депті (Муслим).

Яғни адам өлгенде оның көзінің ашық қалуы — көз жанарының шығып бара жатқан рухқа ілесуі болып табылады.

Умму Сәләмә (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісі (ﷺ) Әбу Сәләмәға кірді<sup>1</sup>. Оның көздері ашық қалған еді. Ол (ﷺ) оның (көзін) жауып: «Жан шықса, көз ілеседі», — деді. Сол сәтте отбасымнан адамдар дауыстады. (Пайғамбар (ﷺ)): «Өз-өздеріңе қарсы дұға қылмаңдар! Тек жақсылықпен (дұға қылыңдар). Өйткені періштелер сендердің айтқандарыңа «әмин» (қабыл болсын) деп айтып тұрады», — деп айтты», — деген.*

Міне, сондықтан да өлген адамның қасында тұрған жақындары қате бір нәрсе айтудан сақ болу керек. Өйткені Пайғамбарымыз (ﷺ) айтқандай, сол сәтте періштелер адамдардың айтқанына «қабыл болсын» айтып тұрады.

Осы себепті де Пайғамбарымыз (ﷺ): *«Аллаһым! Әбу Сәләмәны кешір! Тура жол тапқандардың ішінде оның дәрежесін көтер! Оның артындағылардың (тірілердің) арасынан оның орнын басқыз! Бізді және оны кешір, уа, әлемдердің Раббысы! Оның қабірін кеңейт және ол үшін (қабірін) нұрландыр!»* — деп дұға қылды (Муслим).

Сондықтан қайбір мұсылман жантәсілім еткен пендені көрсе, Пайғамбарымыздың (ﷺ) сүннетіне сай жоғарыдағы дұғаны айтуы керек.

Амр ибн Астың (Аллаһ оған разы болсын) өмір жолынан мынадай бір өңгіме келтіріледі: Амр дүние саларда оның қасында ұлы Абдуллаһ ибн Амр (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) бар еді. Ол әкесіне: *«Уа, әкетай! Сен өлім келген кезде ақылды, парасатты бір кісіге жолықсам дейтін едің ғой<sup>2</sup>. Сен — сол кісісің (яғни саған да өлім келді). Енді маған айтып*

<sup>1</sup> Бұл жерде Әбу Сәләмәның (Аллаһ оған разы болсын) дүние салған сәті туралы айтылған.

<sup>2</sup> Амр ибн Ас дүниеден өтер шағында өлімнің арпалыс сәтіндегі өзінің басынан кешіп жатқан жай-күйін, сезімін сипаттап беру үшін пайым-парасаты мол, ақылды бір кісіге жолығуды армандайтын.

бер», — дейді. Сонда Амр ибн Ас: *«Ей, ұлым! Аллаһтен ант етейін! Астым отта тұрған сияқты, бейне бір иненің көзінен дем алып жатқандаймын<sup>1</sup> және бір тікенді бұтақ табанымнан бастап бүкіл денемді бойлап сырып бара жатқандай»*, — депті.

Яғни ақтық демін алып жатқан пенденің бүкіл ағзасы ауырсынып күйзеледі.

Бұл — Құран мен хадистен кейінгі, сахаба ұлдың сауалына сахаба әкенің берген жауабындағы өлімнің ең тамаша сипаттамасы.

Демек, жан беру, жанның тәннен бөлінуі оңай емес. Мұндай арпалыс сәтте адам бүкіл болмысымен жан пыдамас күйзеліске түседі. Бұл күйзелісті тек қана бір Аллаһ тағаланың мейірім-шапағаты жеңілдетеді. Жоғарыда сипатталған өлім алдындағы күйзелісті Аллаһ тағаланың уәдесі бойынша шәһидтер сезбейді. Аллаһ елшісі (ﷺ) шәһидтердің жан тапсырулары жайлы: *«Шәһид өлтірілудің ауыруын сезбейді. Тек қайсыбіріңді шіркей шаққанда ауырсынғандарың сияқты ғана (сезеді)»*, — деген (өт-Тирмизи, өн-Нәсәи).

## Адам баласының өлімді жек көруі

Өлім келіп, жан шығуға таяғанда адам баласы бұл дүниені қимайды. Тіпті онда әлі де қала тұруды армандайды. Бұл сәтті Аллаһ тағала Құранда: *«Ақыры олардың біріне өлім келген сәтте: «Раббым мені (дүниеге) қайтарғын! Мүмкін мен қалдырылғанымда (дүниеде) жақсы амал істермін»*, — дейді. Әсте олай емес. Бұл — оның айтқан бір бос сөзі. Сондай-ақ олардың артында қайта тірілер күнге дейін барзах бар», — деп әңгімелейді (Муминун, 99-100).

Әйтсе де мүмін пенде бойынан жаны шығар кезде Аллаһпен жолығуға асығып, тағатсызданады екен. Айша (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ): *«Кім Аллаһпен жолығуды қаласа, Аллаһ онымен жолығуды*

<sup>1</sup> Тынысының тарылғанын айтқан.

қалайды. Ал кім Аллаһпен жолығуды қаламаса, Аллаһ та онымен жолығуды қаламайды», — деген.

Бірде Айша (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбарымызға (ﷺ): «Шын мәнінде, біз өлімді жек көреміз»<sup>1</sup>, — дейді. Пайғамбар (ﷺ): «Олай емес! Бірақ мүмінге өлім келсе, Аллаһ та рапынан разылық және сый-құрметпен сүйіншіленеді де, ол үшін алдындағыдан (өлімнен) сүйікті ештеңе болмайды. Сөйтіп, ол Аллаһпен жолығуды қалайды. Аллаһ та онымен жолығуды қалайды», — деген.

Осылайша, мүмін адам Аллаһтың өзіне әзірлеген сый-құрметіне ұмтылып, жапының тез шыққанын қалайды. Сондай-ақ Аллаһ тағала да пендесінің ықыласына қарай онымен жолығуды қалайды.

Пайғамбарымыз (ﷺ) сөзін әрі қарай жалғастырып: «Ал көңілге (өлім) келсе, Аллаһтың азабы және жазасымен хабардар етіледі де, оған алдындағыдан жеккөріністі ештеңе болмайды. Сөйтіп, ол Аллаһпен жолығуды қаламайды, Аллаһ та онымен жолығуды қаламайды», — деген (өл-Бұхари).

Сондай-ақ тағы бір хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ): «Жаназ ақылып, (табытты) еркектер желжесіне көтерген кезде (рух) ізгі болса: «Мені алып барыңдар», — дейді. Ал ізгі болмаса, өзінің туыстарына: «Соры құрысын, оны қайда апара жатырсыңдар?» — дейді. Оның дауысын адамзаттан басқаның барлығы естиді. Егер адам естігенде, есінен танар еді», — деген (өл-Бұхари).

Умәуилер халифасы Сүлеймен ибн Абдул-Мәлик деген кісі жайлы мына бір хикая әңгімеленеді:

Сүлеймен ибн Абдул-Мәлик қажылық кезінде Мәдинаға келгенде, табиғиндер сапына жататын бір адаммен жолығысуды қалап, ондағылардан: «Осында бірнеше сахабаның көзін көрген, пайым-парасаты жоғары бір адам бар ма?» — деп сұрайды. Адамдар: «Иә, Әбу Хазим деген бір кісіні білеміз», —

---

<sup>1</sup> Яғни біздің бұл сезіміміз Аллаһпен жолығуды қаламағандығымызға жата ма деген мағынада.

деп жауап береді. Сүлеймен ибн Абдул-Мәлик оған адам жіберіп, құзырына алдырады. Әлгі табиғин келген кезде, Сүлеймен оған: «Ей, Әбу Хазим! Неге біз өлімді жек көреміз?» — деп сұрайды. Әбу Хазим: «Сендер дүниені көркейтіндер! Ал ақыретті бұздыңдар! Енді көркем мекеннен ойрандалған жерге шыққыларың келмейді», — деп жауап береді. Сүлеймен ибн Абдул-Мәлик: «Рас айттың!» — дейді. Сосын: «Бізді Аллаһтың алдында не күтіп тұр?» — деп сұрайды Сүлеймен. Табиғин: «Амалдарыңды Аллаһтың кітабына жүгіндір!» — дейді<sup>1</sup>. Сүлеймен: «Оны қай жерінен табамын?» — дейді. Сонда табиғин: «Аллаһ тағаланың **«Шын мәнінде, ізгілер, әлбетте, нығмет ішінде болады. Негізінде, бұзықтар тозақта болады»** (Инфитар, 13-14) деген сөзінен», — дейді. «Аллаһтың рақметі қайда?» — деп сұрайды Сүлеймен ибн Абдул-Мәлик. Әбу Хазим: «Аллаһтың рақметі пгілік істеушілерге бек жақын», — деп жауап береді. Сүлеймен ибн Абдул-Мәлик тағы да: «Ертең Аллаһтың алдына қалай барамыз?» — деп сұрайды. Әбу Хазим: «Игі кісі алыс бір жерден өз отбасына келе жатқан адам сияқты болса, жаман адам қожайынынан қашқан құл сияқты болады», — дегенде, Сүлеймен ибн Абдул-Мәлик көңілі босап, дауыстап жылап жібереді. Сосын әлгі табиғиннен: «Маған өсиет айт!» — деп сұранды. Сонда Әбу Хазим: «Аллаһ тағаланың тыйым салған істерін жасаушылардан емес, бұйырғанын істейтіндерден бол!» — депті.

<sup>1</sup> Яғни Аллаһтың кітабымен өлше деген мағынаны аңдатты.

## III бөлім

### Қабір өмірі

Бөлімде рухтың көкке көтерілуі, қабір өмірі, қабірдің қараңғылығы мен қысымы, қабір азабына қатысты дәлелдер, қабірдегі жағдайлар, қабір азабына себеп болатын істер, қабір азабынан құтқаратын іс-амалдар, өлімнен, қабірден қорқудың пайдасы және бұрынғы өткен ізгілердің олім жайлы айтқан ғибрат алар сөздері жайында баяндалады.

### Рухтың көкке көтерілуі

Пенде жантәсілім еткен соң, оның рухының аспан әлеміне саяхаты басталады. Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбарымыздың (ﷺ):

**«Мүміннің рухы шықса<sup>1</sup>, оны екі періште алып көкке көтеріледі»**, — дегенін риуаят еткен (Мұсылм).

Енді осы рухтың көкке көтерілуі жайлы әңгімеге кірісейік. Бұл жай екі түрлі көріністе жүзеге асады. Яғни мүмін рухының көкке көтерілуі және кәпір рухының көкке көтерілуі.

#### а) Мүмін рухының көкке көтерілуі

Көкке болатын бұл жағдайды Пайғамбарымыз (ﷺ) сахабаларына бүге-шігесіне дейін сипаттап: **«Егер (мүміннің) рухы (төнін тастап) шықса, оған аспан мен жердің арасындағы әрбір періште және аспандағы әрбір періште салауат айтады. Ол үшін аспан есіктері ашылып, оған әрбір есіктің тұрғындары дұға қылады. Егер оны (олім періштесі) алса, оны қас қағым сәтке де (басқа періштелер) алғанша қолынан түсірмейді. Олар оны жаннаттан әкелген кебінге орап, жаннаттан әкелген жұпармен хош иістендіреді. Аллаһ тағаланың «Елшілеріміз (періштелеріміз) жанын**

<sup>1</sup> Оны өлім періштесі шығарады.



алады әрі ешқандай кемістік жасамайды» (Әнғам, 61), — деген сөзінің мәнісі осы. Және одан (рухтан) жер бетінде теңдесі болмаған жұпардың хош иісіндей жағымды иіс шығады. Сосын оны алып, жоғары шығады. Қашан олар періштелер тобының қасынан өтсе, олар (періштелер): «Бұл кім деген жақсы рух?» — деп сұрайды. Олар (алып бара жатқан періштелер): «Бұл пәленше ұлы пәленше!» — деп, оны дүниедегі ең көркем есімдерімен таныстырады. Сөйтіп, олар дүние аспанының соңына жетеді. Содан соң (аспан күзетшілерінен) кіруге рұқсат сұрайды да, ол үшін (аспан) ашылады. Және оны әрбір аспаннан жақындары (періштелер) келесі аспанға дейін шығарып салады. Сөйтіп, ол жетінші аспанға жетеді. Сонда Аллаһ тағала: «Пендемнің кітабын ең жоғары дәрежелілердің қатарында жазыңдар!» — деді», — деп айтқан. Мұнан кейін Пайғамбар (ﷺ): Аллаһ тағаланың «Ең жоғары дәреженің не екенін қайдан білесің? Ол — жазулы бір кітап. Оны Аллаһқа жақын періштелер бақылайды» (Мутаффи-фун, 19-21), — деген сөздерін оқыды.

Пайғамбар (ﷺ) сөзін жалғастырып: «Сөйтіп, оның кітабы ең жоғары дәрежелілердің қатарында жазылады. Сосын Аллаһ тағала періштелерге: «Оны жерге қайтарыңдар! Расында, мен оларды содан жараттым және оған қайтарамын. Сосын одан қайта шығарамын», — дейді», — деп әңгімелеп берген.

Міне, ізгі мүміндердің рухы осындай көркем бейнеде қас-терленіп, құрметпен алынады.

### ә) Кәпір рухының көкке шығуы

Сонымен қатар Пайғамбарымыз (ﷺ) кәпір яки бұзық адамнан алынған рух туралы да әңгімелеген. Пайғамбар (ﷺ): «Оны аспан мен жердің арасындағы әрі аспандағы әрбір періште лағынеттейді және оған аспан есіктері жабылады. Әрбір есіктің тұрғындары оның рухының өздері тарапына көтерілмеуіне Аллаһқа дұға қылады. (Өлім періштесі) оның (жанын) алады. (Жанын) алып болған соң, оны қас

қағым сәтке болса да қолында ұстап тұрмайды. (Сосын оны басқа періштелер) *от кебінге салады. Одан жер бетінде болмаған өлексенің сасық иісі шығады. Сөйтіп, оны жоғары алып шығады. Олар қашан бір топ періштелердің жанынан өтсе, ол* (періштелер): *«Бұл жаман рух кім?» — деп сұрайды. Олар: «Бұл пәленше ұлы пәленше!» — деп, дүниедегі оның ең ұнамсыз аттарымен таныстырады. Сөйтіп, дүние аспанына жетіп, кіруге рұқсат сұрайды, оған (аспан) ашылмайды», — деп айтқан. Мұнан кейін Пайғамбар (ﷺ): Аллаһ тағаланың: «Оларға көктердің есіктері ашылмайды. Және олар түйеннің көзінен өткенге дейін жұмаққа кірмейді. Осылайша, бұзақыларды жазалаймыз», — деген аятын оқыды (Аграф, 40).*

Пайғамбар (ﷺ) сөзін жалғастырып: *«Сосын Аллаһ тағала: «Оның кітабын сижжинде<sup>1</sup>, ең төменгі жерде жазыңдар! Құлымды жерге қайтарыңдар! Расында, мен оларды содан жараттым және оған қайтарамын. Сосын одан қайта шығарамын!» — дейді. Сөйтіп, оның рухы аспаннан жерге қарай лақтырылады», — деген. Сонан соң Пайғамбар (ﷺ): Аллаһ тағаланың «Кім Аллаһқа ортақ қосса, сонда ол көктен құлап, оны құс іліп әкететін немесе оны ұзақ мекенге жел ұшырып кететін нәрсе сияқты» (Хаж, 31), — деген аятын оқыған (Ахмад).*

## Барзах өмірі

Қабірге түскен соң адам үшін оның жаңа өмірі басталады. Оны ғұламалар «барзах өмірі» деп атайды. Яғни өтпелі, ақыретті күту өмірі. Онда ізгілік істеушілер үшін біраз игіліктер болса, жаманшылық иелеріне деген азаптар да бар.

Жан адам тәнінен шыққан соң, барзах өмірінде қалады. Тек қана ол аспанға бір көтеріліп, тәнге қайта оралады. Мұнан кейін ол тәннің бойында ерекше бір сипатта өмір сүреді. Бұл өмір қабір нығметтерінен немесе қабір азабынан тұрады.

<sup>1</sup> Бұзық амалдар жазылатын кітап. Аллаһ тағала: *«Сижжиннің (төменгі орынның) не екенін қайдан білесің? Ол—жазулы бір кітап», — деген (Мутаффиун, 8-9).*

Тахауия ақидасының түсіндірмесінде автор қабір өмірін сипаттай келе: «Аллаһтың елшісінен ﴿﴾ әркімге тиісінше болатын қабір азабы мен оның игілігін, сонымен қатар ондағы екі періштенің сұрағын баяндаған көптеген хабарлар келген. Бұлардың болатынына иман келтіру уәжіп. Оның қалай болатыны жайлы әңгіме қозғамаймыз<sup>1</sup>. Әрі оның қалай болатындығына болжам жасауға адам ақылы жетпейді. Шарифат ақылға сыймайтын нәрселерді емес, керісінше, ақылды қайран қалдыратын нәрселерді әкеледі», — деген.

Яғни шарифатта келгендердің ішінде танғаларлық нәрсе шығуы мүмкін, бірақ болуы мүмкін емес еш нәрсе болмайды. Өйткені Аллаһ тағала әрбір істе Қүдіретті!

Рух барзах өмірі үшін адам тәніне қайтқанда, біздің түсінігіміздегідей, дүниедегіше қалыпта тірі болып қайтпайды. Десе де, оның өзіндік бір күйі, тіршілігі болады. Алайда біз оны өлі күйде көреміз. Мәселен, адам ұйқыда жатқанда, оның рухы бұл дүниеден (уақытша) тыс болса да, ол өзіндік тіршілігін тоқтатпайды. Түс көреді: қуанады, қысылады, жылайды, күледі т.с.с. Ал ұйықтап тұрған соң, әртүрлі халін баяндайды. Яғни ол ұйқыдағы жағдайын сезінеді. Тәтті ұйқы және азапты ұйқы бар. Дәл осы сияқты барзах өмірі де өзіндік тіршілікке ие. Демек, барзах өмірінде рух пен тән бірлестігі дүниедегідей кейіпте емес, өзіне тән ерекшелігі бар.

Сондай-ақ Тахауия ақидасының түсіндірмесінде: «Білгін, расында, қабір азабы — барзах азабы. Әрбір өлген адам, азапқа лайықты болса, қабірге салынса да, салынбаса да, одан тиісті үлесін алады», — делінген.

«Қабірге салынбаса да» деген сөзден назарға алынып отырғаны — мәйіті өртелгендер, суға батқандар, аң-құсқа жем болғандар т.с.с. Мысалы, үнді халқы өздерінде қалыптасқан әдет-ғұрыптары бойынша мәйітті жерлемей, өртейді. Сол сияқты кейбір елдерде «танымал тұлғаларды» жерлемей,

<sup>1</sup> Өйткені ақиқатын білмейміз. Яғни бұл — ғайып істерінен. Ал біз ғайыптан бейхабармыз. Бұл мәселеде тек өзімізге келіп жеткен сенімді хабарларға ғана сүйенеміз.

мүрдесін арнайы орындарда сақтау әдегі орын алған. Қалай болғанда да өлген адам Пайғамбарымыздың ﴿ﷺ﴾ хадистерінде келтірілген жағдайларды басынан өткізеді. Ол жерленсе де, жерленбесе де, оның рухы мен тәні қабір азабы мен нығметтерінен тыс қалмайды.

## Пайғамбарлар мен шәһидтердің қабірдегі жағдайы

Қабір өмірінде кейбір ерек туған адамдардың рухтары арнайы орындарда сақталады. Бұлардың қатарына пайғамбарлар жатады. Айша (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбарымыздың ﴿ﷺ﴾ ғұмырының соңғы сәтінде: **«Бәлкім, жаннаттан жоғары серік»**, — деп айтқанын жеткізген (әл-Бұхари).

Пайғамбарлардың рухтары көкте жоғары серікпен бірге құрметті орында жайғасады. Аспандардың ең жоғарысында Аллаһ тағала сый-құрметке бөлеген пайғамбарлармен және періштелермен бірге болмақ. Бұл жайлы Миғраж туралы әңгімелеген сахих хадистерде мәлімделген. Миғражда Пайғамбарымыз ﴿ﷺ﴾ әртүрлі аспанда пайғамбарлармен кездескен. Яғни олар дүние салғаннан кейін сол жақта өмір сүреді.

Сол сияқты шәһидтердің де арнайы орындары бар. Аллаһ тағала Құранда шәһидтер туралы: **«Аллаһ жолында өлтірілгендерді өлі деп ойлама, әрине, олар тірі. Раббыларының жанында ризыққа бөленеді»**, — деген (Әлі Имран, 169).

Олардың өлгеннен кейінгі жағдайы өзгелердікінен біршама ерекшеленеді. Шәһидтер пайғамбарлар мен шыншылдар сияқты тірі болады, әрі денелері де бұзылмайды. Ал рухтары арнайы бір орындарды иемденеді.

Масруқ біз әңгіме етіп отырған аяттың мәнін Абдуллаһ ибн Масғудтан (Аллаһ оған разы болсын) сұрағанда, ол: **«Біз де бұл жайлы Пайғамбардан ﴿ﷺ﴾ сұрағанбыз. Ол ﴿ﷺ﴾: «(Шәһидтердің) рухтары аршыға ілінген шырақтары бар жасыл құстардың кеуде қуысында. Ертемен жаннаттың қалаған жеріне барып, сосын әлгі шырақтарға қайтады»**, — деп айтты», — ден жауап берген (Муслим).

Міне, бұл — Аллаһ тағаланың шәһидтерге әзірлеген құрмет орны. Сондықтан да Пайғамбарымыздың (ﷺ) сахабалары және бұрынғы өткен ізгі кісілер шәһидтікті қалайтын болған. Өйткені олар Құран аяттарынан және Пайғамбар (ﷺ) хадистерінен шәһидтерге дайындалған сый-құрметтің қаншалықты жоғары дәрежеде екендігін білген. Осы мәртебеге жету үшін барынша ұмтылатын. Пайғамбарымыз (ﷺ): *«Кімде-кім шын жүрегімен Аллаһтан шәһидтік сұраса, Аллаһ оны, егер ол төсекте өлсе де, шәһидтердің мәртебесіне жеткізеді»*, — деген (өт-Тирмизи).

## Қабірдің қараңғылығы

Пайғамбарымыздың (ﷺ) кезінде оның (ﷺ) мешітін тазалайтын бір әйел қайтыс болады. Аллаһ елшісі (ﷺ) оны іздегенде, адамдар оның түнде қайтыс болғанын айтады. Пайғамбарды (ﷺ) ұйқысынан оятқылары келмей, адамдар оны түнде жерлеп қойған еді. Пайғамбар (ﷺ) сахабаларға: *«Мені неге оятпадыңдар?»* — дегенде, олар: *«Оятқымыз келмеді»*, — дейді. Пайғамбар (ﷺ) мешітке қызмет ететін бұл әйелге құрмет ретінде оның қабіріне баруды қалап, сахабаларынан қабірін көрсетуді сұрайды. Қабіріне келіп, оған дұға қылған соң, серіктеріне: *«Расында, мына қабірлер иелері үшін зұлматқа толы. Аллаһ тағала оларды (қабірлерді) оларға (марқұмдарға) қылынған дұға үшін нұрландырады»*, — деп айтты (әл-Бұхари, Муслим).

## Қабір қысымы

Пайғамбарымыздың (ﷺ) таңдаулы сахабаларының бірі ансарлық Сағд ибн Муғаз<sup>1</sup> (Аллаһ оған разы болсын) дүние салып, оны қабірге қойған кезде Пайғамбарымыз (ﷺ): *«Бұл*

<sup>1</sup> Пайғамбар (ﷺ) сахабаларына Сағдтың қадір-қасиеті мен мәртебесі жайлы: «Сағдтың жаннаттағы бет орамалдарының бірі — мына дүниеден және ондағылардан артық», — деген (әл-Бұхари, Муслим).

*үшін Рахманның аршысы шайқатылды және ол үшін аспан есіктері ашылды. Ал оның жаназасына жетпіс мың періште қатысты. Ол (қабірде бір сәт) қысылды да, сосын барып оған кеңшілік берілді», — деген (өп-Нәсән).*

Яғни хадистен аңғарғанымыздай, қабір қысымы онда қойылған әрбір пендеге болады. Сол себепті де мұндай ұлы дәрежеге ие Сағд ибн Муғаздың өзі қабірге түскен кезде бір сәт қысылған.

Аллаһ елшісі (ﷺ): *«Расында, қабірдің қысымы бар. Егер одан біреу құтыла алғанда, онда, сөзсіз, Сағд ибн Муғаз құтылар еді», — деп айтқан (Ахмад).*

## Қабір азабына қатысты дәлелдер

### а) Құрандағы дәлелдер

Құранда қабір азабының болатынын баяндаған көптеген аяттар бар. Мәселен, төмендегі екі аяттын қабір азабына қатысты айтылғанына ғұламалар бірауызды пікірде болған. Әрі бұл аяттарды имам әл-Бұхари «Жаназа» кітабының «Қабір азабына қатыстылар бабында» келтірген. Онда Аллаһ тағала: *«(Ей, Мұхаммед!) Егер залымдарды өлім арпалысында періштелер қолдарын созып: «Жандарынды шығарыңдар! Бүгін Аллаһқа қарсы орынсыз сөйлегендерің, Оның аяттарына менменсігендерің себепті қорлаушы азаппен жазаланасыңдар», — дегенде бір көрсең!» (Әнғам, 93);*

*«Оларды екі рет азаптаймыз. Сонан соң олар зор азапқа қайтарылады», — деген (Тәубе, 101).*

Яғни Аллаһ тағала ақыретке дейін адамды екі рет: дүниеде және қабірде азаптайды. Сосын барып ақыреттегі мәңгілік азабына қайтарады. Хасан әл-Басри аяттағы «Оларды екі рет азаптаймыз» деген сөзді: *«Дүниедегі азап және қабірдегі азап», — деп түсіндірген.*

Сондай-ақ ғұламалардың қабір азабына нақты дәлел ретінде түсінік бергені Аллаһ тағаланың мына сөздері: *«Перғауындықтарды сұрқай азап баурап алды. Олар ер-*

телі-кеш отқа ұсынылады<sup>1</sup>. Қиямет-қайым болған күні: «Перғауындықтарды азаптың ең ауырына кіргізіндер!» — делінеді» (Ғафыр, 45-46);

«Аллаһ нман келтіргендерді дүние тіршілігінде де, ақыретте де мықты сөзбен бекітеді» (Ибраһим, 27).

Мүмін пенде өмірде қандай қиындық көрсе де, «Аллаһтан басқа ешбір құдай жоқ. Мұхаммед — Аллаһтың елшісі» деген сенімнен айнамайды. Әрі қабірдегі сұрақтарға да дұрыс жауап берді. Ал залымдарды Аллаһ сөзден жанылдырады.

Пайғамбарымыз (ﷺ) жоғарыдағы аятты: «**Қабір азабына қатысты түскен**», — деген (әл-Бұхари).

### ә) Сүннеттегі дәлелдер

Айша анамыздан (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етілген хадисте, ол: «Маған Мәдина яһудилерінің екі кемпірі кірді. Олар: «Қабірдегілер қабірлерінде азапталады», — деді. Мен олардың сөздерін растағым келмей, өтірікке шығардым. Сөйтіп, ол екеуі шығып кеткен соң, маған Аллаһ елшісі (ﷺ) кірді. Мен оған: «Уа, Аллаһтың елшісі! Маған Мәдина яһудилерінің екі кемпірі кірді. Сөйтіп: «Қабірдегілер қабірінде азапталады», — деп айтты», — дедім. (Пайғамбар (ﷺ)): «**Ол екеуі рас айтқан. Расында да, олар жануарлар (ғана) еститіндей азаппен азапталады**», — деп айтты», — деген (Мұслим).

Қабірдің жан шыдатпас азабында жатқан адамның айқайлап, шыңғыратындығы жайлы Пайғамбарымыздың (ﷺ) хадистерінде анық айтылған. Тіпті оның даусын адамзат пен жыннан басқа бойында жаны бардың барлығы естиді. Мұндай азапқа түспесі анық Пайғамбарымыздың (ﷺ) өзі үнемі Аллаһ тағаладан азаптың осы түрінен құтқаруды сұраған. Бұл сөзімізге Айша анамыздың (Аллаһ оған разы болсын): «**Мен оның намазда қабір азабынан пана сұрамаған (кезін) көрген емеспін**», — дегені дәлел болмақ (Мұслим).

<sup>1</sup> Бұл қияметтен бұрын болады.

Әсма бинт Әбу Бәкірден (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) жеткен риуаятта, ол: «Аллаһ елшісі (ﷺ) құтпа жасап тұрып, кісі сынаққа алынатын қабір сынағы жайлы айтты. Оны айтқан кезде адамдар (қорқыныштан) шулап кетті. Тіпті мен (ол шудан) Аллаһ елшісінің (ﷺ) сөзін түсінбей қалдым. Сөйтіп, өзіме жақын тұрған бір кісіге: «Ей, Аллаһ береке бергір! Аллаһ елшісі (ﷺ) сөзінің аяғында не айтты?» — дедім. Ол (кісі маған): «Аллаһ елшісі (ﷺ): **«Расында, маған уахи етілді: қабірде Дәжжалдың фитнасына<sup>1</sup> жақын фитнаға ұшырайсыңдар»**, — деп айтты», — деді», — деген (әл-Бұхари).

Әбу Сағид әл-Худри (Аллаһ оған разы болсын) Зәйд ибн Сәбиттен (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Зәйд: «Пайғамбар (ﷺ) бәну нажжар (руының) егістігінде қашырының үстінде келе жатқан-ды. Біз онымен бірге едік. (Оның (ﷺ) астындағы қашыры) тулап кетіп, оны жыға жаздады. Қарасақ, бес-алты қабір бар екен. (Пайғамбар (ﷺ)): **«Мына қабірлердің иелерін кім біледі?»** — деді. Сонда бір кісі: «Мен», — деді. Ол (ﷺ): **«Бұлар қашан өлген?»** — деді. (Әлгі кісі): «Олар ширк дәуірінде өлген», — деді. (Сонда Аллаһ елшісі (ﷺ)): **«Расында, бұл адамдар қабірлерінде бәлеге душар болып жатыр. Сендер бір-бірлеріңді жерлейтін болмағандарыңда, Аллаһтан сендерге өзім естіп тұрған қабір азабын естіртуді сұрар едім»**, — деп айтты», — дейді (Муслим).

Пайғамбар (ﷺ) қабірлердің жанынан өткенде, олардың дауысын еститін болған. Егер адамдарда қабір азабының даусын есту қабілеті болғанда, қабірге деген қорқыныштан олар бірін-бірі жерлемей қояр еді.

Әбу Айюб әл-Ансари (Аллаһ оған разы болсын): «(Бірде) Аллаһ елшісі (ﷺ) күн батқаннан кейін (тысқа) шықты. (Кенет) дауыс естіді<sup>2</sup>. Сонда (сахабалар): «Не естідің, уа, Аллаһ елшісі?» — деп (сұрады). (Аллаһ елшісі (ﷺ)): **«Яһудилер қабірлерінде азапталып жатыр»**, — деп айтты», — деген (әл-Бұхари, Муслим).

<sup>1</sup> Фитна — бүлік, сынақ, ылаң мағынасында.

<sup>2</sup> Пайғамбарымыз (ﷺ) бір дауыс естігендей, жан-жағына қараған.



Демек, қабір азабы туралы дәлелдер жетерлік. Оған сену — біздің ақидамыздың, иманымыздың бір бөлшегі. Ендеше, оған сенбеуге болмайды.

## Қабір жағдайлары

**а) Мүміннің қабірде сұраққа алынуы және оған амалының келуі**

Әнәс (Аллаһ оған разы болсын) жеткізген хадисте Пайғамбар (ﷺ): *«Пенде қабіріне қойылса және одан жолдастары бұрылса (жерлеп артқа қайтса), ол олардың (жолдастарының) қайтып бара жатқандағы аяқтарының дыбысын есітеді. Сосын оған екі періште келеді. Оны отырғызып, одан: «Мына Мұхаммед деген кісі жайлы не айтатын едің?» — дейді. Мүмін болса: «Мен оның Аллаһтың құлы және елшісі екендігіне куәлік беремін», — деп айтады», — деген (әл-Бұхари, Муслим).*

Сондай-ақ Бара ибн Азибтан (Аллаһ оған разы болсын) рп-уаят етілген хадисте Пайғамбар (ﷺ) мүмін пенденің қабірдегі жағдайы жайлы: *«Оған екі періште келіп, оны отырғызады да: «Раббың кім?» — дейді. Ол: «Раббым — Аллаһ», — дейді. Екі (періште): «Дінің не?» — дейді. Ол: «Дінім — Ислам», — дейді. Екі (періште): «Сендерге жіберілген кісі кім?» — дейді. Ол: «Ол — Аллаһтың елшісі», — дейді. Екі (періште): «Ілімің не?» — дейді. Ол: «Аллаһтың кітабын оқып, оған иман келтірдім және сендім», — дейді. Сол кезде көктен бір жаршы жар сала: «Пендемнің рас айтқаны үшін оған (қабіріне) жаннаттан (төсеніш) төсеңдер, оны жаннаттан киіндіріңдер және оған жаннатқа қарай есік ашыңдар!» — дейді. Және де оған (жаннаттың) лебі мен хош иісі келіп тұрады. (Сонымен қатар) оған қабірі көзі жеткен жерге дейін кеңейтіледі», — деп айтқаш.*

Яғни мүміндерге қабірден қорқудың қажеті шамалы. Жоғарыдағы сүйінші хабар осыны аңғартады. Бұл азаптан қорқуға мүміндерден гөрі кәпірлер мен мұнафиқтар

лайықтырақ. Өйткені мүміндер туралы Аллаһ тағала: «Олар үшін қорқыныш жоқ және олар қайғырмайды», — деген (Бақара, 38).

Сосын Пайғамбарымыз (ﷺ) пендепің іс-амалымен жолығуын баяндап: «**Оған көрікті жүзді, әдемі киімді, иісі жағымды бір кісі келін: «Сені қуантатын (пәрсемен) сүйін; Аллаһтан болар разылықпен және игілігі тұрақты жаннаттармен сүйін. Бұл — уәде етілген күнің», — дейді. Оған мәйіт: «Сен де, өзінді де Аллаһ жақсылықпен сүйіндірсін. Сен кімсің? Жүзің жақсылық хабаршысы екен», — дейді. Ол: «Мен — сенің ізгі амалдарыңмын! Аллаһпен ант етейін! Сені Аллаһқа бойсұнуға асығушы ретінде, Аллаһқа (қарсы) күнә жасауда асықпаушы (бас тартушы) ретінде таныдым. Аллаһ сені жақсылықпен марапаттады», — дейді. Сосын оған (мәйітке) жаннаттан бір есік, тозақтан бір есік ашылады. Тоzaқтың есігі көрсетіліп: «Егер Аллаһқа күнәкарлық қылғаныңда, бұл сенің мекенің болар еді. Енді Аллаһ саған оны жаннаттағы бір орынмен алмастырып берді», — делінеді<sup>1</sup>. Ол жаннатқа (қарап), оның ішінде не нәрселер барын көрген кезде: «Раббым! Отбасыма және мал-дүниеме қайта оралуым үшін Қиямет күнін тездетіп келтіре гөр», — деп (тілейді)», — деген.**

Яғни ол Қиямет күнінің тезірек болуын қалайды.

ә) Кәпірдің қабірде сұраққа алынуы және оған амалының келуі

Сонымен қатар Пайғамбарымыз (ﷺ) көпірдің яки бұзықтың қабірдегі жағдайын да сипаттап: «**Ал кәпір (немесе мұнафиқ) болса: «Білмеймін, адамдар не айтса, соны айтатынымын»<sup>2</sup>, — дейді. Екі періште (оған): «Сен білмедің де, ілеспедің де?» — дейді», — деген.**

<sup>1</sup> Яғни әрбір адам үшін тозақта бір орын, жаннатта бір орын дайындалады. Ізгі адам болса жаннаттағы, жаман пенде болса тозақтағы мекеніне кіреді.

<sup>2</sup> Бұл жерде: «Мына Мұхаммед деген кісі жайлы не айтатын едің» деген екі періштенің сұрағына көпірдің қайтарған жауабы туралы айтылған.

Бұдан кейінгі оның жағдайын Пайғамбарымыз (ﷺ): *«Сол сәтте көктен бір жаршы жар сала: «Өтірік айтқаны үшін оған тозақтан (төсеніш) тосеңдер және оған тозақтан есік ашыңдар!» — деп дауыстайды.* (Осы әмірден кейін қабірдегі пендеге) *тозақтың ыстығы мен жалыны келіп тұрады. Оның қабірінің тарылатындығы сондай, тіпті оның қабырғалары айқасып кетеді.* (Мұнан кейін) *мәйітке ұсқыны жаман, киімі нашар, иісі сасық бір кісі келіп: «Өзіңе қош келмейтін (нәрсемен) сүйін! Бұл — уәде етілген күнің!» — дейді. Мәйіт: «Сен де, сені де Аллаһ жамандықпен сүйіншілесін! Сен кімсің? Сенің жүзің жамандық әкелген (кісінің) жүзіне ұқсайды екен?» — дейді.* (Әлгі кісі сонда): *«Мен — сенің жаман амалдарыңмын! Аллаһпен ант етейін! Сені Аллаһқа бойсұнуда сылбыр, Аллаһқа күнәкарлықта ұшқыр ретінде таныдым. Аллаһ сені жамандықпен жаза-лады», — дейді. Содан кейін оған көзі соқыр, құлағы керең, мылқау, қолында күрзісі бар біреу келеді. Егер ол тауды ұрса, (тау) топырақ болып кетер еді. Ол оны (мәйітті) топыраққа айналғанша ұрады. Сосын (мәйіт) бұрынғы қалтына қайтады. Оны тағы да ұрады да, ол қатты дауыстап айқайлайды.* (Сол сәтте мәйіттің дауысын) *адамзат пен жыннан басқа барлық (тіршілік иесі) есітеді. Сонан соң оған тозақтан есік ашылып, тозақтың төсеніштері төселеді. Сонда (кәпір): «Раббым, қияметті келтіре көрме!» — дейді», — деп баяндаған (әл-Бұхари, Муслим).*

## Қабір азабына душар ететін нәрселер

Адамдар қабір азабына Аллаһ тағаланы танымағандықтарынан, Оның бұйрықтарына көңіл аудармағандықтарынан және Ол тыйым салған күнәларға бойұрғандықтарынан ұшырайды. Аллаһ тағала Өзін тапыған, сүйген, бұйрықтарына бойсұнып, қайтарғандарынан қашық жүрген рух пен тәнді ешқашан азаптамайды. Шын мәнінде, қабір азабы — Аллаһтың пендесіне деген ашу-ызасының әсері болып табылатын

ақырет азаптарының бірі. Демек, кімде-кім бұл дүниеде Аллаһтың қаһарына ұрынып, сосын тәубе қылмай өлсе, ол Аллаһ тағаланың ашу-ызасы дәрежесінде барзах азабын тартады.

Сондай-ақ Пайғамбарымыз (ﷺ) үмбетіне қабір азабына дұшар ететін нәрселерді ескертіп, олар жайында баяндап кеткен. Бұлар:

**а) Өсек тарату және нәжістен тазаланбау**

Бірде Пайғамбарымыз (ﷺ) екі қабірдің қасынан өтіп бара жатып: *«Расында, (мына) екеуі азапталып жатыр. (Бірақ) үлкен нәрсе себепті азапталып жатқан жоқ. (Бұл екеудің) бірі — адамдар арасында өсек таратып жүретін, ал екіншісі — зәрінен тазаланбайтын (болған)»*, — депті (әл-Бұхари, Муслим).

**ә) Ілім үйреніп, оған амал қылмау, парыз амалдарға көңіл бөлмеу, өтірік айту және зинақорлық пен өсімқорлық**

Сондай-ақ Пайғамбарымыз (ﷺ): *«Мен түнде маған екі кісінің келгенін көрдім. Ол екеуі мені қолымнан жетектеп, қасиетті жерге алып шықты. Қарасам, бір кісі отыр, қолында имек темірі бар бір кісі түрегеліп тұр. (Түрегеліп тұрған кісі) ол имек темірді (отырған адамның) езуіне желкесіне жеткенше кіргізеді. Сосын екінші езуін де солай етеді. (Сол аралықта) мына (жыртылған) езуі жазылады да, (оның езуіне) қайтадан әлгіндегідей істейді. Мен: «Бұл не?» — деп (сұрадым). Ол екеуі: «Алға жүр!» — деді. Біз ілгері жүріп, шалқасынан жатқан бір кісіге келдік, оның бас жағында дәу тасы (немесе жартастың бөлігі) бар бір кісі тұр. Ол (жатқан адамның) басының мылжа-мылжасын шығарады. Ол ұрғанда тас домалап кетеді, оны барып алып, қайтып келгенше ананың басы жазылып, қалтына келеді де, қайтадан басына ұрады. Мен: «Бұл кім?» — деп (сұрадым). Ол екеуі: «Алға жүр!» — деді. Біз алға жүріп тандырға ұқсас, аузы тар, табаны кең, астынан от жағылып жатқан бір шұңқырға бардық. (Шұңқырдағыларға от) жақындаса, олар*

шығуға шақ қалып жоғары көтеріледі де, бәсеңдегенде (орындарыша) қайтады<sup>1</sup>. Онда жалаңаш еркектер мен әйелдер бар еді. Мен: «Бұлар кім?» — деп (сұрадым). Ол екеуі: «Алға жүр», — деді. Біз алға жүріп бір қанды өзенге келдік. Оның ішінде бір кісі түрегеліп тұр, ал өзеннің ортасында (немесе «өзен жағасында» деп те айтылған) алдында тастар бар, өзендегі кісіге қарсы қараған бір кісі тұрды. (Өзендегі) сыртқа шыққысы келсе, (әлгі) кісі өның аузына тас лақтырып, бұрынғы орнына қайтарады. Сөйтіп, (өзеннен) шығу үшін келген сайын, аузына тас лақтырады да, ол бұрынғы орнына қайтады. Мен: «Бұл не?» — деп (сұрадым). Ол екеуі: «Алға жүр!» — деді. Біз ілгері жүріп, жасыл баққа келіп кірдік. Оның ішінде бір зәулім ағаш бар екен, түбінде бір қария мен жас балалар отыр. Қарасам, ағашқа таяу жерде қарсы алдында от жағыт бір кісі отыр. Сөйтіп, ол екеуі мені алып ағашты бойлап көтеріліп, бір үйге кіргізді, одан әдемі (үйді) бұрын-соңды көрген емеспін, оның ішінде қарт кісілер, жас жігіттер, әйелдер мен балалар бар еді. Сосын ол екеуі мені одан шығарды да, ағаш бойымен (тағы да) жоғары көтеріліп, (басқа) бір үйге кіргізді, ол (алдыңғыдан) әдемірек әрі жақсырақ еді, онда қарттар мен жас жігіттер бар екен. Мен: «Сен екеуің мені тұң бойы өздеріңмен алып жүрдіңдер, енді көргендерім туралы айтып беріңдер», — дедім. Ол екеуі: «Иә. Сен көрген езуі жырттылып жатқан — жалған сөйлеп, (өтірігі) жан-жаққа тарайтын отірікші, енді өзің көргеніңдей Қиямет күніне дейін оған солай істеледі. Ал сен корген басы мылжаланып жатқан — Аллаһ Қуран ұйреткенмен, түнді ұйқымен откізіп, күндіз оған амал қылмаған кісі, енді Қиямет күніне дейін оған солай істеледі. Сен шұңқыр ішінен көргендер — зинақорлар, өзендегі коргенің — өсімқорлар. Ағаш түбіндегі қария — Ибраһим (аләйһис-сәләм), оның айналасындағы

<sup>1</sup> Яғни от шарпығанда, олар тесіктің аузына дейін келеді. От артқа қайтып, қайта көтерілгенде ішіндегілер жанталасып қайтадан тесіктің аузына кептеледі. Жағдай осылайша қайталанып отырады.

*балалар — адамдардың (жастай шетінеген) балалары, от жағып отырған — тозақтың сақшысы Мәлік. Сен кірген бірінші үй — жалты мүміндердің үйі, ал мына үй — шәһидтердің үйі. Мен — Жәбірейілмін, мынау — Михаил. Енді басыңды көтер», — деді. Басымды көтерсем, төбемде бұлт секілді (бір орын) тұр екен. Ол екеуі: «Бұл — сенің (жаннаттағы) мекенің», — деді. Мен: «Мені жіберіңдерші, мекеніме кірейін», — деген едім, олар: «Расында, сенің әлі аяқталмаған өмірің қалған. Қашан оны аяғына жеткізсең, мекеніңе келесің», — деді», — деген (әл-Бұхари).*

Пайғамбарымыздың ﷺ баяндаған бұл түсі, біз жеңіл-желпіге санап, аса мән бермейтін қателіктеріміздің ақыреттегі азабының қаншалықты ауыр болатындығын көрсетеді. Айту — парыз, ал сақтану — пенденің еркі. Пенде тілін тыйып, нәпсісіп тежеп, құлқышына құлып салмайынша, «Аллаһ сақтасын» деп айта салған құр сөз, қу шөпнен ауыз сүрткендей болмақ. Соқырға таяқ ұстатқандай еткен Аллаһ елшісінің ﷺ бұл хадисінен артық бізге қандай ескерту керек!?

#### **б) Ғайбат айту және қарақшылық жасау**

Әнәс ибн Мәликтен (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етілген хадисте Пайғамбарымыз ﷺ: *«Мигражға көтерілгенімде жез, темір тырнақты адамдардың тұсынан өттім. Олар беттері мен кеуделерін тырнап жатыр екен. Мен: «Ей, Жәбірейіл! Олар кімдер?» — дедім. (Жәбірейіл): «Олар — адамдардың еттерін жеушілер<sup>1</sup> және мал-мүліктерін тартып алушылар», — деді», — деген (әл-Бұхари, Муслим).*

#### **в) Харам нәрселерді тұтыну және жетімнің ақысын жеу**

Миграж туралы әңгімелеген, Әбу Сағид әл-Худриден риуаят етілген көлемді хадисте Пайғамбарымыз ﷺ: *«Содан біраз жүрген соң жаңадан піскен дәмді жас ет қойылған дастарқан көрдім. (Бірақ) оған ешкім жақындамайды. Ал*

<sup>1</sup> Яғни адамдардың сыртынан ғайбат айтушылар.

*басқа бір дастарқанда тұрып қалған, иістенген еттер бар екен. Оны бір адамдар жеп жатыр. Мен: «Ей, Жәбірейіл! Олар кімдер?» — дедім. (Жәбірейіл): «Олар — үмбетіңнен халал тұрып, харамға бас қойғандар», — деп айтты», — деген.*

Осы хадистің жалғасында: *«Содан сәл ілгері жүріп, еріндері түйенің еріндеріндей, ауыздарын ашып тас жұтып, ол (тастары) арттарынан шығып жатқан адамдарды көрдім. Аллаһқа жалбарынып байбалам салғандарын естідім. Мен: «Ей, Жәбірейіл! Олар кімдер?» — дедім. (Жәбірейіл): «Олар — үмбетіңнен жетімдердің мал-мүлкін жеушілер», — деп айтты», — делінген. Сосын Пайғамбарымыз (ﷺ): «Әлбетте, жетімдердің мал-дүниелерін зұлымдықпен жегендер, олар қарындарын отпен толтырған болады. Сондай-ақ олар жалындаған тозақ отына кіреді» (Ниса, 10), — деген аятты оқыған (Әбу Дауд, Ахмад).*

**г) Мал-дүниесі бола тұра, садақа бермеу, аманатқа жеңіл қарау және аңдамай сөйлеу**

Сондай-ақ Пайғамбарымыздың (ﷺ) Мифраж сапары барысында корген жайттары жайлы Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) жеткізген хадисте: *«Сосын алдарында және арттарында мүйіздері бар бір адамдарға келді. Олар мал секілді үркеді. Олар дариг<sup>1</sup>, заққум<sup>2</sup> және жаһаннам мен оның тастарынан шоқтар жейді. Мен: «Ей, Жәбірейіл! Мыналар кім?» — дедім. (Жәбірейіл): «Бұлар — мал-дүниелерінің садақаларын бермеушілер», — деді. Аллаһ тағала оларға ешқандай да зұлымдық жасаған жоқ. Аллаһ пенделерге зұлымдық жасаушы емес», — делінген.*

Осы хадистің жалғасында Пайғамбарымыз (ﷺ): *«Сосын көп мүлік жинап, оны көтере алмаса да, үстіне тағы қосып (алып) жатқан бір адамның тұсынан өттік. Мен:*

<sup>1</sup> Дариг — ащы, сасық тікеп. Тозақ тағамдарының бірі.

<sup>2</sup> Заққум — ащы, сасық ағаш. Бұл да тозақтықтар тағамдарының бірі.

«Ей, Жәбірейіл! Бұл кім?» — дедім. (Жәбірейіл): «Бұл — үмбетіңдегі өзіндегі аманатты өтемей тұрып, үстіне (аманат) қосып алатын адам», — деп айтты», — дейді.

Әрі қарай хадисте: «Содан соң бір кішкене інді кездестірдік. Одан үлкен өгіз шықты. Ол өгіз шыққан жеріне қайта кіргісі келеді, бірақ кіре алмайды. Мен: «Ей, Жәбірейіл! Бұл кім?» — дедім. (Жәбірейіл): «Бұл — аңдамай бір сөз сөйлеп, кейін оған опық жсейтін және қайтарып ала алмайтын бір кісі», — деп айтты», — делінген (өл-Бәйһақи, Ибн Кәсір).

Жоғарыдағылармен қатар, қабір азабына душар ететін іс-әрекеттерге: жалған куәлік беру, адал адамды қаралау, бүлікке араласу, бидғатқа бастау, Аллаһ және Оның елшісіне (ﷺ) қатысты өзі білмейтін нәрсені айту, паракорлық, араққұмарлық, ұрлық, киянат, алдау-арбау, қулық-сұмдық, Аллаһтың тыйым салғанына рұқсат беру, Аллаһ тағаланың міндеттегендерінен бас тарту үшін және Оның тыйым салғандарына қол ұру үшін айла-шарғы істеу, мұсылмандарға азар беру, олардың айыптарын ашу, Құран үкімдеріне жүгінбеу, Аллаһтың шарифатына сүйенбей пәтуа беру, күнәкарлыққа және дұшпандыққа жәрдемші болу, нақаттан кісі өлтіру, қабірлерге табыну, зұлымдық, тәкалпарлық, риякерлік, бақсы-балгерлерге сену, дүние үшін дінін сату және т.б. жатады.

Қорыта айтқанда, қез келген күнә қабір азабына себепші болатынын жадымызда сақтағанмыз жөн.

## Қабір азабынан құтқаратын іс-амалдар

Пенде қабір азабынан құтылу үшін, өзін жиі есепке алып, тәубесін жаңартып отыруы тиіс. Сондай-ақ Пайғамбарымыз (ﷺ) қабір азабынан құтқаратын бірқатар іс-амалдарға нұсқау жасаған. Олар:

### а) Парыз амалдар мен ізгі іс-әрекеттер

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Аллаһ елшісі (ﷺ): «*Расында, мәйіт одан* (адамдар)



*бұрылған кезде олардың аяқтарының дауысын есітеді. Егер (пенде) мүмін болса, намаз оның бас жағында, ораза оң жағында, зекет сол жағында, ал садақа, туыстық қарым-қатынасты үзбеу, дұрыстық, адамдарға деген жақсылықтардан тұратын ізгі амалдар аяқ тұсында тұрады. Оған (азаптар мен жамандықтар) бас жағынан келтіріледі, сонда намаз: «Менің тарапымнан кірер жер жоқ», — дейді. Сосын оң жақтан келтірілгенде, ораза: «Менің тарапымнан кірер жер жоқ», — дейді. Кейін сол жағынан келтіріледі, сонда зекет: «Менің тарапымнан кірер жер жоқ», — дейді. Содан соң аяқ тұсынан келтірілгенде де, садақа, туыстық тұзу қарым-қатынас, дұрыстық, адамдарға деген жақсылықтардан тұратын ізгі амалдар: «Менің тарапымнан кірер жер жоқ», — дейді», — деген (Ибн Хиббан, әл-Хахим).*

Хадисте меңзелгендей, бізді қабір азабынан құтқаратын нәрселер: оқыған намазымыз, тұтқан оразамыз, берген зекетіміз және адамдарға деген жақсы қарым-қатынасымыз. Иманы берік мүмін адам аталмыш істерде осалдық көрсетпейді. Сонысына сай, ол Аллаһ қаласа, қабір азабын да басынан кешірмейтін болады.

### ө) Қнындықта мұсылмандармен бірге болу

Салманнан (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етілген хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ): *«Совыста немесе мұсылмандарға қиыншылық туған сәттерде олармен бір күн және бір түн бірге болу бір ай ораза ұстап, намазға тұрудан жақсы. Ал егер ол өлсе, оған бұрын істеп жүрген (ізгі) амалдары жалғасын тауып жазылып тұрады және ризығы үзілмейді, азаптардан құтылады»,* — деп айтқан (Муслим).

### б) «Мүлік» сүресін оқу

Пайғамбар (ﷺ):

*«Мүлік» сүресі — қайтарушы, құтқарушы: ол (қабірдегіні) қабір азабынан құтқарады»,* — деген (өт-Тирмизн).

в) «Сәжде» сүресін оқу

Халид ибн Миғданнан келген риуаятта Пайғамбар (ﷺ): **«Сәжде» сүресі өзін оқыған пенде үшін араша түсіп, оны қабір азабынан құтқарады**», — дейді (әл-Дарими).

г) Аллаһтан пана сұрау

Әнәстен (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етілген хадисте Пайғамбар (ﷺ): **«Аллаһым! Расында, мен Өзіңнен дәрменсіздік пен жалқаулықтан, қорқақтық пен сараңдықтан және қарттықтан пана сұраймын. Және Өзіңнен қабір азабынан пана сұраймын, сондай-ақ Өзіңнен тіршілік пен өлімнің бүлігінен пана сұраймын»**, — деп дұға қылған (әл-Бұхари).

Пайғамбар (ﷺ) сахабаларына: **«Аллаһтан қабір азабынан пана сұраңдар!»** — деп насихат айтатын. Олар (әрдайым): **«Аллаһтан қабір азабынан пана сұраймыз!»** — десетін-ді (Муслим).

Абдуллаһ ибн Аббастан (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) риуаят етілген хадисте Пайғамбар (ﷺ) сахабаларына осы дұғаны Құранның бір сүресін үйретіп жатқандай үйрететін. Және өзі де (ﷺ) әрбір намазында ташаһһудтан кейін: **«Уа, Аллаһ! Мен Өзіңнен жаһаннамның азабынан, қабір азабынан, мәсих Дәжжалдың бүлігінен және тіршілік пен өлімнің бүлігінен пана сұраймын!»** — деп дұға ететін (Муслим).

Қорыта айтқанда, жалғыз Аллаһқа ғана сеніп, тура жолда жүру — қабір азабынан құтылудың басты себептерінің бірі. Өйткені Аллаһ тағала Құран Көрімде:

**«Расында, «Раббымыз — Аллаһ», — деп, сосын туралықта болғандар, оларға қорқыныш жоқ және олар қайғырмайды да»**, — деген (Ахкаф, 13).

## Өлімнен немесе қабірден қорқудың пайдалары

Өлімді, қабірді еске алу немесе олар жайлы әңгіме қозғау адам баласы үшін қашанда ауыр тиеді. Себебі олар ұзақ өмір сүруді, үлкен үміт-армандарының орындалуын қалайды.

Аллаһ тағала бізге Құрандағы көптеген аяттарда өлімді ойлап жүруді, өмірдің келтелігін және үмітті ұзаққа жіберіп оған байланып қалмауды ескерткен. Өйткені үміт ұзақтығы пендені бейқамдыққа салып, ақыретке әзірлігін әлсіретеді. Аллаһ тағала Құран Кәрімде: **«Әркім өлімді татады. Шын мәнінде, Қиямет күні ақыларың толық беріледі. Сонда кім оттан құтқарылып, жұмаққа кіргізілсе, рас құтылған болады. Негізінде, дүние тіршілігі алданыштың нәрсесі ғана»**, — деген (Әлі Ибраһ, 185).

Бірде Хасан әл-Басриға бір кісі келіп: «Бір адамдар бізді (өлім, қиямет жайлы айтып) қорқытады, тіпті (олардың айтқандарынан) жүректеріміз ұшып кете жаздайды», — деп шағым айтады. Сонда Хасан әл-Басри оған: «Саған қорқыныш-үрейге түспеуің үшін тыныштандырғаннан, (ақыретте) амандыққа жетуің үшін қорқытқан жақсырақ», — деп жауап берген екен.

Имам әл-Ғазали (Аллаһ оған рақмет етсін): «Қиямет күні дүниеде (қорқыныштарды) көп ойлағандардан өзгелер қорқыныш пен үрейден сау қалмайды<sup>1</sup>. Расында, Аллаһ бір пенденің бойына екі қорқынышты жинамайды<sup>2</sup>», — деген.

Бұл дүниеде бейғам болып, ақыретте сасқалақтағаннап, бұл дүниеде сақ болып, ақыретте аман болғанымыз қайырлы емес пе?!

Имам әл-Ғазали сөзін жалғастырып: «Бұл жердегі қорқыныштың мақсаты — (оның әсерінен) көзден жас ағып, біраз уақыт қана жүрек үрейленіп, сосын қайтадан баз баяғы ойын-күлкіге оралып отыратын жүрекке түсетін әйелдердің нәзіктігі сияқты нәзіктік емес<sup>3</sup>, керісінше, бұдан да сорақысы егер біреуге ақырет жағдайлары немесе Қиямет күнінің ахуалдары не болмаса өлілердің және қабір азабының жағдайлары айтыла қалса, оның: «Аллаһ сақтасын!» — деп іс-әрекетсіз қол

<sup>1</sup> Ғұламаның айтуынша, бұл дүниеде қияметті ойлап, көп қорку ақыретте кісіні амандыққа жеткізеді.

<sup>2</sup> Мұның мәні: пенде не дүниеде қорқады, не ақыретте қорқалы.

<sup>3</sup> Яғни бұл қорқыныштан мақсат: іс-әрекетке итермелеп, адамды Аллаһқа паналататын қорқыныш.

кусырып отыра беруі. Мұндай адам бейне бір сонына жыртқыш аң түскен шөлдегі кісінің кейпін келтіреді. Ізіне жыртқыш түскен бұл адам бір қамалға жетіп, қақпаның алдында тұрып алып: «Мен мына қамалға, оның берік қорғаны мен биік ғимаратына кіріп, мына жыртқыштан паналаймын», — дейді де еш әрекетсіз, қозғалмай сол орнында отыра береді. Оның бұл айтқаны оған пайда бере ме?! Бұл ақыреттің ахуалдарын жәпе өлім мен қабірдің жағдайларын естіп, Аллаһтан пана сұрайтын, содан соң қайтадан өзінің адасуына, жаңылуына, теріс жолына, нәпсі қалауларына, күнәларына қайта оралған кісінің кейпі», — дейді.

Қорыққан адам басын шайқап, көзін жасқа бұлап, жүрегі езіліп отыра бермей, өзіне көмек етер іс-әрекет істеп, ақыретіне қамдануы керек. Әрине, мұндай жүрек нәзіктігінен туындайтын сезімдер пайдасыз болмайды. Бірақ ең абзалы — қарап отыра бермей, Аллаһтан пана сұрап, қолдан келгенше себебін жасап, Аллаһқа жақындауға тырысу. Ағын судай зымыраған бұл өмір тым қысқа. Аллаһ тағала: «(Аллаһ оларға): «**Сендер жер жүзінде қанша жыл тұрдыңдар?**» — дейді. Олар: «**Бір күн немесе күннің бір бөлігі тұрдық. Санаушылардан сұра**», — дейді. (Аллаһ тағала): «**Егер білген болсаңдар, аз ғана тұрдыңдар. Әлде Біз сендерді босқа жаратты және өздеріңді Бізге қайтарылмаймыз деп ойладыңдар ма?**» — дейді. **Хақ Патна Аллаһ өте Жоғары. Одан басқа құдай жоқ. Олардақты аршының Раббысы**», — деп айтқан (Муминун, 112-116).

Сондай-ақ Аллаһ тағала құлдарын ізгі әрекетке шақырған келесі бір аятта: «**Иман келтіргендердің жүректері Аллаһтың зікіріне (Құранға) жұмсап және түскен ақиқатқа жібімей ме? Ал енді бұрын өздеріне Кітап беріліп, сосын ұзақ мерзім өткендіктен, жүректері қатайғандар сияқты болмаңдар. Олардың көбі — бұзақылар**», — деген (Хадид, 16).

Осман ибн Аффаншың (Аллаһ оған разы болсын) қызметкері Ханик: «Осман бір қабірге тоқтаса, сақалы жасқа малынғанша жылайтын. Оған: «Жаннатты, тозақты айтқапда, жыламайсың, ал қабірді айтсаң, неге жылайсың?» — делінгенде, ол: «*Мен Аллаһ*

елшісінің (ﷺ): **«Қабір — ақыреттің алғашқы сатыларының бірі. Кім одан құтылса, одан кейінгісі оған жеңіл. Ал кім одан құтыла алмаса, одан кейінгісі оған қиын», — деп айттып жатқанын есіттім. Және Аллаһ елшісінің (ﷺ): «Қабірден қорқынышты нәрсе көрген емеспін», — деп айтқанын естідім», — дейтін», — деген (әт-Тирмизи, Ибн Мәжәһ және Ахмад).**

Абдуллаһ ибн Омар (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): **«Аллаһ елшісі (ﷺ) иығыннан ұстады да: «Дүниеде бөтен немесе жолаушы сияқты бол», — деп айтты», — деген.**

Жарық дүние есігін ашқан әрбір жан баласы өзін бұл фәниде жолай жүрген пенде сияқты сезініп, «мен — бұл өмірдің тұрақты тұрғынымын» деген ойдан арылғаны абзал.

Ибн Омар (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) Пайғамбарымыздың (ﷺ) осы хадисін есіне алса: **«Егер кеш батырсаң, таңды күтпе, егер таң атырсаң, кешті күтпе. Саулығыңнан науқасыңа ал (денсаулығыңды пайдалан) және өміріңнен өліміңе (ал)<sup>1</sup>», — дейтін еді (әл-Бұхари).**

## **Ілгерідегі ізгі адамдардың өлім жайлы айтқан ғибратты сөздері**

Әли ибн Әбу Талиб (Аллаһ оған разы болсын): **«Дүние арттан, ақырет алдыдан мінді. Олардың әрбірінің балалары бар. Дүниенің балаларынан болмаңдар, ақыреттің балаларынан болыңдар. Расында, бүгін — амал бар, есеп жоқ, ал ертең — есеп бар, амал жоқ», — деген (әл-Бұхари).**

Әл-Қуртубидің «әт-Тәзкира» атты кітабында: **«Ей, дүниеге алданушы! Өлім мен оның арпалысы жайлы және жан берудің қиындығы мен ащылығын ойла! О, ажал! Қандай ақиқат уәде, әділ төреші еді?! Өліммен жүректер үрейге толады, көздерден жас сорғалайды, жамағаттар тарайды, ләззаттар бұзылады, үміттер үзіледі!..**

<sup>1</sup> Яғни тірі күнінде ізгі амалдар істеп қалуға тырыс.

Ей, адам баласы! Бір күн болса да өлер күніңді және орнынан көшетініңді ойладың ба? Егер кеңшіліктен таршылыққа ауыстырылсаң, саған достар мен жора-жолдастар қиянат қылса, жақындарың мен бауырларың тастаса, көрпе-төсегінде қатерге алынсаң, жылы-жұмсақтан кейіп сені топырақ-лаймен ораса (халің не болар еді?)...

Ей, мал-дүние жинаушы! Ғимараттар салушы! Аллаһпен ант етейін! Саған мал-дүниеннен кебін ғана бұйырады. Дүниен құриды, жоғалады, ал денен топыраққа қайтады...

Кане, жинаған мал-дүниең қайда?! Сені қорқыныштардан құтқарды ма?! Жоқ! Керісінше, сен оларды өзінді мақтамайтындарға тастадың да, сені кешірмейтінге күнәларыңмен келдіп!» — делінген.

Мүміндердің әділетті әміршілерінің бірі — Омар ибн Абдул-Азиз бір жаназадан қайтқанда, біраз қашықтап барып отырған. Онымен бірге адамдар да тізе бүгеді. Содан соң ол адамдарға уағыз айтып: «Қабір мені артымнан шақырды да: «Ей, Омар ибн Абдул-Азиз! Менен сүйіктілерге не істегенімді сұрамайсың ба?» — деді. Мен: «Әрине!» — дедім. Ол: «Кебіндерді паршаладым, денелерді айырдым, қан сордым, еттерді жедім», — деді. Содан соң қабір менен қайтадан: «Менен жіліктер жайлы сұрамайсың ба?» — деді. Мен: «Әрине!» — дедім. Ол: «Екі иықты екі білектен жұлдым. Ал екі білекті екі қардан жұлдым. Ал екі қарды екі иықтан жұлдым. Және екі жамбасты екі саннан жұлдым. Ал екі санды екі тізеден жұлдым. Екі тізені екі сирақтан жұлдым. Ал екі сирақты екі табаннан жұлдым», — деді», — деген.

Осыдан соң Омар ибн Абдул-Азиз көзіне жас алып: «Расында, дүниеде қалу бір тұтам (уақыт) емес пе? Оның (дүниенің) ардақтысы қорланады, байы кедейге, жастары қарияға айналады, тірісі өледі. Оның ықпалы сендерді алдамасын! Сендер оның өте тез теріс айналып кететінін білесіңдер. Нағыз алданушы — дүниемен алданған адам. Бір кездері бұл дүниенің қалаларын салған, өзендерінен су алып ішкен, ағаштарын отырғызған тұрғындары қайда?! Олар дүниеде болмашы ғана

күндер тұрақтамады ма? Дүние адамдарды саулықтарымен алдаса, ал олар өздерінің әрекетшілдіктерімен алданды. Солай күнәлар істеді. Аллаһпен ант етейін! Олар дүниеде мал-мүліктерінің көп болғандығынан, байлықтарымен шаттанды. Ал енді топырақ олардың денелеріне, құм тәндеріне, құрттар сүйектері мен жіліктеріне не істеді?! Олар дүниеде жайлы сәкілер мен жұмсақ төсектердің үстерінде, өздеріне құрақ ұшқан қызметкерлердің ортасында, құрмет тұтқан отбасының, ізет көрсеткен көршілердің арасында болды.

Егер олардың (қабірлерінің) жандарынан өтсең, оларға дауыста, саптарынан жүр, мекендерінің бір-біріне жақындығына назар таста. Сөйтіп, оларға сұрақ қой! Олардың дәулетінен, байлығынан не қалғандығын, пақырлығынан, кедейлігінен не қалғандығын сұра! Олардың сөйлеген тілдері, қараған көздері жайлы сұра. Нәзік терілері, ажарлы қелбеттері мен жұмсақ денелеріне құрттардың не істегендігін сұра. (Қабір) сұлулықты жойды, омыртқаларды сындырды, ішектерді ақтарды, еттерді жыртты. Ал оның күзетшілері мен жәрдемшілері қайда? Қызметшілері мен құлдары қайда? Жамағаты мен тобыры қайда? Аллаһпен ант етсейін! Олар оған төсеніш те салмады, онда тіреу жасамады, ағаш отырғызбады. Олар оңаша мекендерде емес пе?! Оларға күн мен түннің айырмасы бірдей емес пе?! Олар өздері мен амалдарының арасын айырған, сүйіктілерді ажыратқан қараңғылықта емес пе?! Игілікте күн кешкен қаншама еркек пен әйелдің беттері іріді, тәндері мойнынан үзілді, жіліктері бөлшектеңіп, көздері самай бойлап ақты, ауыздары қан мен іріңге толды. Жер жөндіктері тәндерінде жорғалап, дөпе мүшелерін ажыратты. Аллаһпен ант етейін! Содан азғана уақыт өтпей-ақ, олардың сүйектері шіріген күлге айналды. Олар бау-бақшалардан айырылды, кеңшіліктен таршылыққа тап болды. Мұрагерлер оның үйін және артында қалғанын бөліске салды. Бірақ Аллаһпен ант етейін! Олардың арасында қабірі кеңейтілгендері бар. Ол онда жас, нұрланған, ләззаттарымен рақаттанған күйде. Ей, ертең қабірге түсуші! Сені дүниеде не алдады? Өзінің қалар-қалмасыңды білесің

бе? Зәулім үйің, дәмді жемістерің, мақпал киімдерің қайда? Хош иісің мен аңқыған жұпарың қайда? Қысқы және жазғы киімдерің қайда? Көрмейсің бе?.. Әлбетте, сенен алдыңғыға да ақиқат әмірі келді! Ал ол өз-өзін қорғай алмады. Білмейсің бе, оның өлім арпалысында дөңбекшіп, таңдайы кеуіп қара терге түскенін... Оған көктен өмір келді, тағдыр келді және қаза келді. Қайтарылмайтын ажал әмірі келді! Қайдан?!

Ей, әке көзін жабушы! Ей, бауырыңның не балаңның көзін жапқан (жан)! Ей, мәйітті жуып, кебіндеуші! Ей, оны көтеріп, оңаша қабіріне тастап, артқа қайтушы! Жердің қаттылығында қалай болатыныңды, қай жағыңнан сынаққа алынатыныңды, қай көзіңнің бірінші ағатынын білсем ғой...

Ей, апаттарға жақындаушы! Өлілердің мекеніне таяды. Өлім періштесі маған немен жолығатынын білсем еді?! Ертең дүниеден кетерімде және ол Раббымның тапсырмасынан нені әкелетінін білгенімде ғой!...» — деп еңіреп жылаған. Осыдан соң, Омар ибн Абдул-Азиз бір апта уақыт өтпестен дүниеден өтіпті.

Алаңсыз ойнап-күлетіндей біздің ешқайсымыздың ертеңге дейін өмір сүрерімізге кепілдігіміз жоқ. Біз ертеңгі күніміздің өзін көрер-көрмесімізді білмейміз. Сондықтан әрбір адам әрдайым өлімге дайын жүруі керек! Өйткені оның бұйрық келген күні Раббысына жолығары хақ.



## IV бөлім

### Қияметалды белгілер

Әрбір жаратылыстың басталуына сай аяқталуы да бар. Қиямет күні келгенде ғасырлар бойы дамып, гүлденген жер-жаһанның қалыпты жүйесі құрдымға кетеді. Үрейленген адамдардың жан даусы шығады. Шынайы, нағыз мұсылмандар Қиямет күнін көрмейді. Себебі мейірімі мол, рақымын аямай тоғетін Аллаһ тағала Өзіне иман келтірген барша мүмінге бұл күнді көрсетпейді. Қиямет келерден бұрын барлық мұсылмандар Аллаһтың қалауынша жан тапсырады. Яғни бұл күннің қорқынышы көпірлер мен құдайсыздарға арналған...

Аллаһ тағалаға иман келтірген әрбір пенде өзінің шынайы наным-сенімінде әрдайым бекем болуы үшін, ақырет күніне үздіксіз дайындалып, бұл жалғанда пайдалы, сауапты іс-амалдар жасауын арттыра түсуі керек.

Қияметтің мерзімі мен оның жақын қалғандығы, сондай-ақ ойдан сөйлемейтін, шыншыл Пайғамбарымыз (ﷺ) хабарлаған қияметтің кіші және үлкен белгілері бұл бөлімнің таңғажайып тақырыбы болмақ.

### Қияметтің мерзімі

Қияметтің мерзімі көмес, оның қашан болары бір Аллаһ тағалаға ғана аян. Ол күн жайлы Аллаһ тағала Өзінің кітабында:

«(Ей, Мұхаммед!) Олар саған: «Қиямет қашан болады?» — деп сұрақ қояды. Ол жөнінде түсінік беру сенің ісің бе? Оның қорытындысы Раббыңа байлапысты. Негізінен, сен қияметтен қорыққан кісілерге бір ескертуші ғанасың» (Нәзіғат, 42-45);

«(Ей, Мұхаммед!) Олар сенен қияметтің қашан болатындығын сұрайды. «Шынында, оның мәліметі Раббымның қасында, Оның мезгілін Ол ғана білдіреді. Көктер мен жердегі ауыр жағдай (қиямет) сендерге кенеттен келеді», — де. Олар сен оны зерттеп отырғандай-ақ сұрастырады. «Шынында,

оның білімі Аллаһтың қасында, бірақ адамдардың көбі оны түсінбейді», — деп айт» (Аграф, 187);

«(Ей, Мұхаммед!) Адамдар сенен қиямет мерзімін сұрайды. Оларға: «Оның білімі Аллаһтың қасында: қайдан білесін, мүмкін мерзімі жақын шығар», — деп айтқын», — деген (Ахзаб, 63).

Қиямет күнінің мәліметі Аллаһ тағалаға ғана мәлім бес ғайыптың бірі болып табылады. Аллаһ тағала оның мерзімін құпия етіп, бізден жасырған. Әлбетте, Аллаһ тағаланың құпия немесе жария еткен істерінің әрқайсысы даналықтарға толы. Ал мұндағы даналық біздің құлшына амал істеуімізге ықпал етеді. Егер адамзатқа қияметтің мерзімі белгілі болғанда, олар бейғамдыққа беріліп, ойып-сауық құрып, күнәлі істерге бой ұрып, арқасын кеңге сала жүріп, тек өлер кезінде ғана немесе қиямет мерзімі жақындағанда ғана өз-өздерін қолға алар еді. Бірақ Аллаһ тағала пенделерінің құлшылық жасауда әрдайым талпыныста болуын қалайды. Мінеки, Аллаһ тағаланың қиямет мерзімін құпия ұстауының мәні осында. Ғұламалар қияметтің уақытын анықтаумен немесе зерттеумен айналысудың дұрыс еместігіне нұсқау жасаған. Бұл ілім Аллаһтың ғайып ілімдерінің еншісінде болғандықтан, Жаратушының Өзіне ғана белгілі ілімдеріне араласуға ешкімнің де хақы жоқ. Ендеше, Аллаһ тағала осы ілімнің сырын, тіпті Өзіне жақын періштелері мен жіберген пайғамбарларына да ашпаған. Егер оны біреуге ашқанында, онда бүкіл жаратылыстың абзалы — пайғамбарымыз Мұхаммедке ﴿ﷺ﴾ ашар еді. Көпшілікке белгілі хадистердің бірінде баяндалғандай, Жәбірейіл (аләйһис-сәләм) адам кейпінде Пайғамбарымызға ﴿ﷺ﴾ келіп, бірнеше сұрақтар қойған. Солардың бірінде, ол Пайғамбардан ﴿ﷺ﴾: «Маған қиямет жайлы хабар бер», — деп сұрайды. Пайғамбар ﴿ﷺ﴾: «Ол туралы сұралушы сұраушыдан жақсы білмейді», — деп жауап берген. Яғни қияметтің қашан келерінен Пайғамбарымыз да ﴿ﷺ﴾, Жәбірейіл де бейхабар болған. Десе де, Аллаһ тағала Өзінің кітабы және соңғы Елшісі ﴿ﷺ﴾ арқылы бізге қияметтің боларын білдіретін көптеген белгілер жайлы

хабар берген. Бұл белгілер бой көрсетпейінше, қиямет келмейді. Осылай деуімізге, ұлы сахабалардың бірі — Абдуллаһ ибн Масғудтың (Аллаһ оған разы болсын) Куфа шаһарында үлкен дауыл тұрған кезде жасаған пұсқауы дәйек болады. Бұл алапат дауыл бүкіл Куфаны аяғынан тік тұрғызғаны сондай, тіпті кейбір адамдар: «Қиямет келді!» — деседі. Сонда Ибн Масғуд: «*Жоқ, мына-мына нәрселер орындалмайынша, қиямет болмайды*» — деп, оның белгілерін айтып беріпті.

### Қиямет күнінің жақын қалғандығы туралы

Құранда Аллаһ тағала Қиямет күнінің тіптен жақын қалғандығын ескерткен. Мысалы, Пайғамбарымыздың (ﷺ) уақытында, ақыретке иман келтіруден бас тартқан кәпірлерге, мұғжиза<sup>1</sup> ретінде Жаратушының құдіретімен ай екіге бөлінеді. Осы кезде Аллаһ тағаладан Пайғамбарға (ﷺ): «**Қиямет жақындады, ай жарылды**» (Қамар, 1), — деген уахи түскен.

Сондай-ақ Қиямет күнінің жақын қалғаны туралы Құран Кәрімнің төмендегі аяттарында да сөз болады. Онда Аллаһ тағала: «**Адам баласының есеп беретін мезгілі таяды. Алайда олар қаперсіз бет бұруда**» (Әнбия, 1);

«**Олар оны алыс деп санайды, Біз болсақ оның жақын екендігін көреміз**» (Мағариж, 6-7);

«**Аллаһтың әмірі келді. Сондықтан онын тез келуін тілемендер. Аллаһ олардың қосқан ширктерінен (серік қосуларынан) Пәк те Жоғары!**» — деген (Нахл, 1).

Ал Пайғамбарымыз (ﷺ) қияметтің жақын екенін сипаттап: «**Шын мәнінде, сендердің мерзімдерің — сендердің алдарыңда өткен үмбеттермен салыстырғанда аспр намазынан күн батқанға дейін**(гі аралықта) **ғана**», — деген (өл-Бұхари).

<sup>1</sup> Аллаһ тағаланың пайғамбарларына берген олардың пайғамбар екендігін дәлелдейтін ғажайып белгілері.

Сондай-ақ Пайғамбарымыз (ﷺ): **«Мен және қиямет мына екеуі сияқты болып жіберілдік»**, — деп сұқ саусағы мен ортаңғы саусағын біріктіріп көрсеткен (әл-Бұхари, Муслим).

Қияметке дейінгі өткен уақыттың мөлшері сұқ саусақтың ұзындығындай болса, ал қалған уақыт сұқ саусақтан асып тұрған ортаңғы саусақтың жоғарғы бөлігіндей ғана. Хадисте айқын айтылып тұрғандай, заманның басым көпшілігі өтті.

## Қиямет күнінің белгілері

Пайғамбарымыз (ﷺ) өзіне жүктелген аманатты үмбетіне толық тапсырып, өзі білген ілімнің ешбірін олардан жасырып қалмады. Сонымен қатар ол (ﷺ) қиямет жайлы да бізге егжей-тегжейлі баяндаған. Сахабалардың бірі Әбу Зәйд Амр ибн Ах-таб (Аллаһ оған разы болсын): **«Аллаһ елшісі (ﷺ) бізбен бірге таң намазын оқыды. Сосын мінберге көтерілді. Сөйтіп, бесін келгенге дейін бізге құтпа жасады. Содан соң түсіп намаз оқыды. Кейін қайтадан мінберге көтерілді де, аср намазы келгенге дейін бізге құтпа жасады. Содан соң, түсіп намаз оқыды. Содан тағы мінберге көтерілді. Сөйтіп, күн батқанға дейін бізге құтпа жасады. Ол (ﷺ) бізге болған және болатын нәрселерді айтты. Біздің ең көп білетініміз — ең жақсы жаттағанымыз»**, — деген (Муслим).

Яғни Пайғамбарымыз (ﷺ) таң атқаннан күн батқанға дейін қияметтен бұрын келетін белгілер жайлы айтқан. Қияметтің белгілері жайлы сахабалардың арасында көп білетіні — сол мәжілісте ең көп жаттағапы. Ал ол адам (яғни қиямет белгілерін ең көп жаттаған) Пайғамбарымыздың (ﷺ) сыр сандығына теңелген сахабасы Хузайфа ибн әл-Яман (Аллаһ оған разы болсын) еді. Осы Хузайфа риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): **«Олардан<sup>1</sup> түгелдей дерлік ештеңені қалдырмайтын<sup>2</sup> үш нәрсе бар. Және олардан жаздың желі сияқтылар бар. Олардың кейбірі үлкен белгілер, кейбірі кіші белгілер»**, — деген (Муслим).

<sup>1</sup> Яғни қияметтен бұрын болатын бүліктерден.

<sup>2</sup> Яғни жер бетін түгел қамтиды.

Яғни қияметтің белгілері үлкен және кіші болып екіге бөлінеді. Кіші белгілер белгілі бір уақытта, белгілі бір ортаға әсер етуі немесе бой көрсетуі мүмкін. Ал үлкен белгілері келгенде жер бетін түгелдей дерлік қамтитындай апат болады. Пайғамбарымыз (ﷺ) осы алапат бүліктердің барынша күшіне мінітетінін де аңдатқан.

## Қияметтің кіші белгілері

Ислам ғұламалары қияметтің кіші белгілерін үшке бөлген:

- а) болып өткен белгілер;
- ә) болып өткен және қазір де болып жатқан белгілер немесе бір рет болып өтіп, сосын қайталанатын белгілер;
- б) әлі күнге дейін болмаған белгілер.

Осы үшіншінің кейбірі үлкен белгілердің алдында келсе, кейбірі олармен араласып келеді.

### а) Болып өткен белгілер

#### 1-белгі: Соңғы пайғамбарлықтың басталуы

Пайғамбарымыз (ﷺ) өзінің ең соңғы, ақырзаман пайғамбары екенін айтқан. Одан кейін пайғамбар келмейді. Әнәс ибн Мәлик (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ): «*Мен және қиямет мына екеуі сияқты болып жіберілдік*», — деп сұқ саусағы мен ортаңғы саусағын біріктіріп көрсеткен (әл-Бұхари, Муслим).

#### 2-белгі: Айдың жарылуы

Мекке мүшріктері Пайғамбарымыздан (ﷺ) сөздерін айғақтайтын мұғжиза көрсетуді талап еткен болатын. Сонда Пайғамбарымыз (ﷺ) Аллаһтан жалбарынып сұрағанда, ай екіге бөлінген. Ол жайлы Құранда: «*Қиямет жақындады, ай жарылды*», — делінген (Қапар, 1).

### 3-белгі: Пайғамбарымыздың (ﷺ) дүние салуы

Пайғамбарымыз (ﷺ) Ауф ибн Мәликке (Аллаһ оған разы болсын): *«Қияметтің алдында алты нәрсені сана: менің дүние салуымды, сосын Құдыстың қолға алынуын, сонан соң сендерді қойға қуғас<sup>1</sup> келгендей алатын ажалды, осыдан кейін мал-дүниенің артуын, тіпті (сонда) бір кісіге жүз динар ұсынылса да, ол (азырқанғандықтап) ашуланатын қалады, сонан соң фитнаны, ол кірмеген бірде-бір араб үйі қалмайды, содан кейін сендер мен сарылар әулетінің<sup>2</sup> арасында болатын бейбіт келісімді, сонда олар келісімді бұзып, сендерге әрқайсысының астында он екі мың (жауынгер) бар сексен тудың астында келеді»,* — деген (әл-Бұхари).

### 4-белгі: Құдыстың қолға алынуы

Жоғарыда келген *«Қияметтің алдында алты нәрсені сана»* деп басталатын хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ): *«...сосын Құдыстың қолға алынуын...»*, — деген.

Бұл Омар ибн әл-Хаттабтың (Аллаһ оған разы болсын) кезінде нижраның 16 жылы жүзеге асқан.

### 5-белгі: Амуастағы оба ауруы

Жоғарыда келген хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ): *«...сосын сендерді қойға қуғас келгендей алатын ажалды...»*, — деген.

Бұл жерде оба ауруының таралуы айтылған. Индет Омар ибн әл-Хаттабтың (Аллаһ оған разы болсын) тұсында нижраның 18 жылы Палестинадағы Амуас елді мекенінен шығып, бүкіл Шам жеріне тараған. Мұның пәтнжесінде жиырма бес мың адам қырылған. Солардың ішінде белгілі сахаба Әбу Убайда ибн Жаррах (Аллаһ оған разы болсын) та бар еді.

---

<sup>1</sup> Малдың мұрнынан су сорғалауымен басталып, оларды жаппай қырғынға ұшырататын индеттің түрі.

<sup>2</sup> Яғни еуропалықтардың.

**6-белгі: Хижаздан оттың шығуы**

Сондай-ақ қияметтің ең елеулі кіші белгілерінің бірі — Хижаз өрті. Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ): *«Хижаз жерінде өрт шыққанға дейін қиямет келмейді. (Бұл өрт) Бусрадағы<sup>1</sup> түйелердің мойындарын жарық етеді»*, — деген (әл-Бұхари, Муслим).

Яғни Хижазда болған өрттің жарығы Шамға дейін жетеді деген. Бұл өрт нижраның 654 жылы болған. Оның жай-жапсарын белгілі тарихшы Ибн Кәсир, ғұлама имам Шихабуддин Әбу Хишәм әл-Мақдиси және имам ән-Науауи сияқты ғұламалар кітаптарында келтіреді.

**ә) Болып өткен және қазір де болып жатқан белгілер немесе бір рет болып өтіп, сосын қайталапатын белгілер**

**7-белгі: Мұсылмандардың байлығы тасып, садақа алар ешкімнің болмай қалуы**

Пайғамбарымыз (ﷺ) Ауф ибн Мәликке (Аллаһ оған разы болсын): *«Қияметтің алдында алты нәрсені сана: ...сосын мал-дүниенің артуын, тіпті (сонда) бір кісіге жүз динар ұсынылса да, ол (азырқапқандықтан) ашуланып қалады...»*, — деп айтқан.

Бұл мағынада басқа да көптеген хадистер келген, солардың бірі Әбу Мұса (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ): *«Адамдарға сондай бір заман келеді, сонда кісі алтыннан болған садақасымен (адамдар) арасында айналып жүріп, оны алатын ешкімді таба алмайды»*, — деген (Муслим).

Мүміндердің әділетті халифасы Омар ибн әл-Хаттабтың (Аллаһ оған разы болсын) кезінде сол кездегі ең ірі екі мемлекет — Парсы патшалығы мен Рим империясының байлықтары мұсылмандардың қолына өткен.

<sup>1</sup> Бусра — Араб жартыаралы мен Шамның тоғысқан жеріндегі мекеннің аты.

Мұсылмандардың тағы бір әділетті әміршісі Омар ибн Абдул-Азиздың (Аллаһ оған рақмет етсін) тұсында садақа алатын адам табылмай қалған-ды. Сол сияқты Иса (аләйһис-сәләм) жерге түсіп, имам Мәһди билік жүргізген кезде де осылай болады.

### 8-белгі: Фитналардың кең тарауы

Фитна — араб тілінде «сынақ», «азғыру», «бүлік», «ылаң», «іріткі» т.б. мағыпаларды білдіреді. Бұл жерде «бүлік», «ылаң», «іріткі» деген мағынада.

Жоғарыда келген хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ): *«Қияметтің алдында алты нәрсені сана: ...сосын фитнаны, ол кірмеген бірде-бір араб үйі қалмайды...»*, — деген.

Пайғамбарымыз (ﷺ) қияметтің алдында үлкен фитналардың болатынын хабарлаған. Әбу Мұса (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ) бүлік жайлы ескертіп: *«Сендердің алдарыңда қараңғы түннің бөліктеріндей фитналар тұр. Онда кісі мүмін күйде таң атырып, кәпір болып кеш батырады. Мүмін болып кеш батырып, кәпір күйде таң атырады. Онда отырған тұрғаннан жақсы, тұрған жүргеннен жақсы, жүрген жүгіргеннен жақсы. (Сол кезде) садақтарыңды сындырып, адырналарың үзіңдер, қылыштарыңды тасқа ұрыңдар. Егер біреулеріңе басып кіріп келсе, Адамның (аләйһис-сәләм) екі ұлының жақсысы сияқты болыңдар»*, — деген (Ахмад, Әбу Дауд және Ибн Мәжәһ).

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Аллаһ елшісі (ﷺ):

*«Түн бөліктеріндей фитналардан бұрын амал жасап қалыңдар. Онда кісі мүмін күйде таң атырып, кәпір болып кеш батырады немесе мүмін болып кеш батырып, кәпір күйде таң атырады. (Сол кезде адам) дүние пайдасы үшін дінін сатады»*, — деп айтқан (Муслим).

Фитна туралы басқа да көптеген хадистер келген. Бұл фитналардың біразы болып өткен, біразы әлі де болып жатыр. Болып өткен фитналар жайында айтар болсақ, Ибн Омар



(Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ): **«Фитна мына жақта, фитна мына жақта...»**, — деп қолымен шығысты нұсқаған (әл-Бұхари).

Негізінде, бүліктер шығыс жақтан бас көтерген. Өйткені мұсылмандар арасына іріткі салған хауариж, шиға, батиния, қадария, жаһмия, муғтазила сияқты адасқан ағымдардың барлығы шығыстан шыққан. Тіпті сахабалардың кезінде де үлкен фитналар жүз көрсеткен. Мысалы, Осман ибн Аффанның (Аллаһ оған разы болсын) өлтірілуі, Жәмәл, Сыффин және Харра шайқастары секілді фитналардың болғанын тарих беттерінен оқуға болады.

### **9-белгі: Жалған пайғамбарлықты насихаттаушылардың бой көрсетуі**

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Аллаһ елшісі (ﷺ): **«Отызға жуық таялдар мен алаяқтар жіберілмейінше және олардың барлығы өздерін «Аллаһтың елшісіміз» демейінше қиямет болмайды»**, — деген (әл-Бұхари, Муслим).

Шын мәнінде де, өзін «пайғамбармын» деп бөскендер өте көп болған. Бірақ олардың отызға жуығы ғана соңына тобыр ілестіріп, үлкен бүлік тудырған. Пайғамбарымыздың (ﷺ) кезінде-ақ пайғамбарлық дағуамен (шақырумен) Мусәйләмә көззан, Әсуад әл-Анси, Тулайха ибн Хуайлид қатарлы бірнеше өтірікшілер шыққан. Пайғамбарымыз (ﷺ) дүние салғаннан кейін де әртүрлі кезеңдерде өзін «пайғамбармын» деп жариялағандар кездескен. Соңғы ғасырларда бұл «жалған насихаттауға» былыққандардың бірі үндістандық Мырза Ғұлам Ахмад әл-Қадияни болды. Оған ілесіп, адасқандардың тобын «ахмадилер» деп атайды.

### **10-белгі: Ислам халифатында мамыра-жай бейбіт кезеңнің орнауы**

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ):

**«Жолаушы Ирак пен Меккенің арасында тек қана жолдан адасып кетуден қорқатын уақыт келмейінше қиямет болмайды»,** — деген (Ахмад).

Ади ибн Хатим (Аллаһ оған разы болсын): **«Мен Аллаһ елшісінің (ﷺ) алдында болған кезімде<sup>1</sup> оған (ﷺ) бір кісі келіп, кедейлігіне шағынды. Содан тағы басқа біреу келіп қарақшылыққа шағым жасады»,** — дейді. Сонда (Пайғамбар (ﷺ)): **«Ей, Ади! Хираны<sup>2</sup> көргенсің бе?»** — дейді. (Ади): **«Көрмегенмін, бірақ ол туралы естідім»,** — дейді. (Аллаһ елшісі (ﷺ)): **«Егер өмірің ұзақ болса, сен Хирадан жолға (жалғыз) шығып, Қағбаны тауап еткенге дейін Аллаһтан басқа ешкімнен қорықпайтын әйелді көресің»,** — дейді. (Ади ибн Хатим): **«Мен өз-өзіме: «Сонда, ташлықтардың<sup>3</sup> ел-жұртты барымталап отырған бұзықтары қайда қалады?» — дедім. (Пайғамбар (ﷺ) сөзін жалғап): «Егер өмірің ұзақ болса, Кисраның<sup>4</sup> қазыналары ашылады», — деді. Мен: «Кисра ибн Һурмуз бе?» — дедім. Ол (ﷺ): «Кисра ибн Һурмуз. Егер өмірің ұзақ болса, уысын алтын немесе күміске толтырып, оны алатын біреуді іздеп шыққан кісіні көресің. Ал ол оны алатын ешкімді таппайды...» — деп айтты»,** — деген.

Ади: **«Мен Хирадан жолға шығып, Қағбаны тауап еткенге дейін Аллаһтан өзге ештеңеден қорықпаған әйелді көрдім. Кисра ибн Һурмуздің қазыналарын ашқандардың ішінде болдым. Егер өмір жастарың ұзақ болса, сендер пайғамбар Әбул-Қасымның (ﷺ): «Уысын толтырып шығады» дегенін көресіңдер»,** — деп айтқан (әл-Бұхари).

Демек, бұл белгі сахабалардың кезінде-ақ болып өткен. Сондай-ақ Иса (аләйһис-сәләм) түскенде, имам Мәһдидің билігі тұсындағы үмбетте мамыра-жай бейбіт кезең қайтадан орнайды.

<sup>1</sup> Бұл Адидың енді ғана исламға кіруге келіп отырған күні болатын.

<sup>2</sup> Хира — Ирактағы үлкен бір қаланың аты.

<sup>3</sup> Бұл Адидың қабиласы.

<sup>4</sup> Парсы патшасы.

**11-белгі: Арабтардың басқа халықтармен соғысуы**

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ): *«Жүн шәркейлі бір қауыммен соғысқандарыңа дейін көздері қысық, қызыл жүзді, жалпақ мұрынды, беттері терімен қапталған қалқан сияқты түркілермен соғысқандарыңа дейін қиямет келмейді»*, — деген (әл-Бұхари).

Пайғамбарымыз (ﷺ) хадисінде хабар берген түркілер қазіргі түрік халқы емес, бәлкім, сол кезде моңғол-татарларды солай атаған. Хадисте суреттелген халық моңғолдардың сипатына саяды.

Имам ән-Науауи (Аллаһ оған рақмет етсін): «Олар біздің заманымызда табылды. Яғни бұлар — Пайғамбарымыз (ﷺ) хабар берген түркілер», — деген. Имам ән-Науауи моңғол-татар шапқыншылығы кезінде өмір сүрген-ді.

Ади ибн Хатим (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбардың (ﷺ): «Араб жазирасына жорыққа шығасыңдар, онда Аллаһ жеңіс әпереді. Сосын парсыға жорыққа шығасыңдар, Аллаһ одан жеңіс береді. Содан соң Римге жорыққа шығасыңдар, Аллаһ одан жеңіс береді. Содан кейін Дәжжалға қарсы жорыққа шығасыңдар, Аллаһ жеңіс әпереді»*, — дегенін естідім», — деген (Муслим).

Абдуллаһ ибн Амр ибн Астың (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Біз Аллаһ елшісін (ﷺ) айнала қоршап жазып жатқанбыз. Бір кезде Аллаһ елшісіне (ﷺ): «Екі қаланың қайсысы бірінші қолға алынады? Константинополь ма, жоқ Рим бе?» — деп сұрақ қойылғанда, Аллаһ елшісі (ﷺ): «Һирақлдың қаласы<sup>1</sup> бірінші қолға алынады»*, — деп айтты», — дегені риуаят етіледі (Ахмад).

Бұл да болып өткен жайт қатарында. Константинополь Мухаммад Фатихтың кезінде қолға алынды, ол — қазіргі Стамбул қаласы.

<sup>1</sup> Яғни Константинополь.

## 12-белгі: Аманаттың жойылуы

Әбу Һурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен риуаятта: Бірде Пайғамбар (ﷺ) сахабаларымен әңгімелесіп отырған кезде оған бір бәдәуи келеді. Ол Пайғамбарға (ﷺ): «Қиямет қашан?» — дейді. Пайғамбар (ﷺ) сөзін жалғастыра береді. Кейбір адамдар: «Ол оның не айтқанын естіді де, сұрағанын жақтырмады», — деді. Енді біреулері: «Жоқ, естіген жоқ», — деді. Пайғамбар (ﷺ) әңгімесін аяқтаған кезде: «Қиямет жайлы сұраған (адам) қайда?» — деді. Ол: «Менмін, уа, Аллаһтың елшісі!» — деді. Аллаһ елшісі (ﷺ): «Аманат жоғалса, қияметті күте бер!» — деді. Бәдәуи: «Ол қалай жоғалады?» — деді. Пайғамбар (ﷺ): «Іс өз иесіне тапсырылмаса», — деп жауап берді, — делінген (әл-Бұхари).

## 13-белгі: Діни білім жойылып, надандықтың тарауы

Әнәс ибн Мәлик (Аллаһ оған разы болсын): «Аллаһ елшісі (ﷺ): «Ілімнің жойылуы мен надандықтың жайлауы және ішімдікке салыну мен зинақорлықтың белең алуы — қияметтің белгілерінен», — деп айтты», — деген (әл-Бұхари).

Әнәстен (Аллаһ оған разы болсын) жеткен келесі бір хадисте ол: «Сендерге менен кейін ешкім айтпайтын бір хадис айттып берейін. Мен Аллаһ елшісінің (ﷺ): «Ілімнің азаюы мен надандықтың дендеуі, зинақорлықтың кең етек алуы және елу әйелге бір еркектен ғана болғанша әйелдердің көбейіп, еркектердің кемуі — қияметтің белгілерінен», — деп айтқанын естідім», — деген (әл-Бұхари).

Бірақ «ілімнің азаюы» дегені «кітаптар өздігінен құрып кетеді» немесе «ілім жоқ болып кетеді» деген сөз емес. Мұның астарын Пайғамбарымыз (ﷺ) төмендегі хадисте баяндаған. Абдуллаһ ибн Амр ибн Ас (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): «Аллаһ елшісінің (ﷺ): «Расында, Аллаһ пенделерден ілімді тартып алмайды, бірақ ілімді ғұламаларды алу арқылы жояды. Ол бірде-бір ғұламаны (тірі) қалдырмаған кезде адамдар білімсіз надандарды өздеріне басшы қылып

алады<sup>1</sup>. Сөйтіп, оларға сұрақтар қойылса, білімі болмаса да, пәтуә шығарып, нәтижесінде өздері де адасады, өзгелерді де адастырады», — дегенін естідім», — деп айтқан (әл-Бұхари).

Ал қиямет өте жақын қалған кезде, жер бетінде ең жанман адамдар қалады. Діни білім мүлдем жоғалады. Хузайфа (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Аллаһ елшісі (ﷺ): *«Ислам киімнің бояуы айнығандай айниды. Тіпті (адамдар) ораза не, намаз не, құрбандық не, садақа не екендігін білмейтін болады. Бір түнде Аллаһтың кітабы көтеріліп, жерде (жазулы) бір аят та қалмайды. (Жерде) адамдардан бір тайпалар қалады. Сонда кәрі шал мен кемпір: «Әкелеріміздің: «Лә иләһә иллаллаһ», — деп айтатынын көргенбіз. Біз де соны айтамыз», — дейді», — деген. (Хузайфаға) Сула<sup>2</sup>: «Олар намаздың, ораның, құрбандықтың, садақаның не екенін білмейтін болса, «Лә иләһә иллаллаһ» (деп айтқандары) оларға пайда бермейтін шығар», — дегенде, Хузайфа (одан) бұрылып кеткен. Сула Хузайфаға сұрағын үш қайтара қояды. Әр айтқанында (Хузайфа) одан бұрылып кетеді. Үшінші айтқанда барып: «Ей, Сула! (Бұл сөз) оларды тозақтан сақтап қалады», — деп үш рет айтқан екен (Ибн Мәжәһ, әл-Хақим).*

#### 14-белгі: Жандайшаптардың көбеюі

Әбу Умама (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ): *«Ақырзаманда осы үмбетте (қолдарында) сиырдың құйрығы сияқты қамшылары бар бір адамдар пайда болады. Олар таңертең Аллаһтың қаһары астында шығып, кешке Оның ашу-ызасы астында қайтады», — деген (Ахмад).*

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ): *«Тозақтықтардың мен көрмеген екі түрі бар: сиырдың құйрығы сияқты қамшылары бар*

<sup>1</sup> Бұл жерде білімсіздерді дінбасы етіп алу туралы айтылған.

<sup>2</sup> Табиғиндердің бірі.

*адамдар, олар онымен (қамшылармен) адамдарды сабайды және киінгенімен жалаңаш, бастары түйенің бұлғақтаған өркештеріндей ырғатылған жүгенсіз әйелдер. Ол (әйелдер) жаннатқа кірмейді, оның иісін де сезбейді. Шын мәнінде, оның иісі пәлен-пәлен қашықтықтан сезіледі», — деген (Муслим).*

#### **15-белгі: Зинақорлықтың белең алуы**

Әнәс ибн Мәлик (Аллаһ оған разы болсын): «Аллаһ елшісі (ﷺ): «...зинақорлықтың белең алуы — қияметтің белгілерінен», — деп айтты», — деген (әл-Бұхари).

Әбу Мәлик әл-Ашғари (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ): «Менің үмбетімде бір адамдар болады. Олар зинақорлықты, (еркектерге) жібекті, шарапты және күй аспабын халал етіп алады», — деген (әл-Бұхари).

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ): «Жаным қолында болған (Аллаһ)пен ант етейін! Ер кісі әйелді жолда астына баспайынша, бұл үмбет құрымайды. Сол кездегі ең жақсы адамдар (оған): «Еш болмаса, мына дуалдың артына апарсаң қайтеді?» — деп айтады», — деген (Әбу Яғла).

#### **16-белгі: Өсімқорлықтың (риба) көбеюі**

Ибн Масғуд (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ): «Қияметтің алдында өсімқорлық көбейеді», — деген (әт-Табарани).

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ): «Адамдарға бір уақыт келеді, (ол кезде) кісіні ақшаны қайдан алғаны, халалдан ба харамнан ба, қызықтырмайды», — деген (әл-Бұхари).

#### **17-белгі: Ән-күйдің көбеюі және оның халал саналуы**

Сәһл ибн Сағд (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ): «Ақырзаманда жер жұтуы, тас

*жаууы және қубыжық бейнелер (пайда) болады», — деген. «Ол қашан, уа, Аллаһ елшісі?» — деп сұралғанда, (Пайғамбар (ﷺ)): «Ән-күй аспаптары мен әншілер көбейсе», — деп жауап берген (Ибн Мәжәһ).*

Әбу Мәлик әл-Ашғари (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ):

*«Менің үмбетімде ...ән-күй аспаптарын халал етіп алатын адамдар (пайда) болады», — деген (әл-Бұхари).*

**18-белгі:** Харам ішімдіктердің көбеюі және оның халал саналуы

Әнәс ибн Мәлик (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісі (ﷺ): «...ішімдікке салыну... — қияметтің белгілерінен», — деп айтты», — деген (Муслим).*

Әбу Мәлик әл-Ашғари (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ):

*«Менім үмбетімде ...шарапты... халал етіп алатын адамдар (пайда) болады», — деп айтқан (әл-Бұхари).*

**19-белгі:** Мешіттер мен Құранды артықша сәндеу

Әнәс ибн Мәлик (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ):

*«Адамдар бір-біріне мешіттермен мақтанбайынша, қиямет келмейді», — деген (ән-Нәсан).*

Әбу Дәрда (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ):

*«Егер мешіттеріңді сәндеп, Құран кітаптарыңды әшекейлесеңдер, сендерге апат келеді», — деген (әт-Тирмизи, әл-Хақим).*

**20-белгі:** Биік те зәулім ғимараттар тұрғызу

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен Жәбірейіл (аләйһис-сәләм) туралы хадисте, ол Пайғамбардан (ﷺ): *«Сағат (Қиямет) қашан (келеді)?» — деп сұраған. (Пайғамбар (ﷺ)): «Ол жайында сұралушы сұраушыдан көп білмейді, бірақ оның белгілері туралы айтып берейін: (ол*

жақындағанда) *күң өз қожайынын туады, түйе баққан қара малшылар* (биік-биік) *ғимараттар салуда өзара жарысқа түседі*», — деген (әл-Бұхари).

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен келесі бір хадисте Пайғамбар (ﷺ): «...*Адамдар өзара биік ғимараттар соғуда жарыспайынша, қиямет келмейді*», — деген (әл-Бұхари).

### 21-белгі: Ата-анаға деген құрметсіздік

Жоғарыда келтірілген хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ) қияметтің белгілерінің бірі: «...*күң өз қожайынын туады...*» — деп айтқан. Бұл хадистің түсіндірмесіне ғұламалар түрліше пікірлер білдірген. Солардың бірі — ата-анаға деген құрметсіздік. Сол кезде баланың ата-анасына жасаған мәмілесі, қожайынның құлына жасаған мәмілесі сияқты болады.

### 22-белгі: Қылмыстың (кісі өлтірудің) көбеюі

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ): «*Ылаң көбеймейінше, қиямет болмайды*», — деген. (Сахабалар): «*Ылаң деген не, уа, Аллаһтың елшісі?*» — деп сұрағанда, (Пайғамбар (ﷺ)): «(Кісі) *өлтіру*», — депті (Муслим).

Ибн Масғуд (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): «*Қияметтің алдында (кісі) өлтіру (көп) болады, (діни) ілім жойылып, надандық етек алады*», — деген (әл-Бұхари).

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): «*Жаным қолында болған (Аллаһ)пен ант етейін! Өлтірген кісі өзінің не үшін өлтіргенін, ал өлтірілген кісі өзінің не үшін өлтірілгенін білмейтін күн келгенге дейін адамдарға ақырзаман келмейді*», — деген. (Сахабалар): «*Ол қалай болады?*» — деп сұрайды. (Пайғамбар (ﷺ)): «*Ылаң (келгенде, сонда) өлтірген де, өлтірілген де тозақта (болады)*», — деп жауап берген (Муслим).



### 23-белгі: Уақыттың қысқаруы

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ): «...*уақыт қысқармайынша, қиямет болмайды*», — деген (өл-Бұхари).

Пайғамбарымыздың (ﷺ) «*уақыт қысқармайынша*» деген сөзінің түсіндірмесіне ғұламалар бірнеше пікір айтқан. Солардың бірі — «уақыттың берекесі кетеді» деген. Адамдарға уақыт өте жылдам өтіп, олар ештеңеге үлгере алмайтын болады. Ал кейбір қазіргі дәуірдің ғалымдары мұны жаңаша көзқараста түсіндіреді. Мәселен, өткен замандарда адамдар бір өлкеге бару үшін айлап сапар шегетін болса, қазіргі уақытта сапарымыз бірнеше сағаттық жолдан ғана тұрады. Немесе азғантай мезеттің ішінде жердің келесі түкпіріндегі біреуге хат-хабар жіберіп, хабар алу мүмкіндігі бар.

### 24-белгі: Базарлардың бір-біріне жақын орналасуы

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ): «*Фитналар бой көтеріп, өтірік көбейіп, базарлар жақындаспағанша, қиямет келмейді*», — деген (Ахмал).

Пайғамбарымыздың (ﷺ) «базарлар жақындаспағанша» деген сөзінің түсіндірмесіне ғұламалар мынадай пікірлер білдірген:

1. Адамдардың нарық бағаларынан тез хабардар болуы;
2. Бір базардан екінші базарға, арасы ұзақ болса да, тез арада жетуі;
3. Барлық базарларда бағалардың шамалас болуы.

### 25-белгі: Ислам үмбетінде ширктің пайда болуы

Саубан (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ): «*Егер үмбетіме қылыш қойылса, одан қияметке дейін көтерілмейді<sup>1</sup>. Менің үмбетімнен бір тайпалар мүшріктер сияқты пұттарға табынғанға дейін қиямет келмейді*», — деген (Әбу Дауд).

<sup>1</sup> Егер мұсылмандарға қарсы соғыс басталса, қияметке дейін тоқтамайды.

Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ): **«Лат пен Уззаға гибадат етілмейінше, күн мен түн кетпейді»**, — деген. Сонда Айша анамыз: **«Уа, Аллаһтың елшісі! Мен Аллаһ тағаланың: «Ол елшісін туралықпен және мүншіріктер (хақ дін Исламды) жақтырмаса да бүкіл діндерге үстем болатын хақ дінмен жіберді» (Тәубе, 33), — деген сөзі түскен кезде бұл аяғына жетті деп ойлаған едім»**, — дейді. (Пайғамбар (ﷺ)): **«Ол әлі Аллаһ қалаған мерзімде болады. Сосын Аллаһ жағымды жел жіберіп, жүрегінде тозаңның салмағындай иманы бар адамдар өледі де, қайыры жоқтар қалып, ата-бабаларының дініне қайтады»**, — деген (Муслим).

Қазіргі кезде өзін мұсылманмын деп санайтын кейбір адамдардың Аллаһқа ортақ қосып жатқанына жиі куә боламыз. Олай дейтініміз, қоғамда көптеген адамдар дүниеден өткен ізгі ғұламаларды немесе діндарларды шектен тыс дәріптеп, оларды бастарына кесенелер тұрғызып, соларға арнап құрбандықтар шалып, олардан дұға-тілек сұрап немесе оларды Аллаһқа дәнекер етеді. Әрі сол адамдар туралы негізсіз аңыз-әңгімелер таратып, олардың дәрежелерін пайғамбарлардан да жоғары қояды. Нәтижесінде, Аллаһ тағаланың кешірмейтін күнәсі — ширкті (сәрік қосуды) жасап жатқанын аңғармайды да!? Аллаһ тағала Күран Кәрімде: **«Сендердің Аллаһтан өзге табынғандарың, сендерге де жәрдем ете алмайды. Сондай-ақ өздеріне де жәрдем ете алмайды»**, — деген (Ағраф, 197).

**26-белгі: Туыстық қарым-қатынасты үзу мен көршілерге деген құрметсіздік**

Абдуллаһ ибн Амр (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ): **«Азғындық пен жаппай шектен шығу және туыстық қарым-қатынасты үзу мен көршілерге құрметсіздік орын алмайынша, қиямет келмейді»**, — деген (Ахмад).

**27-белгі: Шаш-сақалды қараға бояу**

Ибн Аббас (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) риуаят ет-

кен хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ): *«Ақырзаманда көгершіннің бөтегесі сияқты (шаш-сақалдарын) қараға бояйтын адамдар (пайда) болады. Олар жаннаттың иісін де сезбейді»*, — деген (Ахмад).

Шариғатта шаш-сақалды қара түске бояуға тыйым салынған. Одан басқа түстерге өзгертуге рұқсат етілген.

### 28-белгі: Сараңдықтың етек алуы

Әбу Нурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ): *«Сараңдықтың етек алуы — қияметтің белгілерінен»*, — деген (әт-Табарани).

Сондай-ақ оның (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен келесі бір хадисінде Пайғамбарымыз (ﷺ): *«Уақыт қысқарады, (шариғат үкімдеріне) амал қылу азаяды, сараңдық тарайды»*, — деген (әл-Бұхари).

### 29-белгі: Сауда-саттықтың көбеюі

Амр ибн Тағлиб (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ): *«Шын мәнінде, мал-дүниенің кең тарап, көбеюі және сауданың кең қанат жаюы — қияметтің белгілерінен»*, — деген (ән-Нәсәи).

Ибн Масғуд (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ): *«Қияметтің алдында танысқа ғана амандасу және сауданың кең тарауы болады. Тіпті әйелі күйеуімен сауда ісінде серіктеседі»*, — деген (Ахмад).

### 30-белгі: Жер сілкінісінің көбеюі

Әбу Нурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ): *«Жер сілкіністері көбеймейінше, қиямет келмейді»*, — деген (әл-Бұхари).

31-белгі: Жер жұтуы, тас жаууы және құбыжық бейнелердің пайда болуы

Айшадан (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етілген хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ): *«Осы үмбеттің ақырғы (уақытында)*

*жер жұтуы, құбыжық бейнелер және тас жаууы* (пайда) *болады*», — деген. (Сонда Айша): *«Уа, Аллаһтың елшісі! Біздің ішімізде ізгі адамдар бола тұра, құримыз ба?»* — дейді. (Пайғамбар ﷺ): *«Иә, егер жамандық көбейсе»*, — депті (өт-Тирмизи).

Абдуллаһ ибн Масғуд (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз ﷺ: *«Қияметтің алдында жер жұтуы, құбыжық бейнелер және тас жаууы болады»*, — деп айтқан (Ибн Мөжәһ).

### 32-белгі: Ізгі адамдардың азаюы

Абдуллаһ ибн Амр (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар ﷺ: *«Аллаһ жер бетінен ізгі адамдарды алып, мағруфқа (құпталғанға) шақырмайтын, мунқардан (теріске шығарылғаннан) қайтармайтын бұзақыларды қалдырмайынша, қиямет келмейді»*, — дейді (Ахмад).

Пайғамбарымыздың ﷺ «ізгі адамдар» дегені — таза дін жолында жүріп, жақсылық істейтіндер, «бұзақылар» дегені — күнәкарлар мен діннен бейхабарлар.

### 33-белгі: Лайықты емес адамдардың билік басына келуі

Әбу Нурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз ﷺ: *«Шын мәнінде, адамдарға алдамшы жылдар келеді. Онда өтірікшінің (сөзі) расталып, рас айтушы өтірікшіге шығарылады, қиянаткер аманатшыл, ал аманатшыл қиянаткер саналады және онда топас сөйлейді»*, — деген. (Сахабалар): *«Топас дегеннен не (ұғамыз)?»* — деп сұраған. Сонда (Пайғамбар ﷺ): *«Бұқара халықтың ісіне қатысты сөз сөйлейтін ақымақ»*, — деп айтқан (Ахмад).

Хузайфа ибн әл-Яман (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз ﷺ: *«Ақымақ құлдан туған ақымақ құл<sup>1</sup> адамдардың ең бақыттысы болмайынша, қиямет келмейді»*, — деген (Ахмад).

<sup>1</sup> Бұл жерде өзі де, әкесі де пашар адам болғандар туралы айтылған.

### 34-белгі: Таныс адамдармен ғана сәлемдесу

Ибн Масғуд (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): *«Бір кісі екінші кісімен оны танығаны үшін ғана амандасатын кез болғанша, қиямет келмейді»*, — деген (Ахмад).

Негізінде, танитын адамдарға ғана сәлем беру сүннетке жатпайды. Таза сүннет, ол — мұсылманның таныса да, таныма-са да кездескен кісісіне сәлем беруі.

### 35-белгі: Надандардан білім үйрену

Әбу Умәйя әл-Жумахи (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ): *«Үш нәрсе қияметтің белгілерінен. Олардың бірі: кішілерден білім үйрену...»*, — деген.

Осы хадисті жеткізуші Абдуллаһ ибн әл-Мубарактан: «кішілердің» кімдер екені жайлы сұралғанда: «Өз ойынан сөйлейтіндер. Ал жасы үлкендерге білім берген адамның жасы кіші болса — ол кіші болып есептелмейді», — деп жауап беріпті. Сондай-ақ олар туралы: «Олар — бидғатшылар», — деп те айтылған.

### 36-белгі: Жартылай жалаңаш әйелдердің пайда болуы

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ): *«Тозақылардың мен көрмеген екі түрі бар: сиырдың құйрығы сияқты қамшылары бар адамдар, олар онымен (қамшылармен) адамдарды сабайды және киінгенімен жалаңаш, бастары түйенің бұлғақтаған өркештеріндей ыргатылған жүгенсіз әйелдер. Ол (әйелдер) жаннатқа кірмейді, оның иісін де сезбейді. Шын мәнінде, оның иісі пәлен-пәлен қашықтықтан сезіледі»*, — деген (Муслим).

Қазіргі замандағы әйелдердің көбісі, хадисте қалай бейнеленсе, дәл сондай анық сипат алған. Олар Аллаһ тағаланың бұйрықтары немесе тыйымдарымен санаспайды. Керісінше, жүріс-тұрысының жүгенсіздігімен қоғамды бұзықтыққа,

зинакорлыққа итермелеуде. Пайғамбарымыз ﷺ бұл әйелдердің бастарын түйенің шайқатыла қисайған өркешіне теңеген. Қазір әсемдік салонына кіріп, шашын сәндеп шыққан әйелдің басынан нақ осыны көруге болады.

### 37-белгі: Мүміннің көрген түсінің рас келуі

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар ﷺ: *«Уақыт қысқарған кезде мұсылманның түсі өтірікке шықпайтындай жағдай болады. Түсі шын болып шығатын адам ең шыншылдарың болады. Шын мәнінде, мұсылманның шын түсі — пайғамбарлықтың қырық бестен бір бөлігі»*, — деген (Муслим).

### 38-белгі: Жазу-сызудың көбеюі

Ибн Масғуд (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз ﷺ: *«Қияметтің алдында жазу көбейеді»*, — деп айтқан (Ахмад).

Амр ибн Тағлиб (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар ﷺ: *«...Саудагерлер санының артып, ілімнің кең тарауы — қияметтің белгілерінен»*, — деген (Ән-Нәсәи).

Пайғамбарымыздың ﷺ: «жазу», «ілім» дегені, шаригат ілімі емес. Керісінше, бұл жерде дүниелік ілімдер меңзелген.

### 39-белгі: Сүннет амалдарға деген немқұрайдылық

Ибн Масғуд (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар ﷺ: *«Бір кісінің мешіттен өткенде, онда екі ракағат намаз оқымай кетуі — қияметтің белгілерінен»*, — дейді (Ибн Хузайма).

Әнәс ибн Мәлик (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз ﷺ: *«Мешіттердің жол болып қалуы — қияметтің белгілерінен»*, — деп айтқан (әл-Хақим).

### 40-белгі: Жалған хабарлардың көбеюі

Әнәс ибн Мәлик (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз ﷺ: *«Менің үмбетімнің ақыр*

*тұсында сондай бір сендер де, әкелерің де естімеген нәрселерді әңгімелейтін адамдар болады. Олардан сақ болыңдар!»* — деген (Муслим).

#### 41-белгі: Жалған куәліктің көбеюі

Абдуллаһ ибн Масғуд (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): *«Қияметтің алдында... (адамдар) шын куәлікті жасырып, жалған куәлік береді»*, — деп айтқан (Ахмад).

Жалған куәлік беру дегеніміз — адам өзінің жалған айтып тұрғанын біле тұра, Аллаһтың атымен ант ішіп, ақиқат куәлікті жасыруы.

#### 42-белгі: Әйелдердің көбейіп, еркектердің азаюы

Әнәс (Аллаһ оған разы болсын): *«Сендерге менен кейін ешкім айтпайтын бір хадисті айтып берейін. Мен Аллаһ елшісінің (ﷺ): «Ілімнің азаюы мен надандықтың дендеуі, зинақорлықтың кең етек алуы, елу әйелге бір еркектен ғана болғанша әйелдердің көбейіп, еркектердің кемуі — қияметтің белгілерінен»*, — дегенін естідім», — деген (әл-Бұхари).

#### 43-белгі: Кенеттен болған өлімдердің көбеюі

Әнәс ибн Мәлик (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ): *«Кенеттен өлудің көбеюі... — қияметтің белгілерінен»*, — дейді (әт-Табарани).

#### 44-белгі: Адамдардың бірін-бірі танымауы

Хузайфа (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте, Аллаһ елшісі (ﷺ) қияметтің қашан келетіні жайлы сұралғанда: *«Оның (қашан болатындығы) жайлы мәлімет Раббымның қасында. Мезгілін Ол ғана біледі. Бірақ оның (қияметтің) алдында болатын белгілері жайлы айтып берейін. Оның алдында фитналар мен ылаң<sup>1</sup> болады»*, — де-

<sup>1</sup> Ылаң — араб тіліндегі «һараж» деген сөздің баламасы.

ген. (Сахабалар): *«Уа, Аллаһтың елшісі! Фитнаның не екенін білеміз. «Ылаң» деген не?»* — деп сұрайды. Сонда (Пайғамбар ﷺ): *«Эфиоп тілінде «өлтіру» деген және «адамдардың бірін-бірі танымауы», тіпті бір кісі ешкімді танымайтын болады»,* — деген (Ахмад).

**45-белгі: Жаңбырдың көбейіп, жемістің азаюы**

Әнәс ибн Мәлик (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар ﷺ: *«Барлық жерге жаңбыр жауғанымен, жерден ештеңе шықпайтын болмайынша, қиямет келмейді»,* — деп айтқан (Ахмад).

**46-белгі: Өмір сынағының ауырлығынан өлім тілеу**

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз ﷺ: *«Бір кісі екінші бір кісінің қабірінің қасынан өтіп бара жатып, «Осының орнында мен болсам ғой», демейінше қиямет келмейді»,* — деген (әл-Бұхари, Муслим).

Сондай-ақ оның (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен келесі бір хадисінде Пайғамбарымыз ﷺ: *«Жаным қолында болған (Аллаһ)пен ант етейін! Бір кісі қабірдің қасынан өтіп бара жатқанда, (оның) үстіне жата кетіп, «Осы қабір егесінің орнында мен болсам ғой», демейінше дүние бітпейді. Оның басына түскен сынақтан басқа еш қарызы жоқ (еді)»,* — деп айтқан (Муслим).

**в) Әлі күнге дейін болмаған белгілер**

**47-белгі: Араб жерінің гүлденуі**

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз ﷺ: *«Араб жері шалғындар мен өзендерге қайта айналғанға дейін қиямет келмейді»,* — деген (Муслим).

**48-белгі: Жаңа туган айдың үлкен болып көрінуі**

Абдуллаһ ибн Масғуд (Аллаһ оған разы болсын) риуаят



еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): *«Туған айдың үлкен (болып көрінуі) — қияметтің жақындағанынан»*, — деген (әт-Табарани).

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): *«Туған айдың үлкен (болып көрінуі) — қияметтің жақындағанынан. (Онда) бір түндік жаңа ай көрінгенде, екі түндік деп айтылады»*, — деген (Муслим).

#### 49-белгі: Аңдар мен жансыз заттарға тіл бітуі

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ) аңдар мен жансыз заттарға тіл бітуін қияметтің белгісінен дей келе: *«Бір кісі үйінен шығып, қайта оралғанда, аяқкиімі мен қамшысы үйіндегілердің ол жоқ кезде не істегенінің хабарын беретін кез таяп қалды»*, — деген.

Осы хадистің келесі бір риуаятында: *«Жаным қолында болған (Аллаһ)пен ант етейін! Жыртқыш аңдар адамға сөйлемейінше, кісі қамшысының ұшы мен аяқ киімінің бауы сөйлемейінше, (адамның) сан жамбасы (ол жоқ кезде) үйіндегілерінің не істегенінің хабарын бермейінше қиямет келмейді»*, — деген (Ахмад).

#### 50-белгі: Ефрат өзені арнасының ауысып, алтын таудың шығуы<sup>1</sup>

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): *«Ефрат алтын таумен бөгелгенге дейін қиямет келмейді! Оған (алтынға таласып) адамдар қырылып-қырқысады. Әрбір жүз (адамнан) тоқсан тоғызы өлтіріледі. Олардың әрқайсысы: «Мүмкін, құтылатын мен болармын»*, — деп айтады», — деген (әл-Бұхари, Муслим).

Убай ибн Кағб (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): *«Ефрат алтын таумен бөгелудің алдында тұр. Кім ол жерде болса, одан ештеңе алмасын!»* — деп айтқан (Муслим).

<sup>1</sup> Яғни Ефрат өзенінің астынан алтын тау шығып, өзен арнасы басқа жаққа бұрылады.

**51-белгі: Румдықтардың<sup>1</sup> көбейіп, мұсылмандарға қарсы соғысуы**

Әл-Мустаурад әл-Қураши (Аллаһ оған разы болсын) Амр ибн Астың (Аллаһ оған разы болсын) алдында Пайғамбардың (ﷺ): **«Адамдардың көбі румдықтар болмай, қиямет келмейді»**, — дегенін айтқан. Амр: **«Ойланып сөйле!»** — дейді. Әл-Мустаурад: **«Мен Аллаһ елшісінен (ﷺ) естігенімді айтып тұрмын!»** — деп жауап берген. Сонда Амр: **«Егер осылай десең, онда олардың торт қасиеті бар: олар — сынаққа ең шыдамды адамдар, қайғыдан кейін өте тез есін жияды, қашқаннан кейін тез арада қайта оралады, міскінге, жетім мен әлсізге қайырым жасауда артық және бесінші жақсы (қасиеті) — патшалардың зұлымдығына қарсы тұрады»**, — деген (Муслим).

Пайғамбар (ﷺ) Ауф ибн Мәликке (Аллаһ оған разы болсын): **«Қияметтің алдында алты нәрсені сана.... сосын сендер мен сары әулетінің арасында бейбіт келісім болады. Сосын олар келісімді бұзып, сендерге қарсы әрқайсысы он екі мың әскерден тұратын сексен тудың астында келеді»**, — деген (әл-Бұхари).

Жабир ибн Самура (Аллаһ рақмет етсін) Нафиғ ибн Утбадан (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): **«Араб жазирасына жорыққа шығасыңдар, Аллаһ одан (сендерге) жеңіс береді. Сосын Парсыға жорыққа шығасыңдар, Аллаһ одан жеңіс береді. Содан соң Римге жорыққа шығасыңдар, Аллаһ одан жеңіс береді. Содан кейін Дәжжалға қарсы жорыққа шығасыңдар, Аллаһ одан да жеңіс береді»**, — деген. Сонда Нафиғ ибн Утба Жабир ибн Самураға қарап: **«Ей, Жабир! Рим қолға алынбайынша, Дәжжал шықпайды»**, — депті (Муслим).

Демек, бұл соғыс Дәжжалдың шығуына жақын қалғанда болады.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен

<sup>1</sup> Яғни еуропалықтардың.

хадисте Пайғамбар (ﷺ): *«Румдықтар Азмаққа (немесе: Дабикқа)<sup>1</sup> тұскенге дейін қиямет келмейді. Оларға қарсы Мәдинадан сол кездегі жер бетінің ең жақсыларынан тұратын әскер шығады. Олар бір-біріне жолыққан кезде, (румдықтар): «Арамыздан кетіп бізге тіл тигізгендер мен біздің ортамызға қилікпеңдер», — дейді. Мұсылмандар: «Аллаһпен ант етейік! Жоқ! Сендерге бауырларымызды бермейміз!» — дейді. Сөйтіп, екі жақ соғысады. (Мұсылмандардың) үштен бірі өледі. Аллаһ олардың тәубесін қабыл етпейді<sup>2</sup>. Содан кейін (тағы да) үштен бірі өледі. Олар — Аллаһ алдындағы ең абзал шәһидтер. (Мұсылмандардың қалған) үштен бірі жеңіске жетеді. Олар ешқашан жазаланбайды. Константинопольді солар қолға алады. Олар қылыштарын зәйтүн ағашына іліп қойып, олжаны бөлісіп жатқанда, шайтан: «Дәжжал сендердің отбасыларыңа шабуыл жасады», — деп айғайлайды. Сөйтіп, олар жолға аттанады. Бірақ (бұл) өтірік болып шығады. Олар Шамға жеткенде, шынымен (Дәжжал) шығады. (Мұсылмандар) соғысқа дайындалады, (сол аралықта) намазға иқамат айтылып, сап түзеіп тұрғанда, Мәриямұлы Иса (аләйһис-сәләм) түседі», — деген (Муслим).*

Ясир ибн Жабир былай деп әңгімелейді: «Бірде Куфада қызыл дауыл тұрды. Сонда бір кісі келіп, әдетінше: «Ей, Абдуллаһ ибн Масғуд! Қиямет келді!» — деді. Шынтақтап жатқан (Абдуллаһ) түзеліп отырды да: «Расында, қиямет мирас бөлінбейтін және олжаға қуанбайтын жағдай болмайынша келмейді» — деп, қолымен Шам жақты нұсқады да: «Дұшпан Ислам қауымына қарсы жиналады, Ислам қауымы да оларға қарсы бас біріктіреді», — деді. Мен: «Румдықтарды айтып тұрсың ба?» — дедім. Ол: «Иә, сол соғыс кезінде діннен қайту көп болады. Мұсылмандар әскер жасақтап, өліспей беріспеуге немесе жеңбейінше қайтпауға серт қабылдайды. Тұн

<sup>1</sup> Шамдағы елді мекендер.

<sup>2</sup> Бұлар екіжүзділер мен атақ-данқ үшін соғысқан мұсылмандар еді.

болғанша соғысады. Олар да, мыналар да жеңіссіз қайтады. Алайда әскер сапы азайып қалады. Сосын мұсылмандар тағы да әскер жасақтап, өліспей беріспеуге немесе жеңбейінше қайтпауға серт қабылдайды. Тұн болғанша соғысады. Олар да, мыналар да жеңіссіз қайтады. Алайда бұл әскер сапы да азайып қалады. Содан соң мұсылмандар тағы да әскер жасақтап, өліспей беріспеуге немесе жеңбейінше қайтпауға серт қабылдайды. Кеш батқанша соғысады. Олар да, мыналар да жеңіссіз қайтады. Алайда бұл әскер сапы да азайып қалады. Төртінші күні болғанда, мұсылмандардың қалғандары жасақталып, Аллаһ үстемдікті осыларға береді. Бұрын-соңды кездеспеген қырғын болады. Тіпті олардың жанынан ұшып өтіп бара жатқан құстар өте алмай өліп, құлап түседі. Соғысқа қатысқан жүз кісіден тұратын бір атаның ұлдарынан бір ғана кісі қалады. Қай олжаға қуанады?! Немесе қай мирас бөлінеді?! Олар осылай тұрғанда одан да қиын жайт туралы хабар келеді. «Әулеттеріңе Дәжжал келді!» деген айғай естіледі. Сол кезде қолдарындағы нәрселерін тастап, жолға шығады. (Мұсылмандар) барлаушы ретінде он аттылы кісіні жібереді. Аллаһ елшісі (ﷺ): «**Мен олардың есімдерін, әкелерінің есімдерін және аттарының түсін білемін. Олар — сол күндегі жер бетіндегі ең абзал атты әскерлер**», — деп айтқан», — деді» (Муслим).

## 52-белгі: Константинопольдің (Стамбулдың) қолға алынуы

Дәжжалдың шығуынан бұрын Константинополь қолға алынады. Бұл жағдай мұсылмандар мен румдықтардың арасындағы үлкен шайқастан кейін болады. Мұсылмандар бұл шайқаста жеңіске жетіп, Константинопольға бет алып, оны соғыссыз өздеріне бағындырады. Олардың қарулары тәкбір («Аллаһу әкбар» деген сөз) мен тәһлил («Лә иләһә иллаллаһ» деген сөз) болады.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): «**Бір жағы теңізде, бір жағы құрлықта**

*болған қала туралы естігенсіңдер ме?»* — деген. Сонда (сахабалар): *«Иә, уа, Аллаһ елшісі!»* — дейді. (Пайғамбар ﷺ): *«Исхақтың ұлдарынан жетпіс мыңы оны (бағындыру үшін) соғыспайынша, қиямет келмейді. Олар оның жанына келіп тоқтайды. Қарумен соғыспайды және садақпен атпайды. «Лә иләһә иллаллаһ, уаллаһу әкбар!» дегенде, (қаланың) бір жағы құлайды. Сосын екінші рет «Лә иләһә иллаллаһ, уаллаһу әкбар!» дегенде, екінші жағы құлайды. Сосын «Лә иләһә иллаллаһ, уаллаһу әкбар!» дегенде, оларға жол ашылады. Сөйтіп, онда кіріп, олжа иемденеді. Олжаны бөлісіп жатқанда, «Дәжжал шықты!» деген айғай естіледі. Сонда олар барлық нәрсені тастап, артқа қайтады»,* — деген (Муслим).

### 53-белгі: Қахтан руынан бір адамның шығуы

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар ﷺ: *«Қахтан (руынан) адамдарды асатаяғымен басқаратын бір кісі шықпайынша, қиямет келмейді»,* — деген (өл-Бұхари, Муслим және Ахмад).

Пайғамбарымыздың ﷺ «адамдарды аса таяғымен басқаратын кісі» деуі — заман өзгеріп, адамдар бұзылғанда, бұл ізгі адам халықты туралыққа бастайды дегені.

### 54-белгі: Яһудилермен соғыс

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар ﷺ: *«Мұсылмандар яһудилермен соғыспайынша, қиямет келмейді. Мұсылмандар оларды қырады. Яһуди тас пен талдың артына тығылғанда, тас немесе тал: «Ей, мұсылман! Ей, Аллаһтың құлы! Міне, яһуди менің артымда, кел де, оны өлтір!»* — дейді. *Тек ғарқад (бұлай етпейді), себебі ол — яһудилердің ағашы»,* — деген (өл-Бұхари, Муслим).

Бұл жағдай Дәжжал шыққанда жүз береді. Себебі яһудилер Дәжжалдың әскері сапынан орын алады.

**55-белгі: Мәднаның қаңырап бос қалуы**

Пайғамбарымыз (ﷺ) Мәдинада тұруға шақырған. Егер біреу оны жек көріп, одан шығып кетсе, Аллаһ оның орнына одан абзал біреуді әкелетінін хабарлаған. Ал қияметтің белгілерінің бірі — жер бетінде тек бұзақы адамдар қалғанда, олардың Мәдинаны қаңыратып бос тастап кетуі.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): *«Адамдарға сондай бір заман келеді; онда кісі өзінің немере ағайынын немесе туысын «Тыныш жерге кеттік, тыныш жерге кеттік» деп шақырады, (бірақ) біле білсе олар үшін Мәдина жақсырақ. Жаным қолында болған (Аллаһ)пен ант етейін, (Мәдинадан) біреу оны жек көріп шығып кетсе, Аллаһ оның орнына одан жақсы біреуді әкеледі. Расында, Мәдина (ұстаның) көрігі сияқты жаманды шығарып тастайды. (Ал) Мәдина көрік темірдің татын кетіретіні сияқты өзіндегі жамандарды шығарып тастамайынша, қиямет келмейді»,* — деген (Муслим).

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен тағы бір хадисте Пайғамбар (ﷺ): *«Мәдинаны ең жақсы (гүлденген) кезінде тастап кетесіңдер. Онда жыртықшы аңдар мен құстардан басқа ешкім қалмайды. Қойларын Мәдинаға қарай айдап бара жатқан музайнаның<sup>1</sup> екі қойшысы ең соңғы болып жан тапсырады. Ол екеуі оны бос күйінде көреді. Саниятул-уадағқа<sup>2</sup> жеткенде, етпеттерінен жығылады»,* — деген (әл-Бұхари).

Сондай-ақ Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен үшінші бір хадисте Пайғамбар (ﷺ): *«Мәдинаны ең жақсы (гүлденген) кезінде тастап кетесіңдер. Тіпті иттер немесе қасқырлар кіріп, мешіттің кейбір базаналарына немесе мінберіне дәрет сындырады»,* — деген. Сонда (сахабалар):

---

<sup>1</sup> Рудың атауы.

<sup>2</sup> Мәдинаның сыртында жер атауы.

«*Уа, Аллаһтың елшісі! Сол кездегі жемістер кімге қалады?*» — деп сұрайды. (Пайғамбар ﷺ): **«Жыртқыш құстар мен аңдарға»,** — деп жауап берген (Мәлік).

Ибн Кәсир (Аллаһ оған рақмет етсін): «Дәжжалдың кезінде Мәдинада адамдар тұрады. Сосын Мәриямұлы Исаның (аләйһис-сәләм) кезінде де ол дүние салғанша адамдар тұрады. Содан кейін барып адамдар қайта бұзылады», — деп: «*Аллаһ елшісінің* ﷺ): **«Бір керуен Мәдинаның жанынан өтіп бара жатып: «Мына жер көп мұсылмандар тұратын орталық болған», — деп айтады», — дегенін естідім»,** — деген Омар ибн әл-Хаттабтың (Аллаһ оған разы болсын) сөздерін келтірген (Ахмад).

**56-белгі: Жағымды жел тұрып, мұсылмандардың жаң тапсыруы**

Аллаһтың әмірімен жіберілген осы желдің әсерінен мүміндер түгел өліп, жер бетінде тек кәпірлер ғана қалады. Мүміндердің дүниеден кетуімен жер бетінде Аллаһтың зікірі тоқтайды.

Ән-Наууас ибн Самған (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар ﷺ): **«...Аллаһ жағымды жел жібергенде, қолтықтарының астынан ұстап, әрбір мүмін мен әрбір мұсылманның жанын алады. Сөйтіп, жаман адамдар қалады. Олар жер бетінде өзара есектер сияқты қатынас жасайтын болады. Қиямет соларға келеді»,** — деген (Муслим).

Абдуллаһ ибн Амр (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар ﷺ): **«...Сосын Аллаһ Шам тарапынан салқын жел жібереді. Жер бетінде жүрегінде шаңның тозаңындай жақсылық немесе иманы бар бірдебір адамды қалдырмай жанын алады. Тіпті біреулерің таудың ішіне кіріп кетсе де, артынан кіріп жанын алады»,** — деген (Муслим).

**57-белгі: Қағбаның қиратылуы**

Абдуллаһ ибн Омар (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын)

риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): *«Қағбаны эфиопиялық бір шибұт бұзып, оның әшекейлерін тонап, жабуын сытырады. Мен оны көріп тұрғандаймын: басы таз, аяғы маймиып жуантық темірімен ұрып жатыр»*, — деп айтқан (Ахмад).

Әбу Нурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): *«Қағбаны эфиопиялық бір шибұт бұзады»*, — деген (әл-Бұхари, Муслим және Ахмад).

Абдуллаһ ибн Аббас (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): *«Мен оған қарап тұрғандаймын: қап-қара, маймақ кісі (Қағбаның) тастарының жігін ажыратып бұзып жатыр»*, — дейді (Ахмад).



## Қияметтің үлкен белгілері

Хузайфа ибн Усайд әл-Фифари (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ): *«Сендер қияметтен бұрын он белгіні көрмей жатып, ол (қиямет) келмейді: Түтін, Дәжжал, жануар, күннің батыстан шығуы, Мәриямұлы Исаның (аләйһис-сәләм) түсуі, Яжуж-Мажуж, жердің үш рет: шығыста, батыста және Араб түбегінде ойылып түсуі, ол (белгілердің) ең соңғысы — адамдарды (дүниедегі) махшарға жинайтын Йеменнен шығатын от»*, — деген (Муслим).

Хузайфа ибн Усайд әл-Фифаридың (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен келесі бір хадисінде Пайғамбар (ﷺ): *«Он белгі болмайынша, қиямет келмейді: Жердің шығыста, батыста және Араб түбегінде ойылып түсуі, түтін, Дәжжал, жер жануары, Яжуж-Мажуж, күннің батыстан шығуы, адамдарды айдайтын Адаң<sup>1</sup> шұқырынан шығатын от және Мәриямұлы Исаның (аләйһис-сәләм) түсуі»*, — деген (Муслим).

Жоғарыдағы екі хадистен ұғарымыз, қияметтің үлкен белгілерінің келу тәртібі туралы кесімді дәлел жоқ. Ғұламалар қияметтің үлкен белгілерін екі түрге бөледі: оның бірі ақырзаманның жақын қалғандығын көрсетсе, бірі басталғанын білдіреді. Ақырзаманның жақын қалғанын білдіретін белгілер: Дәжжал, Исаның (аләйһис-сәләм) түсуі, Яжуж-Мажуж және үш рет жердің ойылуы. Ал ақырзаманның басталғанын білдіретін белгілер: түтін, күннің батыстан шығуы, жануардың пайда болуы және адамдарды жинайтын от.

Қияметтің үлкен белгілері бой көрсетсе, олар бірінің артын бірі алып, алқаның моншақтары сияқты тізіліп, тез жалғасын табады. Абдуллаһ ибн Амр (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): *«(Үлкен) белгілер жіпке тізілген моншақтар сияқты. Егер жіп үзілсе, бірінің артынан бірі түседі»*, — деген (Ахмад).

<sup>1</sup> Йемендегі Араб теңізі жағалауындағы қала.

## Имам Мәди

Қияметтің он үлкен белгісінің алдында Пайғамбарымыздың ﴿ﷺ﴾ әулетінен жер бетінде әділ билік жүргізетін имам Мәди келеді. Енді осы Мәди туралы бізге жеткен хабарларға көңіл бөлсек:

### а) Имам Мәдидің есімі мен сипаты

Бұл адамның есімі Пайғамбарымыздың ﴿ﷺ﴾ есіміндей. Әкесінің есімі де Пайғамбарымыздың ﴿ﷺ﴾ әкесінің есіміндей. Яғни Мұхаммед немесе Ахмад ибн Абдуллаһ.

Ибн Масғуд (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар ﴿ﷺ﴾: *«Менің әулетімнен бір кісі арабты билемейінше, дүние аяқталмайды. Оның есімі менің есіміме сәйкес, әкесінің есімі әкемнің есіміне сәйкес»*, — деген (Әбу Дауд).

Имам Мәди Пайғамбарымыздың ﴿ﷺ﴾ қызы Фатиманың (Аллаһ оған разы болсын) ұлы Хасанның (Аллаһ оған разы болсын) нәсілінен шығады.

Умму Сәләмә (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар ﴿ﷺ﴾: *«Мәди — менің отбасымнан, Фатиманың ұлынан»*, — деп айтқан (Әбу Дауд, Ибн Мәжәһ).

Ол ашық маңдайлы, бүркіт мұрынды болады.

Әбу Сағид әл-Худри (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар ﴿ﷺ﴾: *«Мәди менен, ашық маңдайлы, бүркіт мұрынды. Жер бетін (өзінен бұрын) зұлымдыққа қалай толған болса, солай әділдікке толтырады. Жеті жыл билік жүргізеді»*, — деген (Әбу Дауд, әл-Хаким).

### ә) Оның шығатын жері

Ол шығыс жақтан шығады.

Саубан (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар ﴿ﷺ﴾: *«Үш (адам) қазыналарың<sup>1</sup> үшін қырылысады. Үшеуі де, халифаның ұлдары. (Бірақ) кейіннен олардың*

<sup>1</sup> Қағбаның қазыналары туралы айтылған.

*ешқайсысына нәсіп етпейді. Сосын шығыс жақтан қара байрақтар көрінеді. Олар сендермен ешкім соғыспағандай соғысады... Егер оны корсеңдер, қар үстінде еңбектеп келсеңдер де, ант беріңдер. Себебі ол — Аллаһтың халифасы Мәһди», — деп айтқан (Ибн Мәжәһ, әл-Хаким).*

### б) Имам Мәһди туралы өзге де хадистер

Әбу Сағид әл-Худри (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): *«Менің ақырғы ұмбетімнен Мәһди шығады. (Оның кезінде) Аллаһ жаңбыр жаудырады, жер өнімін шығарады. Мал-дүние тең беріледі, мал көбейеді және ұмбет күшіне мінеді. Ол жеті не сегіз жыл өмір сүреді», — деген (әл-Хаким).*

Сонымен қатар оның (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен мына бір хадисінде Пайғамбар (ﷺ): *«Сендерді Мәһдидің (келуімен) қуантамын. Ол адамдар арасында (орын алған) қарама-қайшылық пен қия басулар кезінде жіберіледі. Жер бетін, (өзінен бұрын) зұлымдыққа қалай толған болса, солай әділдікке толтырады. Оған аспан мен жер тұрғыны разы болады. Мал-дүние тең бөлінеді... Аллаһ Мұхаммед ұмбетінің жүректерін қанағатқа толтырады. Әділдігі кең тарап, оның бұйыруымен бір жаршы: «Мал-дүниеге мұқтаж кім бар?» — деп жар салады. Сонда адамдардан бір кісіден басқа ешкім тұрмайды. (Мәһди оған): «Қазынашыға барып: «Мәһди маған мал-дүние беруіңді бұйырады деп айт!» — дейді. (Қазынашы) оған: «Косіп ал!» — дейді. Ол иемденіп, алып болған соң: «Мұхаммед ұмбетінің ең нәпсісі сараңы болдым, оларға жеткен маған жетпеді ме?» — деп өкініп, қайтарып берсе, одан қайтып алынбайды. Оған: «Біз берген нәрсемізді қайтып алмаймыз!» — делінеді. Жеті-сегіз яки тоғыз жыл осылай болады. Одан кейінгі өмірде қайыр жоқ!» — деген (Ахмад).*

Әли (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): *«Мәһди — бізден, пайғамбар әулетінен. Аллаһ оны бір түнде оңдайды», — деп айтқан (Ахмад, Ибн Мәжәһ).*

Пайғамбарымыздың (ﷺ): «Аллаһ оны бір түнде оңдайды» деген сөзін Ибн Кәсир (Аллаһ оған рақмет етсін): «Оның тәубесін қабыл етіп, тура жолға салады. Өйткені ол мұның алдында ондай емес еді», — деп түсіндірген.

## I белгі: Мәсих Дәжжал

### а) «Дәжжал» сөзінің мағынасы

«Дәжжал» сөзі — өтірікші, алдампаз деген мағынаны білдіреді. Адамзат тарихындағы ең үлкен өтірікші осы Дәжжал болғандықтан, ол бұл есіммен аталған. Сондай-ақ оның Мәсих Дәжжал деген де аты бар. Ибн Әсир: «Оның «Мәсих» деп аталуы — көзінің сипалып, жабылып қалғандығынан, ал «Дәжжал» деп аталуы оның жалғаншы болғандығынан», — деген. Ал Исаның (аләйһис-сәләм) «Мәсих» деп аталуына келсек, ол адамдарды сипап, ауруларын жазатын.

### ә) Дәжжалдың сипаттары

Дәжжал — Адамның (аләйһис-сәләм) ұрпағынан шыққан жан. Аллаһ тағала оған бірнеше ерекше мүмкіндіктерді беріп, оны адамдарға сынақ үшін жіберген. Пайғамбарымыз (ﷺ) үмбеті Дәжжалдын ылаңынан аман қалуы үшін бізге оны сипаттап әрі одан құтылудың жолдарын үйретіп кеткен. Оның сипаттарына келер болсақ, ол — қызыл өңді, қысқа бойлы, қисық аяқ, бұйра басты, ашық маңдайлы, жуан мойынды және оң көзі соқыр ер адам. Оң көзі солған жүзім сияқты, кіріп те кетпеген, әрі шығып та тұрған жоқ. Сол көзін шел басқан. Екі көзінің арасына арабша бөлек-бөлек к - ф - р деп немесе «кәпір» деп жазылған. Оны сауаты болсын, болмасын әрбір мұсылман оқи алады. Сондай-ақ Дәжжалдың ұрпағы болмайды.

### б) Дәжжал туралы хадистер

Абдуллаһ ибн Омар (Аллаһ өкесі екеуіне разы болсын) риуаят еткен хадисте Аллаһ елшісі (ﷺ): «*Мен түсімде Қазбаны тауап етіп жүр екенмін...*», — деген. Сосын Мәриямұлы Иса-

ны (аләйһис-сәләм) көргенін, содан соң Дәжжалды көргенін айтып, оны сипаттап: **«Ол — денелі ер кісі, қызыл (түсті), бұйра басты, бір көзі соқыр екен. Оның көзі солған жүзім сияқты»**, — деген. Сонда (сахабалар): **«Бұл Дәжжал хузагалық<sup>1</sup> Ибн Қутнға ұқсайды екен»**, — депті (әл-Бұхари, Муслим).

Сахабалар айтқан бұл адам өзін «құдаймын» деп халықты азғыратын болған. Осы себепті де, Ибн Омар (Аллаһ әкссі екеуіне разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ) адамдар арасында Дәжжал туралы айтып тұрып, оның Жаратушы Аллаһ сияқты емес екенін баяндап: **«Шын мәнінде, Аллаһ тағаланың бір көзі соқыр емес. Мәсих Дәжжал болса оң көзі соқыр. Көзі солған жүзім сияқты»**, — деген (әл-Бұхари, Муслим).

Ән-Наууас ибн Самған (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ) Дәжжалды сипаттап: **«Ол — көзі солған, шашы өте бұйра жігіт. Оны Абдул-Узза ибн Қутнға ұқсатамын»**, — деген (Муслим).

Убада ибн Самит (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): **«Мәсих Дәжжал ер кісі, қысқа бойлы, сұсты, бұйра шашты, бір көзі соқыр, көзі жабылып қалған, (ол көзі) кіріп те кетпеген, шығып та тұрған жоқ. Егер (оны құдай деп) шатасатын болсаңдар, біліп қойыңдар: Раббыларыңның бір көзі соқыр емес»**, — деген (Әбу Дауд).

Әбу Нурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): **«...Ал адасушылықтың Мәсихы (Дәжжал) болса, ол бір көзі соқыр, ашық маңдайлы, кең мойынды, бүкірлеу»**, — деп айтқан (Ахмад).

Хузайфа (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): **«Дәжжал сол көзі соқыр, шашы қалың»**, — деген (Муслим).

<sup>1</sup> Араб руларының бірі.

Әнәс (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): *«Екі көзінің арасында «кәпір» деп жазылған»*, — деген (әл-Бұхари, Муслим).

Ибн Омар (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) риуаят еткен хадисте «оң көзі соқыр» делінсе, Хузайфа (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте «сол көзі соқыр» делінген. Ғұламалар бұл туралы: *«Екі көзі де айыпты. Оң көзі көр, солған жүзім сияқты, ал сол көзін шел басқан»*, — деген.

### в) Ибн Сайяд кім?

Хадис кітаптарында Дәжжал аталған орында Ибн Сайяд аталмай қалмайды. Пайғамбарымыз (ﷺ) Мәдинаға қоныс аударып келгенде, мәдиналық яһудилерде яки ансарларда Абдуллаһ иби Сайяд деген жас бала бар еді. Оның көріпкелдігі бар болғандықтан, сахабалар арасында «ол — Дәжжал» деген ойлар туындаған. Пайғамбарымыз (ﷺ) да оның Дәжжал болуынан күдіктенген. Аллаһ елшісі (ﷺ) Ибн Сайядты Дәжжал деп ойлауының себебі, оның кейбір сипаттары Дәжжалдың сипатына сай келетін еді. Пайғамбар (ﷺ) осы нәрсенің анықканығына көз жеткізгісі келіп, біраз әрекеттер жасаған.

Абдуллаһ ибн Омар (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Омар Пайғамбармен (ﷺ) бірге бірнеше адам болып Ибн Сайядқа барады. Олар келгенде, (Ибн Сайяд яһудилер) қамалдарының тұсында балалардың арасында ойлап жүр екен. Ол кезде Ибн Сайяд естияр жасқа жақындап қалған болатын. Ол Пайғамбар (ﷺ) өзін қолымен тұрткенше байқамайды. Сосын (Пайғамбар (ﷺ)) Ибн Сайядқа: «Менің Аллаһ елшісі екендігіме куәлік бересің бе?» — дейді. Ибн Сайяд (Пайғамбарға (ﷺ)) қарап: «Сенің сауатсыздардың елшісі екендігіңе куәлік беремін», — дейді де, сосын: «Ал сен менің Аллаһ елшісі екендігіме куәлік бересің бе?» — деп сұрайды. (Пайғамбар (ﷺ)) оны мойындамай: «Аллаһқа және Оның елшілеріне иман келтірдім», — дейді. (Пайғамбар (ﷺ)) оған: «Не көріп тұрсың?» — дейді. Ибн Сайяд: «Маған өтірікші мен шыншыл келеді», — дейді. Пайғамбар (ﷺ): «Ол істе шатасыпты», — дейді. Сосын Пайғамбар (ﷺ) оған:*

«**Мен саған (ойымда) бір жұмбақ жасырдым**», — дейді. Ибн Сайяд: «**Дұх**», — дейді. (Пайғамбар (ﷺ)): «**Жоғал әрмен! Шамаң келмейді**», — дейді. Омар: «**Уа, Аллаһтың елшісі! Рұқсат етші, басын шауып тастайын**», — дейді. Пайғамбар (ﷺ): «**Егер ол болса, өлтіре алмайсың. Егер ол болмаса, оны өлтіргеннен саған қайыр жоқ**», — депті», — деген (әл-Бұхари).

Келесі бір риуаятта: «**Пайғамбар (ﷺ) оған: «Не көріп тұрсың?»** — дейді. (Ибн Сайяд): «**Су үстінде тақ көріп тұрмын**», — дейді. Аллаһ елшісі (ﷺ): «**Теңіздегі Ібілістің тағын көріп тұрсың. Тағы не көріп тұрсың?»** — дейді. (Ибн Сайяд): «**Шыншылдар мен өтірікшіні немесе өтірікшілер мен шыншылды коремін**», — дейді. Аллаһ елшісі (ﷺ): «**Ол шатасыпты, оны жайына қалдырыңдар**», — депті», — делінген (Муслим).

Абдуллаһ ибн Омар (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): «**Содан кейін Аллаһ елшісі (ﷺ) Убай ибн Кағбпен бірге Ибн Сайяд жүрген бір баққа барады. (Пайғамбар (ﷺ)) Ибн Сайяд өзін көрмей жатып одан бір нәрсе естігісі келеді. Пайғамбар (ﷺ) бірдеңелерді айтып күбірлеп, шалқалап жатқан Ибн Сайядты көреді. Құрма ағаштарының тасасына жасырынып келе жатқан Аллаһ елшісін (ﷺ) көрген Ибн Сайядтың шешесі: «Ей, Сафи! Мынау — Мұхаммед!» — деп айқайлайды. Сонда Ибн Сайяд тұрып кетеді. Пайғамбар (ﷺ): «**Егер үндемегенінде анықталар еді**», — депті», — деген (әл-Бұхари).**

Әбу Зарр (Аллаһ оған разы болсын): «**Аллаһ елшісі (ﷺ) мені оның (Ибн Сайядтың) шешесіне жіберіп: «Қанша уақыт жүкті болғанын сұра?»** — деп бұйырды. Анасына келіп сұраған едім: «**Он екі ай көтердім**», — деді. (Пайғамбар (ﷺ)) қайта жұмсап: «**Туылған кезіндегі дауысын сұра?»** — деп бұйырды. Оған қайта келіп сұрадым. Ол: «**Бір айлық сәбидің дауысымен шыңғырды**», — деді. Содан кейін Аллаһ елшісі (ﷺ) оған: «**Мен саған (ойымда) бір жұмбақ жасырдым**», — дейді. Ибн Сайяд: «**Шаң түсті қойдың тұмсығын және дұхан**», — деп айтайын десе, дұханға тілі келмей, «**дұх, дұх**», — деп айтты», — деген (Ахмал).

Пайғамбарымыз (ﷺ) «**дұхан**» (түтін) дегенде, Аллаһ

тағаланың: «Ендеше, аспанның бір ашық түгін келтіретін күнін күт» (Дұхан, 10), — деген сөзін мақсат тұтқан еді.

Ибн Кәсир (Аллаһ оған рақмет етсін): «Ибн Сайяд жын тілінде сөйлейтін көріпкел еді. Жындар болса тілі келмей үзіп-үзіп сөйлейді. Сол үшін де ол «дұхан» деп айта алмай, «дұх» деді. Аллаһ елшісі (ﷺ) оның сөздері пайтаннан екенін білген сон: *«Жоғал әрмен! Шамаң келмейді»*, — деп айтты», — деген.

### г) Ибн Сайяд Дәжжал ма, әлде ол емес пе?

Ибн Сайядтың Дәжжал болуы мүмкін екендігі жайлы әңгіме ел арасына кең таралып кетеді. Тіпті Омар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын) адамдардың арасында, Пайғамбарымыздың (ﷺ) алдында Ибн Сайядтың Дәжжал екендігіне қасам ішетін. Ал Аллаһ елшісі (ﷺ) оның сөзін жоққа шығармайтын.

Мұхаммед Ибн әл-Мункадир: «Жабир ибн Абдуллаһ (Аллаһ оған разы болсын) Ибн Сайядтың Дәжжал екендігіне қасам ішкенін көрдім де: «Аллаһпен қасам ішесің бе?» — деп едім, ол: *«Омардың осы үшін Пайғамбар (ﷺ) алдында қасам ішкенін естігенмін. Пайғамбар (ﷺ) оның сөзін жоққа шығармайтын еді»*, — деп айтты», — дейді (әл-Бұхари, Муслим).

Нафиг: Абдуллаһ ибн Омардың (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Аллаһпен ант етейін! Ибн Сайядтың Мәсих Дәжжал екендігіне құмәнданбаймын»*, — дейтінін риуаят еткен (Әбу Дауд).

Зәйд ибн Уаһбтан риуаят етілген хадисте Әбу Зарр (Аллаһ оған разы болсын): *«Мен үшін Ибн Саидтың<sup>1</sup> Дәжжал екендігіне он рет қасам ішу, ол ондай емес екендігіне бір рет қасам ішуден жақсырақ»*, — деген (Ахмад).

Нафигтан риуаят етілген хадисте былай делінеді: Бірде Абдуллаһ ибн Омар (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) Ибн Саидты Мәдина көшелерінің бірінде кездестіреді. Абдуллаһ қараса, Ибн Саидтың бір көзі соқыр екен. Ибн Омар таңғалып, Ибн Саидтан: *«Көзің қашан мен көріп тұрғандай болып қалды?»* — деп сұрайды. Ибн Саид: «Білмеймін», — деп жауап

<sup>1</sup> Ибн Сайядты ибн Саид деп те атайтын.



береді. Ибн Омар: «Басыңдағыны білмейсің бе?» — дейді. Ибн Саид: «Егер Аллаһ қаласа, оны сенің таяғыңда қылар еді», — дейді. Ашуланған Ибн Омар оны асаяғымен салып қалғанда, таяғы сынып кетеді. Қатты ашу қысқан Ибн Саидтың ісініп кеткені соншалық, жолды жауып қояды. Ибн Омар: «Аллаһтен ант етейін! Оны ұрғанымды сезбей қалдым. Сосын барып әпкем Хафсаға айттым», — дейді. Сол кезде Хафса оған: «Ибн Саидтан саған не керек болды? Сен білмейсің бе? Пайғамбар ﷺ маған оның өзін қысқан ашудан ісініп шығатынын айтқан», — депті (Муслим).

Алайда Ибн Сайядтың өзі «Дәжжал емеспін» дейтін. Адамдардың өзі туралы айтқандарына қынжылатын. Сөйтіп, Пайғамбарымыздың ﷺ Дәжжал жайында сипаттағандары өзіне сай келмейтінін алға тартатын.

Әбу Сағид әл-Худри (Аллаһ оған разы болсын): «Қажылық (немесе: умра) ниетімен шыққан едік. Арамызда Ибн Сайяд та бар еді. Біз бір орынға тұстік те, адамдар тарап кетті. Ибн Сайяд екеуіміз ғана қалдық. Ол жайлы айтылатын әңгімелер себепті, мен одан қатты тіксіндім. Ол заттарын әкеліп, менің заттарымның қасына қойды. Мен: «Күн болса ыстық, заттарыңды анау ағаштың астына қойсаң дұрыс болар еді», — дедім. Ол солай істеді... Сосын барып, бір ыдысқа қой сауып келіп, маған: «Ей, Әбу Сағид, іш!» — деп ұсынды. Мен: «Күн ыстық, сүт те ыстық», — деп ішпедім. Негізінде, оның қолынан ішкім келмеген-ді. Ол: «Ей, Әбу Сағид! Адамдардың мен жайлы айтқан сөздерінен жіпті талға байлап, асылып қалғым келеді. Ей, Әбу Сағид!.. Сен Аллаһ елшісінің ﷺ хадистері бойынша ең білгір адам емессің бе? Аллаһ елшісі ﷺ: «Ол кәпір», — деген жоқ па? Ал мен мұсылманмын. Аллаһ елшісі ﷺ: «Ол тұқымсыз, баласы болмайды», — деген жоқ па? Ал мен Мәдинада баламды қалдырдым. Аллаһ елшісі ﷺ: «Мәдина мен Меккеге кірмейді», — деген жоқ па? Ал мен Меккеге баруды қалап, Мәдинадан келдім ғой», — деді. Мен оған сеніп қалуға сәл қалдым. Сосын ол: «Аллаһтен ант етейін! Мен Дәжжалдың кім екенін, әке-шешесінің кім екенін және оның қазір қайда екенін

де білемін», — деді. Мен: «Қалған күндерде қараң батсын», — дедім. Одан біреулер: «Саған Дәжжал болған ұнай ма?» — деп сұрағанда, ол: «Егер ұсынылса, жек көрмес едім», — деп жауап беретін», — дейді (Мұслим).

Ибн Сайяд мәселесі ғұламаларға ауыр тиеді. Олардың кейбірі жоғарыдағы келтірілген хадистерге байланысты оны «Дәжжал» десе, кейбірі оны «Дәжжал емес» дейді. «Дәжжал емес» дегендер дәлел ретінде келесі хадисті келтіреді.

Фатима биһт Қайс (Аллаһ оған разы болсын) былай деп әңгімелейді: «Аллаһ елшісі (ﷺ) жаршысының: «Жамиғат намазы!» — деп жар салғанын естіп, мешітке шықтым. Ер кісілердің артындағы әйелдер қатарында тұрып, Аллаһ елшісіне (ﷺ) ұйып намаз оқыдым. Аллаһ елшісі (ﷺ) намазын аяқтаған соң мінберге шығып отырды да, күлімсіреп: «**Әркім намаз оқыған жерінде қалсын**», — деп айтты да: «**Мен сендерді не үшін жинағанымды білесіңдер ме?**» — деді. (Сахабалар): «Аллаһ және елшісі жақсы біледі!» — деп жауап берді. Сонда: «**Мен сендерді бір нәрсемен қуанту яки қорқыту үшін шақырған жоқпын. Дегенмен жинаған себебім — Тәммим әд-Дари деген христиан кісі маған келіп (мұсылман болуға) ант беріп, Исламды қабылдады. Ол маған сендерге Мәсих Дәжжал жайлы айтып жүргендеріме сәйкес келетін бір оқиғаны әңгімелеп берді. (Тәммим) маған мынадай әңгіме айтып берді: Олар Лахм және Жузам<sup>1</sup> деген елді мекеннен отыз адам болып кемемен шыққан. Бір ай бойы теңіз дауылына тап болады. Сосын теңізде күн батуға таяғанда бір аралға жағалайды. Кемедегі қайықтарға мініп, аралға түседі. Олар (аралда) түгінің қалыңдығынан алды-арты білінбейтін бір жүндес жануарды кездестіреді. Олар: «Сорың құрғыр! Сен несің?», — дейді. Ол: «Мен — тыңшымын», — дейді. Олар: «Тыңшы деген не?» — дейді. Ол: «Ей, адамдар! Ғибадатханадағы мына бір кісіге барыңдар. Ол сендердің хабарларыңды сағынып отыр», —**

<sup>1</sup> Шам жерінде.

**деді», — дейді.** (Тәميم әд-Дари әңгімені жалғастырып): «Ол кісіні атаған кезде біз шайтан болар деп қорықтық. Сосын жылдам барып, ғибадатханаға кірдік. Қарасақ, онда біз бұрынсоңды көрмеген бір алып кісі бар екен. Екі қолы мойнымен біріктіріліп, тізелері мен тобықтарының арасы темірмен құрсалып, мықтап байланған. Біз: «Сорың құрғыр! Сен кімсің?» — дедік. Ол: «Менің жайымды ести жатарсыңдар. Әуелі өздерің кімсіңдер, соны айтыңдар», — деді. «Біз — арабтар арасындағы бір елміз. Кемемен теңізге шықтық. Бізді теңіз бір ай бойы дауылмен алып жүрді. Сосын сенің осы аралыңды жағаладық. Қайыққа мініп аралға кірдік. Түгінің қалыңдығынан алды-арты білінбейтін бір жүндес жануар кездестірдік. «Сорың құрғыр! Сен несің?» — дедік. Ол: «Мен — тыңшымын», — деді. «Тыңшы деген не?» — дедік. Ол: «Ғибадатханадағы мына бір кісіге барыңдар. Ол сендердің хабарларыңды сағынып отыр», — деді. Сөйтіп, саған асығып келдік. Шайтан болуынан қорықтық», — деп айттық. (Әлгі кісі): «Маған Баисанның<sup>1</sup> құрмалары жайлы айтып беріңдер», — деді. «Оның несін сұрайсың?» — дедік. «Оның құрмалары жайлы сұрап тұрмын, жеміс беріп жатыр ма?» — деді. «Иә», — дедік. «Дегенмен олар жеміс бермеудің алдында тұр», — деді. Сосын ол: «Маған Табария көлі жайлы айтыңдар», — деді. «Оның несін сұрайсың?» — дедік. «Онда су бар ма?» — деді. «Суы мол», — дедік. «Оның суы құрудың алдында тұр», — деді. Сосын: «Зағардың<sup>2</sup> бұлағы жайлы айтыңдар», — деді. «Оның несін сұрайсың?» — дедік. «Бұлақта су бар ма? Оның суымен ондағылар егін салып жатыр ма?» — деді. «Иә, оның суы мол, онымен адамдар егін салып жатыр», — дедік. Сосын ол: «Маған сауатсыздардың пайғамбары жайлы, оның не істегенін айтыңдар», — деді. «Ол Меккеден шығып, қазір Ясрибте<sup>3</sup> тұрып жатыр», — дедік. «Арабтар онымен соғысты ма?» — деді. «Иә», — дедік. «Ол не істеді?» — деді. Біз оның арабтарды жеңіп, олардың оған бағынғанын айттық.

<sup>1</sup> Йорданиядағы қала атауы.

<sup>2</sup> Құдыс қаласынан үш күншілік шалғайдағы Сасық көлдің атырабындағы жер.

<sup>3</sup> Мединаның ескі атауы.

Ол: «Солай болды ма?» — деді. «Иә», — дедік. Ол: «Олар үшін оған бағыну қайырлы. Енді өзім жайлы айтып берейін: Мен — Мәсіхтын. Мен шығуыма рұқсат берілудің алдында тұрмын. Сосын шығамын да, жер бетін шарлаймын. Қырық күннің ішінде тоқтамаған жерім қалмайды. Тек Мекке мен Тайибадан<sup>1</sup> басқа, ол екеуі де маған харам қылынған. Олардың қайсыбіріне кіруді қаласам, қолына жалаңдаған қылыш ұстаған періште қарсы тұрып, мені одан қайтарады. Расында, олардың әр тарапында қорғаушы періштелер бар», — деп айтты», — деді».

(Фатима бинт Қайс): «Сонда Аллаһ елшісі (ﷺ) мінберді асасымен тұртіп: «**Бұл — Тайиба!**» — деп үш рет айтты. Сосын: «**Сендерге осы жайлы айтқан емес пе едім?**» — деді. Адамдар: «Иә», — деді. Сосын (Пайғамбар (ﷺ)): «**Тәмимнің әңгімесі сендерге айтып жүрген әңгімеме және Мәдина мен Мекке туралы (айтқаныма) сай келгеніне сүйсіндім. Ол Шам теңізінде емес пе? Немесе Йемен теңізінде емес пе? Жоқ! Керісінше, шығыс жақта, шығыс жақта, шығыс жақта**», — деп шығысты нұсқады», — дейді (Муслим).

Абдуллаһ ибн Омар (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): «Пайғамбар (ﷺ) қайтыс болғаннан кейін, арада біраз уақыт өткенде Ибн Сайяд байи бастады. Тіпті ең бай-дәулетті, балашағалы адамдардың біріне айналды», — деген.

Ибн Сайяд өмірінің соңғы шағында барлық балалары дүние салып, тұяқсыз қалады. Адамдардың оған деген күдік-күмәндары арта түседі. Арада біршама уақыт өткен соң, умәуилер кезінде Мәдина халқы мен Хажжаж ибн Юсуф әс-Сақафидың арасында Харра шайқасы болады. Ибн Сайяд мәдиналықтармен бірге осы жорыққа қатысады. Бірақ ол осы шайқаста ізім-ғайым жоғалып, өлілердің де тірілердің де арасынан табылмайды.

Ибн Сайяд мәселесін қорыта келіп, шейхул-ислам Ибн Тәймиянын (Аллаһ оған рақмет етсін) сөзін келтірейік. Ол: «Ибн Сайяд мәселесі кейбір сахабаларға қиындық тудырды.

<sup>1</sup> Мәдинаның атауларының бірі.

Сөйтіп, оны «Дәжжал» деп ойлады. Пайғамбар (ﷺ) да оның Дәжжал еместігі анықталғанға дейін кесіп ештеңе айтпады. Шын мәнінде, ол шайтандарға қатысы бар көріпкелдерден еді. Сол үшін оған сұрақтар қойып сынаған», — деген.

#### ғ) Дәжжалдың шығатын жері

Дәжжал шығыстағы Хорасан аумағындағы Асбаһан<sup>1</sup> деген қаланың яһудия деген ауданынан шығады.

Жоғарыда келген Фатима бинт Қайстың (Аллаһ оған разы болсын) хадисінде: «**Керісінше, шығыс жақта**», — делінген.

Әбу Бәкір (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ): «**Дәжжал Хорасан деп аталатын шығыс жерінен шығады**», — деген (өт-Тирмизи).

Әнәс (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): «**Дәжжал Асбаһанның яһудия деген жерінен шығады. Онымен бірге яһудилердің жетпіс мыңы болады**», — деп айтқан (Ахмад).

#### д) Дәжжал Мекке мен Мәдинаға кірмейді

Фатима бинт Қайс (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Дәжжал: «...**Сосын шығамын да, жер бетін шарлаймын. Қырық күннің ішінде тоқтамаған жерім қалмайды. Тек Мекке мен Тайибадан басқа, ол екеуі де маған харам қылынған. Олардың қайсыбіріне кіруді қаласам, қолына жалаңдаған қылыш ұстаған періште қарсы тұрып, мені одан қайтарады. Расында, олардың әр тарапында қорғаушы періштелер бар**», — деген.

#### е) Дәжжалға ілесетіндер

Дәжжалға ең көп ілесіп, оған жәрдем беретіндер яһудилер болады. Әнәс ибн Мәлик (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): «**Дәжжалға Асбаһан яһудилерінің**

<sup>1</sup> Қазіргі таңда Иранда Исфahan деп аталатын қала бар. Бірақ Дәжжал осы қаладан шыға ма, жоқ па, анығын Аллаһ біледі.

*үстеріне желбегей киген жетпіс мыңы ілеседі», — деген (Муслим).*

### **ж) Дәжжалдың фитнасы**

Дәжжалдың фитнасы — Аллаһ тағала Адамды (аләйһис-сәләм) жаратқаннан бергі жер бетіндегі ең үлкен фитна. Себебі Аллаһ адамдарды сынау үшін оған ерекше мүмкіндіктер берген: Аллаһ тағала оған жаннат пен тозақ берген, оның жаннаты — тозақ, тозағы — жаннат, онымен бірге ағын сулы өзендер болады. Аспанға жаңбыр жаудыруды бұйырса, жаңбыр жауады, жерге өнім шығаруды бұйырса, өнім шығады. Оның артынан жер асты қазыналары ілесіп жүреді. Сондай-ақ ол өте үлкен жылдамдықпен жол жүреді т.с.с.

Хузайфа (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): *«Дәжжал сол көзі соқыр, қалың шашты. Онымен бірге жаннат пен тозақ бар, оның тозағы — жаннат, ал жаннаты — тозақ», — деген (Муслим).*

Хузайфа (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен келесі бір хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ): *«Мен Дәжжалдың қасында не бар екенін оның өзінен жақсы білемін. Онымен бірге ағатын екі өзен бар, оның бірі — көзбен коргенде, аптақ су, ал екіншісі — жалындаған от. Қайсыларыңа ол жетсе, от болып көрінгенге барып көзін жұмсын. Сосын басын еңкейтіп, одан ішсін. Ол — салқын су», — деп айтқан (Муслим).*

Ән-Наууас ибн Самған (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ) Дәжжал туралы айтқанда, сахабалары: *«Уа, Аллаһтың елшісі! Ол жер бетінде қанша қалады?» — деп сұрайды. Сонда (Пайғамбар (ﷺ)): «Қырық күн: бір күні бір жылдай, бір күні бір айдай, ал бір күні бір аптадай болады, қалған күндері өз күндерің сияқты», — дейді. (Сахабалар): «Жердегі жылдамдығы қандай?» — дейді. (Пайғамбар (ﷺ)): «Артынан жел айдаған нөсер жаңбыр сияқты. Бір елге келіп, оларға (өзін құдаймын деп) дағуа қылады. Олар оған иман келтіріп, (дағуасын) қабылдайды. (Сөйтіп, Дәжжал олар үшін) аспанға бұйырса, жаңбыр жаудырады, жер-*

ге бұйырса, көгін шығарады, малын ұстаса семіріп, сүті көбейеді. Сосын басқа бір елге келіп, оларға дағуа қылады. Олар оның сөзін қабылдамайды. (Дәжжал) олардан кетіп қалғанда, (ол жердегі халық) қолдарында еш мал-дүниесі жоқ кедей болып қалады. (Дәжжал) қиранды жерден өтіп бара жатып: «Қазыналарыңды шығар!» — дейді. Сонда жер қазыналары оның артынан құрма ағаштары сияқты ілесіп жүреді. Сосын бір жас жігітті шақырып, оны қылышпен қақ ортасынан бөліп тастайды. Сосын ол (олікті) шақырса, (қайта тіріліп) күліп тұрған күйі келеді», — деген (Муслим).

Әбу Сағид (Аллаһ оған разы болсын) келтірген риуаятта: «Дәжжал өлтірген әлгі кісі — адамдардың ең жақсысынан немесе ең жақсы адам. Ол Дәжжалға Аллаһ елшісінің (ﷺ) қаласы Мәдинадан шығып: «Сенің бізге Аллаһ елшісі (ﷺ) ескерткен Дәжжал екендігіңе куәлік беремін!» — дейді. Дәжжал: «Егер мынаны өлтіріп, қайта тірілтсем, (күдай екеніме) құмәнданасыңдар ма?» — дейді. (Адамдар): «Жоқ!» — дейді. Сойтіп, өлтіріп, қайта тірілмеді. Сол кезде (әлгі кісі): «Аллаһпен ант етейін! Бүгін сен туралы білгенім арта түсті!» — дейді. Дәжжал оны қайта өлтірмекші бөлганымен, шамасы келмейді», — деген (әл-Бұхари).

Сонымен қатар Аллаһ тағала Дәжжалға адамдар арасында ылаң салуы үшін шайтандармен сыбайластық мүмкіндігін берген. Әбу Умәма әл-Бәһили (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте: «...Дәжжалдың фитнасының бірі — ол бір бәдәуиге: «Егер әке-шешенді тірілтсем, менің Раббың екеніме сенесің бе?» — дейді. (Әлгі кісі): «Иә», — деп жауап берсе, оның әке-шешесінің бейнесіне кірген екі шайтан оған келіп: «Балақайым, оған ілес! Расында, ол — сенің Раббың!» — деп айтады», — деген (Ибн Мәжһ).

Осындай себептермен адамдар топ-топ болып оның соңынан ереді. Ел арасына іріткі сала жүріп, Дәжжал ең соңында Мәдинаға кіруге әрекет жасайды. Мәдина халқы толқып, Дәжжалға қосылу үшін ондағы көпірлер мен мұнафиқтардың жетпіс мыңы қалалан шығып кетеді.

**ж) Дәжжалдың фитнасынан сақтану жолдары**

Дәжжал адамзат тарихында ең үлкен фитна болғандықтан, ол туралы айтпай қалған пайғамбар болмаған. Пайғамбарымыз (ﷺ): **«Қауымына Дәжжалды, бір көзі соқыр суайтты ескертпеген бірде-бір пайғамбар жіберілмеген. Оның бір көзі соқыр емес пе? Ал Раббыларыңның бір көзі соқыр емес қой?! Оның екі көзінің арасына көпір деп жазылған»**, — деген (әл-Бұхари).

Әсіресе ақырзаман үмбетінің пайғамбары Мұхаммед (ﷺ) Дәжжалдың сипаттарын атап көрсетіп, онымен кездескен адамға одан құтылу жолдарын соқырға таяқ ұстатқандай етіп үйретіп кеткен. Енді Пайғамбарымыздың (ﷺ) бізге үйреткен Дәжжалдан сақтанудың жолдарына тоқталайық:

1. Дәжжалға қарсы тұру үшін Ислам дініне бекем болып, иманмен қарулану керек. Жаратушы Аллаһ тағаланың есімдері мен сипаттары бар. Сол есім-сипаттарында Оған серіктес ешкім жоқ. Солармен таныс болу керек. Мысалы, Дәжжал ішеді, жейді, ал Аллаһ ондай сипаттардан пәк. Дәжжалдың бір көзі соқыр, ал Аллаһтың бір көзі соқыр емес. Аллаһты ешкім дүниеден көз жұмбайынша көре алмайды, ал Дәжжалды барша адамдар көреді.

2. Аллаһ тағаладан Дәжжалдың фитнасынан пана сұрау, әсіресе намазда. Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ): **«Егер біреулерің тәшаһһуд оқып болса, Аллаһтан төрт нәрседен пана сұрап: «Уа, Аллаһ! Сенен мен тозақ азабынан, қабір азабынан, өмір мен өлім сынағынан және Мәсих Дәжжалдың фитнасынан пана сұраймын»**, — деп айтсын», — деген (Муслим).

3. «Кәһф» сүресінің алғашқы он аятын жатқа білу.

Ән-Наууас ибн Самған (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): **«Кім оны көрсе, «Кәһф» (сүресінің) алғашқы аятын оқысын!»** — депті (Муслим).

Әбу Дәрдә (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): **«Кім «Кәһф» сүресінің әуелгі он аятын жаттаса, Дәжжалдан құтылады»**, — деп айтқан (Муслим).



Ғұламалардың айтуынша, мұнда бізге тарих беттерінен белгілі, имандарын, діндеріп сақтап қалу мақсатында үңгірге келіп паналаған жас жігіттердің оқиғасымен сабақтастық мағына жатыр.

4. Одан қашып, жолықпауға тырысу керек.

Имран ибн Хусайн (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): *«Кімде-кім Дәжжал жайлы естісе, одан қашсын! Аллаһпен ант етейін! Өзін мүмін санап келген кісі көңіліне ұялаған күдік-құмандары себепті оған еріп кетеді»*, — деген (Әбу Дауд, әл-Хаким).

### з) Дәжжалдың ақыры

Бізге келіп жеткен хадистерге сүйенсек, Дәжжалдың оқиғасы былайша өрбиді. Ол ныққаннан кейін қырық күнде бүкіл жер бетін өте үлкен жылдамдықпен шарлан шығады. Жүрген жерінде өзін «сұдаймып» деп үгіттеп, көп адамдарды сендірді. Тек азғана шынайы мүміндер оның фитнасынан аман қалады. Оның әскерінің басым бөлігі яһудилер болады. Мұнан соң Дәжжал Шамға бет алады. Осы кезде бәлекет Мәсихқа қарсы игі Мәсих — Мәриямұлы Иса түседі. Исаның (аләйһис-сәләм) айналасына мүміндер жиналады. Сөйтіп, Иса Дәжжалдың артынан қуып барып, оны өлтіреді. Бұл туралы келесі белгіде кеңірек айтылады.

## II белгі: Исаның (аләһһис-сәләм) жер бетіне түсуі

### а) Исаның түр-тұлғасы

Иса — орта бойлы, қызыл реңді, денелі, кең кеуделі, таралған шашы моншадан шыққандай теп-тегіс және құлағынан төмен түсіп, иығына жетіп тұратын ер кісі.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз ﷺ Исра түні пайғамбарлармен кездескенін айтқанда, Исаны сипаттап: *«Орта бойлы, қызыл шырайлы, моншадан шыққандай»*, — деген (әл-Бұхари, Муслим).

Ибн Аббас (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз ﷺ: *«Исаны, Мұсаны және Ибраһимді кордім... Ал Иса болса қызыл шырайлы, кең кеуделі, денелі екен»*, — дейді (әл-Бұхари).

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз ﷺ: *«Исаға ең ұқсас адам — Уруа ибн Масғуд әс-Сақафи<sup>1</sup>»*, — депті (Муслим).

### ә) Иса қалай түседі?

Дүниеге Дәжжал келіп жер бетінде ылаң салған соң, Аллаһ тағала көктен Исаны Дамаскідегі ақ мұнараның тұсына түсіреді. Иса түскенде мұсылмандар Дамаскіде қорғаныс шебін құрып, Дәжжал мен көпшілігін яһудилер құрайтын оның әскеріне қарсы соғысқа дайындалып жатады.

Жабир ибн Абдуллаһ (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар ﷺ: *«Үмбетімнен бір топ ақиқат үшін қияметке дейін соғыса береді. Сол кезде Мәриям ұлы Иса түседі. Олардың әмірлері: «Кел, бізге намазда имам бол!» — дейді. Ол: «Жоқ, Аллаһтың бұл үмбетке деген құрметі — сендер бір-бірлеріңе әмірсіңдер»*, — деп айтады», — деген (Муслим).

Әп-Наууас ибн Самған (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз ﷺ: *«Аллаһ Мәриямұлы Мә-*

<sup>1</sup> Пайғамбарымыздың ﷺ сахабаларының бірі.

*сихті жібергенде, ол Дамаскінің шығыс тарапындағы ақ мұнараға үстіне екі киім киген, қолдарын екі періштенің қанатына қойған халде түседі. Ол басын еңкейтсе, (су) тамшылап, көтерсе, інжудей құміске (ұқсайтын су тамшылары) төгіледі. Оның демі (мұрнына) жеткен әр кәпір жантәсілім етеді, ал оның демі көзі жетер жерге дейін тарайды. Сосын ол Дәжжалдың ізіне түседі де, оны Лудд қақпасы (деген жерде) қуып жетіп, өлтіреді. Сонан соң Иса ибн Мәриям Аллаһ (Дәжжалдың бүлігінсн) аман сақтаған адамдарға келіп, олардың беттерін сипайды және жаннаттағы дәрежелерін айтады», — деген (Мұслим).*

Бір риуаятта Пайғамбар (ﷺ): *«Оны (яғни Исаны) Аллаһтың дұшпаны (Дәжжал) көрген кезде, тұз секілді ери бастайды. Егер жайына қалдырғанда, ол жоқ болғанша еритін еді», — деген.*

#### б) Исаның түсуіне қатысты Құраптағы дәлелдер

Аллаһ тағала Иса туралы: *«Ол — қияметтің белгісі»* (Зухруф, 64); *«Негізінде, олар оны өлтірмеді де, дар ағашқа кермеді де, бірақ оларға ұқсатылды. Расында, ол жайында қайшылықтағылар, әрине, одан күдіктенуде. Олардың оған байланысты мәліметтері жоқ. Бірақ күмәннің ғана соңында. Олар оны анық өлтірмеді. Жоқ, керісінше, Аллаһ оны Өз тарапына көтерді. Аллаһ — өте Үстем, хикмет Иесі. Кітап нелері Исаға өлуінен бұрын, әлбетте, иман келтіреді. Және ол Қиямет күнінде оларға куә болады», — деген (Ниса, 157-159).*

#### в) Исаның түсуіне қатысты хадистегі дәлелдер

Әбу Нурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): *«Жаным қолында болған (Аллаһ)пен ант етейін! Сендерге Мәриямұлының түсуі жақын қалды. Ол әділ билік жүргізіп, крестерді сындырады. Шошқаларды өлтіреді, жизияны<sup>1</sup> жояды. Мал-дүние асып-тасып, оны*

<sup>1</sup> Жизия — мұсылмандардың қол астындағы басқа дін өкілдерінен алынатын жан басы салығы.

*алатын ешкім болмай қалады. Тіпті бір реттік сәжде дүние мен ондағылардан қайырлы саналады», — деген.*

Сосын Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Қаласаңдар: «Кітап иелері Исаға өлуінен бұрын, әлбетте, иман келтіреді. Және ол Қиямет күнінде оларға куә болады» (Ниса, 159), — дегенді оқыңдар», — депті (әл-Бұхари, Муслим).*

Сондай-ақ Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен келесі бір хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ): *«Араларыңа Мәриям ұлы түсіп, имамдарың өз іштеріңмен болса, қандай болады екенсіңдер?!» — деп айтқан (әл-Бұхари, Муслим).*

### г) Исаның түсуіндегі даналық

Исаның түсуі туралы ғұламалар бірнеше пікірлер айтқан:

1. Бұл «Исаны өлтірдік» деген яһудилердің сөздерін өтірікке шығару үшін. Иса пайғамбар оларды және басшылары Дәжжалды өлтіреді.

2. Иса Інжілде Ислам үмбетінін:

*«Бұл бас жарын, сосын қуаттанып, жуандап, сабағында тік тұрған егін сияқты» (Фатх, 29), — деп сипатталғанын көріп, солардың қатарында болуға дұға қылған. Аллаһ оның дұғасын қабыл етіп, тірі қалдырып, ақырзаманда Исламды қайта жаңғырту үшін түсіреді.*

3. Иса христиандардың сенімдерін жоққа шығару үшін түседі. Ол түскенде, Исламнан басқа дін қалмайды. Крестерді сындырады, шошқаларды өлтіреді және жизияны тоқтатады.

### ғ) Иса қай шариғатпен үкім жүргізеді?

Иса пайғамбарымыз Мұхаммедтің (ﷺ) жолына ілесіп, соның шариғатымен үкім жүргізеді. Ол өзімен жаңа шариғат әкелмейді. Себебі Ислам — қияметке дейін жалғасатын ең соңғы дін. Иса Ислам басшыларының бірі болып, оның ісін жаңғыртады.

### д) Иса пайғамбардың кезіндегі береке

Әп-Наууас ибн Самған (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): *«...Сосын жерге: «Жемісіңді*

*шығар, берекеңді ток», — делінеді. (Сол кездерде) бір топ адам бір анарды жеп, бұтағын көлеңке етіп отыратын болады. Сүтке береке келеді: түйенің бір сауым сүті бір тайпаға жетеді, сиырдың бір сауым сүті бір руға жетеді, ал қойдың бір сауым сүті бір әулетке жетеді», — деген (Муслим).*

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): *«...Сосын жер бетінде тыныштық болады. Түйелер арыстандармен, сиырлар жолбарыстармен, қойлар қасқырлармен жайылады. Балалар жыландармен ойнайды, ал (жыландар) оларға еш зиянын тигізбейді», — деген (Ахмад).*

Сондай-ақ Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен келесі бір хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ): *«Сендерге Мәриямныңұлы әділ басыы болып түседі. Крестерді сындырады, шошқаларды өлтіреді, жизияны жояды. Мал-дүниені жайына қалдырады, оған ешкім ұмтылмайтын болады. Дүшпандық, жекқорушілік және қызғаныш жоғалады», — деген (Муслим).*

#### **е) Исаның жер бетінде тұратын мерзімі**

Абдуллаһ ибн Амр (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): *«Аллаһ Мәриям ұлы Исаны жібереді... сосын адамдар екеудің арасында дүшпандық орын алмайтын жеті жыл тұрады. Содан кейін Аллаһ Шам жақтан суық жел жібереді де, ол жер бетіндегі жүрегінде тозаңның салмағындай жақсылық немесе иманы бар бір-де-бір адамды қалдырмай, жанын алады», — деген (Муслим).*

### III белгі: Яжуж-Мажуж

Қияметтің үлкен белгілерінің бірі — Яжуж-Мажуж. Олар Адамның (аләйһис-сәләм) ұрпағынан шығады. Сағид ибн Мусайяб (Аллаһ оған рақмет етсін): «Нұхтың (аләйһис-сәләм) үш ұлы болды. Сам, Яфис және Хам. Осы үш ұлының әрқайсысы үш ұлды болды. Самның ұлдары: араб, парсы және румдықтар, Яфистің ұлдары: түрік, славяндар және Яжуж-Мажуж, ал Хамның ұлдары: Копт, Судан және Барбар», — деген.

Сондай-ақ төмендегі хадис олардың Адам ұрпағынан екеніне дәлел болады.

Әбу Сағид әл-Худри (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етеді; Пайғамбар (ﷺ): «(Қиямет күні) Аллаһ тағала: *«Ей, Адам!» — дейді. Адам: «Ләббәй! (Қызметіңе) шатпын, жақсылық Сенің қолыңда!» — дегенде, Аллаһ тағала: «Ұрпағыңнан тозақтың өкілін шығар!» — деп бұйырады. Адам: «Тозақтың өкілі деген не?» — дейді. Раббы тағала: «Әрбір мыңнан, тоғыз жүз тоқсан тоғызы!» — дейді», — деген. (Пайғамбар (ﷺ) сөзін жалғастырып): «Сол кезде, жастың шашы ағарады. Әрбір аяғы ауыр (ұрғашы) құрсағындағыны тастайды. Адамдарды мас күйінде көресің. Алайда олар мас емес. Бірақ Аллаһтың азабы қатты», — деп айтқан. (Сахабалар): «Әлгі бірі қайсымыз?» — дейді. (Пайғамбар (ﷺ)): «Қуаныңдар! Біреу сендерден, мың Яжуж-Мажужден», — депті (әл-Бұхари).*

Хадисте нұсқалғапдай, тозаққа түсетін адамзаттың басым көпшілігін осы аталмыш адамдар құрайды.

Абдуллаһ ибн Амр (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): «Яжуж-Мажуж Адамның ұрпағынан. Егер олар адамдарға жіберілсе, өмірлерінің быт-шытын шығарады. Олардың ешқайсысы артында мыңнан астам ұрпақ қалдырмайынша өлмейді», — деген (әл-Хахим, өт-Табарани).

#### а) Яжуж-Мажуждың сипаттары

Пайғамбарымыз (ﷺ) оларды: «Жалтақ жүзді, қысық

көзді, шаштары сұр, барлық жақтан ағылып келеді, беттері терімен қапталған қалқан сияқты», — деп сипаттаған (Ахмад).

ә) Яжуж-Мажуждың шығатынына қатысты Құрандағы дәлелдер

Аллаһ тағала: «Яжуж-Мажуж ағытылып, әрбір төбеден келгенге дейін. Ол шын уәде (қиямет) таяса, сол уақытта қарсы болғандардың көздері шарасынан шығып: «Әттегей-ай! Біздің бұдан қаперсіз болғанымыз қандай өкініш! Негізінде, біз залым болған екенбіз», — деп айтады», — деген (Әнбия, 96-97).

Аллаһ тағала Құранда жер бетін шарлап, әділдік орнатып патшалық құрған Зұлқарнайынның қиссасын әңгімелей отырып: «Екі таудың арасына жеткен кезде сөзді түсіне алмайтын бір ел тапты. Олар: «Ей, Зұлқарнайын! Яжуж-Мажуж бұл жерде бұзақылық істеуде. Саған салық төлесек, олар мен біздің арамызға бір бөгет жасайсың ба?» — деп сұрады. Зұлқарнайын: «Раббымның маған бергені бек артық. Сендер маған күш көмегін көрсетіңдер, сендер мен олардың арасына бір бөгет жасайын. Маған темір тақтайлар әкеліңдер», — деп жауап береді. Екі бөгеттің арасы тенеңген кезде: «Көріктендер!» — деді. Ол от болған сәтте: «Маған еріген мыс әкеліңдер, үстіне құяйын», — деді. Сонда олар оны аса алмады да, тесе алмады... Ол (Зұлқарнайын): «Бұл Раббымнан бір мархабат Қашан Раббымның уәдесі келсе, оны жермен жексен қылады. Сондай-ақ Раббымның уәдесі хақ!» — деді. Қиямет күні оларды бір-біріне қосылған түрде қоямыз да сұр үріліп, оларды тұтас жинаймыз», — деген (Кәһф, 92-99).

б) Яжуж-Мажуждың шығатынына қатысты хадистегі дәлелдер

Зәйнәб бинт Жахш (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте бір күні Зәйнәбтың алдына Аллаһ елшісі (ﷺ) үрейленіп кіріп: «*Лә иләһә иллаллаһ! Жақын қалған пәледен*

*арабтардың соры құрысын! Яжуж-Мажуждың бөгетінен мынадай ашылды», — деп сұқ саусағымен бас бармағының ұштарын түйістіріп, домалақ шеңбер көрсеткен.*

Зәйнәб: *«Мен: «Уа, Аллаһтың елшісі! Біздің арамызда ізгілер болса да оңат боламыз ба?» — деп сұрадым. Ол (ﷺ): «Иә, егер бұзықтық кобейсе», — деп жауап берді», — деген (әл-Бұхари, Муслим).*

Ән-Наууас ибн Самған (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ): *«Аллаһ Исаға: «(Оларға) қарсы соғысқа ешкім төтеп бере алмайтын бір құлдарымды шығардым! Пенделерімді Турға алып бар!» — деп уахи етеді. Сөйтіп, Аллаһ тағала Яжуж-Мажужді жібереді. Олар әр төбеден ағылады. Олар Табария көлінен өтіп, одан ішеді. Ал олардың соңғы лектері өтіп бара жатып: «Мына жерде су болған екен», — деседі. Иса мен онымен бірге болғандар қоршауға түсіп, тіпті оларға өгіздің бір басы бүгінгі жүз алтын динардан құндырақ болады. Осыдан кейін Иса және онымен бірге болғандар дұға қыла бастайды. Сонда Аллаһ (Яжуж-Мажуждердің) желкелеріне құрт түсіреді де, бір кісі өлгендей (бәрі бір мезетте) қырылып қалады. Сосын Аллаһтың пайғамбары Иса мен оның жолдастары жерге түседі. Олар (Яжуж-Мажуждердің) мәйіттері мен сасық иістері жайламаған бір қарыс жер таппайды. Исамен бірге болғандар осы жағымсыз нәрседен арылтуын сұрап Аллаһқа дұға қылады. Аллаһ жерге түйенің мойны секілді алып құстар жібереді. Олар келіп өлекселерді көтеріп алып, ұшып отырып, Аллаһ қалаған жерге апарып тастайды», — деген (Муслим).*

Басқа риуаятта: *«...олардың соңғы лектері өтіп бара жатып: «Мына жерде су болған екен», — деседі. Құдыстағы Хамр тауына дейін барады. Сосын олар: «Біз жер бетіндегілерді өлтірдік, енді көктегіні өлтіреміз!» — деп садақтарымен көкке қарай атады. Сонда оқтардың ұштары төбеден қанға малынып түседі», — деген (Муслим).*



### в) Яжуж-Мажуж қырылғаннан кейінгі оқиғалар

Олардың олекселерін құстар алып кеткеннен кейін де жер беті сасып тұрады. Сонда мұсылмандар Аллаһқа жалбарынып, дұға қылады. Аллаһ олардың дұғасын қабыл алып, жаңбыр жаудырады. Ол жаңбыр барлық жерге жетіп, жер бетін айнадай етіп тазартады. Осылайша, жер беті Яжуж-Мажужден тазарады. Жер бетінде бейбітшілік орнап, молшылық пен береке келеді. Жан-жануар көбейіп, жерден Адамның (аләһис-сәләм) кезіндегідей түрлі дәнді дақылдар, көкөністер шығады. Иса мұсылмандарға басшылық етуімен бірге, жер бетінде тыныштық орнатады.

Әп-Наууас ибн Самған (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): *«Сосын Аллаһ одан ешбір балшық және киіз үй сау қалмайтын бір жаңбыр жібереді. Ол (жаңбыр) жерді айнадай етіп жуады. Сосын жерге: «Жемістеріңді өсір, берекеңді қайтар!» — делінеді»*, — деген (Муслим).

Келесі бір хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ): *«Тіпті бір сабақ жүзім бір топ адамдарды тойдырады»*, — деген.

Иса пайғамбар жер бетінде жеті жыл қалады. Ол кезде соғыс тоқтайды. Адамдардың барлығы иман келтіреді.

Ханзала (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Аллаһ елшісі (ﷺ) Исаның Қағбаға қажылық жасайтынын айтқан (Муслим).

Уақыт-сағаты жетіп, Аллаһтың әмірімен Иса дүниеден өтеді. Оған мұсылмандар жаназа намазын оқиды. Адамдардың баяғы бейбіт қалыптағы тіршіліктері жалғасып жатады. Алайда арада біраз уақыт өткен соң адамдар арасында қайтадан күпірлік, бұзақылық белең алады. Мүміндер азайып, көпірлердің қарасы артады.

### г) Яжуж-Мажуждің бөгеті

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ) Яжуж-Мажуждың бөгеті туралы: *«Олар күнде, тесуге жақын қалғанша қазады. Сонда бастықтары:*

**«Қайтыңдар! Ертең тесесіңдер!»** — дейді. (Бірақ) Аллаһ тағала әуелгіден де берік етіп қалпына келтіріп қояды. Мерзімдері жетіп, Аллаһ тағала оларды адамдарға жіберуді қалаған кезде бастықтары: **«Қайтыңдар! Аллаһ қаласа, ертең тесесіңдер!»** — дейді. Сөйтіп, (ертеңіне) қайтып келсе, (кеше) тастап кеткендеріндей екен. Тесіп, адамдарға шығып, суларды ішеді. Адамдар олардан **қашады»,** — деген (әт-Тирмизи).

#### IV, V, VI белгілер: Жердің ойылып түсуі

Қияметтің үлкен белгілерінің үшеуі жердің ойылып түсуі: бірі шығыста, екіншісі батыста, ал үшіншісі Араб түбегінде.

Қияметтің кіші белгілерінде жердің ойылып түсуі туралы айтқанбыз. Бірақ бұл жерде жердің ойылуы үлкен көлемде болады.

Умму Сәләмә (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): **«Менен кейін шығыста жер ойылып түседі, батыста жер ойылып түседі, Араб түбегінде жер ойылып түседі»,** — деген. (Умму Сәләмә (Аллаһ оған разы болсын)): **«Мен: «Арамызда ізгі адамдар бола тұра, жер ойылып түсе ме?» — деп едім, Аллаһ елшісі (ﷺ): «Егер (жер) тұрғындары бұзақылықты көбейтсе», — деп айтты»,** — деген (әт-Табарани).

#### VII белгі: Түтін

Қияметтің үлкен белгілерінің бірі — бүкіл жер бетін басытын түтін. Құраңда Аллаһ тағала: **«Ендеше, аспанның бір ашық түтін келтіретін күнін күт. Ол адамдарды қаптап алады. Бұл — жантүршігерлік азап»,** — деген (Дұхан, 10-11).

Әбу Мәлик әл-Ашғари (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ):

**«Шын мәнінде, Раббыларың сендерге үш нәрсені ескерткен: түтінді, ол мүмінді тұмау сияқты ұстайды, ал кәпірді**

*ұстағанда, (кәпір) құлақтарынан шыққанша ісінеді», — деген (өт-Табари, өт-Табарани).*

## VIII белгі: Күннің батыстан шығуы

Қияметтің үлкен белгілерінің бірі — күннің батыстан шығуы.

Құранда Аллаһ тағала: **«Раббыңның белгілерінің біреуі келген күні бұрыннан иман келтірмеген немесе сенімі бойынша бір қайыр істемеген біреудің иманы пайда бермейді», — деген (Әнғам, 158).**

Имам Ахмад Әбу Сағид әл-Худриден (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ) **«Раббыңның белгілерінің кейбірі келген күні біреудің иманы пайда бермейді»** деген аятқа қатысты: **«(Ол) — күннің батыстан шығуы», — деп айтқан.**

Әбу Нурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): **«Күн батыстан шықпайынша, қиямет келмейді. Егер (күн батыстан) шықса, оны адамдар көріп, барлығы иманға келеді. Ол — бұрыннан иман келтірмеген немесе сенімі бойынша бір қайыр істемеген біреудің иманы пайда бермейтін кез», — деген (әл-Бұхари, Муслим).**

## Күн батыстан шыққаннан кейін тәубе қабыл болмайды

Күн батыстан шыққаннан кейін тәубеге келу мерзімі тоқтап, мұнан кейінгі тәубе қабыл болмайды. Мүмін мүмін, кәпір кәпір күйінде қалады. Бізге тәубенің екі жағдайда қабыл болмайтындығы белгілі, оның бірі — жан алқымға келген сәтте, енді бірі — күн батыстан шыққаннан соң.

Пайғамбар (ﷺ): **«Шын мәнінде, Аллаһ пенденің тәубесін жан алқымға келгенше қабылдайды», — деген (Ахмад).**

Күн батыстан шыққан соң тіпті күнәкар мұсылманның да тәубесі қабыл болмайды. Қияметтің бұл үлкен белгісін

көргеі барша адамдар иман келтіріп, ақиқатты мойындайды. Қияметтің анық жақын екендігіне барлық адамның көзі жеткеннен кейін, өмірде «күнәлі жолмен ләззат алуға» деген күштарлық жоғалады, бойдан күш-қуат кетеді. Сол үшін де бұл кездегі тәубе қабыл етілмейді.

Пайғамбар (ﷺ): *«Тәубе қабыл болып тұрғанда һижрат тоқтамайды, ал тәубе күн батыстан шыққанға дейін қабыл болады. Егер (күн батыстан) шықса, жүрекке сол кездегісі таңбаланып, адамдардың (есебіне жазылар) амалдары тоқтайды»* (Ахмал);

*«Шын мәнінде, Аллаһ тағала тәубе үшін батыста ені жетпіс жыл қашықтықтағы есік жасады. Күн сол жақтан (батыстан) шықпайынша, ол (есік) жабылмайды. Аллаһ тағаланың: «Раббыңның белгілерінің кейбірі келген күні бұрыннан иман келтірмеген немесе сенімі бойынша бір қайыр істемеген біреудің иманы пайда бермейді», — деген сөзі осы», — деген (өт-Тирмизи).*

## IX белгі: Жануар

Қияметтің тағы бір үлкен белгісі — мүмінге «мүмін» деп, кәпірге «кәпір» деп таңба басатын жануардың шығуы.

Аллаһ тағала Құранда: *«Оларға айтылған (қиямет) бастарына келген кезде олар үшін жерден бір хайуан шығарамыз. Ол (жануар) оларға адамдардың аяттарымызға мүлде сенбейтіндіктерін айтады», — деген (Нәмл, 82).*

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): *«Үш нәрсе шықса, бұрыннан иман келтірмеген немесе сенімі бойынша бір қайыр істемеген біреудің иманы пайда бермейді. Күннің батыстан шығуы, Дәжжал және жер жануары», — деп айтқан (Муслим).*

Абдуллаһ ибн Амр (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Аллаһ елшісінен (ﷺ) бір хадис жаттадым және оны әлі күнге дейін ұмытқан жоқпын. Аллаһ елшісінің (ﷺ): «Ең бірінші бой көрсететін белгі: күннің батыстан шығуы және сәске ке-*

*зінде адамдарға жануардың шығуы. Қайсысы бірінші шықса да, екіншісі артынша шығады», — дегенін естідім», — деп риуаят еткен (Муслим).*

Әбу Умамадан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): *«Жануар шығып, адамдардың мұрындарына таңба салады. Олардың көбейгені соншалық, түйе сатып алған бір кісіден: «Кімнен сатып алдың?» — деп сұраса; «Таңбаланғандардың бірінен сатып алдым», — деп айтды», — деген (Ахмад).*

Әбу Нурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): *«Жануар шыққан кезде онымен бірге Мұсаның (аләйһис-сәләм) асатаяғы мен Сүлейменнің (аләйһис-сәләм) жүзігі болады. Кәпірдің мұрнына жүзікпен таңба салады, ал мұминнің жүзін асатаяқпен жарқыратады. Тіпті дастархандас отырған адамдардың бірі: «Ей, мұмин!» — десе, екіншісі: «Ей, кәпір!» — деп айтатын болады», — деген (Ахмад).*

Ғұламалар бұл қандай жануар екендігі және қай жерден шығатындығы туралы әртүрлі пікірлер айтқан. Олардың ішінде дұрысқа жақынырағы, ол — Салихқа (аләйһис-сәләм) берілген мұғжиза аруананын ботасы және де ол Мекке жерінен шығатын болады.

## **Х белгі: Адамдарды жинайтын от**

Қияметтің үлкен белгілерінің ең соңғысы — Йеменнен шығып, адамдарды Шамдағы дүние махшарына жинайтын от.

Абдуллаһ ибн Омар (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ): *«Қияметтен бұрын Хадрамауттан<sup>1</sup> немесе Хадрамаут теңізінен<sup>2</sup> от шығады да, адамдарды жинайды», — деген (Ахмад).*

<sup>1</sup> Йемендегі жердің атауы.

<sup>2</sup> Араб теңізі.

**а) Оттың адамдарды жинау сипаты**

Йемен жерінен шыққан бұл үлкен өрт бүкіл жер бетіне жайылып, адамдарды дүниедегі махшар жеріне жинайды. Адамдар үш түрлі жиналады:

Бірінші топ: ерікті, өз қалауымен, киімді және көлікті түрде;

Екінші топ: бір көлікке бірнеше адам кезектесіп мінген түрде;

Үшінші топ: бұл адамдарды арттарынан от айдап отырады. Олардан кім кідірсе, оны от жалмайды.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): *«Адамдар ерікті-еріксіз түрде үш топта жиналады. Екі-екіден, үш-үштен, төрт-төрттен, он-оннан түйеге мінгескен күйде, ал қалғандарын от жинайды. (От) тұскі тынығу кезінде, түнемелікте, таң атырған және кеш батырған жерлерінде олармен бірге болады»*, — деген (әл-Бұхари, Муслим).

Яғни от оларды сондарынан қалмай айдап жүреді.

**ә) Дүние махшары**

Қияметтегі махшардан бөлек дүниеде де махшар бар. Ол — Шам жері. Жер бетіндегі ең соңғы адамдардың барлығы сол жерге жиналады.

Абдуллаһ ибн Омар (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ) осы от туралы айтқанда, сахабалар: *«Уа, Аллаһтың елшісі! Бізге не бұйырасың?»* — дейді. Сонда Пайғамбар (ﷺ): *«Сендер Шамға барыңдар»*, — депті (Ахмад, өт-Тирмизи).

Келесі бір хадисте Пайғамбар (ﷺ): *«Мына жаққа жиналасыңдар, мына жаққа жиналасыңдар, мына жаққа жиналасыңдар! Көлікті, жаяу, жүздеріңмен (сүйретілген) түрде»*, — деп қолымен Шам жақты нұсқаған (Ахмад).

## V бөлім

### Қиямет-қайым

Бөлімде сүр үрілу, қайта тірілу, махшарда жиналу, Қиямет күніндегі қорқыныштар мен жағдайлар, шапағат мәселесі, әділ сот алдындағы есеп-қисап, амал дәптерлерінің таратылуы, амалдардың таразыға тартылуы, Пайғамбарымыздың (ﷺ) хауызы жәнс мәңгілік мекенге көшу оқиғаларымен танысасыздар.

### Сүр үрілу

Қүдіретті Аллаһ тағала жаратқан, көзімізге көрінетін және көрінбейтін мақлұқаттардың барлығы да бір күні өледі. Аллаһ тағала: **«Бүкіл (жер) жүзіндегілер өткінші (яғни мәңгілік емес)»** (Рахман, 26);

**«Оның дидарынан басқа әр нәрсе жоқ болады»,** — деген (Қасас, 88).

Сол күн келгенде сүр үріліп, барша мақлұқаттың жаны алынады. Дүниеде ең ақырғы болатын жағдай — осы сүр үрілуі. Бұл істі Аллаһ тағала Исрафил періптеге жүктеген. Әбу Сағид әл-Худри (Аллаһ оған разы болсын): **«Пайғамбар (ﷺ): «Қалай ләззаттанайын?.. Кернейдің иесі (Исрафил) кернейді аузына алып, маңдайын иіп, құлағын тосып үрлеуге бұйрық күтіп тұр. (Қашан бұйырылады), үрлейді»,** — деген. Сонда мүсылмандар: **«Біз не айтамыз, уа, Аллаһтың елшісі?»** — деді. Пайғамбар (ﷺ) оларға: **«Аллаһ бізге жеткілікті. Ол — өте жақсы Уәкіл. Раббымыз Аллаһқа тәуекел қылдық»,** — деп айтыңдар», — деген (әт-Тирмизи).

Исрафил (аләһһис-сәләм) үш рет сүр үреді. Бірінші үргенде, галамшардың тәртібі ауытқып, үлкен апат болады. Аллаһ тағала: **«Сонда бір рет сүр үрілген сәтте; жер мен таулар көтеріліп, соғылып күйреген сәтте, міне, сол күні қиямет уақиғасы болады. Сол күні әлсіздігінен көк жарылып босайды»,** — деген (Хакқа, 13-16).

Мұны «үрей үрілуі» (нафхатул-фазағ) деп атайды. Аллаһ тағала: **«Сүр үрілген күні, Аллаһ қалағаннан басқа, көктерде болғандар да жерде болғандар да үрейлепеді. Сопдай-ақ барлығы Аллаһтың алдына сүмірейіп келеді»,** — деген (Нәмл, 87).

Сүрдың бірінші үрілуі аяқастынан болады. Аллаһ тағала: **«Олар таласып тұрғанда, оларды қолға алатын бір ғана аңы дауыс күтіп тұрады. Сонда олар өсиет те айта алмайды, үйлеріне де қайта алмайды»,** — деген (Ясин, 49-50).

Пайғамбар (ﷺ): **«Қиямет келгенде, (сату үшін) киімдерін араларына қойып тұрған екі кісі не саудаласа алмай, не жүре алмай қалады. Қиямет келгенде, сауынының сүтін алып келген кісі оны ешкімге ішкізе алмай қалады. Қиямет келгенде, хауызын жөндеген онымен су бере алмай қалады және қиямет келгенде, тағамын аузына апарған оны жей алмай қалады»,** — деген (әл-Бұхари).

Екінші үрілуді «жығылып олу үрілуі» (нафхатус-сағк) деп атайды. Осы кезде әлемдегі жанды атаулының ішінен Аллаһ қалағанынан басқаларының барлығы өледі. Аллаһ тағала: **«Сүр үрілгенде, Аллаһтың қалағанынан басқа көктердегі жан иелері, жердегі жан иелері жығылып өледі»,** — деген (Зумәр, 68).

Абдуллаһ ибн Амр ибн Ас (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): **«Сосын сүр үріледі. Естігендердің бәрі оған құлақ салады. Оны алғаш еститін — түйелерінің хауызын сылап жүрген кісі. Ол есінен танып жығылып түседі және адамдар да есінен танып құлайды»,** — деген (Муслим).

Үшінші сүрді «қайта тірілу үрілуі» (нафхатул-бағс) деп атайды. Сол кезде барлық мақлұқат қайта тіріледі. Аллаһ тағала: **«Сосын тағы да сүр үріледі де, сонда олар тұрған бойда қарап қалады»,** — деген (Зумәр, 68).

Әуелгі екі сүрдің үрілуі дүниенің ең соңғы жағдайлары болса, үшінші сүрдің үрілуі — ақыреттің басталуы. Екінші рет сүр үріліп, барлық мақлұқаттардың өлуімен дүние бітеді<sup>1</sup>. Сөйтіп,

<sup>1</sup> Алайда бір топ ғұламалар, «сүр екі рет үріледі» деген. Олар үрей мен жығылып өлу үрілуін бір деп есептейді.



дүние мен ақыреттің арасында қырық санының астындағы бір мерзім өтеді.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): **«Екі сұр үрiлудiң арасында қырық бар»**,—деп айтқап. Сонда (адамдар): «Уа, Әбу Һурайра! Қырық күн бе?»—деп сұрайды. Ол: **«Бiлмеймiн»**,—деп жауап бередi. (Адамдар): «Қырық ай ма?»—деп сұрайды. Ол: **«Бiлмеймiн»**,—дейдi. (Адамдар): «Қырық жыл ма?»—деп сұрапты. Сонда ол тағы да: **«Бiлмеймiн»**,—деген екен (өл-Бұхари, Муслим).

## Қайта тiрiлу

Аллаһ тағала Исрафилдi (аләһнис-сәләм) тiрiлтiп, оған үшiншi рет сұр үрудi бұйырады. Содан кейiн жер жарылып, iшiнен адамдар шығады.

Абдуллаһ ибн Амр (Аллаһ әкесi екеуiне разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): **«...Сонан соң Аллаһ жаңбыр жаудырады, одан (яғни жерден) адамдардың денелерi оңiп шығады. Сосын тағы да сұр үрiлiп, (адамдар) тiк тұрып қарап тұрады»**,—деген (Муслим).

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): **«Екі сұр үрленудiң арасында қырық бар. Сонан соң көктен жаңбыр жауады, адамдар көкөнiстер сияқты өнiп шығады. Адамның тек бiр сүйегiнен басқа шiрiмеген нәрсесi қалмайды. Ол—құйымшағының ең соңғы бөлiгi. Қиямет күнi адам содан жиналады»**,—деп айтқан (өл-Бұхари, Муслим).

Бiр риуаятта: **«Адамда (яғни адам бойында) жер өзiне ешқашан сiңiрмейтiн бiр сүйек бар. Ол (яғни адам) Қиямет күнi содан құралады»**,—деген. (Сахабалар): **«Ол қай сүйек, уа, Аллаһтың елшiсi?»**—деп сұрағанда, (Аллаһ елшiсi (ﷺ)): **«Құйымшақтың соңғы бөлiгi»**,—деп жауап берiптi (Муслим).

Бұл жайт жұма күнi болады. Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): **«Күн шыққан күндердiң ең жақсысы—жұма күнi. Ол (күнi) Адам жа-**

*ратылып, жаннатқа кіргізілген және (сол күні) одан шығарылған, сондай-ақ жұма күні қиямет болады», — деген (Муслим).*

Жер жарылғанда ең алғашқы болып шығатын адам — Пайғамбарымыз (ﷺ).

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): *«Мен — Қиямет күні Адам баласының мырзасымын, қабірі ашылатын алғашқы адаммын, алғаш шапағат етуші және алғаш шапағат ету құқы берілушімін!»* — деген (Муслим).

Сондай-ақ осы жер жарылып, адамдардың қалай шығатыны жайында Құран Кәрімде: *«Ол сондай Аллаһ рақметінің (яғни жаңбырдың) алдын ала желдерді қуантушы етіп жібереді. Ауыр бұлттарды көтерген бойда өлі бір елге жіберіп, сонда ол арқылы жаңбыр жаудырып, сонымен әртүрлі жемістерді шығарамыз. Осылайша, оліктерді де тірілтеміз. Әрине, үгіттенерсіңдер»,* — деп баяндалған (Аграф, 57).

Сонда адамдар қабірлерінен түрегеледі. Олар өзара: *«Әттеген-ай, бізді жатқан жерімізден кім тұрғызды?»* — деседі. (Оларға) *«Бұл — Мейірімді Аллаһтың уәдесі. Пайғамбарлар да шын айтқан»,* — (делінеді)» (Ясин, 52).

## Барша мақлұқаттың бір жерге жиналуы

Аллаһ тағала Қиямет күнін «жиналу күні» деп атап, Өзінің кітабында: *«Ол — адамдардың жиналатын күні. Сондай-ақ ол — өзір болатын бір күн»,* — деген (Һуд, 103).

Бұл орында әуелгілер мен кейінгілердің барлығы жиналатынын сипаттап: *«Сөзсіз, бұрынғылар да соңғылар да, әлбетте, мәлім күнде белгілі орынға жиналады»,* — деп айт», — деген (Уақиға, 49-50).

Жаратылыс бастау алғаннан бері дүниеге келген әрбір мақлұқ махшарға келеді. Яғни ол мақлұқ ғарышта өлсе де, жердің ең шұқыр жеріне түсіп кетсе де, жыртқыш аң-құс жесе де, теңізге батып өлсе де (қайда болса да), махшарға келтірі-

леді. Аллаһ оны қайта тірілтуге Қүдіретті. Бұл жайлы Аллаһ тағала: **«Қайда болсаңдар да, Аллаһ барлығыңды бір орынға келтіреді. Күдіксіз, Аллаһтың әр нәрсеге құдіреті жетеді»**, — деген (Бақара, 148).

Сонымен қатар Аллаһ тағала олардың ешбірін ұмытпайды әрі таба алмай да қалмайды. Өйткені Құранда: **«Көктер мен жердегі әркім Аллаһқа ғана құл болып келеді. Расында, Аллаһ оларды түгендеп бір-бірлеп санын біледі. Сондай-ақ олардың барлығы Оған жеке-жеке келеді»** (Мәриям, 93-95);

**«Және де олардан (яғни адам баласынан) ешкімді тастамай жинаймыз»**, — делінген (Кәһф, 47).

Жоғарыда келген аяттардан Аллаһ тағаланың адамдар, жын-дар, періштелер мен жануарлар санатындағы барша мақлұқтар-ды жинайтынын ұғамыз. Сондай-ақ жануарларға қатысты томен-дегі аяттарда да: **«Жан-жануарлар жиналған сәтте»** (Тәкуир, 5);

**«Жердегі жүрген жәндік және қанатымен ұшқан құс — сендер сияқты топтықтар<sup>1</sup>. Жазуда еш нәрседен кенде етпе-дік. Сонан соң олар Раббыларының алдына жиналады»**, — деп айтылған (Әнғам, 38).

## Адамдардың жиналу сипаты

Адамдар махшарға жалаңаш, жалаңаяқ, сүндеттелмеген күйде жиналады. Ибн Аббас (Аллаһ әкесі екеуіне разы бол-сын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): **«Расында, сен-дер (сол күні) жалаңаяқ, жалаңаш, сүндеттелмеген халде жиналасыңдар»**, — деп: **«Әуел бастағыдай қайта жаратамыз. Бұл — Бізге бір міндет. Шынында, Біз орындаймыз»** (Әнбия, 104), — деген аятты оқыған.

Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын) бұл сөзді естіген кезде: **«Уа, Аллаһтың елшісі! Еркек-әйелдің барлығы (сол кез-де) бір-біріне қарайды ма?»** — деп сұрайды. Сонда Пайғамбар (ﷺ): **«Ей, Айша! (ол кездегі) жағдай олардың бір-біріне**

<sup>1</sup> Яғни жаратылуда, коректенуде, өмір сүруде және өлімде т.б.

**қарауларынан ауырырақ болады»,** — деп жауап берген екен (әл-Бұхари, Муслим).

Кейбір хадистерде әрбір адам өлген кездегі киімімен қайта тіріледі деген хабар бар. Әбу Сағид әл-Худри (Аллаһ оған разы болсын) өлім үстінде жатқанда, жаңа киім алдырып киіп: **«Мен Аллаһ елшісінің: «Мәйіт өлген кездегі киімінде қайта тіріледі», — дегенін естігенмін»,** — депті (Әбу Дауд, Ибн Хиббан).

Алайда кейбір гүламалар: **«Ақыреттегі киіну — өлген кездегі киімде немесе кебінде қайта тіріледі дегені емес, бәлкім, өлген кездегі иманына байланысты киінеді»,** — дейді.

## Адамдардың киіндірілуі

Адамдар жалаңаш, жалаңаяқ, сүндеттелмеген халде қайта тірілгеннен кейін дәрежелеріне қарай киіндіріледі. Ізгілерге жақсы киім бұйырса, күнәкарлар жаман киім киеді.

Ибн Аббас (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): **«Адамдардан Қиямет күні ең алғаш киіндірілетіні — Ибраһим Халил»,** — деген (әл-Бұхари).

## Қияметтегі махшар

Махшар жері дегеніміз — дүниедегі емес, қияметтегі басқа жер. Аллаһ тағала: **«Ол күні жер басқа жерге, көктер де басқаға ауыстырылады. Әлем Жалғыз, Өктем Аллаһтың құзырына шығады»,** — деген (Ибраһим, 48).

Сәһл ибн Сағд (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): **«Қиямет күні адамдар аптақ, қызғылт, жап-жаңа, ешкім аяқ баспаған жерге жиналады»,** — деп айтқан (әл-Бұхари, Муслим).

## Қиямет күнінің қорқыныштары

Бұл күннің қорқынышты екенін мына нәрселерден аңғарамыз:

**Бірінші:** Аллаһ тағала бұл күнді Өзінің кітабында «Ұлы күн», «Ауыр күн» және «Өте ауыр күн» деп сипаттап:

«Олар ұлы күн үшін қайта тірілетіндіктерін ойламай ма? Ол күні адамдар бүкіл әлемнің Раббысының алдында тұрады» (Мутаффиғун, 4-6);

«Расында, олар тез өтетін дүннені жақсы көріп, ауыр күнді арттарына тастайды» (Исәан, 27);

«Міне, сол күн — өте ауыр күн. Негізінен, қарсы келушілерге қиын», — деген (Муддасир, 9-10).

**Екінші:** Аллаһ тағала ол күні барлық пенделердің қорқып тұратынын: «Ей, Адам баласы! Раббыларыңнан қорқыңдар! Расында, қияметтің сілкінісі — үлкен нәрсе. Ол күні әр емізушінің емізгенін ұмытқанын және әрбір буаз жәндіктің іш тастағанын көресің. Адамдарды мас халінде көресің. Негізінде, олар мас емес. Бірақ Аллаһтың азабы қатты», — деп бейнелеген (Хаж, 1-2).

Ол күннің қорқынышынан адамның көзі шарасынан шығып, кірпік қақпай, оңға да, солға да қарай алмайды. Қатты қорыққанынан жүрегі боп-бос болып ештеңе түсінбей қалады. Аллаһ тағала: «(Ей, Мұхаммед!) Аллаһ залымдардың істегендерінен қаперсіз деп әсте ойлама! Шынында, Аллаһ оларды көздер шарасынан шығатын бір күнге дейін кешеуілдетеді. (Сол күні) олар бастарын қақштып, олардың көздері өздеріне де қайырылмай және жүректері ұшып, жүгіріп бара жатады», — деген (Ибраһим, 42-43).

Ол күннің қорқынышынан жүректер жұтқыншаққа келсді. Аллаһ тағала: «(Ей, Мұхаммед!) Оларға жақындаған Қиямет күнін ескерт. Сол уақытта жүректер жұтқыншаққа келіп, қайғыға толы болады. Залымдарға дос та, өзіне бағынылатын шапағатшы да жоқ», — деген (Ғафыр, 18).

Ол күні күнә істемеген сәбидің шапы ағарып кетеді. Құранда: «Егер қарсы келсендер, балалардың да шашын ағартатын күннен қайтіп сақтанасындар? Ол күннің зардабынан көк жарылады, Аллаһтың уәдесі орындалады», — делінген (Музәммил, 17-18).

**Үшінші:** Қиямет күні туысқандық байланыс жоғалады. Аллаһ тағала: «Қашан сүр үрілсе, сол күні олардың араларында туыстық (байланыс) жоғалып, бір-бірін сұраспайды», — деп айтқан (Муминун, 101).

Ол күні әркім өз ісімен әлек, бір-біріне карамайды. Тіпті ең сүйікті адамынан қашады. Аллаһ тағала: «Ал енді қатты дауыс келген сәтте, сол күні кісі бауырынан қашады: шешесінен, әкесінен, әйелінен және балаларынан (қашады). Ол күні әркімнің өзіне жетерлік ісі бар» (Абаса, 33-37);

«Ей, адамдар! Раббыларыңнан қорқындар және әкенің балаға себі тимейтін, сондай-ақ баланың да әкеге себі тимейтін күннен қорқындар! Күдіксіз Аллаһтың уәдесі хақ» (Лұқман, 33);

«Біреу үшін ешкімнің қайыры тимейтін және одан шапағат қабыл етілмейтін, ешкімнен де өтеу алынбайтын және оларға жәрдем де етілмейтін бір күннен қорқындар!» — деген (Бақара, 48).

**Төртінші:** Бұл күннің азабынан құтылу үшін кәпірлер қолдарында болған нәрсенің барлығын да беруге, тіпті бүкіл жер беті соныкі болса, соны да беруге әзір тұрады. Бұл жайлы Аллаһ тағала: «Өзіне зұлымдық істеген әркім жер жүзіндегі нәрселер өзінікі болса да (мүмкіндік берілсе күнәсіне берілген азапқа), төлемге берер еді. Сондай-ақ олар (өздерінің барлығына түскен) азапты көргенде, өкініштерін іштерінде жасырады...», — деген (Юнус, 54).

Тіптен қолында бүкіл жер бетіндегі нәрселер екі есе болса да беруге әзір тұрады. Аллаһ тағала: «Оған бағынбағандар егер біртұтас жер жүзіндегі нәрселер және онымен бірге тағы сондай нәрселер олардікі болса да (өздерін құтқару үшін), төлеуге берер еді. Міне, солар үшін есептің жаманы болады», — деп айтқан (Рағд, 18).

Тіпті оның қолында жер жүзі тола алтын болса да беруге дайын. Аллаһ тағала:

«Негізінен, қарсы келіп, кәпір күйінде өлгендер, олардың әрбіреуі жер жүзі толы алтын төлесе де, өсте қабыл етілмей-

ді. Міне, солар үшін күйзелтуші азап бар. Сондай-ақ оларға ешбір жәрдемші жоқ», — деген (Әлі Ибраһ, 91).

Әнәс ибн Мәлик (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): **«Қиямет күні көпірден: «Егер сенде жер беті тола алтын болса, (азаптан құтылу үшін) төлер ме едің?» — деп сұралса: «Иә», — дейді. Оған: «Сенен бұдан гөрі жеңіл нәрсе сұралған еді ғой», — делінді»**, — деген (әл-Бұхари).

Ол күні көпір азаптан құтылу үшін ең қадірлі адамын өз орнына тозаққа жіберуді қалайды. Аллаһ тағала:

**«Күнәкар ол күннің азабынан (құтылу үшін) ұлдарын, жұбайы мен бауырын, өзіне баспана берген туыстарын және жердегілердің барлығын беріп, сонаң соң өзі құтылып кеткісі келеді. Жоқ (жағдай олардың ойлағанындай емес)! Шын мәнінде, ол (яғни тозақ) — бастың терісін жұлып алушы от»** — деген (Мағариж, 11-16).

**Бесінші:** Ол күннің ұзақ мерзімге ұласатындығы оның қорқынышты күн екенін аңғартады. Аллаһ тағала: **«Ол жоғарғы орынға періштелер мен Жәбірейіл мөлшері елу мың жылдық бір күнде шығады. (Ей, Мұхаммед!) Енді көркем сабырмен сабыр ет. Олар қияметті ұзақ көреді. Ал Біз оны жақын көреміз»**, — деген (Мағариж, 4-7).

Ол күннің ұзақтығынан адамдар дүниеде күндіздің бір бөлігіндей ғана тұрдық деп ойлайды. Аллаһ тағала: **«Оларды жинайтын күні, (дүниеде) күндіз бір-ақ сағат тұрғандай болады»** (Юнус, 45);

**«Олар қияметті көрген күні, дүниеде бір кеш немесе бір сәске тұрғандай ойлайды»** (Назигат, 46);

**«Олар араларында: «Дүниеде он-ақ тәулік тұрдық», — деп сыбырласады. Олардың не айтқандарын жақсы білеміз. Олардың ең туралары: «Дүниеде бір-ақ күн тұрдыңдар», — дейді»**, — деген (Таһа, 103-104).

Біздің бұл дүние-тіршілігіміз білген жанға бар-жоғы бір тұтам ғана уақыт. Олай дейтініміз, Құранда: **«Аллаһ оларға: «Сендер жер жүзінде қанша жыл тұрдыңдар?» — дейді.**

Олар: «Бір күн немесе одан аз уақыт тұрдық. Санаушылардан сұра», — дейді. «Егер білген болсаңдар аз ғана-ақ тұрдыңдар», — дейді», — деп баяндалады (Мумипун, 112-114).

### Қиямет күні болатын жағдайлар

Аллаһ тағала Қиямет күні дүниедегі жер, тау, аспан, жұлдыздар, күн мен ай басқаша көрініс табатынын хабарлаған.

**Бірінші:** Аллаһ тағала:

«Олар Аллаһты, шын мәнінде, бағалай алмады. Негізінде, Қиямет күні жер бүтіндей Оның уысында және көктер де оң қолымен бүктеледі» (Зумөр, 67);

«Ол күнде көкті кітаптың бетін бүктегендей бүктейміз де, әуел бастағыдай қайта жаратамыз. Бұл—бізге бір міндет. Шынында, біз орындаймыз» (Әнбия, 104), — деп жерді уысына алып, аспанды бүктейтінін білдіреді.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): «Аллаһ Қиямет күні жерді уысына алды. Аспанды оң қолымен бүктеп тұрып: «Мен — Патшамын! Жердің патшалары қайда?» — деп айтады», — деген (әл-Бұхари, Муслим).

**Екінші:** Құран Кәрімде Аллаһ тағала: «Сонда бір рет сүр үрілген сәтте жер мен таулар көтеріліп, соғылып күйреген сәтте, міне, сол күні қиямет уақиғасы болады. Сол күні әлсіздіктен көк жарылып, босайды» (Хаққа, 13-16);

«Тіпті олай емес. Жер соғылысып, быт-шыт болған сәтте» (Фәжр, 21), — деп жер мен таулар соқтығысып, быт-шыт болатынынан хабар береді.

Дүниедегі мызғымас, үлкен-үлкен тасты таулар құмға айналады. Аллаһ тағала: «Сол күні жер мен таулар қозғалады да, таулар құм болып жиналады», — деген (Музәммил, 14).

Таулардың жүп сияқты күйге ұшырайтынын бейнелеп:

«Таулар жүндей болады» (Мағариж, 9);

«Таулар түтілген жүндей болады», — деген (Қариа, 5).

Аллаһ тағала жерден тауларды алып тастап, теп-тегіс



ететінін, онда бір қыр не төмпешік қалмайтынын: «Таулар жүргізілген сәтте» (Төкуир, 3);

«Таулар жүргізіліп, сағым болады» (Нәба, 20);

«Таулар (күм секілді) шашылғанда» (Мурсәләт, 10);

«Қиямет күні тауларды жүргіземіз де, жердің жан-жазық екенін көресің. Және де адам баласын; олардан ешкімді тастамай жинаймыз» (Кәһф, 47);

«(Ей, Мұхаммед!) Олар сенен таулар туралы сұрайды. Сонда оларға: «Раббым күм секілді шашып жібереді», — де. Оны теп-тегіс жазық қылады. Сен онда ешбір қия не төбе көрмейсің», — деп жеткізеді (Таһа, 105-107).

Үшінші: Аллаһ тағала: «Теңіздер тасыған сәтте» (Инфитар, 3);

«Теңіздер қайнатылған сәтте» (Төкуир, 6), — деп теңіздердің тасып, қайнайтынын баяндайды.

Төртінші: Аллаһ тағала: «Ол күні аспан қатты теңселеді» (Тур, 9);

«Көк қақыраған сәтте» (Инфитар, 1);

«Аспан жарылған сәтте» (Иншиқак, 1);

«Солкүші көк жарылып, босайды» (Хаққа, 16), — деп аспанның теңселіп, қақырайтынын ескертеді.

Сол кезде аспанның көгілдір түсі басқа түске ауысады. Бірде қызыл, бірде сары, бірде жасыл, бірде көк болады. Аллаһ тағала: «Көк жарылып майша еріп, гүлдей түрлі түс берген кезде», — деген (Рахман, 37).

Бесінші: Аллаһ тағала: «Күн бүктелген сәтте» (Төкуир, 1);

«Қашан көз шағылысқан, ай тұтылған (кезде)» (Қиямет, 7-8);

«Жұлдыздар солып, шашылған сәтте» (Төкуир, 2);

«Жұлдыздар төгілген сәтте» (Инфитар, 2), — деп күннің бүктеліп, айдың тұтылып, жұлдыздардың солып, шашылатынын көрсетеді.

## Адамдардың Қиямет күніндегі жағдайы

Қиямет күні пенделердің жағдайы дүниедегі иманды, имансыздығына қарай әртүрлі болады. Адамдардың қияметтегі

жағдайын: көпірлердің, күнәкар мұсылмандардың және ізгі тақуалардың жағдайы деп үшке бөлуге болады.

### **а) Көпірлердің жағдайы**

**Бірінші:** Аллаһ тағала олардың қабірден қор болып, көздері төмен қарап, сүмпиіп, өздеріне қасірет айтып тұратынын: «Сол күнде олар қабірлерінен тез шығып, тігулі көмбеге жүгіргендей жүгіреді. Олардың көздері төмен қарап, өздерін қорлық басады. Міне, бұл — оларға уәде етілген күн» (Мағариж, 43-44);

«(Ей, Мұхаммед!) Ендеше, олардан бет бұр. Шақырушы жаман бір іске шақырған күні олар қабірлерінен көздерін сүлмнтіп, таралған шегірткеге ұқсап шығады. Шақырушы жаққа жүгірген көпірлер: «Бұл ауыр күн», — дейді» (Қамар, 6-8);

«Сұр үрілсе, сонда олар қабірлерінен Раббыларына жүгіреді. «Өттеген-ай! Бізді жатқан жерімізден кім тұрғызды екен?», — дейді», — деп хабарлайды (Ясин, 51-52).

Сондай-ақ бастарына түскен тауқыметтен көпірлердің көздері шарасынан шығып, кірпіктерін қақпай, оң-солына қарай алмай, жүректері боп-бос болып, ештеңе ұқпай қалатыны жайлы:

«(Ей, Мұхаммед!) Аллаһ залымдардың істегендерінен қаперсіз деп әсте ойлама! Шынында, Аллаһ оларды көздері шарасынан шығатын бір күнге дейін кешеуілдетеді. (Сол күні) олар бастарын қақштып, олардың көздері өздеріне де қайырылмай және жүректері ұшып, жүгіріп бара жатады», — деп құлағдар етеді (Ибраһим, 42-43).

Көпірлердің жүректері жұтқыншаққа келетінін баяндап:

«(Ей, Мұхаммед!) Оларға жақындаған Қиямет күнін ескерт. Сол уақытта жүректер жұтқыншаққа келіп, қайғыға толы болады», — деген (Ғафыр, 18).

Сонымен қатар олардың шынжырларға маталып, адам жаны төзгісіз жаман нәрселермен киіндірілетінін: «Сол күні күнәкарлардың шынжырларға маталғанын көресің. Олардың көйлектері қара майдан болады да, олардың беттерін от шалады», — деп корсеткен (Ибраһим, 49-50).

Кәпірлердің үстеріне күн бір милдей жақындатылып, олар терілеріне батып тұрады.

Әл-Микдад ибн әл-Асуад (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): **«Қиямет күні күн мақлуқтарға бір миль шамасында жақындатылады»**, — деп айтқан. Осы хадисті риуаят етушілердің бірі Сәлим ибн Амр: «Аллаһпен ант етейін! «Милдің» не мағынада екенін білмеймін. Жер қашықтығы ма, әлде көзге жағылатын миль ме?...» — деген. Күннің ыстығынан адамдар терге малшынады. Пайғамбар (ﷺ) сөзін жалғастырып: **«Адамдар амалдарына сай терге батып тұрады. Кейбіреулердің тері тобығына дейін болса, енді біреулердің тізесіне дейін жетеді және кейбірінің беліне дейін көтерілсе, енді бірінің тері аузына дейін жетіп, оған ауыздық сияқты кигізіледі»**, — деген. Әл-Микдад ибн әл-Асуад (Аллаһ оған разы болсын): **«Аллаһ елшісі (ﷺ) аузын көрсетті»**, — дейді (Муслим).

Ибн Омардан (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) риуаят етілген хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ) **«Ол күні адамдар әлемдердің Раббысы үшін тұрады»** (Мутаффифун, 6) деген аятқа қатысты: **«Олардың бірі өз (яғни өзінен аққан) терінде құлақтарының жартысына дейін батып тұрады»**, — деп айтқан (әл-Бұхари, Муслим).

Аллаһ тағала кәпірлер алдарында тұрған азапты көргенде, қайғыға түсетіні туралы хабар берген. Сол үшін де ол күн «қайғы күні» деп аталған. Аллаһ тағала: **«(Ей, Мұхаммед!) Өздері сенбей бейғамдықта болғандарға іс бітіп кететін қайғы күнін ескерт»**, — деген (Мәриям, 39).

Аллаһ тағала кәпірлер өкінгеннен қолдарын шайнайтынын баяндап: **«Ол күні әр залым өз қолын шайнап: «Әттеген-ай! Пайғамбармен бірге жол тұтқан болсам еді!» — дейді. «Маған нендей өкініш! Әттең! Пәленшені дос етіп алмағанымда еді!» — (деп өкінеді)»**, — деген (Фурқан, 27-28).

Аллаһ тағала кәпірлердің күнәлары кешірілмейтініне көздері жетіп, Өзінің мейірімінен күдер үзетіндерін: **«Қиямет болған күні күнәкарлар күдер үзеді»**, — деп сипаттайды (Рум, 12).

Аллаһ тағала көпірлердің сол күні топырақ болып кетуді армандайтынын: **«Көпір: «Әттеп! Топырақ болғанымда ғой еді!» — дейді»,** — деп хабарлайды (Нәбә, 40).

**Екінші:** Көпірлердің игі амалдары зая кетеді.

Көпірлердің амалдары екіге бөлінеді:

1) Бұзақы күнә істері. Аллаһ тағала бұл істерді бірін-бірі қаптаған қаранғылықтарға теңеп: **«Немесе олардың мысалы: терең теңіздегі қараңғылық тәрізді. Толқын үстіне толқын, оның үстін бұлт қаптаған қараңғылықтар бір-бірінің үстінде. Кісі қолын шығарса, оны көре алмайды. Аллаһ нұрын бермегеннің нұры болмайды»,** — деген (Нұр, 40).

2) Садақа беру, туыстық қарым-қатынасты сақтау, игі істерге қаражат жұмсау т.б. амалдары. Аллаһ тағала көпірлердің игі амалдарын бір аятта сағымға ұқсатып: **«Сондай көпірлердің істері, шөлдегі сағым сияқты. Шөлдеген кісі оны су деп ойлайды. Ақыр оған барған сәтте еш нәрсе таба алмайды. Жанында Аллаһты табады. Ол онын есебін толық көреді. Аллаһтың есебі жылдам»** (Нұр, 39), — десе, бір аятта егістікті құртып кеткен суық желге теңеп: **«Олардың бұл дүние тіршілігінде қылған қайырларының мысалы өзіне зұлымдық істеген елдің егініне тиіп жоқ еткен суық боран тәрізді. Оларға Аллаһ зұлымдық етпеді. Бірақ олар өздеріне зұлымдық етті»,** — деген (Әлі Имран, 117).

Бұл аятта суық боран егіске тиіп, жоқ еткені сияқты ширкпен күпірлік те игі амалдарды жоқ етеді деген мағына бар.

Келесі бір аятта көпірлердің жақсы амалдарын боран ұшырып әкеткен күлге теңеп: **«Сондай-ақ Раббыларына көпір болғандарға тән амалдардың мысалы боранды күнде жел ұшырған күл сияқты. Еңбектерінен ешбір пайда көре алмайды. Міне, осы ұзақ қаңғырыс!»** — деген (Ибраһим, 18).

Сөйтіп, Аллаһ тағала көпірлердің игі амалдарын тозаңға айналдырып, желге ұшырады. Аллаһ тағала: **«Олар қандай бір іс істеген болса, рас, оны қолға алып, шашылған тозаңға айналдырамыз»,** — деп айтқан (Фурқан, 23).

«Сауапты іспен айналысып жүрміз» дейтіндер үшін бұл күтпеген жағдай болады.

**Үшінші:** Тозақтықтардың айтысуы.

Дүниеде бір-бірімен дос көпірлер тозаққа кіретіндеріне көздері жеткен кезде өзара айтыса бастайды. Себебі олардың достықтары Аллаһ үшін емес еді. Аллаһ тағала олардың дүниедегі достықтары Қиямет күні дұшпандыққа айналатынын хабарлап: **«Сол күні тақуалардан басқа достар бір-біріне дұшпан болады»**, — деген (Зухруф, 67).

Ол күні тозақтар бір-бірімен айтысады: Аллаһтан өзге құлшылық етілгендер өздеріне құлшылық еткендермен, көсемдер өздеріне ілескендермен, әлсіздер күштілерімен, кісі шайтанымен және өз дене мүшелерімен айтысады.

1. Аллаһтан өзге құлшылық етілгендер мен оларға құлшылық еткендер арасындағы айтыс туралы Аллаһ тағала: **«Азғындарға тозақ көрсетіледі. Оларға: «Құлшылық еткендерің қайда? Аллаһтан өзгелер сендерге жәрдем ете ме? Яки өздеріне жәрдем ете ала ма?»** — делінеді. Құлшылық етілгендер де, азғындар да, жаппай Ібілістің әскерлері де тозаққа етпегінен құлатылады. Олар онда: **«Аллаһқа серт! Расында, біз сендерді әлемдердің Раббысына теңестіргенімізде анық адасуда болыппыз ғой! Бізді күнәкарлар ғана адастырған екен»**, — деп айтады», — деген (Шүғара, 91-99).

Бұл — Аллаһтан өзгеге табынғандардың жалған құдайларына айтқандары және оларға адасушылықпен табынғандарын кеш мойындап, өкінгендерінен айтқан сөздері.

Ал құлшылық етілген ізгі кісі немесе періште болса ол өзіне құлшылық етілгенге разы болмай, олардан бойын аулақ салады. Негізінде, көпірлер періштелерге емес, жындарға құлшылық етеді. Бұл жөнінде Аллаһ тағала: **«Ол күні Аллаһ оларды тұтас жинайды. Сосын періштелерге: «Осылар сендерге табынушы ма еді?»** — деп сұрайды. (Періштелер): **«Сен Пәксің! Біздің иеміз олар емес, Сенсің! Керісінпе, олар жынға табынатын еді. Олардың көбі соларға сенуші еді»**, — деп айтады», — деп баяндаған (Сәба, 40-41).

Мәриямұлы Исаға (аләйһис-сәләм) құлшылық етілгені жайлы Аллаһ тағала: «(Қиямет күні) Аллаһ: «Ей, Мәрнәмұлы Иса! Адамдарға: «Мені мен анамды Аллаһтан басқа екі құдай етіп алындар», — деп сен айттың ба?» — дейді. (Иса): «Сен пәксің (Раббым)! Өзіме тиісті болмаған нәрсені айту маған лайық емес. Егер айтқан болсам, Сен оны анық білер едің. Сондай-ақ Сен менің ішімдегі (сырды) білесің де, ал мен Сендегіні білмеймін. Расында, Сен — гайыптарды Білушісің. Оларға: «Менің Раббым әрі сендердің Раббыларың Аллаһқа құлшылық етіндер!» — деп Сен өзіме бұйырғанды ғана айттым», — дейді», — деген<sup>1</sup> (Мәида, 116-117).

2. Көсемдер мен оларға ілескендердің арасындағы айтыс туралы Аллаһ тағала: «Шын мәнінде, бұл — бір үрейлі дауыс. Сонда олар қарап қалады. «Әттеген-ай! Бұл есеп күні екен ғой!» — деседі. «Бұл — сендер өтірікке шығарған билік күні! Жппандар! Ол залымдарды да, сыбайластарын да және олардын Аллаһтан өзге табынғандарын да. Оларға тозақтың жолын көрсетіндер! Оларды төктатындар! Өйткені олар сұраққа тартылады», — (делінеді). Оларға: «Бір-бірлеріңе неге болыспайсындар?» — (делінеді). Әрпне, бүгін олар еріксіз бойсұнғандар. Олар бір-біріне қарсы сұрақ қойысады. (Олар көсемдеріне): «Сендер бізге оң жақтан келуші едіңдер», — дейді. Олар: «Олай емес! Өздерің сенбеуші едіңдер. Өйткені сендерге бір өктемдігіміз жоқ еді. Әрине, өздерің азғын ел едіңдер. Раббымыздың бізге деген сөзі шынға шықты. Біз, расында, (азаптын) дәмін татамыз. Сонда сендерді аздырған едік. Рас, өзіміз де азғын едік», — дейді. Ал рас, олар сол күні азапқа ортақ болады. Сөз жоқ! Күнәкарларға осылай істейміз. Расында, олар: «Аллаһтан басқа ешбір құдай жоқ» деп айтылған кезде тәкаппарланған еді», — деген (Саффат, 19-35).

3. Әлсіздер мен пансынғандар арасындағы айтыс туралы Аллаһ тағала: «Барлығы Аллаһтың құзырына шығып, сонда әлсіздері пансынғандарына: «Біз сендерге ерген едік.

---

<sup>1</sup> Осы мағынадағы келесі аяттарды да қараңыз: Нахл, 86-87, Юнус, 28-30.

Ал енді сендер бізден Аллаһтың азабынан бір нәрсе кетіре аласындар ма?» — дейді. Олар: «Егер Аллаһ бізді оңғарған болса еді, әрне, біз де сендерді оңғарар едік. Енді біз бай-байласақ та, шыдасақ та бәрібір. Құтылар жеріміз жоқ!» — дейді» (Ибраһим, 21);

«Сол уақытта олар тозақта керіседі. Әлсіздері паңсынғандарына: «Расында, біз сендерге ерген едік. Ал енді сендер бізден оттың бір бөлігін кетіре аласындар ма?» — дейді. Паңсынғандар: «Расында, бәріміз тозақтамыз. Күдіксіз Аллаһ құлдарының арасына үкім беріп қойған», — дейді» (Ғафыр, 47-48);

«Ол залымдарды, Раббыларының құзырында тұрғызылып, бір-бірлеріне сөз қайтарып тұрғанда бір көрсен: әлсіздер паңсынғандарға: «Сендер болмағанда біз иман келтіретін едік», — дейді. Паңсынғандар әлсіздерге: «Өздеріңе тура жол келгенде, сендерге біз бөгет болдық па? Керісінше, өздерің күнәкар едіңдер», — дейді. Әлсіздер паңсынғандарға: «Күндіз-түні қулықпен Аллаһқа қарсы келуімізді, Оған теңеулер жасауымызды өмір етуші едіңдер», — деп айтады. Сондай-ақ азапты көрген кезде ішінен өкінеді: қарсы келгендердің мойындарына бұғаулар жасадық. Оларға істегендерінің ғана жазасы беріледі», — деген<sup>1</sup> (Сәбә, 31-33).

4) Кәпір мен шайтанның арасындағы айтыс-тартыс туралы Аллаһ тағала: «Жанындағы (періште): «Міне, мендегі (амал дәптері) дайын», — дейді. «Бүкіл қасарысқан кәпірді тозаққа салыңдар. Жақсылыққа тыйым салушыны, шектен шығушы мен күмәнданушыны. Бұлар сондай Аллаһпен бірге құдай жасап алған. Енді оны қатты азапқа салыңдар!» — (делінеді). Оның сыбайласы (шайтан): «Раббым! Оны мен азғырмадым. Дегенмен өзі де ұзақ адасуда еді», — дейді. (Аллаһ): «Менің алдымда тартыспандар. Сендерге алдын ала уәдені білдірген едім. Менің алдымда сөз ауыстырылмайды. Сондай-ақ құлдарға әділетсіздік істемеймін», — дейді», — деген (Қаф, 23-29).

<sup>1</sup> Осы мағынадағы келесі аяттарды да қараңыз: Сад, 55-64, Анкабут, 12-13

5) Кәпір адам мен оның дене мүшелері арасындағы айтыс туралы Аллаһ тағала: «Сол күні Аллаһтың дұшпандары тозаққа айдалуға жиналып, сонда олар алды-артын тосады. Ақыры олар Оған барған кезде оларға құлақтары, көздері және терілері олардың не істегеніне айғақ болады. Олар терілеріне: «Не үшін бізге куә болдыңдар?» — дейді. (Терілері): «Барлық нәрсені сөйлеткен Аллаһ бізді де сөйлетті. Ол сендерді алғаш рет жаратқан және сол жаққа қайтарыласыңдар», — деп жауап береді», — деген (Фуссилат, 19-21).

Бұл жағдай кәпір өзінің тозаққа түсетініне анық көзі жеткенде қарсы шығып, күнәкар болғанын мойындамайтын кезінде көріпеді. Кәпір өзіне қарсы періштелер, пайғамбарлар мен ізгі адамдар куәлік берсе де, істеген күнәларын мойындамайды. Сонда Аллаһ тағала оның аузын жауып, дене мүшелерін сөйлетеді.

Әбу Нурайра мен Әбу Сағид әл-Худри (Аллаһ ол екеуіне разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): «*Пенде Раббысына жолыққанда, Аллаһ (пендеге): «Сені құрметтемедім бе? Басшы қылмадым ба? Үйлендірмедім бе? Саған жылқы мен түйені бағындырмадым ба? Басқарып, олжаның төрттен бірін алуға мүмкіндік берген жоқпын ба?» — дейді. (Пенде): «Иә, уа, Раббым!» — дейді. Аллаһ (пендеге): «Менімен кездесетініңді білдің бе?» — дейді. (Пенде): «Жоқ», — дейді. «Сен Мені ұмытқандай, Мен де сені ұмытамын», — делінеді де, ол (тозаққа) тасталады. Сосын екінші (пендемен) жолығады да, оған: «Сені құрметтемедім бе? Басшы қылмадым ба? Үйлендірмедім бе? Саған жылқы мен түйені бағындырмадым ба? Басқарып, олжаның төрттен бірін алуға мүмкіндік берген жоқпын ба?» — дейді. (Пенде): «Иә, уа, Раббым!» — дейді. Аллаһ (пендеге): «Менімен кездесетініңді білдің бе?» — дейді. (Пенде): «Жоқ», — дейді. «Сен Мені ұмытқандай, Мен де сені ұмытамын», — делінеді де, ол да (тозаққа) тасталады. Сосын үшінші (пендемен) жолығады да, оған да дәл солай айтылғанда: «Саған, Кітабыңа, елшіңе иман келтірдім,*



намаз оқыдым, ораза ұстадым, садақа бердім», — деп шамасы келгенше жақсылықтарды айтады. (Аллаһ): «Саған қарсы (куәлік беретін) куәгерімізді жіберейін бе?» — дейді. Сонда (пенде) өзінше: «Маған қарсы кім куәлік береді екен?», — деп ойлайды. Сонда оның ауызы бекітіліп, оның сан жамбасына, етіне, сүйегіне: «Сөйлеңдер!» — делінеді. Сонда оның сан жамбасы, ауызы, сүйектері оны отірікке шығару үшін не істегенін айтады. Бұл — мұнафиқ! Міне, осыған Аллаһ ашуланады!» — деген (Муслим).

Әнәс ибн Мәлик (Аллаһ оған разы болсын): «Бірде Аллаһ елшісінің (ﷺ) алдында болғанымызда, ол күлді де: «Неге күлгенімді білесіңдер ме?» — деп сұрады. «Аллаһ және Оның елшісі жақсы біледі!» — дедік. Сонда ол: «Раббысы мен пенденің арасында болатын әңгімеге (күлдім). (Пенде): «Раббым! Мені зұлымдықтан қорғаған жоқсың ба?» — дейді. (Аллаһ): «Иә», — дейді. (Пенде): «Сол үшін менен куә болмайынша, жазалануға конбеймін», — дейді. (Аллаһ): «Ардақты жазушылар куәлікте жеткілікті болғандай, сенің өзіңде де бүгін куәлар жеткілікті», — деп, оның ауызы бекітіліп, дене мүшелеріне: «Сөйлеңдер!» — делінеді де, (дене мүшелері) оның амалдары жайлы сөйлейді. Сосын оған қайта сөйлеуге мүмкіндік беріледі де, ол (пенде дене мүшелеріне): «Құрып кетіңдер! Жоғалыңдар! Мен сендер үшін тырысып жатсам!» — деп айтады», — деп айтты», — деген (Муслим).

б) Дене мен рух арасындағы айтыс туралы Абдуллаһ ибн Аббас (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): «Қиямет күні адамдар арасында дау-дамай рух пен тәннің дауласуына дейін жалғасады. Рух тәнге: «(Жамандықтарды) сен істедің», — дейді. Ал тән рухқа: «Маған әмір берген сенсің», — деп айтады. Сонда оларға төрелік етуге Аллаһ бір періштені жібереді. (Төрелік етуге жіберілген періште ол екеуіне): «Расында, сендердің жағдайларың мүгедек пен соқырдың жағдайындай. Ол екеуі бір баққа кіреді. Мүгедек (ағаш бұтақтарындағы) жемістерді көріп, соқырға: «Мен жемістерді көріп тұрмын, бірақ оған шыға алмаймын», — дегенде, соқыр: «Бері кел! Менің үстіме шық!» —

дейді де, соқыр келіп мүгедекті көтеріп, екеуі жемістерді жинайды. Періште (рух пен тәнге осы мысалды айтып): «Енді екеуінің қайсысы жазалану керек?» — деп сұрағанда, олар: «Екеуі де», — деп жауап береді. Періште оларға: «Сендер өздеріңе үкім шығардыңдар!» — дейді. Яғни тән рухқа көлік сияқты», — деген (Ибн Кәсір).

7) Сол кезде көпірлер өздеріне ашуланады. Ол туралы Аллаһ тағала: «**Расында, сондай қарсы болғандарға: «Аллаһтың ашуы сендердің өз ашуларыңнан зорырақ. Өйткені сендер нманға шақырылған кезде қарсы болдыңдар», — деп дыбысталады», — деп айтқан (Ғафыр, 10).**

Сол сияқты өздеріне дүниеде дос болғандарға ашуланып, оларға қарсы дұға қылып, Аллаһтан оларға азапты күшейтуін сұрайды. Ол жайлы Аллаһ тағала: «**Олардың беттері от ішінде аударылатын күні: «Өттең! Бізге не болды? Аллаһқа бойсұнып, Елшісіне көнген болсақ еді», — дейді. «Раббымыз! Басшыларымызға, үлкендерімізге бойсұнып та бізді солар адастырды. Раббымыз! Оларға азаптан екі есе бер. Және оларды мархабатыңнан мүлде аулақ қыл!» — дейді», — деген (Ахзаб, 66-68).**

Өздерін адастырғандарға ашуланатыны соншалық, аяқтарымен таптау үшін Аллаһтан оларды көрсетуді сұрайды. Ол жайлы Аллаһ тағала:

«**Қарсы болғандар: «Раббымыз! Жыннан да адамдардан да бізді адастырғандарды көрсет! Оларды табандарымыздың астына салайық. Ең төмендегілерден болсын!» — дейді», — деген (Фуссилат, 29).**

Сойтіп, көпірлердің барлығы тозаққа кірген кезде бірін-бірі қарғап, азаптарының артуын тілеп, бақырып-шақырып жатады. Бұл жайында Құран Кәрімде: «(Аллаһ):

«**Сендерден бұрынғы өткен тозақтағы жын және адамдар тобының ішіне кіріңдер!» — дейді. Әр топ тозаққа кірген сәтте өз туысын (алдындағы жолдасын) қарғайды. Барлығы онда жиналғанда, артқылары алдыңғыларына: «Раббымыз! Осылар бізді адастырған. Сондықтан оларға тозақ отынан екі есе**

азап бер!» — деп айтады. (Аллаһ): «Әркімге екі есе азап бар. Бірақ сендер білмейсіндер», — дейді», — делінген (Аграф, 38).

### ә) Күнәкар мұсылмандардың жағдайы

Мұсылмандардың кейбіреулері істеген кейбір күнәлары үшін қиыншылық көреді. Ол күнәлар:

#### Бірінші: Парыз етілген зекетті бермеу

Аллаһ тағала пенделеріне жүктеген бес парыздың бірі — зекет. Кім оны орындамаса, қияметте азабын тартады. Зекетін бермеген мал-дүниесі өзіне жылан болып келеді.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): *«Аллаһ мал-дәулет берген (адам) оның зекетін бермесе, (мал-дүниесі) Қиямет күні өзіне жылан болып келеді. Ол (жыланның) екі көзінің үстінде екі қара нүкте болады. Ол (жылан) Қиямет күні оған оралып: «Мен — сенің мал-дүниеңмін, қазынаңмын!» — дейді», — деп: «Аллаһтың кеңшілігінен өздеріне берген нәрселеріне сараңдық істегендер оны өздеріне қайырлы деп ойламасын, керісінше, ол өздеріне кесірлі. Олардың сараңдық қылған нәрселері, Қиямет күні өздерінің мойындарына оралады»* (Әлі Иман, 180), — деген аятты оқыған (әл-Бұхари).

Сондай-ақ оны мал-дүниесі тантайды. Егер мал-дүниесі алтын-күмістен болса, отпен қыздырылған кесектер жапсырылады. Ал егер түйе, сиыр, қой сияқты мал болса, сол мал келіп езгілейді. Ол жайлы Аллаһ тағала: «(Ей, Мұхаммед!) Сондай алтын, күмісті жиып, оны Аллаһ жолында жұмсамағандарды күйзелтуші азаппен сүйіншіле. Қиямет күнінде олар тозақ отында қыздырылып, онымен олардың мандайлары, қабырғалары және арқалары таңбаланып: «Мынау — өздерің үшін жнғандарың. Ал енді жнғандарыңның дәмін татыңдар» (делінеді)», — деген (Тәубе, 34-35).

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): *«Әрбір алтын-күмістің иесі, (алтын-күмісінің) ақысын бермесе, Қиямет күні оған отпен қыздырылған кесектер жапсырылады. Және тозақ отын-*

да қыздырылып, онымен жамбасы, маңдайы, арқасы үтіктеледі. Олар (үтіктелген жері) қашан салқындаса, қайта үтіктеледі. Ол мөлшері елу мың жыл болған күні (Аллаһ) пенделеріне үкім бергенге дейін (осылай жалғасады). Сосын жолын көріп, жаннатқа не тозаққа (жіберіледі)», — деп жауап берген.

Сонда (сахабалар): «Уа, Аллаһтың елшісі! Түйе ше?» — деп сұрайды. Сонда (Пайғамбар ﷺ): «Түйе иесі одан ақысын бермесе, оған Қиямет күні ең кең бір тегіс жер жайылады да, ол жерге (дүниеде иемденген түйелері) бір ботасы да қалып қоймай түгелдей жиналады. Сөйтіп, (сол түйелер) оны тұяқтарымен таптап, ауыздарымен шайнайды. Соңғы түйе өтіп болған соң, ең әуелгісі қайтадан қайтарылады. Ол мөлшері елу мың жыл болған күні (Аллаһ) пенделеріне үкім бергенге дейін (осылай жалғасады). Сосын жолын көріп, жаннатқа немесе тозаққа (жіберіледі)», — деді.

Сонда (сахабалар): «Уа, Аллаһтың елшісі! Сиыр мен қой ше?» — деп сұрайды. Сонда (Пайғамбар ﷺ):

«Сиыр мен қой иесі одан ақысын бермесе, оған Қиямет күні тегіс бір жер жайылады да, ол жерге (дүниеде иемденген сиырлары мен қойлары) біреуі де қалып қоймастан түгелдей жиналады. Олардың ішінде бірде-бір мүйізсізі болмайды. Олар (иесін) мүйіздерімен сүзіп, тұяқтарымен таптайды. Соңғысы өтіп болған соң, ең әуелгісі қайтадан қайтарылады. Ол мөлшері елу мың жыл болған күні (Аллаһ) пенделеріне үкім бергенге дейін (осылай жалғасады). Сосын жолын көріп, жаннатқа не тозаққа (жіберіледі)», — депті (Мусльим).

### Екінші: Тәкаппарлық

Аллаһтың шариғатына менменсіп, өркөкіректік танытуға, тәкаппарлануға тыйым салынған. Аллаһ тағала тәкаппарларды жек көреді. Қиямет күні тәкаппарларды қорланған халдерінде тірілтеді.

Пайғамбар ﷺ: «Қиямет күні тәкаппарлар, адам бейне-

*сіндегі шымал тәрізді (күйде) жиналады. Оларды әрбір мекеннен қорлық басады», — деген (өт-Тирмизи).*

**Үшінші:** Қиямет күні Аллаһ оны істегендерге тіл қатпайтын әрі назар салмайтын күнөлар

Аллаһ тағала кейбір күнөларды істеген адамдарға Қиямет күні тіл қатпайтыны әрі оларға назар да салмайтыны жайында хабар берген. Олар:

1) Аллаһтың кітаптарында түсірген нәрсесін жасыратындар. Олар туралы Аллаһ тағала: **«Сондай-ақ Аллаһ түсірген Кітаптан жасырып, оны аз ақшаға айырбастағандар, солар қарындарына отты ғана жейді. Қиямет күні Аллаһ олармен сөйлеспейді де, оларды ақтамайды және оларға күйзелтуші азап бар», — деген (Бақара, 174).**

Әбу Нурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): **«Кімде-кім бір нәрсе туралы сұралып, оны жасырса, Қиямет күні тозақтың ауыздықтарымен ауыздықталады», — деген (Әбу Дауд, өт-Тирмизи және Ибн Мәжһә).**

2) Аллаһтың атымен ант ішіп, жалған сөйлейтіндер. Олар жайлы Аллаһ тағала: **«Негізінен, сондай Аллаһқа берген серттері мен анттарын аз ақшаға айырбастағандар, міне, солардың ақыретте бір үлесі жоқ. Қиямет күні Аллаһ олармен сөйлеспейді де, оларға қарамайды әрі оларды тазартпайды. Сондай-ақ олар үшін күйзелтуші азап бар», — деп айтқан (Әлі Имран, 77).**

3) Мақтан үшін киімді тобықтан төмен түсіріп (исбәл) жүретін, жалған ант ішіп затын сататын, істеген жақсылығын міндетсінетін, өз пайдасы үшін патшаға ант беретін, артық суын мұқтаждарға бермейтін адам, зина жасаған шал, өтірікші патша, тәкаппар кедей, ата-анасына қарсы келген бала, еркекшора әйел, әйелін қызғанбайтып еркек т.б.

Әбу Зарр (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): **«Аллаһ тағала үш (түрлі адаммен) сөйлеспейді, оларға Қиямет күні назар да салмайды және оларды тазартпайды, сондай-ақ оларға ауыр азап бар», —**

деген. (Әбу Зарр): *«Уа, Аллаһтың елшісі! Зиянға ұшырап, қор болған олар кімдер?» — деп сұрадым», —* дейді. Аллаһ елшісі (ﷺ) сөзін үш рет қайталап: *«Кімді тобықтан томен түсіріп жүретін адам, өтірік ант ішіп, затын сататын адам және (жақсылығын) міндетсінетін адам», —* деп жауап беріпті (Муслим).

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ): *«Қиямет күні Аллаһ ұш (түрлі адаммен) сөйлеспейді, оларға назар да салмайды және оларды тазартпайды, сондай-ақ оларға ауыр азап бар. (Олар): артық суын жолаушыға бермеген адам, асп (уақытынан) кейін тауарына жалған ант ішкен адам және патшаға ант берген адам, егер (патша мал-дүние) берсе, (антына) адал болады да, бермесе — адал болмайды», —* деген (Әбу Дауд, өт-Тирмизи және Ахмад).

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен келесі бір хадисте Пайғамбар (ﷺ): *«Қиямет күні Аллаһ ұш (түрлі адаммен) сөйлеспейді, оларға назар да салмайды. (Олар): тауарын (қымбатқа откізу) үшін өзіне (алымсақ) берген (ақшадан) көбірек ұсынылғанын айтып жалған ант ішкен кісі, бір мұсылман адамның мал-дүниесін жырып қалу үшін асп (уақытынан) кейін жалған ант ішкен кісі және артық суын (мұқтаждарға) бермеген кісі. Аллаһ Қиямет күні (ондай адамға): «Өз қолыңмен таппаған (нәрсеннен біреулерді) қайтарғаның сияқты бүгін сені Өз кеңшілігімнен тосамын», — деп айтады», —* деген (әл-Бұхари).

Сондай-ақ Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен үшінші бір хадисте Пайғамбар (ﷺ): *«Қиямет күні Аллаһ тағала ұш (түрлі адаммен) сөйлеспейді, оларды тазартпайды және оларға назар да салмайды, сондай-ақ оларға ауыр азап бар: зина жасаған шал, өтірікші патша және тәкаппар кедей», —* деп айтқан (Муслим, ән-Нәсәи).

Абдуллаһ ибн Амр (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ): *«Қиямет күні Аллаһ ұш (түрлі адамға) назар салмайды: ата-анасына*

*қарсы келгенге, еркекшора әйелге және намыссыз (әйелін қызғанбайтын) еркекке», — деген (Ахмад, өн-Нәсәи).*

**Төртінші:** Нығметтерге бөленген бай-манаптар

Көңілдері мал-дүниеге ауып, нығметтерге шектен тыс берілгендер Қиямет күні таршылық көреді. Дүниеде үнемі тойып жүргендер ақыретте ұзақ уақыт аш болады.

Пайғамбар (ﷺ) сахабалардың біріне: *«Біздің алдымызда кекірік атуыңды тоқтат! Шын мәнінде, дүниеде үнемі тойып жүргендер Қиямет күні ұзақ (уақыт) аш болады», — деген (өт-Тирмизи, Ибн Мәжәһ).*

Сол сияқты мал-дүниесі көп адам егер оны игі жолға жұмсамаса, Қиямет күні сауабы ең аз адам болады.

Әбу Зарр (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): *«(Мал-дүниені) көбейтетіндер — Қиямет күні аз сауапқа ие болатындар. Тек Аллаһ тағала игілік беріп, ол оны оңға-солға, алды мен арқа жағына таратып, ол (байлықпен) игілік істесе ғана (олай болмайды)», — деген (әл-Бұхари, Муслим).*

**Бесінші:** Қиянатшылдар

Ибн Омар (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): *«Қиямет күні Аллаһ тағала әуелгілер мен соңғыларды жинағанда, әрбір қиянатшы үшін бір байрақ көтеріледі де: «Мынау — пәленше ұлы пәленшенің қиянаты!» — деп айтылады», — деген (Муслим).*

Әбу Сағид әл-Худри (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): *«Қиямет күні әрбір қиянатшыда бір байрақтан болады. Ол оның қиянатының шамасына (үлкендігіне) қарай көтеріледі. Ең үлкен қиянат халықтың басшысында болмай ма?!» — деген (Муслим).*

**Алтыншы:** Олжадан жымқырушы

Соғыс кезінде түскен олжа бөлінбей жатып, одап жасырын ұрлап алған адам Қиямет күні барша халықтың алдында масқара болады. Ол жайлы Аллаһ тағала: *«Ал егер кім олжаға*

қиянат істесе, Қиямет күні қиянат істеген нәрсесімен келеді. Содан соң әркімнің еңбегі толық беріледі. Сондай-ақ олар зұлымдыққа ұшырамайды», — деген (Әлі Имран, 161).

**Жетінші:** Біреудің жерін тартып алғандар

Абдуллаһ ибн Омар (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): *«Кім нақақтан (біреудің) жерінің бір бөлігін алса, Қиямет күні жердің жетінші қабатына жұтылады»*, — деген (әл-Бұхари).

**Сегізінші:** Екіжүзділер

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ): *«Қиямет күні біреулерге бір жүзде барып, енді біреулерге басқа бір жүзде келетін екіжүздіні ең жаман адамдардан көресіңдер»*, — деген (әл-Бұхари, Муслим).

Аммар ибн Ясир (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): *«Кімнің дүниеде екі жүзі болса, Қиямет күні оның тілі оттан болады»*, — дейді (Әбу Дауд).

**Тоғызыншы:** Қарамағындағылардан жасырынатын басшылар

Әбу Мәриям әл-Әзди (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ):

*«Кімде-кім мұсылмандардың бір ісіне басшы болып, сосын олардың кемтарлықтарынан, қажеттіліктерінен, кедейліктерінен, кембағалдықтарынан жасырынса, Қиямет күні Аллаһ оның кемтарлығынан, қажеттілігінен, кедейлігінен, кембағалдығынан жасырынады»*, — деген (Әбу Дауд, Ибн Мәжәһ).

**Оныншы:** Жетін тұрса да, алақан жаюшы

Абдуллаһ ибн Масғуд (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): *«Кімде-кім (мал-дүниесі) өзіне жеткілікті бола тұра, қайыр сұраса, сұраған нәрсесі Қиямет күні келіп бетін тырнайды»*, — деп айтқан. Сонда са-



хабалар: «*Уа, Аллаһтың елшісі! Оған не жеткілікті болады?*» — деп сұрайды. Сонда: «*Елу дирһам немесе соның құнындай алтын*», — депті (Әбу Дауд, өн-Нәсәи және өт-Тирмизи).

Имран ибн Хусайн (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): «(Мал-дүниесі) *жеткілікті адамның қайыр сұрауы Қиямет күні оның жүзін қарайтады*», — деген (Ахмад).

**Он бірінші:** Құбылаға қарап түкіретін адам

Хузайфа ибн әл-Яман (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): «*Кімде-кім құбылаға қарап түкірсе, Қиямет күні түкірігі екі көзінің арасында болған күйі келеді*», — дейді (Әбу Дауд, Ибн Хиббан).

**Он екінші:** Жалған түс айтатындар

Ибн Аббас (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): «*Кімде-кім түсінде көрмегенді көрдім десе, оған (Қиямет күні) арпаның екі дәнін түйіндеп байлау жүктеледі. Ол оны ешқашан істей алмайды. (Өзгелердің) естуін қаламаған адамдардың әңгімесін тыңдаған адамның құлағына еріген қорғасын құйылады. Кімде-кім (жаны бар нәрсенің) суретін салса, оған жан беруі жүктеліп, азапталады. Ол оған ешқашан жан кіргізе алмайды*», — деген (әл-Бұхари).

**б) Ізгі тақуалардың жағдайы**

**Бірінші:** қияметте адамдарды үрей билегенде, еш қорқыныш сезбейтін адамдар

Олар — Аллаһқа иман келтіріп, Оған қалтқысыз бойсұнған, осылай Аллаһ тағалаға жақын болған адамдар. Оларды періштелер күтіп алып сүйіншілейді. Олар жайлы Аллаһ тағала: «*Күдіксіз, өздеріне Бізден игілік жазылғандар, солар тозақтан аулақ болады. Олар тозақтың дыбысын да естімейді. Сондай-ақ олар жаннаттағы көңілдері қалаған нәрселерде мәңгі қалады. Оларды қорқыныштың ең зоры уайымдатпай-*

ды да оларды періштелер: «Міне, бұл — сендерге уәде етілген күн!» — деп қарсы алады», — деген (Әнбия, 101-103).

**Екінші:** Аллаһтың көлеңкесін саялайтындар

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): *«Аллаһ Өзінің саясынан басқа көлеңке болмайтын күні жеті (адамды) Өз саясында көлеңкелетеді. (Олар): әділетті басшы, Раббысының гибадатында өскен жас жігіт, жүрегі мешітке байланған кісі, Аллаһ үшін бір-бірін жақсы көріп, сол үшін бас қосып, сол үшін айырылған екі кісі, мансапты, сұлу бір әйел (зина жасауға) шақырғанда «Мен Аллаһтан қорқамын» деген кісі, садақа беріп, оны сол қолы оң қолының жұмсағанын білмейтіндей дәрежеде жасырған кісі және оңашада Аллаһты еске алып көз жасын төккен жан»*, — деген (әл-Бұхари, Муслим).

**Үшінші:** Мұсылман бауырларына көмектескендер

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): *«Кімде-кім бір мүмінді бұл дүниенің қайғы-қасіретінен айықтырса, Аллаһ оны Қиямет күнінің қайғы-қасіреттерінен айықтырады. Кімде-кім (қаржыдан) қиналып тұрған біреудің жағдайын жеңілдетсе, Аллаһ дүние және ақыретте оның (жағдайын) жеңілдетеді. Кімде-кім бір мұсылманның (айыбын) жасырса, Аллаһ дүние және ақыретте оның (айыбын) жасырады. Пенде бауырының жәрдемінде қаншалықты болса, Аллаһ ол пенденің жәрдемінде соншалықты болады»*, — деген (Муслим).

**Төртінші:** Қаражаттан қиналғандарға жәрдемдесетіндер

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ): *«Бір кісі адамдарға қарыз беретін еді және қызметкеріне: «Жағдайы нашар біреуге барсаң, оны (қарызынан) кеш. Мүмкін, Аллаһ бізді кешер», — дейтін. Сөйтін, ол Аллаһ тағалаға жолыққанда (Аллаһ) оны кешті»*, — деген (әл-Бұхари, Муслим).

**Бесінші:** Әділ билік жүргізетіндер

Абдуллаһ ибн Амр (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): *«Аллаһтың алдында үкімдерінде, отбасына және өзіне қарастыларға әділдік қылған әділеттілер Ұлы Рахманның оң жағында, Оның екі қолы да оң, нұрдан болған мінберлерде (отырады)»*, — деген (Муслим).

**Алтыншы:** Шәһидтер

Қиямет күні адамдар қорқынышқа түскенде, шәһидтер үрейленбейді.

Әл-Микдад ибн Мағдиқарб (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): *«Шәһид (болып өлгеннің) Аллаһ алдында алты қасиеті бар: оған әуелгі сәтте-ақ (яғни қаны төгілген сәтте-ақ) кешірім жасалады, жаннаттағы орны көрсетіледі, қабір азабынан қорғалады, ұлы үрейден аман қалады және басына құрмет тәжі кигізіледі. Ол (тәждің) әрбір жақұты дүние мен ондағы нәрселерден артық. Сондай-ақ хор қыздарынан жетпіс екі әйелге үйлендіріледі және өзінің отбасынан жетпіс кісіге шапағат ету құқы беріледі»*, — деген (әт-Тирмизи, Ибн Мәжәһ).

**Жетінші:** Ашуларын жеңушілер

Аллаһ тағала Кұранда ашуларын жеңушілерді жаннатқа кіретін тақуалардың қатарында сипаттап: *«Раббыларыңның кешіріміне және тақуалар үшін әзірленген, кендігі жер мен көктей жаннатқа жарысындар. Олар — кеңшілікте, таршылықта Аллаһ жолында малын сарп қылғандар. Сондай-ақ олар — ашуларын жеңушілер, адамдарға кешірім етушілер...»*, — деген (Әлі Имран, 133-134).

Муғаз ибн Жәбәл (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): *«Кімде-кім іске асыруға шамасы келе тұра, ашуын жеңсе, Қиямет күні Аллаһ оны барша халайықтың алдында қалаған хор қызын таңдап алуға шақырады»*, — деп айтқан (Әбу Дауд, әт-Тирмизи).

**Сегізінші:** Құл азат ететіндер

Аллаһ тағала: «Сонда ол кедергіні асуға тырыспады. Кедергінің не екенін қайдан білесің? Ол — құл азат ету», — деген (Бәләд, 11-13).

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): «*Кімде-кім бір мұсылман құлды азат етсе, Аллаһ (құлдың) әр мүшесі үшін оның бір мүшесін тозақтан азат етеді...*», — деген (Ахмад).

**Тоғызыншы:** Азаншылар

Муғауия ибн Әбу Суфиян (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): «*Азаншылар — Қиямет күні мойындары ең ұзын адамдар*», — дейді (Муслим).

**Оныншы:** Исламда шаштары ағарғандар (қартайғандар).

Кағб ибн Мурра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): «*Кімде-кім Исламда шашы ағарса, ол оған Қиямет күні нұр болады*», — деп айтқан (ән-Нәсәи, өт-Тирмизи).

Келесі бір хадисте: «*Кімде-кім Аллаһ жолында шашы ағарса, ол оған Қиямет күні нұр болады*», — деген (ән-Нәсәи, өт-Тирмизи және Ахмад).

**Он бірінші:** Дәрет алушылар

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ): «*Расында, үмбетім Қиямет күні дәрет алғандарының әсерінен «ғұрран-мухажжалин» деп шақырылады*», — деген (әл-Бұхари).

«Ғұрр» деген — аттың маңдайындағы қасқасы, «мухажжал» — аттың аяғындағы ақ шашасы. Яғни дәретке, намазға көңіл бөлген мұсылмандардың Қиямет күні жүздері, қол-аяқтары нұр болып жарқырайды.

## Шапағат

Осылайша, мөлшері елу мың жылға тең келетін сол бір күнде адамдардың тағдырлары қыл үстінде, мүшкіл халде Аллаһтың үкімін күтумен болады. Бұл үкімді күтуден жалыққандары сондай, тіпті олардың арасында: «Тозаққа барсақ та, есеп басталса еді...» дейтіндер де кездеседі. Мұнан кейін олар Аллаһ тағаланың есепті бастауы үшін шапағатшы болатын біреуді іздей бастайды.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте: «Пайғамбармен (ﷺ) бір қонақта отырғанымызда, оған (қойдың) жауырыны ұсынылды. Ол оны ұнататын. Сонда (Пайғамбар (ﷺ) одан) бір тістеп: «Қиямет күні мен — адамдардың мырзасымын! Оның (мырзалықтың) неде екенін білесіңдер ме? Аллаһ тағала әуелгілер мен соңғыларды бір төбенің үстіне жинайды. Назар салған адам оларды көреді, үн қатқан адам оларға естірмеді. Күн оларға жақын келеді. Адамдар уайым-қайғыдан сондай бір шамалары қалмайтындай, төзе алмайтындай дәрежеге жетеді. Сонда адамдар: «Қандай жағдайға жеткенімізді көрмейсіңдер ме? Раббыларыңа шапағат ететін біреуді қарастырмайсыңдар ма?» — деп, бір-бірлеріне: «Аталарың — Адам», — дейді.

Сөйтін, (Адамға) барып: «Ей, Адам! Сен — адамзаттың атасысың, Аллаһ сені екі қолымен жаратқан, Өз рухынан дем ұрған, періштелерге бұйырып, олар саған сәжде жасаған және Ол сені жаннатта тұрғызған. Бізге Раббыңның алдында шапағат етпейсің бе? Біздің қандай жағдайға жеткенімізді көрмейсің бе?» — дейді. Сонда ол: «Бүгін Раббым бұрын-соңды кездеспейтін түрде қатты ашуланды. Ол мені ағаштан қайтарғанда, асылық қылғанмын. Өзім... Өзім... Өзім... Менен басқаға барыңдар. Нұхқа барыңдар», — дейді.

Сосын (адамдар) Нұхқа барып: «Ей, Нұх! Сен — жер бетіндегілерге жіберілген алғашқы елшісің, Аллаһ сені шүкір етуші пенде деп атаған. Біздің қандай жағдайға жетке-

німізді көрмейсің бе? Бізге Раббыңның алдында шапағат етпейсің бе?»— дейді. Сонда ол: «Бүгін Раббым бұрын-соңды кездеспейтін түрде қатты ашуланды. Менде (қабыл болатын) бір-ақ дұға бар еді. Оны еліме қарсы дұға қылғанымда қолданып қойдым. Өзім... Өзім... Өзім... Менен басқаға барыңдар. Ибраһимге барыңдар»,— дейді. Сосын (адамдар) Ибраһимге барып: «Сен — Аллаһтың пайғамбарысың, жер бетіндегілер арасындағы досысың, бізге Раббыңның алдында шапағат ет! Біздің қандай жағдайға жеткенімізді көрмейсің бе?»— дейді. Сонда ол: «Бүгін Раббым бұрын-соңды кездеспейтін түрде қатты ашуланды. Мен үш рет жалған айтқанмын»,— деп, қауымы табынатын нұттарды сындырмақ ниетте: «Мен науқаспын» деп айтқанына, «Мұны істеген ұлкендері шығар» деген сөзіне және залым патшаның әскерлеріне әйелі Сараны «Ол қарындасым» деп айтқанын алға тартады. «Өзім... Өзім... Өзім... Менен басқаға барыңдар. Мұсаға барыңдар»,— дейді.

Сосын (адамдар) Мұсаға барып: «Сен Аллаһтың елшісісің, Ол сені адамдарға Өз елшілігі және жолдаған сөзі үшін артық қылған, бізге Раббыңның алдында шапағат ет! Біздің қандай жағдайға жеткенімізді көрмейсің бе?»— дейді. Сонда ол: «Бүгін Раббым бұрын-соңды кездеспейтін түрде қатты ашуланды. Мен өлтіруге бұйырылмаған кісіні өлтіргенмін. Өзім... Өзім... Өзім... Менен басқаға барыңдар. Исаға барыңдар»,— дейді.

(Адамдар) Исаға келіп: «Ей, Иса! Сен — Аллаһтың елшісісің, Мәриямға жолдаған сөзісің, Ол тараптан келген рухсың, адамдарға бесікте тіл қаттың, бізге Раббыңның алдында шапағат ет! Біздің қандай жағдайға жеткенімізді көрмейсің бе?»— дейді. Сонда Иса: «Бүгін Раббым бұрын-соңды кездеспейтін түрде қатты ашуланды. (Риуаят етуші үзірін айтпаған.) Өзім... Өзім... Өзім... Менен басқаға барыңдар. Мұхаммедке барыңдар»,— дейді.

Сонда (адамдар) Мұхаммедке (ﷺ) келіп: «Ей, Мұхаммед! Сен — Аллаһтың елшісісің, пайғамбарлардың соңғысысың,

Аллаһ сенің өткен және алдыңғы күнәларыңды кешірген. Бізге Раббыңның алдында шапағатшы бол. Біздің халімізді, басымызға не күн туғанын өзің көріп тұрсың», — дейді. Сонда (Пайғамбар ﷺ): «Сөйтіп, (Аллаһтың) аршысына келіп, Раббым үшін сәждеге жығыламын. Сосын Аллаһ маған менен бұрын ешкімге ашпаған түрде Өзінің мақтауларын, Өзіне арналған көркем дәріптеулерді ашады<sup>1</sup>. Сол кезде (Аллаһ тағала жауап қатып): «Ей, Мұхаммед! Басыңды көтер, сұра, тілегің қабылданады, шапағат ет, саған шапағат құқы беріледі», — дейді. Мен басымды көтеріп: «Үмбетім, уа, Раббым! Үмбетім, уа, Раббым! Үмбетім, уа, Раббым!» — деймін. Сонда (Аллаһ тағала): «Жаннаттың қақпаларының оң жақтағысынан үмбетіңнен есепке алынбайтындарды кіргіз», — деп айтады...», — деген» (әл-Бұхари, Муслим).

Осылай Пайғамбарымыздың ﷺ шапағатымен үмбетінен жетпіс мың адам есеп-қисапсыз жаннатқа кіреді. Пайғамбарымыз ﷺ Аллаһ тағаладан есепті бастауын өтінеді. Оның тілегі қабыл алынып, есеп басталады.

## Шапағаттың түрлері

Шапағат екіге бөлінеді. Қабыл етілетін шапағат пен қабыл етілмейтін шапағат. Қабылданатын шапағаттың бірнеше түрі бар.

**Бірінші:** Пайғамбарымызға ﷺ жеке ғана нәсіп болатын шапағат. Ол үшке бөлінеді:

1) Ұлы шапағат. Ол Пайғамбарымыздың ﷺ бүкіл адамзатқа есеп-қисаптын басталуы үшін жасайтын шапағаты. Ол жайлы жоғарыда келтірілді;

2) Жаннаттықтардың жаннатқа кіруіне шапағат етуі;

3) Пайғамбарымыздың ﷺ көкесі Әбу Талибке тозақтағы ең жеңіл азап берілуіне жасайтын шапағаты.

<sup>1</sup> Яғни білдіреді.

**Екінші:** Пайғамбарымыз (ﷺ) бен басқа да пайғамбарлардың, періштелердің, мүмін пенделердің шапағаты. Оның түрлері:

1) Тозаққа кіруге лайық болған, бірақ Аллаһқа серік қоспаған күнәкар мұсылмандардың тозаққа кірмеуі үшін жасалатын шапағат. Бұған жаннатқа кіретін адамдар жайлы әңгіме қозғағанымызда кеңірек тоқталамыз;

2) Тозаққа түскен күнәкар мұсылмандардың қайта шығулары үшін жасалатын шапағат;

3) Кейбір жаннаттықтардың жаннаттағы дәрежесін көтеру үшін жасалатын шапағат.

Бұл шапағаттардың қабыл болуының екі шарты бар:

— Аллаһтың шапағат етушіге рұқсат беруі. Аллаһ тағала: **«Оның құзырында өзінің рұқсатынсыз кім шапағат етеді?»** — деген (Бақара, 255).

— Шапағат етілушіге Аллаһтың разы болуы. Аллаһ тағала: **«Олар Аллаһтың разы болған кісісіне ғана шапағат ете алады»**, — деген (Әнбия, 28).

Сол үшін де Аллаһтың сүйікті пайғамбары Ибраһим (аләйһис-сәләм) өз әкесіне шапағат еткенде, одан қабыл болмайды.

Әбу Һурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): **«Қиямет күні Ибраһим әкесі Азарды кездестіреді. Азардың жүзі қарайып, шаң басқан болады. Ибраһим оған: «Маған қарсы келме деп айтпап па едім саған?» — дейді. Әкесі: «Енді бүгін саған қарсы келмеймін», — дейді. Ибраһим: «Уа, Раббым! Расында, Сен қайта тірілер күні мені қорламауға уәде бергенсің, енді алыстатылған әкемнен асқан қандай қорлық бар?»<sup>1</sup> — дейді. Аллаһ тағала: «Расында, Мен жаннатты кәпірлерге харам еткенмін», — дейді. Сосын: «Ей, Ибраһим! Екі аяғыңның астындағы не?» — делінеді. (Ибраһим) қараса,**

---

<sup>1</sup> Бұл жерде Ибраһим (аләйһис-сәләм) әкесінің Аллаһтың мейірімінен алыстатылғаны, басқаша айтқанда, мәңгілік азапта лағынетке ұшыраған түрде қалатыны өзі үшін ең ауыр қорлық деп есептеген.



**қанға бөккен қорқау жатыр екен. Оны аяқтарынан ұстап тозаққа лақтырады»,** — деген (әл-Бұхари).

Осылайша, Ибраһимнің әкесі қорқау қасқырға айналып, кәпірлік танытқаны үшін отқа тасталады. Аллаһ разы болмаса, Оның кешірім жасауы үшін тіпті пайғамбардың әкесіне ара түсуі де жеткіліксіз. Сөйтіп, Ибраһим әкесінен бойын аулақ салады.

### Есеп-қисап

Аллаһ тағала барлық мақлұқатты азаптаса да, зұлымдық саналмайды. Ссбебі барлығы— Оның меншігіндегі құлдары. Ал Патша меншігіндегіге қалағанын істейді. Бірақ Аллаһ тағала құлдарына әділ үкім жүргізеді. Сондықтан жоғары мәртебелі Жаратушы осы ұлы күндегі есеп-қисап үшін арнайы бір айнымас қағидалар бекітті. Ол қағидалар:

**Бірінші қағида:** Еш зұлымдық араласпаған толық әділдік

Қиямет күні Аллаһ тағала сауаптарды кемітпей толық береді. Тарының салмағындай болса да әділетсіздік істемейді. Бұл жайлы Аллаһ тағала: **«Сосын әркімнің еңбегі өздеріне толық беріледі және олар зұлымдыққа ұшырамайды»** (Бақара, 281);

«(Лұқман): **«Ей, ұлым! Егер хардал түйірінің салмағындай (жақсы немесе жаман амалдарың) болып, ол жартастың ішінде немесе көктерде не жерде болса, Аллаһ оны (Қиямет күні бәрібір) келтіреді. Расында, Аллаһ — аса Қырағы, бәрін Білуші»** (Лұқман, 16);

«Негізінен, Аллаһ тозақ түйірінің салмағындай да әділетсіздік етпейді» (Ниса, 40);

«(Ей, Мұхаммед! Оларға): **«Дүниенің пайдасы тым аз. Тақуалар үшін ақырет жақсы. Сендер қылдай әділетсіздікке ұшырамайсыңдар», — де»** (Ниса, 77);

«Еркектен немесе әйелден кім иман келтіруші болып, ізгі істер жасаса, міне, солар жаннатқа кіреді. Ешбір әділетсіздікке ұшырамайды» (Ниса, 124);

«Сонда кім тозақ түйірінің салмағындай жақсылық істеген болса, оның (ақыретте сауабын) көреді. Ал кім тозақ түйірінің салмағындай жамандық істесе, оның да (ақыретте жазасын) көреді», — деген (Зилзала, 7-8).

**Екінші қағида:** Ешкім өзгесің күнәсін аркаламайды, өркім тек өз күнәсіна ғана жауап береді

Ол жайлы Аллаһ тағала: «Өркімнің істегені өзіне тән. Біреудің күнәсін біреу көтермейді. Сонан соң қайтар жерлерін Раббыларың. Сонда Ол қайшылықта болған нәрселеріңді білдіреді» (Әнам, 164);

«Кім тура жолда жүрсе, шын мәнінде, өзі үшін тура жолда жүреді. Ал кім адасса, өз зиянына ғана адасады. Ешкім басқа біреудің күнәсін көтермейді. Біз бір пайғамбар жібермейінше, ешкімге азап қылмаймыз» (Исра, 15);

«Ешбір күнәкар басқаның күнәсін көтермейді. Адамзат еңбегіне қарай ғана табысқа ие болады. Сөз жоқ, еңбегінің нәтижесін жедел көреді. Содан соң оған еңбегінің бодауы толық беріледі», — деген (Нәжм, 38-41).

Алайда Аллаһ тағала бұл бекітілген қағидадан екі түрлі адамдарды тысқары қойды: жұртты адасушылыққа үндегендерді және бұрын кездеспеген бір күнә ойлап тапқандарды. Демек, егер біреу басқа біреуді адасушылыққа итермелесе, әлгі адамның жасаған күнәсі оны осыған итермелегенге де үлесті болады. Ал егер біреу бұрын болмаған бір күнәні ойлап тауып, сол күнәні басқа адамдар істесе, әлгі істеген адамдардың күнәсі ойлап тапқан адамға да барып тұрады. Аллаһ тағала мұндай адамдар жайлы Құранда: «Әрине, олар өз жүктерін де, онымен бірге басқа жүктерді де көтереді. Әлбетте, олар Қиямет күні тоқыған өтіріктері үшін сұраққа тартылады» (Анкабут, 13);

«Сөйтпін, олар Қиямет күні өз күнәларын түгелімен және надандықпен жолдан адастырғандарының күнәларынан да бір бөлігін көтереді. Байқандар! Үстіне алған нәрселері нендей жаман», — деген (Нахл, 25).

Ибн Аббас (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) жеткізген хадисте Аллаһ елшісі (ﷺ): **«Зұлымдықпен өлтірілген әрбір адам қанының бір бөлігі Адамның тұңғыш ұлына (Қабылға барады). Өйткені ол — алғаш кісі өлтірудің негізін салған (адам)»**, — деген (Ахмад).

Яғни Қиямет күніне дейін әрбір кісі өлтіруші күнәсінің бір бөлігін Қабыл арқалайды. Бұл — оның Әбілді өлтіргенінің емес, керісінше, кісі өлтіруді алғаш бастап бергенінің жазасы. Кімде-кім бір жаман істі бастап, адамдар оны араларында әдет-ғұрыпқа айналдырса, ол өз күнәсінен бөлек Қиямет күніне дейін оны істеген кісілердің де күнәларының бір бөлігін арқалайды.

**Үшінші қағида:** Адам өзінің істеген амалдарын көреді

Яғни әрбір адам өз өмірінде не істегенін жазбаша түрде көреді. Ол жайлы Аллаһ тағала: **«Сол күні әркім істеген игілігін өзін табады да, істеген жамандығының арасы мен өз арасының ұзақ қашықтықта болуын қалайды»** (Әлі Имран, 30);

**«Әр адамның қылығын мойнына қоямыз. Сондай-ақ Қиямет күні оның кітабын шығарамыз. (Кітабы) оған ашылған түрде кездеседі»** (Исра, 13);

**«Амал дәптері алдарына қойылады. Сонда күнәкарлардың одан қорыққанын көресің. Олар: «Әттеген-ай! Бізге нендей өкініш! Мына Кітапта кішкене де, үлкенді де тастамай-ақ түгендепті», — дейді. Сондай-ақ олар істегендерін дайын күйінде табады. Раббың ешкімге әділетсіздік қылмайды», — деген (Кәһф, 49).**

**Төртінші қағида:** Сауаптар еселеніп, күнәлар сол күйінше қалады

Сол күні Аллаһ тағала Өзінің пенделеріне деген жалпы мархабаты ретінде, олардың ізгі амалдары еселеніп арттырылады, ал жаман амалдары еселенбей, сол күйінше қалады. Пенденің жақсы амалдарын асырып, жаман амалдарын сол күйінде қалдыру — Жаратушының бізге деген теңдессіз кеңшілігі мен

жомарттығынан туған игілік. Ол жайлы Аллаһ тағала: «Егер Аллаһқа көркем қарыз берсеңдер<sup>1</sup>, оны сендер үшін бірнеше есе арттырады», — деген (Тағабун, 17).

Ізгі амалдар кемінде он есе арттырылады. Аллаһ тағала: «Кім бір жақсылықпен келсе, оған сондай он есе бар», — деген (Әнғам, 160).

Ал күнә істердің сол күйінше қалатыны жайлы: «Ал біреу бір жамандық істесе, сол (жамандығындай) ғана жаза беріледі де, олар зұлымдыққа ұшырамайды», — деген (Әнғам, 160).

Әбу Зарр (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етеді; Пайғамбар (ﷺ) күдси хадисте<sup>2</sup>: «*Бір жақсылықты он есе немесе одан да арттырамын. Бір жамандық біреу немесе оны да кешіремін. Егер Маған серік қоспай жер беті толы күнәмен жолықсаң да, Мен сені сонша кешіріммен қарсы аламын*», — деген (Ахмад, әл-Хақим).

Сонымен қатар Құран оқыған адам оның әр әрпіне он есе сауап алатыны туралы хадистер келген. Сол сияқты парыз намаздардан кейін және ұйқыға жатар алдында тәсбих («субханаллаһ» деген сөз), тахмид («әлхамду лилләһ» деген сөз) және тәкбир («Аллаһу әкбар» деген сөз) айтқан пендеге де оларды әр айтқаны үшін он есе сауап бар. Тағы басқа хадисте бес уақыт намаздың да он есе болып жазылатыны айтылған.

Ал кейбір амалдар одан да көп еселеніп жазылады. Кімдекім Аллаһ жолында малын сарп етсе, жеті жүз есеге дейін немесе одан да көп есеге көбейеді. Бұл жайында Аллаһ тағала: «Аллаһ жолында мал-мүлкін сарп қылғандар жеті сабақ шығарған, әр сабағында жүзден дәпі бар дақылға ұқсайды. Аллаһ қалаған пендесіне (сауабын) еселеп қайтарады. Аллаһ Кең, бәрін Білуші», — деген (Бақара, 261).

Сондай-ақ келесі бір амалдар есепсіз еселенеді: мысалы, ораза. Әбу Нурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): «*Адам баласының барлық амалы өзі*

---

<sup>1</sup> Тиісті орынға мал сарп етсе.

<sup>2</sup> Күдси хадис: мағынасы Аллаһтан, ал Оның сөзін жеткізуші Пайғамбар (ﷺ).

*үшін. Адам баласының әрбір ізгі амалы дәл сондай (яғни сол амалындай) оннан жеті жүзге дейін немесе одан да көп есеге көбейеді. Ал ораза бұдан тысқары. Аллаһ тағала: «Расында, ол Мен үшін! Оның сыйын Өзім беремін!» — деп айтады», — деген (әл-Бұхари, Муслим).*

Оразаға есепсіз сауап берілудің мәнісі — оның сабырлылық ұғымын толық қамтығандығынан болса керек. Ал сабыр етушілер болса есепсіз сауап алады. Аллаһ тағала: **«Шын мәнінде, сабыр етушілерге сыйлықтары есепсіз орындалады (толық беріледі)»**, — деген (Зумәр, 10).

Бұған қоса, мархабаты кең, Жомарт Аллаһ ешқандай амал істемеген адам үшін де сауап жазады.

Ибн Аббас (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) риуаят етеді: Пайғамбар (ﷺ) күдси хадисте: **«Аллаһ тағала жақсылықтар мен жамандықтарды жазып, кейін оларды анықтайды. Кімде-кім бір жақсылыққа ниеттеніп, оны істемесе де, Аллаһ тағала оған толық бір жақсылық (яғни сауап) жазады. Ал егер ниеттеніп, істесе, Аллаһ оннан жеті жүзге дейін немесе одан да көп есе жақсылық жазады. Ал кім бір жамандыққа ниеттеніп, оны істемесе, Аллаһ тағала оған да толық бір жақсылық жазады. Ал ниеттеніп, істесе, Аллаһ тағала оған бір жамандық (яғни күнә) жазады»**, — деген (әл-Бұхари).

Осы қағидадан туындайтын тағы бір қағида — жамандықтардың жақсылықтарға ауыстырылуы. Егер біреу бір жамандық жасап қойып, соңынан шынайы тәубе қылса, Аллаһ тағала оның жамандығын жақсылыққа ауыстырады. Бірақ тәубе шынайы болуы үшін оның өзіндік белгілі бір шарттары бар:

- 1) Күнәдан дер кезінде тыйылу;
- 2) Істеген ісі үшін өкініп, пұшайман болу;
- 3) Істеген ісі үшін Аллаһтан кешірім сұрау;
- 4) Ондай істі қайталамауға нақты шешім қабылдау.

Демек, кімде-кім бір күнә істеп, сосын шын ниетімен тәубеге келсе, (Аллаһ қаласа), ақыретте сол күнәсін жақсылық ретінде табады.

Әбу Зарр (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): «*Расында, мен жаннаттықтардың жаннатқа ең соңғы кіретінін және тозақтан шығатын ең соңғы тозақтықты білемін. Қиямет күні ол кісі әжелінеді де: «Оған кіші күнәларын көрсетіңдер!»*, — делінеді. Оған: «*Сен пәлен күні пәлендей істедің, сондай-ақ пәлен күні пәлендей істедің!*» — делінеді. Ол мойындамауға шамасы келмей: «*Иә*», — дейді және ол үлкен күнәларының көрсетілуінен зәре-құты қалмай тұрады. Сосын оған: «*Саған әрбір жамандығыңның орнына жақсылық беріледі*», — делінеді. Сонда пенде: «*Раббым! Мен мұнда көрмей тұрған кейбір күнәларды істегенмін*», — деп айтады», — деген. (Әбу Зарр (Аллаһ оған разы болсын)): «*Сонда мен Аллаһ елшісінің (ﷺ) азу тістері көрінгенше құлгенін көрдім*», — деп айтқан (Муслим).

Аллаһ тағала: «*Бірақ кімде-кім тәубе қылса, сондай-ақ иман келтіріп, ізгі іс істесе, міне, Аллаһ олардың жамандықтарын жақсылықтарға ауыстырады. Аллаһ — өте Кешірімшіл, аса Рақымды*», — деген (Фурқан, 70).

**Бесінші қағида:** Пенденің істеген әрбір ісіне куә, айғақ келтіру

Қуәлардың ең ұлысы — пенделерінің ешқандай жағдайы назарынан тыс қалмайтын Аллаһ тағаланың Өзі. Алайда адам баласына еш үзір қалмау үшін Аллаһ тағала періштелерді жәнс әр үмбеттің пайғамбарларын өз үмбетіне куә қылады. Аллаһ тағала: «*Қандай да бір іспен шұғылдансаңдар да, одан (яғни Құраннан) бір аят оқысаңдар да, қандай да бір іс қылсаңдар — Біз сендерге осыған кіріскен сәтте Куә боламыз. Жердегі және көктегі тозақ түйірінің салмағындай нәрсе әрі одан кіші не үлкені Раббыңнан жасырын қалмайды. (Оның барлығы да) анық Кітапта (яғни Лаухыл-махфузда<sup>1</sup> жазулы)*» (Юнус, 61);

«*Аллаһ — бәрін де Бақылаушы*» (Ниса, 33);

<sup>1</sup> Аллаһ тағала барлық жаратылыстың тағдырын жазған үлкен кітап.

«Расында, елшілерімізге иман келтіргендерге дүние тіршілігінде де, куәлікке тұратын (Қиямет) күні де, әлбетте, жәрдем етеміз», — деген (Ғафыр, 51).

Пайғамбарымыз (ﷺ) бен үмбеті өзге пайғамбарлардың қауымдарына дінді жеткізгеніне куәлік береді.

Әбу Сағид әл-Худриден (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): «(Қиямет күні) *Нұх пен қауымы келеді де, Аллаһ тағала* (Нұхқа): «(Дінді, таухидты) *жеткіздің бе?*» — дейді. (Нұх): «*Иә, Раббым*», — дейді. Аллаһ тағала (оның қауымынан): «*Сендерге* (дінді, таухидты) *жеткізді ме?*» — деп (сұрайды). (Қауымы): «*Жоқ! Бізге пайғамбар келген емес*», — дейді. Аллаһ тағала (Нұхтан): «*Кім саған куәлік береді?*», — деп (сұрайды). (Нұх): «*Мұхаммед пен оның үмбеті*», — дейді. Сөйтіп, біз оның жеткізгендігіне куәлік береміз. Аллаһ тағаланың: «Осылайша, сендерді (артық-кемсіз) орташа бір үмбет қылдық. Адамдарға куә болуларын, сондай-ақ пайғамбардың сендерге куә болуы үшін» (Бақара, 143), — деген сөзі осы», — деген (әл-Бұхари).

Сондай-ақ ол күні жер куәға тартылады. Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ) Аллаһ тағаланың: «Сол күні (жер) хабарларын өңімелейді» (Зилзәлә, 4), — деген аятың оқығаннан кейін: «*Сендер оның хабарларының не екенін білесіңдер ме?*» — деп сұраған. (Сахабалар): «*Аллаһ және Оның елшісі жақсы біледі*», — деп жауап береді. Сонда Пайғамбар (ﷺ): «(Жердің) *хабарлары — оның Қиямет күні өз бетінде әрбір еркек пенде мен әрбір әйел пенденің не істегеніне куәлік беруі*. (Жер): «(Пәленше) *мына-мына күні, мынаны-мынаны істеді*», — деп айтады. *Оның хабарлары осы*», — депті (әт-Тирмизи).

Адамдардың істеген әрекеттеріне осыншама куә, осынша дәлел келтірсе де, кейбір адамдар жалтарып, күнәларын мойындамай, ақталабастайды. Сол кезде Аллаһ тағаланың кереметімен төмендегі аятта айтылғандай, таңғажайып куәлар куәлік етуге тартылады. Аллаһ тағала: «Сол күні Аллаһтың дұшпандары тозаққа айдалуға жиналып, сонда олар алды-артын тосады.

Ақыры олар оған барған кезде; оларға құлақтары, көздері және терілері олардың не істегендеріне айғақ болады. Олар терілеріне: «Не үшін бізге куә болдыңдар?» — дейді. (Терілері): «Бізді әр нәрсесі сөйлеткен Аллаһ сөйлетті. Ол сендерді алғаш рет жаратқан және Сол жаққа қайтарыласыңдар!» — деп жауап береді», — деген (Фуссиләт, 19-21).

## Пенденің есеп беруі

Негізі, пенделер кімге құлшылық еткенінен және пайғамбарлардың дағуатына нендей жауап қатқаны жайлы сұралады. Сол сияқты істеген амалдарынан, бөленген нығметтерінен, берген уәделерінен, жүрек, құлақ және көздерінен сұралады.

### а) Пенделер неден сұралады?

Пенделер мына нәрселерге қатысты сұраққа алынады:

**Бірінші:** Діни наным-сенімінен сұралады.

Олардың сұраққа алынатын ең үлкен нәрсесі — ақида-сенім мәселесі. Аллаһтан өзге табынған пұттары жайлы сұралады. Аллаһ тағала: «Ол күні: «Сендердің Маған серік деп ұйғарғандарың қайда?» — деп дауыстайды» (Қасас, 62);

«Сендердің Аллаһтан өзге табынғандарың, сендерге де жәрдем ете алмайды. Сондай-ақ өздеріне де жәрдем ете алмайды», — деген (Аграф, 197).

Және де пайғамбарларды өтірікші санағандары үшін сұралады. Аллаһ тағала: «Ол күні оларға: «Елшілерімізге не жауап бердіңдер?» — деп дауыстайды», — деген (Қасас, 65).

**Екінші:** Дүниеде істеген амалдарынан сұралады

Қиямет күні кісі дүниеде істеген барша амалдарынан сұралады. Аллаһ тағала: «(Ей, Мұхаммед!) **Раббыңа серт, әлбетте, оларды түгел сұраққа тартамыз. Олардың (дүниедегі) істегендері жайлы (сұраймыз)**», — деген (Хижр, 92-93).

Әбу Барза әл-Аслами (Аллаһ оған разы болсын) риуаят



еткен хадисте Аллаһ елшісі (ﷺ): *«Қиямет күні пенде төрт нәрседен сұралмайынша, екі аяғы (бір орыннан) тапжылмайды: өмірінен, оны неде өткізгендігінен, білімінен, оны не нәрсеге іске асырғандығынан, мал-дүниесінен, оны қайдан тауып, неге жұмсағандығынан және тәнінен, оны не нәрсеге қолданғандығынан»*, — деген (өт-Тирмизи).

Абдуллаһ ибн Масғуд (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Аллаһтың елшісі (ﷺ): *«Қиямет күні Раббысы алдында бес нәрседен сұралмайынша, Адам баласының екі аяғы (бір орыннан) тапжылмайды: өмірінен, оны неде өткізгендігінен және жастық шағынан, оны неге жұмсағанынан және мал-дүниесінен, оны қайдан тауып, не нәрсеге жұмсағандығынан және білгеніне қалай амал қылғанынан»*, — деген (өт-Тирмизи).

Демек, адамның мал-дүниесі көп болған сайын жауапкершілігі де арта түседі. Сол сияқты неғұрлым аз болса, жауабы да жеңілірек соғып, жаннатқа да тезірек кіреді. Абдуллаһ ибн Амр (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): *«Расында, Қиямет күні (қоныс аударған) муһажирлердің кедейлері жаннатқа байлардан қырық күз<sup>1</sup> бұрын кіреді»*, — деген (Муслим).

Дегенмен де бай-бақуатты, дәулетті кісілер мал-дүниелерін жақсы жолға жұмсаса, жаннатқа кедейлерге карағанда кешірек кіргенмен, жаннатқа кірген соң олардың дәрежесі жоғары болады. Пайғамбарымыздың (ﷺ) бір хадисінде: *«Игі мал, игі кісіге қандай жақсы!»* (Ахмад), — деп айтылса, келесі бір хадисте, оның (ﷺ): *«Ол (мал-дүние) Аллаһтың мархабаты, оны қалағанына береді»*, — деп айтқаны бар.

### Үшінші: Бөленген нығметтерінен сұралады

Қиямет күні адамдар өздеріне берілген нығметтерден сұралады. Аллаһ тағала бұл нығметтердің сұрауы туралы: *«Сол күні өр нығметтен, әлбетте, сұраққа тартыласындар»*, — деген (Тәкәсур, 8).

<sup>1</sup> Яғни жыл.

Аллаһ тағаланың пендесіне берген нығметтерінің себебін ешкім білмейді. Аллаһ тағала: **«Егер Аллаһтың нығметін санасандар, санына жете алмайсыңдар»**, — деген (Ибраһим, 34).

Сұралатын бұл нығметтердің ең бастысы — денсаулық.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): **«Қиямет күні адам сұралатын нығметтердің ең біріншісі — оған: «Сенің тәніңді сау қылмадық па? Сені салқын сумен сусындатпадық па?» — делінеді»**, — деген (өт-Тирмизи).

Демек, адам баласы өзіне берілген нығметтерге қатысты тіпті қолданған суына дейін сұралады. Солай екен деп, басы артық мал-дүние жинау, қалтам көтереді екен деп қымбат бағалы киім кию, бұлардың бәрі — сауабынан сарсаңы көп нәрселер. Оларға қатысты абай болу керек. Ең дұрысы, органқол дәрежеде ішіп-жеп, киім киіп, артығын садақа қылу абзал. Бұл жерде ең бастысы — Аллаһ тағаланың пендесіне берген нығметтерін харамға жаратпау, ысырап қылмау. Ал егер қайсыбір адам әдемі киініп, қымбат көлік мініп, зәулім үйде тұрса, ол шарифатқа жат емес. Ең бастысы — сол байлығынан зекетін, садақасын кембағалдарға уақытында, сарандық танытпай беріп отыру керек. Расында, Аллаһ елшісі (ﷺ): **«Тозақтан жарты құрмамен болса да сақтаныңдар!»** (әл-Бұхари, Муслим), — деп ескертпеп пе еді?!

Нығметтен сұралу пенденің сол нығметтерге шүкір еткенетпегендігіне қатысты болмақ.

Әнәс ибн Мәлик (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): **«Тамақ жесе, оған шүкір ететін және (сусын) ішсе де, оған шүкір ететін пендеге Аллаһ разы болады»**, — деген (Муслим).

**Төртінші:** Пенде берген уәделерінен сұралады

Аллаһ тағала: **«Негізінде, олар бұрыннан артқа шегінбеуге Аллаһқа уәде берген еді. Аллаһқа берілген уәде болса, (Қиямет күні), әлбетте, сұралатын нәрсе»** (Ахзаб, 15);

**«Уәдені орындандар. Сөз жоқ, уәде сұралады»**, — деген (Исра, 34).

**Бесінші:** Жүрек, құлақ және көздерінен сұралады

Аллаһ тағала пендесін айтқан сөздерінен, естігенінен және ниетінен сұрайды. Сол үшін де бір нәрсені білмей тұрып, ол туралы сөйлеуге қатысты қатаң ескерту жасаған. Аллаһ тағала: **«Өзің білмеген бір нәрсенің соңына түспе. Расында, құлақ, көз және жүрек, олардың барлығы одан сұралады»**, — деген (Исра, 36).

Қатада атты ғалым: «Көрмегеніңді көрдім деме, естімегеніңді естідім деме, білмегеніңді білем деме. Аллаһ олардың бәрінен сені сұраққа алады», — деп айтыпты.

## Пенденің есеп беруіне қатысты мәселелер

**а) Адам баласының ең алдымен есебін беретін амалы**

Пенденің Қиямет күні ең алдымен есепке алынатын амалы — намаз.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): **«Қиямет күні адамдардың есепке алынатын ең басты амалы — намаз. Ұлы Раббымыз, (Өзі жақсы біліп тұрса да), періштелеріне: «Пендемнің намазына қараңдар! Толық па екен, кемшін бе екен?» — дейді. Егер толық болса, оған «толық» деп жазылады. Ал егер одан бір нәрсе кемшін болса, (Аллаһ тағала): «Қараңдар! Пендемнің нәпілдері бар ма екен?» — дейді. Егер нәпілдері болса, «Пендемнің нарыздарын нәпілдерімен толықтырыңдар!» — дейді. Содан соң (парыз) амалдардың (барлығы) осылай (есепке) алынады»**, — деген (Әбу Дауд, Ахмад).

**ә) Есеп берудің түрлері**

Пенделердің есеп беруі әртүрлі дәрежеде болады. Кейбіреулердің есебі өте ауыр соғады. Олар — күпір келтіріп, Аллаһқа ортақ қосқандар, пайғамбарларға қарсы шыққандар және ортақ қоспағанымен, көп күнә істеген адамдар.

Кейбіреулер ешқандай есепсіз жаннатқа кіреді. Олардың саны жетпіс мыңнан аспайды. Олар — осы үмбеттің ізгі-тақуалар санатындағы ең таңдаулылары.

Кейбіреулер жеңіл есепке алынады. Олардың істеген күнәлары көрсетіледі де, сосын одан сұралмай, кешіріліп жіберіледі. Аллаһ тағала олар туралы: «Ал кім кітабы оң жағынан берілсе, жеңіл есеп қылынады», — деген (Ишшиқак, 7-8).

Айша (Аллаһ оған разы болсын): «Аллаһ елшісінің (ﷺ): «(Қиямет күні) есепке алынған әрбіреу құриды», — дегенін естін: «Уа, Аллаһтың елшісі! Аллаһ тағала: «Ал кім кітабы оң жағынан берілсе, жеңіл есеп қылынады», — деген жоқ па?» — дедім. Ол (ﷺ): «Ол (есебі) жай көрсетіліп өтетіндерге. Ал кім есепте талқыға салынса, құриды», — деп айтты», — деген (Әл-Бұхари, Муслим).

## б) Есеп беруге қатысты мысалдар

**Бірінші:** Рия ретінде, жұртқа көрсету үшін амал қылғанның сұраққа алынуы

Әбу Нурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): «Қиямет күні болғанда Аллаһ пенделеріне үкім шығару үшін түседі. Барлық үмбеттер тізерлеп тұрады. Ең алдымен шақырылатын (пенде) — Құранды жаттаған адам (яғни қари), Аллаһ жолында өлген адам және мал-дүниесі көп адам. Аллаһ қарига: «Елшіме түсіргенімді саған үйретпедім бе?» — дейді. (Қари): «Иә, уа, Раббым!» — дейді. (Аллаһ): «Үйреткен нәрсеме қандай амал қылдың?» — дейді. (Қари): «Күні-түні оны (Сен үшін) оқитын едім», — дейді. Аллаһ оған: «Өтірік айтасың!» — дейді. Періштелер де оған: «Өтірік айтасың!» — дейді. Аллаһ оған: «Бәлкім, «пәленше қари!» деп айтылуын қаладың! Солай айтылды!» — дейді.

Сосын мал-дүние иесін әкеледі. Аллаһ оған: «Біреудің қолына қарамайтындай етіп, саған кеңшілік жасамадым ба?» — дейді. «Иә, уа, Раббым!» — дейді. (Аллаһ): «Саған бергендерім бойынша қандай амал қылдың?» — дейді. «Туыстарыммен қарым-қатынас жасадым, садақа бердім!» — дейді. Аллаһ оған: «Өтірік айтасың!» — дейді. Періштелер де оған: «Өтірік айтасың!» — дейді. Аллаһ оған:

«Бәлкім, «пәленше жомарт!» деп айтылуын қаладың! Солай айтылды!» — дейді.

Сосын Аллаһ жолында өлгенді әкеледі. Аллаһ оған: «Не үшін өлдің?» — дейді. Ол: «Сенің жолыңда соғысуға бұйырылдым да, соғысып өлдім», — дейді. Аллаһ оған: «Өтірік айтасың!» — дейді. Періштелер де оған: «Өтірік айтасың!» — дейді. Аллаһ оған: «Бәлкім, «пәленше батыр!» — деп айтылуын қаладың! Солай айтылды!» — дейді», — деген.

Сосын Аллаһ елшісі (ﷺ) сөзін жалғастырып Әбу Һурайраға: «Ей, Әбу Һурайра! Осы үшеуі Қиямет күні тозаққа ең алдымен отын болатындар!» — депті (Муслим).

Осы хадисті естігенде Муғауия (Аллаһ оған разы болсын):

«Кім дүние тіршілігін өрі оның сән-салтанатын қаласа, дүниеде олардың еңбектерін толық береміз. Сондай-ақ олар онда кемшілікке ұшырамайды. Соларға ақыретте тозақ отынан басқа еш нәрсе жоқ. Дүниеде жасағандары жойылып кетеді. Негізінде, олардың істегендері босқа» (Һуд, 15-16), — деген аятты оқитын болған.

**Екінші:** Жаратушының пендеге күнәларын көрсетуі

Абдуллаһ ибн Амр (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ):

«Аллаһ мүмінге жақындап, оны (басқалардан) тасалап, жасырып: «Мына күнәңді білесің бе? Мына күнәңді білесің бе?» — дейді. (Мүмін): «Иә, уа, Раббым!» — дейді. Күнәларын мойындағанда, өзінше: «құрыдым!» деп ойлайды. (Аллаһ): «Сен үшін дүниеде (күнәларыңды жұрттан) жасырған едім. Ал бүгін кешіремін!» — деп, жақсылықтар кітабы беріледі. Ал кәпірлер мен екіжүзділер болса бүкіл жұрт алдында:

«Міне, бұлар — Раббыларына өтірік айтқандар. Аллаһтың қарғысы залымдарға тән!» (Һуд, 18) — деп масқара етіледі», — деген (өл-Бұхари, Муслим).

**Үшінші:** Пенденің кейбір сауапты істерді орындамағаны үшін сұралуы

Әбу Нурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ):

**«Қиямет күні Аллаһ тағала: «Ей, Адам баласы! Ауырдым, сен менің көңілімді сұрауға келмедің», — дейді. (Пенде): «Уа, Раббым! Сенің көңіліңді қалай сұрап бармақпын?! Өзің әлемдердің Раббысы болсаң?», — дейді. (Сонда Аллаһ тағала): «Сен білмедің бе? Пәлен деген пендем ауырғанда көңілін сұрап бармадың. Сен білмедің бе? Егер оның көңілін сұрап келгеніңде, Мені оның алдынан табар едің», — дейді.**

(Сосын): **«Ей, Адам баласы! Сенен тамақ сұрадым, Маған тамақ берген жоқсың», — дейді. (Пенде): «Уа, Раббым! Сені қалай тамақтандырамын?! Өзің әлемдердің Раббысы болсаң», — дейді. (Аллаһ тағала): «Сен білмедің бе? Сенен пәлен деген пендем тамақ сұрағанда, тамақтандырмадың. Сен білмедің бе? Егер оны тамақтандырғаныңда оныңды Менің алдымнан табар едің», — дейді.**

(Сосын): **«Ей, Адам баласы! Сенен су сұрадым, су бермедің», — дейді. (Пенде): «Уа, Раббым! Саған қалай су беремін?! Өзің әлемдердің Раббысы болсаң», — дейді. (Сонда Аллаһ тағала): «Сенен пәлен деген пендем су сұрағанда бермедің. Егер оған су бергеніңде, оныңды Менің алдымнан табар едің», — деп айтады», — деген (Муслим).**

## Амал дәптерлері

Есептен кейін адамдарға дүниеде жасаған амалдары жазылған дәптерлері таратылады. Әрбір адам баласының көзі тірісінде нықтарында екі періште отырып, оның бар ғұмырында үлкенді-кішілі, жақсылы-жаманды қандай амалдар жасағанын, не істегенін толығымен жазып отырады. Аллаһ тағала осы амал дәптерлері ашылар күнді: **«Дәптерлер ашылған сәтте», — деп сипаттаған (Тәкуир, 10).**

Амал дәптері яки кітабы мүміндердің оң қолына беріледі. Аллаһ тағала: **«Ал енді кімнің дәптері онынан берілсе, сонда ол дереу жеңіл есеппен есептеледі. Ол отбасына қуанып қайтады»**, — деген (Ишиқак, 7-9).

Кітабындағы жақсылықтарды көргеннен кейінгі пенденің қуанышы жайлы Аллаһ тағала: **«Сонда кімнің кітабы онынан берілсе, «Алындар, кітабымды оқындар!» — дейді. Расында, мен осы есепке кездесетінімді ойлап едім. Сонда ол қуанышты тіршілікте, көтеріңкі жаннатта болады, жемістері салбырап тұрады. (Оларға): «Өткен күнде істеген амалдарыңның арқасында ішіндер, жеңдер, сіңімді болсын», — (делінеді)»**, — деген (Хаққа, 19-24).

Ал кәпір немесе екіжүздінің амал дәптері сол қолына немесе арт жағынан беріледі. Аллаһ тағала ол жөнінде: **«Ал кімнің дәптері арт жақтан берілсе<sup>1</sup>, сонда ол дереу өлім шақырады. Қайнаған тозаққа түседі»**, — деген (Ишиқак, 10-12).

Амал дәптері сол қолына берілгеннің қатты уайымға түсетіні жайлы Аллаһ тағала: **«Ал енді кімнің кітабы сол жағынан берілсе: «Әттеген-ай! Кітабым берілмесе еді! Есебімнің не екенін білмесем екен! Әттең! Іс бітіп кеткен болса еді<sup>2</sup>. Малым маған еш пайда бермеді. Күш-қуатым жойылып кетті»**, — дейді. **«Оны ұстандар да байландар. Сосын оны тозаққа салындар. Одан кейін оны жетпіс құлаш пынжырмен матандар»**, — (делінеді)», — деген (Хаққа, 25-32).

Пенделерге кітаптары берілген кезде: **«Бұл кітабымыз сендерге шындықты сөйлейді. Өйткені сендердің істегендеріңді жаздырушы едік»**, — деп айтылады (Жәсия, 29).

Ол кітап туралы Аллаһ тағала: **«Үлкен-кіші әр нәрсе жазулы»** (Қамар, 53);

**«Жер жүзі Раббының нұрымен жарық болады. Кітап (амал дәптері ортаға) қойылады. Пайғамбарлар, куәлар әкелінеді.**

<sup>1</sup> Бұл жерде кітабының сол қолына түсетінін аңдаған адамдар қолын жасырып, арқа жағына қоятыны айтылған.

<sup>2</sup> Яғни қайта тірілмеген болсам еді.

Олардың араларына ақиқат бойынша үкім етіледі. Олар әділетсіздікке ұшырамайды. Әркімге істегені толық төленеді. Аллаһ олардың не істегендерін жақсы біледі» (Зумар, 69-70);

«Амал дәптері алдарына қойылады. Сонда күнәкарлардың одан қорыққанын көресің. Олар: «Өттеген-ай! Бізге нендей өкініші! Мына Кітапта кішкенені де, үлкенді де тастамай-ақ түгендепті», — дейді. Сондай-ақ олар істегендерін әзір табады. Раббың ешкімге әділетсіздік қылмайды», — деген (Кәһф, 49).

### Мақлұқаттар арасындағы зұлымдық үшін кек алу

Қиямет күні зұлымдық жасағандардан кек алынады. Кегі алынбаған ешбір пенде қалмайды. Ол күнгі пенденің бар байлығы мен қазынасы — оның сауаптары. Егер мойнында зұлымдықтары болса, сауаптарынан беріп есептеседі. Егер сауаптары болмаса немесе таусылып қалса, жәбірленушінің күнәларын мойнына алады.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайгамбар (ﷺ) сахабалардан: «*Муфлистің кім екенін білесіңдер ме?*» — деп сұраған. (Сахабалар): «*Біздіңше, муфлис — ешбір дирһамы да, бұйымы да жоқ адам*», — деп жауап береді. (Сонда Пайгамбар (ﷺ)): «*Расында, менің үмбетімдегі муфлис, ол Қиямет күні намазбен, оразамен және зекетпен келеді. (Алайда ол адам) біреуді тілдеген, біреуді балағаттаған, біреудің мал-дүниесін жеген, біреудің қанын төккен және біреуді ұрған болады. Оның ізгі амалдарынан (тілденгенге, жәбірленгенге, ақысы желінгенге, қаны төгілгенге, таяққа жығылғанға) беріледі де, (егер әлгі адамның) мойнындағы (күнәлары) өтелгенше ізгі амалдары таусылып қалса, олардың (жәбірленушілердің) күнәларынан алынып, бұған қосылады. Сөйтіп, ол тозаққа тасталады*», — деген (Муслим, Ахмад).

Қарыздар адам қарызын өтемей дүние салса және туыстары да оның атынан қарызын төлемесе, онда қарызы мөлшерінде



сауабымен есептеседі. Егер өзара тепе-тең зұлымдық жасалса, ол сол күйінше қалады. Егер бірінің зұлымдығы екіншісінен үлкенірек болса, соған сай есептеседі.

Сол сияқты қан төгу мәселесінде де кек алынады.

Абдуллаһ ибн Масғуд (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): **«Қиямет күні адамдар арасында ең бірінші қан төгу (мәселесінде) үкім беріледі»**, — деген (Әл-Бұхари, Муслим).

Аллаһ тағала тек адамдар арасында ғана емес, тіпті жындар мен жануарлар арасында да кек қайтартады. Мүйізді қошқар мүйізсіз қошқарды сүзген болса да, ол кегін алады.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ): **«Қиямет күні ақылар иелеріне қайтарылады. Тіпті мүйізсіз қойдың мүйізді қойдан ақысы әперіледі»**, — деген (Муслим).

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен келесі бір хадисте Пайғамбар (ﷺ): **«Аллаһ жануар, құс, адамнан болған барша мақлұқты жинайды. Сосын (кек алудан кейін) жануарлар мен құстарға: «Топырақ болыңдар!» — дейді. Сол кезде кәпір: «Әттең! Топырақ болып кеткен болсам еді!» (Нәбә, 40) — деп айтады»**, — дейд» (Ибн Жәрир).

## Таразы

Мұнан кейін адамдардың амалдары таразыға тартылады. Құран Кәрімде: **«Қиямет күні туралық таразысын қоямыз. Сонда ешкім әділетсіздікке ұшырамайды. Егер бір ұрық түйірінің салмағындай болса да, оны өкелеміз. Біз есеп алуда жеткіліктіміз»**, — делінген (Әнбия, 47).

Адамдардың жақсы-жаман амалдары өлшеніп тартылатын таразының екі басы болады. Оның бір басына жақсы амалдар, ал екінші басына жаман амалдар қойылады.

Кей ғұламалар «таразыға амалдармен қатар, адамдардың өздері мен олардың амал дәптерлері тартылады» дейді. Амалдардың тартылатынына мынадай дәлел бар:

Әбу Нурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): *«Рахманға жағымды, тілге жеңіл, таразыда ауыр екі сөз бар: Субханаллаһи уә бихамдиһи, Субханаллаһил-Азим»*, — деген (өл-Бұхари).

Адамдардың өздерінің тартылатынына мынадай дәлел келтіреді:

Әбу Нурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): *«Қиямет күні (таразыға) үлкен семіз кісі әкелінеді, бірақ ол масаның қанатындай да салмақ тартпайды. «Қиямет күні оларға салмақ бермейміз» (Кәһф, 105), — дегенді оқыңдар!»* — деген (өл-Бұхари).

Амал дәптерлері тартылатынына мынадай дәлел келтіреді:

Абдуллаһ ибн Амр (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): *«Аллаһ Қиямет күні үмбетімнен бір кісіні халықтың төбесіне қояды. Оған (жамандықтары жазылған) тоқсан тоғыз кітап көрсетіледі. Әрбір кітаптың (көлемі) көз жетер жерге дейін. Со-сын оған: «Мынадан бір нәрсені жоққа шығарасың ба? Бақылаушы періштелер саған зұлымдық жасамап па?» — дейді. Ол: «Жоқ, уа, Раббым!» — дейді. (Аллаһ тағала): «Үзірің бар ма?» — дейді. Ол: «Жоқ, уа, Раббым! Үзірім жоқ», — дейді. Аллаһ тағала: «Әрине, Біздің алдымызда сенде бір жақсылық бар. Бүгін оған зұлымдық жоқ», — дейді. Сөйтіп, бір куәлік шығарылады. Онда: «Әшһәду әллә иләһә илләллаһ, уә әшһәду әннә Мухаммадан абдуһу уә расулуһ», — деп жазылған. Оған: «Салмағыңды (таразыға) қой!» — дейді. Ол: «Уа, Раббым! Мына кітаптардың қарсысында бұл куәлік не тұрады?» — дейді. (Ұлы Раббы): «Саған зұлымдық қылынбайды», — дейді. Сөйтіп, кітаптар таразының бір басына, куәлік бір басына қойылады. Сонда куәлік ауыр келіп, кітаптар шашылып кетеді. Аллаһтың есімімен бірге (салыстырғанда), ештеңе де ауыр тартпайды», — деген (әт-Тирмизи).*

## Таразыда ауыр тартатын амалдар

Әбу Дәрда (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): **«Таразыға коркем мінез-құлықтан ауыр ештеңе қойылмайды»**, — деген (әт-Тирмизи).

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): **«Рахманға жағымды, тілге жеңіл, таразыда ауыр екі сөз бар: Субханаллаһи уә бихамдиһи, Субханаллаһил-Азим»**, — деген (әл-Бұхари).

Әбу Мәлик әл-Ашғари (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): **«Тазалық — иманның жартысы. «Әлхамдулилләһ» (деп айту) таразыны толтырады, «Субханаллаһи уәлхамдулилләһ» (деп айту) аспан мен жердің арасын толтырады»**, — деген (Муслим).

## Хауыз

Аллаһ тағала Озінің ең сүйікті құлы әрі елшісі Мұхаммедке (ﷺ) құрмет ретінде колемі үлкен, суы сүттен ақ, иісі жұшардан да жағымды, ал көзелері аспан жұлдыздары сияқты, кім одан су ішсе, ешқашан шөлдемейтін, суы жаннаттағы Коусардан келіп тұратын хауызды берген.

Абдуллаһ нбн Амр (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): **«Менің хауызымның (колемі) — бір айлық жол. Ал (оның) ернеулері теп-тегіс. Суы сүттен ақ, иісі мисктен де жағымды, ал көзелері аспан жұлдыздары сияқты кім одан су ішсе, ешқашан шөлдемейді»**, — дейді (әл-Бұхари, Муслим).

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): **«...Ол қардан да ақ, балды сүттен де тәтті, ал ыдыстары жұлдыздардың санынан да көп. Бір кісі хауызынан жұрттың түйесін қайтарғаны сияқты мен де одан кейбір адамдарды қайтарамын»**, — деген. (Сахабалар): **«Уа, Аллаһтың елшісі! Сен бізді сол күні тапшысың ба?»** — деп сұрайды. Пайғамбар (ﷺ): **«Иә, сендерде басқа халықтарда болмаған**

**бір белгі болады. Дәреттің әсерінен маған жүздерің және қол-аяқтарың аппақ болып келесіңдер»,** — депті (Муслим).

Саубан (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз (ﷺ) хауыз туралы сұралғанда: **«Ол сүттен де ақ, ағып тұрған балдан да тәтті. Оның жаннатқа жалғасқан екі арнасы бар: оның бірі — алтыннан, екіншісі — күмістен»,** — деп жауап берген (Муслим).

Алайда бұл үмбеттің кейбір адамдарына ол хауыздан ішуге нәсіп етпейді. Әнәс ибн Мәлик (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): **«Маған хауызға менімен жүрген бір кісілер келеді. Олар маған көтеріліп, мен көрген бойда олар менен алыстатылады<sup>1</sup>. Мен: «Уа, Раббым! (Олар) — жолдастарым ғой, жолдастарым ғой!..» — деймін. Сонда маған: «Сен өзіңнен кейін олардың не ойлап тапқандарын білмейсің ғой», — деп айтады»,** — деген.

Бір риуаятта: **«Менен кейін дінді өзгерткендердің беті аулақ! Беті аулақ!»** — деп айтылған (әл-Бұхари, Муслим).

## **Мәңгілік мекенге көшу**

### **а) Кәпірлердің тозаққа жиналуы**

Бұл күн аяғына таяғанда пенделер не жаннатқа, не тозаққа кіргізіледі. Бұл екеуі де — мәңгі қалатын мекен. Әр үмбет күлшылық еткен құдайларына еруге бұйырылады. Күнге табынған күнге, айға табынған айға, пұтқа табынған пұтқа, перғауынға табынған перғауынға еріп, бәрі тозаққа түседі. Аллаһ тағала: **«Жинандар! Ол залымдарды да, сыбайластарын да және олардың Аллаһтан өзге табынғандарын да. Оларға тозақтың жолын көрсетіңдер!»** — деген (Саффат, 22-23).

Перғауын туралы Аллаһ тағала: **«(Перғауын) Қиямет күні елінің алдына түседі. Оларды тозаққа апарады. Ол баратын жер — нендей жаман бір жер»,** — дейді (Һул, 98).

---

<sup>1</sup> Яғни періштелер оларды Пайғамбарымыздың (ﷺ) хаузынан қайтарады.

Құран Кәрімде көпірлердің тозаққа түсуі бірнеше түрлі сипатталған:

1) Олар тозаққа топ-топ күйде итеріліп, мал сияқты иіріліп жан-жақтан айдалады. Ол жайлы Аллаһ тағала: **«Көпірлер топ-топ болып тозаққа айдалады»** (Зумәр, 71);

**«Олар сол күні тозаққа итеріліп тасталады»** (Тур, 13);

**«Сол күні Аллаһтың дұшнандары тозаққа айдалуға жиналып, сонда олар алды-артын тосады»**, — деген (Фуссиләт, 19).

2) Олар тозаққа жүздерімен жер басып жиналады. Ол жайлы Аллаһ тағала: **«Тозаққа бетімен жер басып жиналатындар, міне, солар орындары жаман, жолдары қаңғыру болатындар»**, — деген (Фурқан, 34).

Әнәс ибн Мәлик (Аллаһ оған разы болсын): *«Бір кісі: «Уа, Аллаһтың елшісі! Көпір қалай жүзімен жер басып жиналады?» — деп сұрағанда, Аллаһ елшісі (ﷺ): «Оны дүниеде екі аяғында жүргізген, оны Қиямет күні бетімен жер басқызып жүргізуге құдіретті емес пе?!» — деп айтты»*, — деген (өл-Бұхари, Муслим).

Оған қоса олар соқыр, мылқау, керең халде жиналады. Ол жайлы Аллаһ тағала: **«Біз оларды Қиямет күні бетімен жер басқан, соқыр, мылқау және саңырау түрде жинаймыз. Орындары — тозақ, толастаған сайын оларға жалынын арттыра түсеміз»**, — деген (Исра, 97).

3) Олар тозаққа жеңілген, қор болған күйде кіреді. Аллаһ тағала: **«(Ей, Мұхаммед!) Көпірлерге: «Таяуда жеңілесіңдер де, тозаққа жиналасыңдар. Нендей жаман орын!» — деп айт»**, — деген (Әлі Имран, 12).

4) Олар тозаққа жетпей жатып, оның дауысын естиді. Аллаһ тағала:

**«Тозақ оларды ұзақ бір жерден көрген сәтте олар оның қайнап, күркірегенін естиді»**, — деген (Фурқан, 12).

5) Олар тозаққа келіп, көздерімен көрген сәтте өкініп, дүниеге қайтып, иман келтіруді армандайды. Аллаһ тағала:

**«Олардың от алдында тоқтатылғанын көрсен: «Әттен! Біз (дүниеге) қайтарылсақ, Раббымыздың аяттарын өтірікке**

шығармас едік те мүміндерден болар едік», — деп айтады», — деген (Әнғам, 27).

Өкінішке қарай, ол кезде тозақтан қашып құтылар жер қалмайды. Аллаһ тағала: «Күнәкарлар тозақ отын көріп, сонда өздерінің оған түсетіндіктерін сезеді. Бірақ одан бұрылар жер таба алмайды», — деген (Кәһф, 53).

б) Сосын олар тозаққа кіруге бұйырылады. Аллаһ тағала: «Сондықтан ішінде мәңгі қалатын жаһаннамның есіктерінен кіріңдер. Тәкәшпарлардың орны нендей жаман», — деген (Нахл, 29).

### ә) Кітап иелерінің соңғы лектерінің тозаққа түсуі

Одан кейін мүміндер мен кітап иелерінің соңғы лектерінен басқа ешкім қалмайды.

Әбу Сағид әл-Худри (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): «Қиямет күні болғанда бір жаршы: «Әр ұмбет табынғанына ерсін!» — деп жар салады. Аллаһтан өзге пұттар мен мүсіндерге табынғандардың біреуі де қалмай, баршасы тозаққа түседі. Тек қана Аллаһқа құлшылық еткен игілер мен күнәкарлар және кітап иелерінің соңғы лектері қалады. Сонда яһудилер шақырылып: «Неге табынатын едіңдер?» — деп сұралады. Олар: «Аллаһтың ұлы Ғұзайырға табынатын едік», — дейді. Оларға: «Өтірік айтасыңдар. Аллаһтың жұбайы да, баласы да жоқ! Не қалайсыңдар?» — делінеді. Олар: «Уа, Раббымыз! Шөлдедік! Бізді сусындат!» — дейді. Оларға: «Барыңдар да ішіңдер!» — деп көрсетіледі. Сөйтіп, олар бір-бірімен сапырылысып жатқан сазымға ұқсас тозақтың қасына жиналады да, тозаққа түсе бастайды. Сосын христиандар шақырылып: «Неге табынатын едіңдер?» — деп сұралады. Олар: «Аллаһтың ұлы Мәсихқа табынатын едік», — дейді. Оларға: «Өтірік айтасыңдар. Аллаһтың жұбайы да, баласы да жоқ! Не қалайсыңдар?» — делінеді. Оларға: «Барыңдар да, ішіңдер!» — деп көрсетіледі. Сөйтіп, олар бір-бірімен сапырылысып жатқан сазымға

*ұқсас тозақтың қасына жиналады да, тозаққа түсе бастайды. Бұл жағдай Аллаһқа құлшылық еткен игілер мен күнәкарлар ғана қалғанша* (жалғасалды)...», — деген (Муслим).

### б) Ұлы Раббының келуі

Жаратушыны мойындамаған көпірлер мен адасқан мүшріктер тозаққа түскеннен кейін елшілерге ілескен мүміндер, Аллаһты жалғыз деп таныған күнәкар мұсылмандар және сырт көзге мұсылман болып жүрген скіжүзділер қалады. Сонда Раббылары оларға келіп: «Не күтіп тұрсындар?» — дейді. Олар: «Раббымызды күтіп тұрмыз», — дейді. Осы кезде Раббылары Өзінің балтырын (яғни оған ештеңе ұқсамайды) ашып көрсеткенде, барлығы Оны таниды. Сөйтіп, әрбір мүмін Аллаһқа сәжде етеді. Ал скіжүзділер сәжде еткісі келеді, бірақ сәждеге жығыла алмайды. Өйткені Құранда: **«Қиямет күні балтыр ашылады. Олар сәждеге шақырылады, (бірақ) сәжде қыла алмайды»**, — делінген (Қалам, 42).

Сондай-ақ Пайғамбар (ﷺ): **«(Қиямет күні) Раббымыз балтырын ашады. Оған әрбір мүмін ер мен мүмін әйел сәжде етеді. Дүниеде рия не сұмға<sup>1</sup> үшін сәжде еткендер (Оған) сәжде қылғылары келеді, (бірақ сәжде ете алмайды). Өйткені олардың арқалары (қайқайып) қатып қалады»**, — деген (әл-Бұхари, Муслим).

### в) Сират көпірі

Сосын мұсылмандар мен екіжүзділердің алдарына көпір қойылады. Бұл көпір — махшар мен жаннаттың арасын жалғаушы, тозақ үстінен жүргізілген өткел. Сол кезде көзге түртсе көргісіз қаранғылық болады.

Айша (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбардан (ﷺ) біреу: **«Жер басқа жермен ауыстырылғанда адамдар қайда болады?»** — деп сұрағанда, Аллаһ елшісі (ﷺ):

<sup>1</sup> Сумға — құлшылықты сауап үшін емес, керісінше, мақтан үшін және адамдарға есіту үшін жасау.

«Олар көпір алдында қараңғылықта (болады)», — деп жауап берген (Мұслим).

Сират туралы Аллаһ тағала: «Раббыңа серт! Әлбетте, олар мен шайтандарды (бір жерге) жннаймыз. Одан соң Біз оларды міндетті түрде тозақтың айналасына тізерлеген күйлерінде келтіреміз. Одан кейін Мейірімді (Аллаһқа) бәрінен де қарсы болғанды ортаға шығарамыз. Мұнан соң Біз олардың ішінен тозаққа кіруге лайықты болғандарың басқалардан жақсы білеміз. Сендерден (сират үстінен) өтпейтін ешкім жоқ. Бұл — Раббыңа міндетті болған бір үкім. Одан соң тақуа болғандарды құтқарып, залымдарды онда (яғни тозақта) тізерлеген күйлерінде қалдырамыз», — деген (Мәриям, 68-72).

Хасан әл-Басриден риуаят етілген мынадай бір нақыл сөз бар: «Бір кісі бауырынан: «Сен тозақтан өтетініңді білесің бе?» — деп сұрайды. Ол: «Әрине!» — деп жауап береді. Әлгі кісі: «Ал одан құтылатыныңды білесің бе?» — дейді. Ол: «Жоқ!» — деп жауап береді. Сонда ол: «Онда не деп күлесің?» — деген екен» (Ибн Кәсир).

### г) Мүміндердің сират көпірінен өтіп, екіжүзділерден бір-жолата құтылуы

Ол жерде мүміндерге жарық нұр беріліп, сираттан өтеді. Екіжүзділердің нұрлары сөндіріліп, оларға: «Арттарыңа қайтып, нұр іздеңдер», — делінеді. Сонда олардың араларына есігі бар бір дуал орнатылады. Оның ішінде мархабат, ал сырт жағында азап бар. Пенделер көпірдің үстінен иман дәрежелеріне қарай жылдамдықпен өтеді.

Әбул-Физз әл-Ханафи «Тахауия ақидасы» атты кітабында «Осы жерде мүміндер екіжүзділерден бөлінеді. Мүміндер алға кетіп, екіжүзділер артта қалып қояды. (Араға) екіжүзділер мүміндер жаққа өте алмайтындай дуал тұрғызылады. Абдуллаһ: «Аллаһ Қиямет күні адамдарды жинайды. Олардың кейбірінің алдына таудай нұр беріледі, кейбірінің нұрлары одан да үлкенірек (етіп) беріледі, кейбірінің нұры оң қолына құрма ағашындай беріледі, ал кейбірінің оң қолына одан кішірек (етіп)



беріледі. Ең ақырында берілгеннің нұры аяғының бас бармағында болады. Ол (нұр) бірде жарық беріп, бірде сөніп тұрады. (Нұры) жанса, ол аяғын басып жүреді де, сөніп қалса тоқтап тұрады», — деген. (Пайғамбар ﷺ): «**Ол да, басқалар да сираттан өтеді. Сират — қылыштың жүзі сияқты, тайғанақ әрі сырғанақ. Оларға: «Нұрларыңа жараса өтіңдер!» — делінеді. Олардың кейбірі жұлдыз аққандай (жылдамдықпен) өтеді, кейбірі жел сияқты өтеді, кейбірі қас қаққандай өтеді, ал кейбірі кісінің жүгіргеніндей өтеді, олар амалдарына жарай жылдамдықта жүреді.** (Ең соңында) нұры бас бармағына (берілген) адам өткен кезде, оның бір қолы салбырап, бір қолы жоғары көтеріліп, бір аяғы салбырап, бір аяғы жоғары көтеріліп қалады және бүйірлеріне от тиеді. Сөйтіп, (бәрі де) құтылады. Құтылған кезде олар (тозаққа): «**Сені өзімізге көрсеткеннен кейін, бізді сенен құтқарған Аллаһқа мақтау болсын! Ол бізге ешкімге бермегенін берді!**», — деп айтады», — деген (Әл-Хаким, Әл-Бейһақи).

Аллаһ тағала мүміндердің екіжүзділерден бөлінуі жайлы: «Сол күні мүмін ерлер мен мүмін әйелдердің нұрлары алдарында әрі оң жақтарында жүгіргенін көресің: «**Сендерге бүгін қуаныш. Астарынан өзендер ағатын жұмақтар бар. Ол арада мәңгі қаласындар. Міне, бұл — зор табыс!**», — (делінеді). Сол күні мұнафиқ ерлер мен мұнафиқ әйелдер мүміндерге: «**Бізге көздеріңнің қырын салындар! Нұрларыңнан біз де пайдаланайық!**» — дейді. Оларға: «**Арттарыңа қайтып, нұр іздеңдер!**» — делінеді. Сонда олардың араларына есігі бар бір дуал орнатылады. Оның ішінде рақмет, сырт жағында азап бар. Мұнафиқтар мүміндерге: «**Сендермен бірге болмап па едік?**» — деп айғайлайды. Олар: «**Әрине, бірақ сендер өздеріңді сұмдыққа салдыңдар, күтіндер, күмәндандыңдар. Сендерді бос үміттерің Аллаһтың әмірі келгенге дейін алдады. Сондай-ақ сендерді Аллаһқа байланысты алдаушы (шайтан) алдады!**», — дейді. Сондықтан бүгін сендерден ешқандай төлеу қабыл етілмейді әрі көпірлерден де. Орындарың — тозақ! Ол — сендердің достарың, нендей жаман орын. Иман

келтіргендердің жүректері Аллаһтың зікіріне (Құранға) жұмсарып әрі түскен ақиқатқа жібімей ме? Ал, ендеше, бұрын өздеріне кітап беріліп, сосын ұзақ мерзім өткендіктен жүректері қатайғандар сияқты болмаңдар. Олардың көбі бұзақылар», — деген (Хадид, 12-16).

### ғ) Сират жайлы хадистер

Әбу Сағид әл-Худри (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар ﷺ: «...Сосын тозақ үстіне көпір қойылып, шапағатқа рұқсат етіледі. Сонда (пайғамбарлар): *«Уа, Аллаһ! Құтқара гөр, құтқара гөр!»* — деп айтады», — деген. Сонда (сахабалар): *«Уа, Аллаһтың елшісі! Көпір деген не?»* — деп сұрайды. Пайғамбар ﷺ: *«(Ол) — тайғанақ апат. Оның Нәжд жерінде өсетін тікенекшелері бар «савдан» деп аталатын (өсімдік) сияқты ілмектері мен қысқыштары бар. Мүмін оның үстінен қас қаққандай, шақпақша, желдей, құстай, жүйрік арғымақ жылқыдай өте шығып, аман-сау құтылады. (Біреулер) жарақат алып құтылады, (ал біреулер) жығылады. (Жаннаттықтардың) ең соңғылары сүйреп өткізіледі. Мен сендерге ақиқатты жариялап тұрмын. Сендерге сол күні кім мүмін екені анық болады. Олар өздерінің құтылғанын көрген кезде бауырлары үшін: «Раббымыз! Бауырларымыз... Бізбен бірге намаз оқитын, ораза тұтатын, амалістейтін», — деп дұға қылады. Сонда Раббының рақымы келіп: «Барыңдар, жүрегінде бір динардың салмағындай иманы бар кісі тапсаңдар, оны (тозақтан) шығарыңдар», — дейді», — деген (Муслим).*

Сират көпірінен ең бірінші өтетін Пайғамбарымыз ﷺ бен оның үмбеті болады.

Әбу Нурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар ﷺ: «...Сосын тозақтың үстіне сират қойылады. Ең бірінші болып мен және үмбетім өтеді. Ол күні елшілерден басқа ешкім сөйлемейді. Ол күні елшілердің дұғасы: *«Уа, Аллаһ! Құтқара гөр, құтқара гөр!»* Тозақта савданның тікенегі сияқты ілмек бар», — деген. (Пайғамбар

﴿ﷺ﴾ сахабалардан): *«Сағданды көргенсіңдер ме?»* — деп сұрайды. Олар: *«Иә, уа, Аллаһтың елшісі!»* — деп жауап береді. Сонда (Пайғамбар ﴿ﷺ﴾): *«Шын мәнінде, ол сағданның тікеліне ұқсайды. Бірақ оның үлкендігін бір Аллаһ қана біледі. Адамдарды амалдарына қарай тартып әкетеді»,* — депті (әл-Бұхари, Муслим).

Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын): *«Тозақты есіме алып жыладым»,* — дегенде. Аллаһ елшісі ﴿ﷺ﴾: *«Сені жылатқан не нәрсе?»* — деп сұрайды. Айша: *«Тозақты есіме алып жыладым. Қиямет күні отбасыларыңды еске аласыңдар ма?»* — дейді. Сонда Пайғамбар ﴿ﷺ﴾: *«Үш орында кісі ешкімді есіне алмайды: таразыда; таразысының жеңіл не ауыр тартқанын білгенге дейін, кітаптар көкпен түскен кезде; кітабының қайда түсетінін, оң қолына ма яки сол қолына ма (соны) білгенге дейін және жаһаннамның үстіне сират құрылған сәтте өтетінін немесе өте алмайтынын білгенге дейін»,* — деген екен (Әбу Дауд).

#### д) Қантара

Сонымен, сираттан аман-есен өткен мүміндер жаннатқа кіруден бұрын тозақ пен жаннат арасындағы Қантара ден аталатын тағы бір көпірдің үстіне тоқталып, ол көпірде бір-бірінің арасында дүниеде өткен зұлымдықтар үшін кек, қысас алынады. Есептесіп болған соң, жаннатқа кіруге рұқсат етіледі.

Әбу Сағид әл-Худри (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар ﴿ﷺ﴾: *«Мүміндер тозақтан құтылған соң, жаннат пен тозақ арасындағы Қантараға тоқтатылады. Дүниеде араларында болған зұлымдықтары үшін кек алады. Есептесіп, тазарып болғаннан кейін жаннатқа кіруге рұқсат етіледі. Мұхаммедтің жаны қолында болған (Аллаһ)пен ант етейін! Жаннаттағы үйлеріңді бұл дүниедегі үйлеріңнен де оңай табасыңдар»,* — деген (әл-Бұхари).

#### е) Ағраф

Барлық амалдар таразыға тартылып, сараланып, жаннаттық

немесе тозақтық адамдар анықталған соң, олардың арасында жақсы амалдары мен жаман амалдары тең болып қалатын жандар да кездеседі. Мұндай адамдар «ағрафтықтар» деп аталады. Ағраф — жаннат пен тозақтың арасындағы бір мекен. Олар Ағрафта тұрып, жаннатқа қараған сайын оған құштарлықтары артып кіруге дәмеленеді, ал тозаққа қараған сайын қорқыныштан дірілдеп, Аллаһтан пана сұрайды. Осылайша, ағрафтықтар Аллаһ рұқсат бергенге дейін біраз уақыт Ағрафта қала тұрады да, кейін Жаратушы тарапынан рақымшылық жасалып жаннатқа кіреді. Яғни ағрафтықтардың ақырында барар жері жаннат болмақ.

**ж) Ажалдың бауыздалуы**

Пайғамбар (ﷺ): *«Жаннаттықтар жаннатқа, тозақтықтар тозаққа кіргізілген соң, жаннат пен тозақтың арасына ажалды әкеледі де, оны бауыздайды. Сосын жаршы: «Уа, жаннаттықтар, (енді) өлім жоқ! Уа, тозақтықтар, (енді) өлім жоқ!» — деп (жариялайды). Сонда жаннаттықтардың қуанышына қуаныш қосылады, ал тозақтықтардың қасіретіне қасірет қосылады», — деген (әл-Бұхари, Муслим).*

## VI бөлім

### Тозақ

Аллаһ тағала әлемдерді жаратып қана қоймай, әр әлемнің өзіне тән тұрғындарын, олардың ризық-несібелерін де жаратты. Сондай-ақ әрбір құлының бұл дүниедегі жасаған амал-құлшылығына сай баратын, ақыреттік мекендері — жаннат пен тозақты да жаратты. Бұл бөлімде осы екі орынның бірі — тозақ жайында (оның сипаты, ондағы азап түрлері, оған лайықты адамдар, олардың тамұқтағы жағдайы және одан құтылудың жолдары) кеңінен сөз болады.

#### Тозақ — ең ауыр қорлық

Тозақ — Аллаһтың ең ауыр қорлығы, одан асқан қорлық жоқ. Аллаһ тағала Құранның мына аяттарында: **«Раббымыз! Сен кімді тозаққа кіргізсең, шын мәнінде, оны қорлапсың»** (Әлі Имран, 192);

**«Олар кім Аллаһқа және елшісіне қарсы келсе, расында, оған онда мәңгі қалатын тозақ оты бар екенін білмей ме? Міне, сол үлкен қорлық»** (Тәубе, 63), — деп оның ең ауыр қорлық екенін айтқан.

#### Тозақ — қорқынынтты орын

Абдуллаһ ибн Аббастан (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) жеткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): **«Тозақты көрдім және бүгінгідей қорқынышты ешбір көріністі көрген емеспін»**, — деп айтқан (әл-Бұхари, Муслим).

Сондай-ақ Пайғамбар (ﷺ): **«Жаным қолында болған (Аллаһ)пен ант етейін! Егер мен көргенді сендер көргенде, аз күліп, көп жылдар едіңдер»**, — дегенде, сахабалар: **«Сен не**

көрдін, уа, Аллаһтың елшісі?» — деп сұрапты. Сонда Пайғамбар (ﷺ): «**Тозақты көрдім**», — деген (Муслим).

Айпадан (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етілген хадисте Аллаһ елшісі (ﷺ): «**Сендер менің шегіншектен кеткенімді көрген кездеріңде, мен тозақты көрдім, ол бір-біріне сапырылысып жатыр екен**», — деген (Муслим).

Тозақ көрінісі оған түспейтінін анық білетін Пайғамбардың (ﷺ) бойында осыншалықты үрей тудырса, одан құтылар-құтылмасымыз беймәлім болған біздің күніміз не болмақ?!

## Тозақтың қызуы

Тозақтың апшыны қуырып өртейтін ыстықтығын сипаттап Аллаһ тағала: «**Сол жақ нелері, сол жақ нелері (болу) қандай (бақытсыздық). Олар ыстық ауа мен ыстық суда, салқын да емес, жағымды да емес қара түтін көлеңкеде болады**» (Уақиға, 41-44);

«**Үш бунақты түнекке қарай барындар**» (делінеді). «**Ол көлеңке де болмайды, жалыннан да қорғамайды. Өйткені (тозақ) сарайдай ұшқын атады. Ол (ұшқындар) сары түйелер секілді**» (Мурсалат, 30-33);

«(Ол) — **жалындаған от**», — дейді (Қарыға, 11).

Ал Аллаһ елшісі (ﷺ): «**Сендердің оттарың<sup>1</sup> — жаһаннам отының жетпістен бір бөлігі**», — деген. Сахабалар: «**Уа, Аллаһтың елшісі!** (Бұл дүниедегі оттың өзі де) **жеткілікті ғой**»<sup>2</sup>, — дегенде, Пайғамбар (ﷺ): «(Жаһаннам оты) **олардан алтыс тоғыз есеге артық етілген, олардың әрқайсысы** (бұл дүниедегі оттың) **ыстығындай**», — депті (әл-Бұхари, Муслим).

Тозақ отының жалыны ешқашан басылмайды. Аллаһ тағала: «**Мекендері — тозақ, ол толастаған сайын жалынын арттыра түсеміз**», — деген (Исра, 97).

<sup>1</sup> Бұл жерде дүниедегі барлық от туралы айтылған.

<sup>2</sup> Яғни көшірлер мен күнәкарларды азаптауға дүниедегі от та жеткілікті ғой.

## Тозақтың бұл дүниеге әсері

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): *«Тозақ Раббысына: «Раббым, бір бөлігім бір бөлігімді жеп қойды», — деп шағым айтқанда, (Аллаһ тағала) оған екі (рет) тыныс алуға рұқсат еткен. (Сойтін, ол) қыста бір тыныс алады және жазда бір тыныс алады. (Бұл) сендердің ең қатты ыстықты көрулерің және ең қатты суықты қорулерің», — деген (әл-Бұхари).*

## Тозақтың кеңдігі мен тойымсыздығы

Тозақ өте кең, оған тістері таудай, екі иығы аттылы адамға үш күндік жолдай үлкейіп түскен кәпірлер мен мұнафиқтардың бәрі сыяды. Тіпті оған күн мен ай сияқты үлкен-үлкен ғаламшар сыйып кетеді. Пайғамбар (ﷺ): *«Күн мен ай тозақта жұмырылып тұрады», — деген-ді (әл-Бұхари).*

Сондай-ақ ол өте тойымсыз келеді. Аллаһ тағала: *«Ол күні тозаққа: «Толдың ба?» — дейміз. Ал ол: «Тағы да бар ма?» — дейді», — деген (Қаф, 30).*

Пайғамбар (ﷺ): *«Тозаққа (кәпірлер) лақтырыла береді, ал ол қашан құдірет Иесі оған табанын қойғанға дейін: «Тағы да бар ма?» — деп айтудан танбайды. Сосын ол бір-біріне жұмырылып: «Күш-құдіретің мен жомарттығыңа серт! Жетер, жетер!» — дейді», — деген (әл-Бұхари, Муслим).*

## Тозақтың шыңыраулары мен қақпалары

Тозақ түпсіз терең шыңыраулардан тұрады. Төмен түскен сайын оның күші мен азабы арта түседі.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Біз Аллаһ елшісімен (ﷺ) бірге едік. Бір кезде ол бір дыбыс естіді де: «Мынаның не екенін білесіңдер ме?» — деп (сұрады). Біз: «Аллаһ пен Оның елшісі жақсы біледі», — дедік. (Сонда Пайғамбар (ﷺ)): «Бұл тозаққа жетпіс күз (яғни жыл) бұрын лақтырылған тас.*

**Ол әліге дейін тозаққа төмен құлауда», — деп айтты», —** деген (Муслим).

Яғни тозақ жоғарыдан төменге қарай, бірі-бірінің астына орналасқан көп қабатты түрде болады. Оның қабаты төмендеген сайын қызуы мен жантүршігерлік азабы да күшейе түседі. Аллаһ тағала: **«Негізінде, мұнафиқтар тозақтың ең төменгі қабатында болады», —** деген (Ниса, 145).

Тозақтың жеті қақпасы бар. Яғни әрбір қабатында бір қақпадан болады. Тозақты сипаттаған Құран аятында: **«Тозақтың жеті қақпасы бар. Әр қақпаға олардың бір бөлігі бөлінеді», —** деп айтылады (Хижр, 44).

Тозақтың ең төменгі қабатына соған лайықтылар түседі, сосын оның қақпасы жабылады да, оның үстіндегі келесі қабат ашылады, оған да лайықтылар түседі, содан соң оның қақпасы жабылып, оның үстіндегі тозақ қабаты ашылады және қашан толғанша адамдар оған осы ретте тоғытылады<sup>1</sup>.

### Тозақтың күзетшілері

Тозақтың періштелерден құралған арнайы күзетшілері болады. Оларды сипаттап Аллаһ тағала Құранда: **«Ей, иман келтіргендер! Өздеріңді әрі үй-іштеріңді отыны адамдар мен тастардан болған оттан қорғандар. Оның басында қатал, ірі денелі періштелер бар. Олар Аллаһтың бұйырғанына қарсы келмейді, өздеріне бұйырылғанды істейді», —** деген (Тахрим 6).

Олардың саны — он тоғыз. Аллаһ тағала: **«Сен тозақтың не екенін қайдан білер едің? Ол қалдырмайды да, тастамайды да. Адам (терісін) өртеп жібереді. Оған он тоғыз (періште қарайды). Тозақтың күзетшілерін періштелерден ғана қылдық. Сондай-ақ олардың сандарын көпір болғандарға бір сынау қылдық», —** дейді (Муддассир, 27-31).

---

<sup>1</sup> Ибн Кәсир, Әли ибн Әбу Талибан (Аллаһ оған разы болсын) хабар стілген.



## Тозақтың отыны

Тозақтың отыны адамдардың көпірлері мен мүшріктерінен және тастардан құралады. Аллаһ тағала: **«Ей, иман келтіргендер! Өздерінді және отбасыларыңды отыны адамдар мен тастан болған тозақ отынан сақтандар!»** (Тахрим, 6);

**«Отыны адамдар мен тастан болған тозақ отынан сақтаныңдар! Ол көпірлерге өзірленген»,** — дейді (Бақара, 24).

Сондай-ақ адамдар мен жындар Аллаһтан өзге құдай ретінде табынған жалған құдайлар да тозақтың отынына айналады. Аллаһ тағала: **«Сендер және Аллаһтан өзге табынғандарың тозақтың отынысыңдар»,** — дейді (Әнбия, 98).

## Тозақтықтардың көсемдері

Жаннат тұрғындарының дәрежелері әртүрлі болғанындай, тозақтықтар да өзара дәрежелерге бөлінеді, олардың көсемдері болады. Тозақтың көсемдері кімдер? Олар — бұл дүниеде адамдарды күпірлік пен адасушылыққа бастағандар. Олар жайында Аллаһ тағала:

**«Оларды тозаққа шақыратын басшылар еттік. Оларға Қиямет күні жәрдем көрсетілмейді»,** — деген (Қасас, 41).

Тозақтық көсемдердің жын тайпасына жататындарының ең үлкені — Ібіліс малғұн, ал адамдар арасындағы ең ірісі — перғауын. Аллаһ тағала Ібіліс жайлы: **«Шын мәнінде, шайтан өз тобын тозақтықтардан болуға шақырады»** (Фатыр, 6), — десе, залым перғауын туралы оның ақыреттегі жағдайын баяндап: **«Ол Қиямет күні елінің алдына түседі де, оларды тозаққа бастап барады. Ол түсетін нендей жаман орын!»** — дейді (Һуд, 98).

## Тозақтың басым көпшілігі — әйелдер

Әйелдерді тозақтан сақтандырған Пайғамбар (ﷺ): **«Ей, әйелдер жамиғаты, садақа беріңдер! Мен тозақтықтар-**

**дың көпшілігінің сендерден екенін көрдім»,** — деген. Сонда әйелдер: **«Ол не үшін, уа, Аллаһтың елшісі?»** — деп сұрайды. Пайғамбар (ﷺ): **«Қарғысты көп айтасыңдар, күйеуге қарсы келесіңдер»,** — депті (әл-Бұхари, Муслим).

Тағы бір хадисте Аллаһ елшісі (ﷺ): **«Тозақты көрдім... және оның тұрғындарының көпшілігі әйелдер екенін көрдім»,** — деген. Сонда адамдар: **«Не себепті, уа, Аллаһтың елшісі?»** — деп сұрайды. **«Күпірліктері себепті»,** — дейді. **«Олар Аллаһқа күпірлік қыла ма?»** — деп сұрапты. Сонда Пайғамбар (ﷺ): **«Күйеуіне күпірлік қылады, жақсылыққа күпірлік қылады. Егер олардың біріне өмір бойы жақсылық істеп келіп, сосын сенен бір нәрсе көрсе: «(Сенен) еш жақсылық көрмедім», — деп айтады»,** — деп жауап берген (әл-Бұхари, Муслим).

### Тозақтықтардың азабы

Тозақтықтар жантөзгісіз ауыр азапқа түседі. Аллаһ тағала: **«Әрбір қасарысқан зорлықшы зиян шекті. Оның артынан тозақ бар. Оған ірің суы ішкізіледі. Ол жұтуға тырысқанмен, оны тамағынан өткізе алмайды. Сондай-ақ оған әр тараптан өлім келеді. Ол өле алмайды. Тағы оның артынан ауыр азап келеді»,** — деген (Ибраһим, 15-17).

Әнәс ибн Мәликтен (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисте Аллаһ елшісі (ﷺ): **«Қиямет күні тозақтықтар арасынан дүние халқындағы ең бір рақатта болғанын әкеліп, тозаққа бір салып алып: «Ей, Адам баласы! Сен (дүниеде) бір қайыр көрдің бе?» — деп (сұралғанда), ол: «Жоқ, уа, Раббым!» — деп айтады екен»,** — дейді (Муслим).

Басқа бір хадисте Пайғамбар (ﷺ) тозақтықтарды сипаттап: **«Тозақтағы кәпірдің екі шығының арасы — жылдам жүрген аттылығы үш күндік жол»,** — деген (Муслим).

Бұл хадистен біздің ұғарымыз, тозақтықтардың азабы арта түсу үшін Аллаһ тағаланың құдіретімен олардың денесі үлкейіп кетеді. Жаһаннамда кәпірлердің басына адам ойына сыйғысыз

ауыр азаптар түседі. Рас, Аллаһтың мейірімі өте кең, сонымен қатар Оның жазасы да қатты.

Келесі бір хадисте азабы ең жеңіл болатын тозақтағы пенденің жағдайы туралы Аллаһ елшісі (ﷺ): *«Тозақтықтардың азабының ең жеңілі — Қиямет күні табанының астына шоқ қойылған бір кісі, одан оның миы қайнайды»*, — деген (әл-Бұхари).

Тозақтықтар түрлі тәсілде, тағамдары мен сусындары арқылы азапталады. Аллаһ тағала: *«Олардың ащы, сасық тікеннен басқа ешбір тамағы болмайды. Ол семіртпейді де, аштықты да баспайды»* (Ғашия, 6-7);

*«Шынында, заққұм ағашы — күнәкарлардың тамағы. Ол қарындарында балқыған кен сияқты, ыстық судың қайнағанындай қайнайды»*, — дейді (Дұхан, 43-46).

Пайғамбар (ﷺ) тозақтағы сол бір ағашты сипаттап: *«Егер заққұм ағашынан дүние мекеніне бір тамшы тамса, жер бетіндегілердің тұрмыс-тіршілігін бүлдірер еді»*, — деген (Муслим).

Тозақ тұрғындары аштыққа шыдай алмай, аталмыш заққұм ағашынан жеуге мәжбүр болады. Жеуін жегенмен, іштерін күйдіріп бара жатқан соң, оның зәрін басу үшін ішер су іздеп әуреге түседі. Сол кезде оларға қайнап тұрған су беріледі. Бұл жайлы Құранда: *«Сосын оларға қайнап тұрған судан сусын беріледі»* (Сафат, 67);

*«Оның үстіне, қайнап тұрған судан ішесіңдер және шөлдеген түйеше сіміресіңдер. Міне, олардың қиямет күнгі сыйлықтары»* (Уақиға, 54-56);

*«Қайнап тұрған су беріліп, ішектері туралғандар»* (Мұхаммед, 15);

*«Егер олар (су сұрап) жалбарынса, еріген кен тәрізді беттерді қуыратын бір су беріледі. Ол нендей жаман сусын және (тозақ) нендей жаман орын»*, — деп айтылған (Көһф, 29).

Сондай-ақ олардың тағамдарының бірі — фислин және ғассақ. Фислинді тәпсіршілер тозақтықтардың денелерінен аққан қанды ірің десе, ғассақты заһарлы, улы су деп түсіндіреді.

Аллаһ тағала: **«Ғнслнннен басқа ешбір тамағы жоқ. Оны күнөкарлар ғана жейді»** (Хаққа, 36-37);

**«Міне, осы! Енді олар қайнан тұрған су мен ғассақ татсын! Тағы да басқа осы сияқтылардың неше түрлісі бар»,** — дейді (Сад, 57-58).

Тозақтағылар алуан түрлі өлімші жағдайларды бастан кешіп, жан азапқа түсіп жатқанымен, олар өлмейді. Отқа қақталып, күйіп жанады. Аллаһ тағала: **«Олардың терілері жанған сайын азапты тата түсулері үшін оны басқа терілерге ауыстырамыз»,** — деген (Ниса, 56).

Адамның ең сезімтал мүшесі — терісі. Терілері күйіп, жанып кеткен соң, азапты барынша татулары үшін Аллаһ тағала олардың денесін қайтадан терімен қаптайды.

Сондай-ақ тозақ азаптарының бірі — саһр (іру). Аллаһ тағала: **«Көпір болғандарға киім оттан пішілген, төбелерінен қайнап тұрған су құйылады. Онымен олардың ішіндегілері және терілері іріп түседі»,** — дейді (Хаж, 19-20).

Аллаһ елшісі (ﷺ) осы адам айтқысыз азапты хадисінде: **«Олардың төбелерінен қайнап тұрған ыстық су құйылады. Ол іш қуыстарына дейін өтіп, ішкі құрылыстарын ірітеді. Тіпті (іріген ішкі құрылыстары) екі табанынан ағады. «Саһр» (іру) — осы. Сосын (іріген іш қуысы) қайта қалтына келеді»,** — деп сипаттаған (өт-Тирмизи).

Сондай-ақ тозақтағы зардабы ащы азаптардың бірі — «сахб» (сүйрету). Аллаһ тағала Құранда: **«Ол күні олар тозақта етпетінен сүйреледі. «Тозақтың азабын татындар» (делінеді)»** (Камар, 48);

**«Сол уақытта олардың мойындарына ажырғылар, бұғаулар салынып сүйреледі. Қайнап тұрған суда болып, сосын отқа жағылады»,** — дейді (Ғафыр, 71-72).

Жап шыдатпас азантан тозақ тұтқындарының жүздері қарауытшып кетеді. Аллаһ тағала: **«Олардың беттері түннің қараңғылығынан бір бөлік қаптағандай. Солар — тозақтық. Олар онда мәңгі қалады»,** — деген (Юнус, 27).

Сонымен қатар Аллаһ тағала тозақта дайындаған азаптары

туралы: «Олар үшін темірден жуантықтар болады. Қашан олар тозақтың бейнетінен шығуды қаласа, оған қайта нтеріледі де, (оларға): «Жандырушы азаптың дәмін татыңдар!» (делінеді)» (Хаж, 21-22);

«Олар тозақтың тар бір жеріне қолдары мойындарына байлаулы тасталғанда, сол жерде жоқ болуды қалайды», — деген (Фурқан, 13).

Тозақ азабын сипаттайтын басқа да көптеген аяттар мен хадистер бар.

Ақырында тозақтықтар одан құтылудың лажын таба алмағап соң, тозақтың күзетшілерін сөзге тартқысы келеді. Бұл жайлы Аллаһ тағала Құранда: «Оттағылар тозақтың сақшысына: «Раббыларыңнан тілендер. Азабымыздан бір күн жеңілдетсін», — дейді. (Тозақ сақшылары): «Сендерге елшілерің мұғжизалармен келмеді ме?» — дейді. Олар: «Әрине!» — дейді. (Сақшылар): «Ендеше, жалбарыныңдар, көпірлердің тілегі мүлде зая кетеді», — дейді», — деп баяндайды (Ғафыр, 49-50).

Сосын олар тозақтың бас күзетшісі — Мәликті шақыра бастайды.

«Тозақтықтар: «Ей, Мәлик! Раббың ісімізді бітірсін», — дейді. (Сақшы): «Расында, сендер тұрасыңдар», — дейді. (Аллаһ оларға): «Шынында, сендерге шындықты келтірдік. Бірақ көбің шындықты жек көрдіңдер», — дейді» (Зухруф, 77-78).

## Тозаққа түсіретін күнәлар

### а) Тозақта мәңгі қалдыратын ең үлкен күнәлар

1) Күпірлік және Аллаһқа серік қосу. Аллаһ тағала: «Расында, көпір болғандарға (Қиямет күні): «Аллаһтың ашуы, сендердің өз ашуларыңнан зор. Өйткені сендер нманға шақырылған кезде көпірлік таныттыңдар» деп дауысталады», — деген (Ғафыр, 10).

2) Қиямет күніне сенбегендіктен, шарифат міндеттерін орындамау. Аллаһ тағала: «Сендерді тозаққа кіргізген не

нәрсе?» Олар: «Біз намаз оқушылардан емес едік, міскінді тамақтандырмайтын едік, бұзықтыққа кірісушілермен бірге кірісіп жүрген едік, өзімізге өлім келгенге дейін Қиямет күнін өтірік деген едік», — дейді», — деген (Муддассир, 42-47).

3) Адасқан, дінсіз басшыларға сріп, Аллаһтың дінінен бет бұру. Аллаһ тағала: «**Расында, Аллаһ көпірлерді лағынет етті және оларға жалындаған тозақты әзірледі. Олар онда мәңгі қалады. Жанашыр да, жәрдемші де таба алмайды. Бет-жүздері от ішінде аударылатын күні: «Әттен, Аллаһқа бойсұнып, елшіге бағынғанымызда еді! Раббымыз! Біз басшыларымызға, үлкендерімізге бойсұндық та, бізді солар адастырды», — деп айтады», — деген (Ахзаб, 64-67).**

4) Мұнафиқ болу. Аллаһ тағала: «**Аллаһ мұнафиқтар мен мұнафиқ әйелдерге және көпірлерге тозақ отын уәде етті. Олар онда мәңгі қалады», — дейді (Тәубе, 68).**

5) Менмендігі себепті Аллаһтың аяттарына сенбеу. Аллаһ тағала: «**Сондай аяттарымызды өтірік дегендер, оларға менменсі қарағандар, солар—тозақтық. Олар онда мәңгі қалады», — деген (Ағраф, 36).**

Сондай-ақ Пайғамбар (ﷺ) жаннат пен тозақ таласқанда: «**Тозақ: «Маған озбырлар мен менмендер кіреді», — деп айтады», — деген (Муслим).**

Тозақтықтар көп. Аллаһ тағала: «**Расында, оларға деген Ібілістің ойы шынға шығып, бір топ мүміндерден басқасы саған ілесті», — дейді (Сәба, 20).**

Тағы бір аятта Ібіліске: «**Әлбетте, тозақты сен және саған ілескендермен, солардың барлығымен толтырамын», — деген (Сад, 85).**

### ә) Тозақ азабына душар ететін күнәлар

Пендені тозақ азабына ұшырататын күнәлар көп. Оның бірі — нақақтан кісі өлтіру. Аллаһ тағала: «**Кімде-кім қасақана бір мүмінді өлтірсе, оның жазасы—тозақ. Ол онда мәңгі қалады. Аллаһ оған ашуланып, лағынет етеді және оған ауыр азап әзірлейді», — деген (Ниса, 93).**

Тағы бірі жаны бар нәрселерді мүсіндеу мен бейнелеу. Пайғамбар (ﷺ): *«Қиямет күні тозақтан бір мойын шығады, оның көретін екі көзі, еститін екі құлағы және сөйлейтін тілі бар. Ол: «Маған үш (түрлі адам) жүктелді: әрбір тоңмойын зорлықшы, әрбір Аллаһпен бірге басқа құдайға дұға қылушы және бейнелеушілер», — деп айтады», — деген (Ахмад, өт-Тирмизи).*

Тағы бірі, өз-өзіне қол жұмсау.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): *«Өз-өзін буындырып өлтіргенді тозақта буындырады, өз-өзін шаншып өлтіргенді тозақта шаншиды», — дейді (әл-Бұхари).*

Адамның жұртты шарифат құптаған дұрыстыққа шақыра тұра, оны өзі істемеуі де тозақ азабына душар етеді.

Пайғамбар (ﷺ): *«Қиямет күні бір кісі әкелінеді де, тозаққа тасталады. Оның ішек-қарны ақтарылып, ол (ішектеріне) дшірмен тасын тартқан есектей оратылып жатады. Оған тозақтықтар жиналып: «Ей, пәленше! Саған не болды? Бізді дұрыстыққа шақырып, бұрыстықтан тосатын едің ғой?!..» — дейді. Сонда ол: «Рас, мен сендерді дұрыстыққа шақырып, оны өзім істемейтінмін. Сондай-ақ сендерді бұрыстықтан қайтарып, оны өзім істейтінмін», — деп (жауап береді)», — деген (Муслим).*

Дін жолындағы қиындықтарға шыдамай, нәпсі қалауларына еру де тозақ азабына ұшыраудың бірден-бір себебі.

Аллаһ елшісі (ﷺ): *«Аллаһ тағала жаннат пен тозақты жаратқан кезде Жәбірейілді жаннатқа жіберіп: «Барып, оны және онда оның тұрғындарына әзірлегенімді көр», — депті. Сөйтіп, (Жәбірейіл) барып, оған және онда Аллаһтың оның тұрғындарына әзірлегендерін көреді де, қайтып келіп: «Күш-құдіретіңе серт! Оны біреу естісе, оған кірер еді», — дейді. (Аллаһ тағала) бұйрық беріп, (жаннат) қиындықтармен қоршалады. Сосын (Жәбірейілге): «Барып, оны және онда оның тұрғындарына әзірлегенімді көр», — дейді. Сөйтіп, (Жәбірейіл) оның қиындықтармен*

қоршалғанын) көріп, қайтып келген соң: «Құш-құдіретіңе серт! Оған ешкім кіре алмай ма деп қорықтым», — депті. Сосын (Аллаһ тағала) оны тозаққа жіберіп: «Барып, оны және оның тұрғындарына әзірлегенімді көр», — депті. Сөйтіп, (Жәбірейіл барып) көреді, қараса, ол бір-бірінің үстіне мінгесіп жатыр екен. Сосын (Жәбірейіл) қайтып келіп: «Құш-құдіретіңе серт! Оны естіген біреу оған кірмес еді», — дейді. (Аллаһ тағала) бұйрық беріп, ол нәпсі қалауларымен қоршалады. Сосын (Жәбірейілге): «Барып, онда оның тұрғындарына әзірлегенімді көр», — дейді. (Жәбірейіл) барып, оған қараған соң, қайтып келіп: «Құш-құдіретіңе серт! Ешкім оған кірмей құтылмай ма деп қорықтым», — депті», — дейді (Мұсылым).

Жалпы алғанда, адамдар жеңілге сапайтын кез келген күнә, тіпті ол жан-жануарларға қатысты мейірімсіздік болса да, пендені тозаққа кіргізуі әбден мүмкін.

Әсма (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Аллаһ елшісі (ﷺ):

«Қарасам, (тозақта) бір әйелді мысық тырнап жатыр екен. «Мынаған не болған?» — деп (сұраған едім): «Ол (мысықты) аштан өлгенше қамап қойған, оған тамақ та бермеген, жер жәндіктерімен қоректенуі үшін де жібермеген», — деп айтылды», — деген (өл-Бұхари).

## Тозақтан құтылу жолдары

Тозаққа түсудің әуелгі себебі күпірлік болса, одан құтылудың басты жолы — имандылық, сосын игі амалдарды барынша көбірек істеу. Аллаһ тағала Құранда иман келтіргендерін алға тартып: «Раббымыз! Иман келтірдік, күнәларымызды кешір және бізді от азабынан сақта» (Әлі Имран, 16), — деп дұға қылғандарды мысал еткен.

Сондай-ақ арнайы мәтіндерде келген тозақтан құтылудың шаралары туралы айтар болсақ, Жабир ибн Абдуллаһ (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ):



**«Аллаһ тағала: «Ораза — ол арқылы тозақтан қорғанатын қалқан», — деп айтты»,** — дейді (әл-Бәйһақи).

Аллаһ тағала: **«Раббысының құзырынан қорыққанға (пендеге) екі жаннат бар»,** — деген (Рахман, 46).

Аллаһ елшісі (ﷺ): **«Қашан пенде аяқтарын Аллаһ жолында шаңға былғаса, оған тозақ оты тимейді»,** — деген (әл-Бұхари).

Әбу Нурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): **«Аллаһ тағала (періштелерге пенделері туралы) Өзі жақсы біліп тұрса да: «Олар (Менен) не нәрседен пана сұрайды?», — дейді. Олар: «Тозақтан», — дейді. «Олар оны көрген бе?» — дейді. «Жоқ, уа, Раббы! Олар оны көрмеген», — дейді. «Егер олар оны көрсе, қалай болар еді?» — дейді. «Егер оны көрсе, бұдан да қатты қашып, (бұдан да) қатты қорқар еді», — дейді. Сонда (Аллаһ тағала): «Мен оларды кешіргеніме сендерді куә етемін», — деп айтады»,** — дейді (әл-Бұхари, Муслим).

Аллаһтан тозақ азабынан пана сұрауға қатысты дұғалар Құран аяттары мен Пайғамбарымыздың (ﷺ) хадистерінде өте көп келген.

Ең бергісі, Пайғамбар (ﷺ): **«Құрманың жартысымен болса да тозақтан сақтаныңдар»,** — деп айтқан (әл-Бұхари).

## VII бөлім

### Жаннат

Кітаптың бұл бөлімі сіздерді барлық мүміндердің арманы болып саналатын жаннатпен, оның сипаты және дәрежелерімен, ондағы көз көріп, құлақ естімеген мәңгілік игіліктермен, оған лайықты адамдар сапымен және олардың ондағы бақытты өмірімен кеңінен таныстырып, оған деген ынтық сезімдеріңізді арттыра түседі. Сонымен қатар жаннатқа жетудің жолдарын көрсетеді.

#### **Аллаһ тағаланың толық мейірімін жаннаттықтар көреді**

Пайғамбар (ﷺ): *«Аллаһ көктер мен жерді жаратқан күні жүз рақымшылықты қоса жаратты. Әрбір рақымшылықтың көктер мен жердің арасындай қабаттары бар. Ал жер бетіне бір ғана рақымшылық жасады. Оның ішінде ананың баласына деген жанашырлығы, аң-құстардың бір-біріне деген аяушылығы (бар). Қиямет күні болғанда оны қалған тоқсан тоғыз рақымшылықпен толтырады»*, — деген (Муслим).

Аллаһ тағаланың мейірімі өте мол және ол мейірімі, әлбетте, игілік істеушілерге бек жақын. Ол осы мол мейірімін жаннатқа төккен. Демек, Оның мейіріміне жаннаттықтар бөленеді.

#### **Жаннатқа бірінші болып кіретіндер**

Жаннатқа бірінші болып кіретін пенде — пайғамбарымыз Мұхаммед (ﷺ). Әрі оған кіретін үмбеттердің ішінде жаннат қақпаларынан ең әуелгі енетіндер де оның (ﷺ) үмбеті. Ал бұл үмбеттің ішінде жаннат табалдырығынан алғашқы болып аттайтын кісі — Әбу Бәкір Сыддық (Аллаһ оған разы болсын).

Аллаһ елшісі (ﷺ): *«Мен — жаннат қақпасын қаватын ең әуелгі (жанмын)»* (Муслим), — десе, тағы бір хадисінде: *«Біз соңғылар (болсақ та) Қиямет күні алғашқылармыз, біз — жаннатқа кіретін алғашқы адамдармыз»*, — деп айтқан (әл-Бұхари, Муслим және ән-Нәсәи).

Сондай-ақ Пайғамбар (ﷺ) Әбу Бәкірге (Аллаһ оған разы болсын): *«Ей, Әбу Бәкір! Расында, сен — үмбетімнен жаннатқа ең бірінші кіретін (адамсың)»*, — деген (Әбу Дауд).

Сонымен қатар Аллаһ елшісі (ﷺ) есеп-қисапсыз жаннатқа кіретін ең әуелгі топты: *«Бірінші топта жаннатқа кіретіндердің бейнелері түңгі толған айдың дидарындай болады. Олар (жаннатта) түкірмейді, сіңбірмейді және әжетке де отырмайды, олардың ондағы ыдыстары алтыннан, тарақтары алтын мен күмістен, қорқорларында алоә (жанып тұрады), тер тамшылары миск (аңкиды), олардың әрбіріне екі әйелден, сұлулықтан ол екі (әйелдің) жілік майлары, еттері ар жағынан көрініп тұрады, олардың арасында келіспеушілік те, жеккөрушілік те болмайды, ал жүректері бір кісінің жүрегі және олар ертелі-кеш Аллаһқа тәсбих айтады»*, — деп сипаттаған (әл-Бұхари, Муслим).

Тағы бір хадисінде: *«Маған үмбетімнің жетпіс мыңының жаннатқа есеп-қисапсыз кіруі нәсіп етілді»*, — деген (Ахмад).

Пайғамбарымыз (ﷺ) жаннатқа кедейлердің бірінші кіретінін хабарлаған. Ол кісі (ﷺ) Абдуллаһ ибн Амрдан (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Сен үмбетімнен жаннатқа кіретін алғашқы топты білесің бе?»* — деп сұрайды. Абдуллаһ: *«Аллаһ пен Оның елшісі жақсы біледі»*, — деп жауап береді. Сонда Аллаһ елшісі (ﷺ): *«Мұһажирлердің кедейлері...»* — деп айтқан (әл-Хақим).

Сондай-ақ Пайғамбарымыз (ﷺ) алғашқылардың қатарында жұмаққа енетін үш адамды атап: *«Маған жаннатқа кіретін әуелгі үш (адам) көрсетілді. (Олар): шәһид, намысшыл арлы (кісі) және Аллаһтың ғибадатын көркем түрде орындап, қожайындарына адал болған құл»*, — деген (әт-Тирмизн).

## Тозақта лайықты жазасын алған соң, жаннатқа ауыстырылатын адамдар жайлы

Аллаһ елшісі (ﷺ) таухидте болса да, күнәларға бой ұрып, тәубе қылмай өлгендер жайлы әңгімелеген. Олардың барар жері — тозақ. Бірақ олар тозақта мәңгілік емес, біраз уақытқа қалып, сосын жаннатқа ауысады. Олар — күнәкар мұсылмандар.

Пайғамбар (ﷺ): *«Тозаққа лайықты болған тозақтықтар болса, онда өлмейді де, тірінің де күйін кешпейді. Бірақ күнәларының (немесе қателіктерінің) себебінен тозаққа душар болған адамдарды тозақ олар көмірге айналғанға дейін өлтіреді. (Сосын) шапағат етуге рұқсат етіледі де, олар топ-топ болып әкелінеді. Сөйтіп, олар жаннаттың өзендеріне тасталады. Содан кейін жаннаттықтарға: «Уа, жаннаттықтар, оларға су құйыңдар!» — деп айтылады. (Жаннаттықтар су құйған соң), олар сел әкеп тастаған дән сияқты өніп шығады», — деп айтқан (Муслим).*

Немесе мына төмендегі хадиске назар аударайық: *«Бір адамдар тозақтан Мұхаммедтің (ﷺ) шапағатымен шығып, жаннатқа кіреді. Олар «жаһаннамдықтар» деп аталады»* (өл-Бұхари).

Осылайша, «Аллаһты бір» деп таныған әрбір адам шапағатқа қол жеткізіп, тозақтан құтылады. Пайғамбарымыздың (ﷺ) жүрекке үміт шоғын салатын мына бір хадисіне құлақ салсақ, онда: *«Кім: «Лә иләһә иллаллаһ» деп айтып, жүрегінде арпа дәнінің салмағындай жақсылық болса, тозақтан шығады. Кім: «Лә иләһә иллаллаһ» деп айтып, жүрегінде бидай дәнінің салмағындай жақсылық болса, тозақтан шығады. Сондай-ақ кім: «Лә иләһә иллаллаһ» деп айтып, жүрегінде тозақтың салмағындай жақсылық болса, тозақтан шығады», — деп айтылған (Муслим).*

Аллаһ елшісі (ﷺ) тозақтан ең соңғы болып шығып, жаннатқа кіретін адамды да сипаттап берген. Ол кісі (ﷺ): *«Жаннатқа ең соңғы кіретін ер адам. Ол бірде жүрсе, бірде (жер бауыр-*

лап) еңбектейді. (Шыға берген кезінде) оны бір рет от шалып қалады. Ол шыққан кезінде (тозаққа) бұрылып қарап: «Мені сенен құтқарған аса Ұлы Аллаһ маған әуелгілер мен соңғылардың ішінде ешкімге бермеген нәрсені берді!» — дейді. Сонда оған (алыстан) бір ағаш көрінеді. Ол: «Уа, Раббым! Мені осы ағашқа жақындатшы, саясына көлеңкелеп, суынан ішейін», — дейді. Аллаһ тағала: «Ей, Адам баласы! Оны саған берсем, одан басқасын сұрайтын шығарсың?» — дейді. Ол: «Жоқ, уа, Раббым!» — деп (Аллаһқа) одан басқа (ешнәрсе) сұрамауға серт береді. (Сөйтіп,) Ұлы Раббысы оның тағатсызданып тұрғанын көріп, кешіріммен қарап, оны ол (ағашқа) жақындатады. Ол ағаш саясында көлеңкелеп, суынан ішеді. Сосын әуелгі (ағаштан) да әдемі бір ағаш көзіне түседі. Ол: «Уа, Раббым! Мені осы (ағашқа) жақындатшы, суынан ішіп, саясына көлеңкелейін. Одан басқаны сұрамаймын», — дейді. (Аллаһ тағала): «Ей, Адам баласы! Маған одан басқаны сұрамауға серт берген жоқ па едің? Сені ол (ағашқа) жақындатсам, одан басқаны сұрайтын шығарсың», — дейді. (Шенде тағы да) одан басқаны сұрамауға серт береді. Ұлы Раббысы оның тағатсызданып тұрғанын көріп, кешіріммен қарап, оны ол (ағашқа) жақындатады. Ол ағаш саясында көлеңкелеп, суынан ішеді. Сосын оған жаннат қақпасының алдындағы бір дарақ көрінеді. Ол алғашқы екеуінен де әдемі еді. Ол (тағы да): «Уа, Раббым! Мені осы (ағашқа) жақындатшы, саясына көлеңкелеп, суынан ішейін. Одан басқаны сұрамаймын», — дейді. (Аллаһ тағала): «Ей, Адам баласы! Маған одан басқаны сұрамауға серт берген жоқ па едің?» — дейді. Ол: «Иә, уа, Раббым! (Енді) одан басқаны сұрамаймын», — дейді. Ұлы Раббысы оның тағатсызданып тұрғанын көріп, кешіріммен қарап, оны ол (ағашқа) жақындатады. (Аллаһ тағала) оны (сол ағашқа) жақындатқан кезде, ол жаннаттықтардың дауыстарын естін: «Уа, Раббым, мені оған кіргізіші!» — деп (жалбарынады). (Аллаһ тағала): «Ей, Адам баласы! Сені не разы қылады? Саған дүниені және онымен бірге тағы сол

**сияқтыны (қосын) берсем, сені разы қылады ма?» — дейді.** (Пенде): **«Уа, Раббым! Өзің әлемдердің Раббысы бола тұра, мені әжуалап тұрсың ба?» — дейді...».**

(Осы жерде хадисті әңгімелеп отырған) Ибн Масғуд (Аллаһ оған разы болсын) күлген және (жанындағыларға): **«Менің неге күлгенімді сұрамайсыңдар ма?» — деген.** (Адамдар): **«Неге күлдің?» — деп (сұрайды).** Ол: **«(Осы хадисті айтқанда), Аллаһ елшісі (ﷺ) осылай күлген еді.** (Сахабалар): **«Неге күлдің, уа, Аллаһтың елшісі?» — деп (сұрағанда), ол (ﷺ): «(Пенде): «Өзің әлемдердің Раббысы бола тұра, мені әжуалап тұрсың ба?» — деген уақыттағы әлемдердің Раббысының күлгеніне», — деп (жауап берді)», — депті.** **«...(Сонда Аллаһ тағала әлгіге): «Мен сені әжуалап тұрған жоқпын. Керісінше, Мен қалағаныма құдіреттімін!» — дейді».**

Осы хадистің Әбу Сағид әл-Худридан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен риуаятында: **«(Сосын) Аллаһ тағала оған: «Мынаны-мынаны сұра», — деп есіне сала отырып, (оның қалаған нәрселерін береді). (Пенденің) арман-тілектері таусылған кезде Аллаһ: «Саған осы және дәл осындай он есе (артығымен)!» — дейді. Сосын (пенде жаннаттағы) үйіне кіреді. Сонда оған хор қыздарынан болған екі әйелі кіріп: «Сені бізге тірілтіп берген және бізді саған тірілтіп берген Аллаһқа мақтау болсын!» — дейді. (Сол кезде пенде): «Маған берілгендей (нәрс) ешкімге берілмеді!» — деп айтады», — деген.**

## Жаннаттың дәрежелері

Жаннат бір-бірінің үстін ала өрлеген дәрежелерден тұрады.

Аллаһ елшісі (ﷺ):

**«Расында, жаннатта Аллаһ жолында жиһад жасаушыларға Аллаһ әзірлеген жүз дәреже бар. (Олардан) екі дәреженің арасы — аспан мен жердің арасындай. Егер Аллаһтан сұрасаңдар, Одан Фирдаусты сұраңдар. Өйткені ол — жаннаттың арта тұсындағы ең жоғарғысы», — деген (әл-Бұхари).**

Иеленген орындарына қарай жаннаттықтар да өзара дәрежелерге бөлінеді.

Әбу Сағид әл-Худри (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбар (ﷺ): *«Жаннаттықтар араларындағы артықшылыққа байланысты төбелеріндегі бөлмедегілерге<sup>1</sup>, көкжиекті бойлап шығысқа яки батысқа қарай алыстан бара жатқан жарық жұлдызға қарағандай қарайды»*, — деген. (Адамдар): *«Уа, Аллаһтың елшісі! Ол (болмелер) басқалар жете алмайтын пайғамбарлардың мекені ме?»* — деп (сұрағанда, Пайғамбар (ﷺ)): *«Олай емес, жаным қолында болған (Аллаһ)пен ант етейін! (Олар) — Аллаһқа иман келтіріп, пайғамбарларға сенген кісілер»*, — депті (әл-Бұхари, Муслим).

Жаннат дәрежелерінің ең жоғарғысы «уәсилә» деп аталады.

Пайғамбар (ﷺ): *«(Ол) — жаннаттағы ең жоғарғы дәреже. Оған бір ғана кісі қол жеткізеді және мен сол болуды қалаймын»*, — деген.

Басқа бір риуаятта Аллаһ елшісі (ﷺ): *«...Аллаһтан маған уәсиләны беруін сұраңдар»*, — депті (Ахмад).

Жетімді қамқорлыққа алу пендені жаннатта Аллаһ елшісінің (ﷺ) дәрежесіне жақын дәрежеге жеткізеді.

Өйткені Пайғамбар (ﷺ): *«Өзіне яки басқаға тиісті жетімді қамқорлығына алған (адам), мені мен ол жаннатта мына екеуі сияқты»*, — деп сүк саусағы мен ортаңғы саусағын көрсеткен (Муслим).

Сондай-ақ Аллаһ балаларының дұғасы себепті ата-аналардың дәрежесін көтереді.

Аллаһ елшісі (ﷺ): *«Расында, Аллаһ жаннатта ізгі пенденің дәрежесін көтереді. Сонда ол: «Уа, Раббым! Бұл маған қайдан?» — деп (сұрағанда): «Сен үшін балаңның кешірім отінуінен»*, — дейді (Ахмад).

<sup>1</sup> Бұл жерде жаннаттың ең жоғарғы шегінде орналасатын адамдардың мекендері туралы айтылған.

## Жаннаттың қақпалары

Жаннаттың қақпалары туралы Аллаһ тағала: **«Олар үшін қақпалары ашық Ғадын жаннаттары бар»** (Сад, 50);

**«(Жаннатта) періштелер оларға әр қақпадан кіреді»** (Рағымд, 23);

**«Олар оған барғанда қақпалары ашылады да, оның сақшылары оларға: «Сендерге сәлем! Қош келдіңдер! Оған мәңгілікке кіріндер», — деп айтады», — деген** (Зумәр, 73).

Бұл қақпалардың саны — сегіз. Солардың бірі «Райһан» деп аталады.

Сәһл ибн Сағд (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Аллаһ елшісі (ﷺ): **«Жаннатта сегіз қақпа бар. Олардан бір қақпа «Райһан» деп аталады. Одан ораза тұтқандар ғана кіреді, олар кірген кезде ол жабылып, олардан басқа ешкім кірмейді», — деген** (әл-Бұхари, Муслим).

Сондай-ақ басқа да игі амалдар істегендерге арналған қақпалар бар.

Әбу Нурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисте Аллаһ елшісі (ﷺ): **«Кім Аллаһ жолында ерлі-зайыттыларға өз мал-дүниесінен қаражат жұмсаса, ол жаннат қақпаларынан шақырылады. Ал жаннатта сегіз қақпа бар: кім намаз оқығандардан болса, намаз қақпасынан шақырылады; кім садақа бергендерден болса, садақа қақпасынан шақырылады; кім жиһад жасағандардан болса, жиһад қақпасынан шақырылады; ал кім ораза тұтқандардан болса, ораза қақпасынан шақырылады», — деген.** Сонда Әбу Бәкір (Аллаһ оған разы болсын): **«Уа, Аллаһтың елшісі! Аллаһтен ант етейін, біреу олардың қай-қайсысынан шақырылса да, зиян шекпейді, (бірақ) әлдебіреу олардың бәрінен шақырыла ма?» — деп** (сұрағанда, Пайғамбар (ﷺ): **«Иә, сенің олардың қатарында болуыңды үміт етемін», — деп** (жауап берген) (әл-Бұхари, Муслим).

Сонымен қатар Аллаһ елшісі (ﷺ): **«Кімде-кім көркем түрде дәрет алып, сосын жанарын көкке көтерін: «Әшһәду**



*әллә иләһә илләллаһу, уахдәһу лә шәрикә ләһу, уә әшһәду әннә Мухаммәдән абдуһу уә расулуһ», — деп айтса, оған жаннаттың сегіз қақпасы ашылады да, ол олардың өзі қалағанынан кіреді», — деп айтқан (Муслим).*

Рамазан айында жаннаттың қақпалары ашылады.

Пайғамбар (ﷺ): *«Рамазан айы кірсе, жаннат қақпалары ашылып, тозақ қақпалары жабылады», — деген (әл-Бұхари, Муслим және Ахмад).*

Хадистердің бірінде Аллаһ елшісі (ﷺ) жаннаттағы қақпалардың кеңдігін сипаттап: *«Расында, жаннатта (қақпалардың) екі жақтауының арасы — қырық жылдық жол...», — деген (Ахмад).*

## Жаннаттың нгіліктері

Пайғамбарымыз (ﷺ) бір хадисінде біз алданған дүние мен біз көңіл бөлмейтін ақыреттің айырмасын түсіндіріп: *«Жаннаттағы бір қамшының бөйындай жер дүние мен ондағы нәрселерден қайырлы», — деген (әл-Бұхари, Муслим).*

Біз аңсаған жаннаттың сипаты осындай. Кудси хадисте Аллаһ тағала: *«Мен ізгі пенделеріме көз көрмеген, құлақ естімеген және адамзаттың жүрегіне түспеген (нәрселер) дайындадым», — деп айтқан (әл-Бұхари).*

### а) Жаннаттықтардың кескін-келбеті

Жаннат тұрғындарының түр-тұлғалары мен кескін-кейіптері өзгеше кейіпке енеді.

Пайғамбар (ﷺ): *«Аллаһ тағала Адамды (аләйһис-сәләм) оның бейнесінде, бойын алтыс кез етіп жаратты... Әрбір жаннатқа кірген (жан) Адамның бейнесінде, бойы алтыс кез боп кіреді», — деген (Муслим).*

Енді бір хадисте Пайғамбар (ﷺ): *«Жаннаттықтар (жаннатқа) жүнсіз, көсе, көздеріне сұрма жағылғандай бөлып, отыз үш жасар жігіт (кейпінде) кіреді», — дейді (Ахмад, өт-Тирмизи).*

Сондай-ақ жаннаттықтарға ұйқы жат нәрсе болады. Өйткені Аллаһ елшісі (ﷺ): **«Ұйқы — өлімнің туысы. Ал жаннаттықтар ұйықтамайды»**, — деп хабар берген (әл-Бәйһақи).

### ә) Жаннаттықтардың тамағы

Жаннатта таусылмас ризық-несібелер болады. Аллаһ тағала: **«Оларға жаннатта ертелі-кеш несібе бар. Құлдарымыздан біреу тақуа болса, (Біз) соны мұрагер ететін жұмақ осы»**, — деген (Мәриям, 62-63).

Осы аяттың мазмұнына сай «жаннатта таңертеңгілік және кешкі мерзім бар ма?» деген сұраққа Ибн Тәймия (Аллаһ оған рақмет етсін) дәйектерді қорыта отырып: «Жаннатта күн мен ай жоқ, түн де, күндіз де жоқ. Бірақ таңертеңгілік пен кешкі мерзім Рахманның аршысы тараптан көрінетін нұры арқылы ажыратылады», — деген.

Жаннаттықтардың ең әуелгі тағамы туралы айтсақ, Саубаннан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисте, бір яһуди Аллаһ елшісінен (ﷺ): «Жаннатқа кірген уақыттағы олардың сый асы не?» — деп сұраған. Пайгамбар (ﷺ): **«Киттің қара бауыры»**, — дейді. Яһуди: «Олар оның артынан нені азық етеді?» — деп сұрағанда, Аллаһ елшісі (ﷺ): **«Оларға жан-жағынан желінетін жаннаттың өгізі сойылады»**, — деп жауап беріпті (Муслим).

Жаннатта құстар бар. Онда қайсыбір құсқа төбетің шапса, ол алдыңа дайын күйінде қақталып түседі. Аллаһ тағала бұл жайлы Құранда: **«Төбеттері соққан құс еті бар»**, — деген (Уақиға, 21).

Жаннаттықтардың тамақ, сусын ішетін ыдыстары алтын-күмістен және шыныдан болады. Аллаһ тағала: **«Оларға алтыннан табақтар, кеселер ұсынылады»** (Зухруф, 71);

**«Оларға күмістен ыдыстар, шыныдан кеселер ұсынылады»**, — дейді (Инсан, 15).

Бір айта кетерлік жайт, жаннатта осыншалықты мол ішім-жем болғанымен, жаннаттықтар нәжіс шығармайды.

Жабир ибн Абдуллаһ (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын):

«Аллаһ елшісінің (ﷺ): **«Расында, жаннаттықтар онда ішеді, жейді, (бірақ) олар түкірмейді, зәр шығармайды, қақ бөлмейді және сіңбірмейді»**, — деп айтып жатқанын естідім. (Адамдар): **«Сонда тағамдары қайтеді?»** — деп (сұраған еді, Пайғамбар (ﷺ): **«Мисктей жұпар кекірікпен (шығады)»**, — деп айтты», — деген (Муслим).

### б) Жаннаттың өзендері мен бұлақтары

Жаннаттағы өзендер туралы Аллаһ тағала: **«Сондай тақуаларға уәде етілген жаннаттың мысалы, онда еш бұзылмайтын өзен сулары, дәмі өзгермейтін сүттен өзендер, ішушілерге дәмді шараптан өзендер және тазартылған балдан өзендер бар»**, — дейді (Мұхаммед, 15).

Жаннаттың өзендерінің бірі — Аллаһ тағаланың Пайғамбарымызға (ﷺ): **«Расында, Біз саған Кәусарды бердік»** (Кәусар, 1), — деп уәде еткен Кәусары.

Аллаһ елшісі (ﷺ) сахабалардан: **«Кәусардың не екенін білесіңдер ме?»** — деп сұрағанда, олар: **«Аллаһ пен Оның елшісі жақсы біледі»**, — дейді. Сонда Пайғамбар (ﷺ): **«Ол — Аллаһ тағала маған уәде еткен өзен. Онда көптеген игіліктер бар»**, — деген (Муслим).

Сондай-ақ жашпат бұлақтары туралы Аллаһ тағала: **«Расында, игілер (жаннатта) кафур қосылған кеседен ішеді. (Ол) — Аллаһтың құлдары ішетін бұлақ, олар оны (қалаған жерлерінен) шығарады»** (Инсан, 5-6);

**«Негізінде, игілер, әрине, нығмет ішінде болады. Олар жұмсақ сәкілердің үстінде (Аллаһтың нығметтеріне) қарайды. Олардың бақытқа бөленгендіктерін шырайларынан танысың. Олар мөрленген ішімдіктен сусындатылады. Оның иісі жұпар аңқиды. Жарысушылар осыған жарыссын. Оның қоспасы «Тәсним» (бұлағынан). (Ол) бұлақтан (Аллаһқа) жақын болғандар ішеді»** (Мутаффифун, 22-28);

**«Онда оларға зәнжәбил араластырылған (ішімдік) кесемен ішкізіледі. (Ол) — «Сәлсәбил» деп аталатын бір бұлақ»**, — деген (Инсан, 17-18).

**в) Жаннаттың ағаштары мен жемістері**

Жаннаттың ғажайып ағаштары мен жемістері туралы Аллаһ тағала:

«Негізінде, тақуалар үшін табыс бар. Бақшалар, жүзімдер бар» (Нәбә, 31-32);

«Ол екі (бақшада) жемістер, құрма және анар бар» (Рахман, 68);

«Оншылдар, оншылдар нендей (нәрседе): тікенсіз сидр (ағаштарында), (жемістері) үсті-үстіне шоғырланған банан (ағаштарында), созылған көлеңке астында, құйылған суда, ешбір таусылып, үзілмейтін, (ешкім) қорымайтын мол жемістерде» (Уақиға, 27-33);

«Ол екеуінде жемістер жұп-жұбымен» (Рахман, 52);

«Қалаған жемістері бар», — деп айтқан (Уақиға, 20).

Бұл — жаннат жемістерінің аттары, түр-көрінісі де осы дүниелегідей болады да, бірақ дәмі ерекпе өзгеше болады. Аллаһ тағала: «Әр кез оларға оның жемісінен бір ризық берілсе, олар: «Осы бізге бұрын да ризық етілген еді ғой», — дейді. Ал оларға оның ұқсасы әкелінеді», — деген (Бақара, 25).

Жаннатта жеміс жегісі келген адамға оны барып үзіп алып жеудің қажеттілігі болмайды. Ол тек қаласа болғаны, жеміс оның алдына келіп түседі. Аллаһ тағала жаннаттықтардың жай-күйін сипаттап: «(Оларға) екі бақшаның жемістері жақын тұрады» (Рахман, 54);

«(Жаннаттың) жемістері (олардың) біржолата еріктерінде болады», — дейді (Инсан, 14).

Жаннаттың ағаштары зәулім, өте үлкен болады.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) жеткізген хадисте Пайғамбар (ﷺ): «*Расында, жаннатта бір ағаш бар, салт атты кісі оның саясында жүз жыл жүреді. Қаласаңдар, оқыңдар: «Созылған көлеңке астында»* (Уақиға, 30)», — деген (әл-Бұхари).

Аллаһ елшісі (ﷺ) бір хадисінде: «*Жаннаттағы әрбір ағаштың діңі алтыннан*» (әт-Тирмизи, Ибн Хиббан, әл-Бейһақи), — десе, келесі бір хадисінде: «*Исра түнінде Ибраһимді кез-*

дестірдім. Ол: «Ей, Мұхаммед! Үмбетіңе менен сәлем айт! Оларға хабар бер, расында, жаннат — топырағы торқа, суы шырын (жер) және ол — жазық дала. Ал оның қошеттері: «субханаллаһ», «уәл-хамду лилләһ», «уә лә иләһә иллаллаһ», «уаллаһу әкбар», — деп айтты», — деген (өт-Тирмизи).

Яғни әрбір «субханаллаһ», әрбір «әл-хамду лилләһ», әрбір «лә иләһә иллаллаһ» деп айтқан сайын жаннатта бір-бір ағаштан өседі.

Сондай-ақ тағы бір хадисінде Пайғамбар (ﷺ): «Кімде-кім «субханаллаһи уә бихамдиһи» деп айтса, ол үшін жаннатта бір құрма ағашы отырғызылады», — деп айтқан (өт-Тирмизи).

Дүниеде жүріп, қай-қайсымыздың да жаннатта ағаш отырғызуымызға мүмкіндігіміз толық жетеді. Мәселен айталық, аядамаларда сарылып көлік күткенде, небір ұйқысыз түндерде дөңбекшіп көз іле алмағанда т.с.с. кездерде жоғарыда айтылған осы бір керемет сөздер арқылы өзіміз үшін жаннатта ағаштар отырғызуымызға әбден болады.

### г) Жаннаттың ғимараттары

Пайғамбар (ﷺ) жаннаттың ғимараттарын: «Бір кірпіші алтыннан, бір кірпіші күмістен, ал дәнекері<sup>1</sup> жұпар мисктен, қиыршық тастары лұлу, жақұттан, топырағы шафраннан. Оған кірген (адам) нығметке боленеді, қасіретке түспейді, мәңгі қалады, өлмейді, киімдері тозбайды және жастық шақтары арымайды» (Ахмад, өт-Тирмизи және өд-Дари-ми), — деп сипаттаса, Аллаһ тағала: «Сол жерге қараған сәтте нығмет пен зор салтанат көресің», — деп айтқан (Иван, 20).

Онда зәулім сарайлар бар.

«Раббыларынан қорыққандар үшін астарынан өзендер ағатын қабат-қабат салынған сарайлар бар. (Бұл) — Аллаһтың уәдесі, Аллаһ уәдесінен таймайды» (Зумәр, 20).

<sup>1</sup> Бұл жерде кірпіштердің арасындағы оларды бір-біріне жабыстырып, ұстап тұратын дәнскер қоспа туралы айтылған.

Пайғамбар (ﷺ): *«Жаннатта бір сарайлар бар, оның сыртынан іші, ал ішінен сырты көрінеді. Аллаһ тағала оны (адамдарға) тамақ бергенге, жұмсақ сөйлегенге, көп ораза тұтқанға және адамдар ұйықтап жатқан кезде түнде намаз оқығанға әзірлеген»*, — дейді (Ахмад, әт-Тирмизи және Ибн Хиббан).

Онда үйлер бар. Пайғамбар (ﷺ): *«Кім күндіз-түні (бір тәулікте) он екі раказат нәпіл намаз оқыса, Аллаһ оған жаннаттан үй тұрғызып береді»*, — деген (Муслим, Ахмад).

Бұл хадисті негізге алар болсақ, адам баласының бұл дүниеде жүріп-ақ күн сайын жаннаттан үй алуға мүмкіндігі бар.

Сол сияқты Пайғамбар (ﷺ): *«Кімде-кім Аллаһтың дидарын іздеп, мешіт салса, Аллаһ оған жаннатта сол сияқтыны тұрғызып береді»*, — деген (әл-Бұхари, Муслим).

Сондай-ақ жаннатта шатырлар болады. Аллаһ тағала: *«Шатырларда тұратын хор қыздары бар»*, — дейді (Рахман, 72).

Аллаһ елшісі (ﷺ) осы шатырды сипаттап: *«(Ол) шатыр іші қуыс ірі лұлуден, биіктігі көкке қарай отыз миль. Оның әрбір бұрышында мүміннің (өзінен) басқалар көрмейтін бір-бір әйелі бар»* (әл-Бұхари);

*«Расында, мүмін үшін жаннатта бір дана іші қуыс лұлуден шатыр бар, оның биіктігі көкке қарай алтыс миль және мүмін үшін онда әйелдер бар. Мүмін оларды айналып жүреді, ал олар бірін-бірі көрмейді»*, — дейді (Муслим).

#### ғ) Жаннаттықтардың киімдері мен сәндік бұйымдары

Жаннаттық әрбір адамның киімдері мен сәндік бұйымдары бұл дүниедегі ешбір патша мен бай-манапқа бұйырмаған нәрселерден тұрады.

Пайғамбарымыз (ﷺ) жаннаттықтарды: *«Олардың ондағы ыдыстары алтыннан, тарақтары алтын мен күмістен»*, — деп сүйіншілеген (әл-Бұхари).

Сондықтан пенденің дүние сәнін емес, жаннаттың сәнін іздегені абзал. Аллаһ тағала: *«Олар онда алтыннан білезіктермен безенеді және жұқалы-қалыңды жасыл жібектен киімдер киеді»*, — деген (Кәһф, 31).

Сондай-ақ Пайғамбар (ﷺ) шәһидтің жаннаттағы сән-салтанатын сипаттап: **«Басына құрмет тәжі кигізіледі. Ондағы әрбір жақұт дүние мен ондағы (нәрселерден) қайырлы»**, — дейді (Муслим).

#### д) Жаннаттың бұйымдары

Аллаһ тағала жаннаттағы керемет бұйымдарды баяндай келе: **«Онда биік жұмсақ сәкілер бар. Қойылған кеселер бар. Тізілген жастықтар бар. Төселген төсеніштер бар»** (Ғашья, 13-16);

**«Олар астары қалың жібек төсектерге сүйеніп отырады»**, — деген (Рахман, 54).

#### е) Жаннаттағы қызметкерлер

Жаннатта жұмақтағыларды күтетін арнайы қызметшілер болады. Аллаһ тағала: **«Оларға өзгермес жастар айналып қызмет етеді»** (Уақиға, 17);

**«Олардың айналасында өзгермес қызметші жастар болады. Оларды көрсен, шашылған меруерт деп ойлайсың»**, — дейді (Инсан, 19).

Ибн Тәймия жаннат қызметшілерін сипаттап: **«Жаннаттықтарды айналып, құрақ ұшатын қызметкерлер — жаннаттың бір жаратылысы. Олар дүние балаларынан емес. Ал дүниеде балигат жасына жетпей өлген сәбилер жаннатқа кірсе, аталары Адамның (аләһис-сәләм) бейнесінде кемел сипатқа ие болады»**, — деген.

#### ё) Мүмін отбасы жаннатта бірге болады

Мүмін пенде жаннатқа иман келтірген ата-анасымен, әйелімен, бала-шаға ұрпақтарымен бірге кіреді. Аллаһ тағала: **«Олар Ғадын атты жаннатқа кіреді. Аталарынан, жұбайларынан және ұрпақтарынан кім түзу болса, олар да кіреді»**, — деген (Рағд, 23).

Әйелдер жаннатта өзінің ең соңғы отасқан күйеуімен бірге болады.

Пайғамбар (ﷺ): «**Әйел** (жаннатта) **ең соңғы күйеуінде болады**», — деген (өт-Табарани).

Аллаһ тағала жаннаттағы ерлі-зайыптылар туралы: «**Олар да, жұбайлары да көлеңкелердегі жұмсақ сәкілерде жастапшы жатады**» (Ясин, 56);

«**Жаннатқа кіріндер. Сендер де, жұбайларың да шаттыққа бөленесіңдер!**» — деген (Зухруф, 70).

### ж) Жаннаттағы хор қыздары

Пайғамбар (ﷺ): «(Пенде жаннаттағы) **үйіне кіреді. Сонда оған хор қыздарынан болған екі әйелі кіріп: «Сені бізге тірілтіп берген және бізді саған тірілтіп берген Аллаһқа мақтау болсын!**» — дейді. (Сол кезде пенде): «**Маған берілгендей (нәрсе) ешкімге берілмеді!**» — деп айтады», — деген.

Мүміндерде жаннатта әйелдерімен қатар хор қыздары болады. Аллаһ тағала: «**Осы сияқты сондай-ақ оларды ботакөз хорлармен үйлендіреміз**» (Дұхан, 54);

«**Оларды ер көрмеген қыздар етіп жаратамыз. Күйеуін сүйгіш құрдас болады**» (Уақиға, 36-37);

«**Жұмақтарда өз ерлеріне телмірген, сондай-ақ өздеріне олардан бұрын адамдар да, жындар да соқтықпаған жұбайлар бар. Ендеше, Раббыларыңның қай нығметтерін өтірік дейсіңдер? Ол жұбайлар жақұт, маржан сияқты**» (Рахман, 56-58);

«**Сақтаулы інжу сияқты**», — деген (Уақиға, 23).

Жаннаттық әйелдер хор қыздарынан да асқан сұлу болады. Олар осы дүниедегідей жайсыздық тудыратын хайыз сияқты нәрселерді көрмейді. Аллаһ тағала: «**Олар үшін онда тап-таза жұбайлар бар. Олар онда мәңгі қалады**», — дейді (Бақара, 25).

Пайғамбар (ﷺ): «**Жаннаттықтардан бір әйел жердегілерге көрінсе, оның екі арасын жарық етіп жіберер еді және (жерді) оның жұпар иісі алып кетер еді. Ал оның басындағы бір орамалы дүние мен ондағы (нәрселерден) қайырлы**», — деген (өл-Бұхари).

Жаннатта әйелдер ән салады. Пайғамбарымыз (ﷺ): «**Жаннаттықтардың әйелдері күйеулеріне ешкім, ешқашан есті-**



*меген әсем дауыспен ән салады. Олардың салатын әндерінің бірі — «Біз таңдаулы сұлулар, құрметті адамдар әйелдері, қуаныш көзімен қарайтын. Біз өлмейтін мәңгілікпіз, біз қорықпайтын бейбітпіз, біз көшпейтін тұрақтымыз», — деп айтқан (өт-Табарани).*

Ал жаннатта осындай әйелдер нәсіп болған еркектерге Пайғамбар (ﷺ) айтқандай: *«Жүз еркектің қуаты беріледі» (өт-Тирмизи).*

### з) Жаннаттықтар бір-бірімен достық сұхбат құрады

Жаннаттықтар бас қосып, достық сұхбат құрады. Аллаһ тағала: *«Олардың кеуделеріндегі кекті шығардық. Туыс болып тақтардың үстінде бір-біріне қарсы отырады» (Хижр, 47);*

*«Олар бір-біріне қарама-қарсы отырып хал сұрасады. Расында, біз бұрын (дүниеде) отбасымызда да қорқушы едік. Сондықтан Аллаһ бізге игілік етті де, заһарлы азаптан қорғады. Расында, біз бұрын Аллаһқа жалбарынушы едік. Өйткені Ол — игілік Істеуші, аса Мейірімді», — деседі», — деген (Тур, 25-28).*

Олар фәни дүниеде адасқан таныстарын еске алады. Аллаһ тағала бұл жайлы: *«Олар қарама-қарсы отырып сұрасады. Олардан бір айтушы: «Расында, менің бір ағайыным бар еді. (Ол маған): «Шын-ақ растаушылардансың ба? Өліп, топырақ және сүйек болсақ та, жазаға тартыламыз ба?» — дейтін. Оны көргілерің келе ме?» — дейді де, қарап оны тозақтың ортасында көреді де: «Аллаһқа ант етейін! Мені де жоқ ете жаздадың. Егер Раббымның игілігі болмаса, әрнне, мен (тозаққа) келтірілгендерден болар едім», — дейді. (Сонда жаннаттықтар): «Біз өлмейді емеспіз бе? Тек алғашқы өліміміз болмаса. Біз азапқа да душар болмаймыз. Шын мәнінде, бұл (жаннат) — зор табыс», — (дейді). Ендеше, амал істеушілер амал қылсын», — деген (Саффат, 50-61).*

### и) Жаннаттықтардың апта сайын сұлулықтары артады

Аллаһ елшісі (ﷺ) бір хадисінде: *«Расында, жаннатта*

*бір базар бар. Оған (адамдар) жұма сайын келеді. Сонда солтүстіктің самалы есіп, жүздері мен киімдеріне леп урады да, олардың сұлулықтары мен көріктері артады. Олар сұлулықтары мен көріктері артып үйлеріне қайтқанда, оларға әйелдері: «Аллаһпен ант етейік, сұлулықтарың мен көріктерің артыпты ғой!» — дейді. (Еркектер де оларға): «Сендердің де, Аллаһпен ант етейік, сұлулықтарың мен көріктерің артыпты!» — деп айтады», — деген (Муслим).*

Яғни әр жұмада жаннаттықтардың сұлулықтары арта түседі.

#### **й) Жаннатта не қаласаң, сол болады**

Жаннаттағыларға қалағанын істеуге, қалағанын тамашалауға рұқсат етіледі.

Пайғамбар (ﷺ) хадис айтып жатқан кезде оның алдында бір бәдәуи отырады. Сонда Пайғамбар (ﷺ): *«Жаннаттықтардан бір кісі Раббысынан егін егуге рұқсат сұрайды. (Аллаһ тағала) оған: «Сенде қалағаның бар емес пе?»», — дейді. Ол: «Әрине, бірақ мен егін егуді жақсы көремін», — дейді. Сойтіп, ол дән себеді. (Дәні) қас-қағым сәтте өсіп шығып, бой түзен, таудай мол өнім береді. Аллаһ тағала: «Ала ғой, ей, Адам баласы! Расында, сені еш нәрсе тойдырмайды», — деп айтады», — дейді. Сол кезде бәдәуи: «Аллаһпен ант етейін! Сен оның құрайыш немесе ансар екенін көресің. Өйткені олар — диқандар, ал біз диқан емеспіз», — дейді. Сонда Аллаһ елшісі (ﷺ) күліп жіберіпті (өл-Бұхари).*

#### **к) Жаннаттағы ең ұлы игілік**

Жаннаттықтарға нәсіп болатын ең ұлы игілік — Аллаһ тағаланың разылығы.

Әбу Сағидтан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисте, Пайғамбар (ﷺ): *«Аллаһ тағала жаннаттықтарға: «Ей, жаннаттықтар!» — дейді. Олар: «Ләббәй, уа, Раббымыз, біз Саған әрқашан шатпыз! Жақсылықтың бәрі Өз қолыңда!» — дейді. (Аллаһ тағала): «Разы болдыңдар ма?» —*

дейді. «*Уа, Раббы, разы болмай не бопты?! Расында, бізге ешбір жаратқаныңа бермегеніңді бердің!*» — дейді. «*Одан да жақсысын берейін бе?*» — дейді. «*Уа, Раббы, бұдан артық не нәрсе бар?!*» — дейді. «*Сендерге разылығымды жайластырамын және бұдан кейін сендерге ешқашан ашуланбаймын!*» — деп айтады», — деген (әл-Бұхари, Муслим).

Сосын Аллаһ тағала жаннаттықтар үшін одан да ұлы игілігін көрсетеді.

Пайғамбар (ﷺ):

«*Жаннаттықтар жаннатқа кірсе, Аллаһ тавала: «Сендерге бір нәрсе қосып беруімді қалайсыңдар ма?» — дейді. Олар: «Жүздерімізді асартқан жоқсың ба? Бізді жаннатқа кіргізіп, тозақтан құтқарған жоқсың ба?» — дейді. Сол кезде (Аллаһ тағала Өзінен) пердені алады. Оларға Ұлы Раббыларына қараудан сүйікті еш нәрсе нәсіп болмады*», — деп, сосын:

«*Сондай жақсылық істегендерге жақсылық әрі артығы да бар*» (Юнус, 26), — деген аятты оқыған (Муслим, өт-Тирмизи).

## Пендені жаннатқа жетелейтін амалдар

Пендені жаннатқа жетелейтін амалдардың түрі өте көп. Оларға жеке-жеке тоқталу оңайға соқпайды. Сондықтан бұл жерде Аллаһ тағала Фирдаус жаннатын мұра етіп алатынын баяндаған мүміндердің сипаттарын көрсетумен шектелуді жөн санадық. Аллаһ тағала Қасиетті Құранда:

«*Шынында, мүміндер құтылды. Олар — намаздарында жан-төнімен беріліп тұратындар. Олар — пайдасыз нәрселерден бет бұратындар. Олар — зекет беретіндер. Олар — абырларын сақтайтындар. Бірақ әйелдері немесе күндері болса басқа, өйткені оларға сөгіс жоқ. Кім бұлардан басқаны іздесе, міне, солар шектен шығушылар. Олар — аманаттары мен серттерін сақтаушылар. Олар — намаздарын ұқыпты оқушылар. Міне, солар — мұрагерлер. Олар онда мәңгі қалатын Фирдаус жаннатына мұрагер болады*», — деген (Муминун, 1-11).

Әйтсе де іс-амалдар жаннатқа кірудің себебі ғана, негізінде, пенде оған Аллаһтың рақымы мен кеңшілігі арқылы қол жеткізеді.

Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте Аллаһ елшісі (ﷺ): **«Ешқашан қайсыбіріңді іс-амалдарың жаннатқа кіргізе алмайды»**, — деген. (Адамдар): **«Сені де ме, уа, Аллаһтың елшісі?»** — деп (сұрағанда, Пайғамбар (ﷺ)): **«Аллаһ кеңшілігі мен рақымына алмаса, мені де»** — деп жауап берген (Муслим).

### **Бұл дүние игіліктері жаннат игіліктеріне жетуге кедергі жасамайды**

Жаннат игіліктері бұл дүние мен оған қатыстылардан бас тартуды талап етпейді. Аллаһ тағала: **«(Ей, Мұхаммед! Оларға):**

**«Аллаһтың пенделеріне көркем етіп шығарған нәрсесін және берген жақсы несібелерін кім харам етті»**, — де. **Бұл несібе дүние тіршілігінде нман келтіргендер үшін»**, — деген (Аграф, 32).

Яғни мүміндер үшін дүние мен ондағылардан пайдалануға ешқандай тыйым жоқ, тек адал болса болғаны. Алайда иманды кісі дүние мен ақырет істерін қатар ұстаса да, Аллаһтың разылығы мен қияметте жүзін жарық қылар нәрсені жоғары қояды. Өйткені нағыз абырой — ақыреттегі абырой, шынайы бақыт — қияметтегі бақыт. Әрбір адам өз жұртына асығады. Ал мүміндердің жұрты — Аллаһ тағаланың оларға әзірлеген жаннаты.

## Қорытынды

Әлемдердің Раббысы Аллаһқа мадақ! Барша адамзаттын мырзасы Мұхаммедке және оның отбасына, сахабаларына әрі оларға қияметке дейін ізгілікпен ілескендерге Аллаһ тағаланың салауаты мен игілігі болсын!

Міне, біз осы арада мұсылман бауыр-қарындастарымызға арнап құрастырып, жазған «Ақырет өткелдері» атты жинағымыздың соңғы беттеріне де келіп жеттік. Еңбекті әзірлеу барысында кеткен кемшілік-қателер болса, ол — біздің және пендені жаңылдырып, адастырушы шайтан лағынеттің іс-әрекетінен. Өйткені ұлы дәреже Иесі әрі Жомарт Аллаһ тағала кемшілік атаулыдан пәк!..

Кітаптан «тоқсан сөздің тобықтай түйіні» ретінде түсінеріміз — Жаратушы Аллаһ тағала жер мен көктегі әрбір құлын бекерге жаратпағаны, әрі жер бетіндегі әрбір пендесі өзіне жүктелген міндеттерін қаншалықты атқарғанына қарай сый-сыяпатын немесе жазасын алар Қиямет күнінің бар екені, сондай-ақ ол күннің қашан келетінін бір ғана Раббымыз — Аллаһтың білегіні...

Қиямет күні Аллаһқа өтірік айтқандардың жүздері қап-қара болады. Әрі олар тозаққа кіргізіледі. Ал фәни дүниеде иман келтіріп, тақуалықта болғандарды Аллаһ тағала дүние және ақыретте толық қолдап, құтқарады. Оларға ешқандай жамандық жуымайды әрі олар қайғырмайды. Олардың ақыреттегі орны — жаннат!

Ендеше, құрметті оқырман, бұл жинақты оқып, ішіндегі берілген барлық мағлұматтарды ой-өрісіңізден өткізіп, жақсылап саралаған соң, жоғарыда аталған екі орынның қайсысын (яғни тозақ пен жаннат) таңдауды өз еркіңізге қалдырдық. Бірақ толық шешім қабылдаудан бұрын Құран Кәрімдегі мына аятты әрдайым жадыңызда ұстауыңызды ескертеміз. Онда Аллаһ тағала: «(Мұхаммед): «Ей, өздеріне зиян қылған құлдарым! Аллаһтың рақымынан күдер үзбедер. Аллаһ барлық күнәларды кешіреді. Өйткені Ол

аса Кешірімшіл, өте Мейірімді», — де. Өздеріңе азап келіп, кейін жәрдем берілмей қалуларыңнан бұрын Раббыларыңа қайтындар да, Оған бойсұнындар! (Жақындағанын) өздерің сезбеген күйде кенеттен азап келуден бұрын Раббыларыңнан сендерге түсірілген ең көркем нәрсеге (Құранға) ілесіндер! Біреу: «Аллаһқа тиісті (ғибадаттарда) кемшілік жібергенім үшін маған нендей өкініш! Негізінде, мен мазақтаушылардан едім» (деп айтуынан бұрын) немесе «Егер Аллаһ мені тура жолға салғанда, әрине, мен тақуалардан болар едім» не олар азапты көрген сәтте: «Әттеген-ай, маған кері қайту болып, сонда мен жақсылық істеушілерден болсам еді», — дейтін (күннен сақтанындар)», — деп айтқан (Зумәр, 53-58).

Сөз соңында, Раббымыз Аллаһтан бізді тозақ отынан, қабір азабынан, өмір мен өлім сынағынан және Мәсих Дәжжалдың фитнасынан сақтап, Өзінің ізгі құлдарына уәде еткен жаннаттарына қол жеткізуімізді нәсіп етуін сұраймыз (әмин).

## Пайдаланылған әдебиеттер

1. Құран Кәрім қазақша мағына және түсінігі. (Аударған Х. Алтай). Мадина, 1991.
2. Құран Кәрім қазақша мағына және түсінігі (Арабшадан аударған А. Мансур, қазақ тіліне тәржімелеген А. Сманов). Алматы-Бішкек, 2006.
3. Әл-Ашқар, Омар б. Сүлеймен, «әл-Қияматул-кубра» (Үлкен қиямет), Амман, «Дар ән-Нафаис», 2000.
4. Әл-Ашқар, Омар б. Сүлеймен, «әл-Қияматус-сугра» (Кіші қиямет), Амман, «Дар ән-Нафаис», 2000.
5. Имам Ахмад, Ахмад б. Мухаммад б. Ханбал өш-Шәйбани, «Әл-Муснад» (Муснад Ахмад б. Ханбал), Бейрут, «Дар әл-Фикр», h 1398.
6. Әл-Бәйһаки, Әбу Бәкір Ахмад б. әл-Хусейн, «Әс-Сунан әл-Кубра», Эр-Рияд, «Мәктабату әр-Рушд», 2004.
7. Әл-Ғазали, Әбу Хамид, «Ихия Ыулум әд-Дин», Бейрут, «Дар әл-Кутуб әл-Ғылмия», h 1406.
8. Әд-Дарими, Абдуллаһ ибн Абдуррахман, «әс-Сунан» (Сунан әд-Дарими), Бейрут, «Дар әл-Кутуб әл-Ғылмия».
9. Әбу Дауд, Сулейман б. әл-Әшғас, «Әс-Сунан» (Сунан Әби Дауд). Бейрут, «Дар әл-Жил».
10. Әз-Зәбиди, Ахмад б. Абдуллатиф, «Мұхтасар сахих әл-Бұхари», Эр-Рияд, «Дарус-Сәләм», 2001.
11. Зәйдан, Абдул-Карим «әл-Мустәфаду мин қисасил-Қуран», Бейрут, «Муассасату әр-Рисала», 1998.
12. Ибн Кәсир, Исмаил б. Омар, «Тәфсир әл-Қуранил әл-азим», Эр-Рияд, «Дарус-Сәләм», 2001.
13. Ибн Кәсир, Исмаил б. Омар, «әл-Бидая уән-Ниһая», «Дар әл-Мағрифә», Бейрут, 1998.
14. Ибн әл-Қайим, «Рух», Бейрут, «Дар әл-Кутуб әл-Ғылмия», 1982.

15. Әл-Қуртуби, Мухаммад б. Ахмад, «Әл-Жәмиғ ли-Әхкам әл-Құран» (Тафсир әл-Қуртуби), Бейрут, «Дар әл-Китаб әл-Араби», 2001.

16. Әл-Қуртуби, Мухаммад б. Ахмад, «әт-Тәзкира фи әхуали әл-мәута уә умур әл-Әхира», әл-Мәдина әл-Мунауура, «Мәктаба әс-Сәләфия».

17. Ибн Мәжәһ, Мухаммад б. Язид әл-Қазуини, «Әс-Сунан» (Сунан ибн Мәжәһ), Бейрут, «Дар әт-Турас әл-Араби».

18. Имам Мәлік, Мәлік б. Әнас әл-Әсбахи, «әл-Муатта», Бейрут, «Дар әл-Бихар», 1991.

19. әл-Мунзири, «Мұхтасар сахих Муслим», Эр-Рияд, «Дарус-Сәлам», 2002.

20. Ән-Нәсаи, Әбу Абдуррахман Ахмад б. Шуғайб, «Әс-Сунан» (Сунан ән-Нәсаи), Бейрут, «Дар Ихья-у әт-Турас».

21. Ән-Нәуауи, Мухиддин Яхия б. Шараф, «Шарх Сахих Муслим», Бейрут, «Дар әл-Мағрифа», 1997.

22. Әт-Табарани, Сулейман б. Ахмад, «әл-Мугжам әл-Кәбир», Каир, «Мақтаба Ибн Тәймия».

23. Әт-Табари, Мухаммад б. Жәрир, «Жәмиғ әл-Баян ан та'уил ил-Құран» (Тафсир әт-Табари), Бейрут, «Дарул-Фикр».

24. Ибн Тәймня, Ахмад «Мәжмуғ әл-фәтәуа» (Пәтуалар жинағы), Бейрут, «Матабиғ әд-Дар әл-Арабия», 1398.

25. Әт-Тирмизи, Әбу Иса Мухаммад б. Иса, «Әс-Сунан» («Әл-Жәмиғ әс-Сахих» немесе «Сунан әт-Тирмизи»), Бейрут, «Дар әл-Фикр», 2-басылым, 1403.

26. Әл-Уәбил, Йусуф б. Абдуллаһ, «Әшратус-саъа» (Қиямет белгілері), әд-Даммам, «Дар Ибн Жаузи», 2001. 14-басылым.

27. Әл-Хаким, Мухаммад б. Абдуллаһ ән-Найсабури, «Әл-Мустадрак алә әс-Сахихайн», Бейрут, «Дар әл-Китаб әл-Араби».

28. Әл-Ханафи, Али б. Әбул-Изз әд-Димашқи (һ. 792), «Шарх әл-Ақида әт-Тахауия» (Имам әт-Тахауи ақидасының түсіндірмесі), Эр-Рияд, 1413.



29. Ибн Хиббан, «Сахих Ибн Хиббан», Бейрут, «Муәссасату әр-Рисала», 2-басылым, һ. 1414.

30. Әш-Шиһауи, Мәжди Мухаммад «Азабул-қабр» (Қабір азабы), Каир, «Мактабату әл-Иман», 1993.

## МАЗМҰНЫ

Пікір.....	3
Алғы сөз.....	4
<b>I бөлім</b>	
Ақыретті тану.....	7
Ақырет күніне сену.....	7
Ақырет күніне сенбейтіндерге жауап.....	11
Аллаһ тағала ақырет күніне сенбейтіндердің ақыл-ойына түрткі салады.....	13
Ақыретке сенудің пайдасы.....	14
Ақыретті танып-білудің қажеттілігі.....	21
Ақыретке қамданудың қажеттілігі.....	22
Ақыретке қатысты үрей мен үміт.....	25
<b>II бөлім</b>	
Өлім яки кіші қиямет.....	31
Рух (жан) деген не?.....	31
Жан мен нәпсі бір ұғым.....	34
Рухтың тәннен ажырауы.....	35
Ұйқы — кіші өлім.....	35
Өлім — ақиқат.....	37
Ажал мерзімі және орны.....	37
Жантәсілім ету.....	40
Мүміннің жан тапсыруы.....	40
Кәпірдің жантәсілім етуі.....	41
Өлім алдындағы арпалыс.....	42
Адам баласының өлімді жек көруі.....	45
<b>III бөлім</b>	
Қабір өмірі.....	48
Рухтың көкке көтерілуі.....	48
Барзах өмірі.....	50
Пайғамбарлар мен шәһидтердің қабірдегі жағдайы.....	52
Қабірдің қараңғылығы.....	53
Қабір қысымы.....	53
Қабір азабына қатысты дәлелдер.....	54
Қабір жағдайлары.....	57

Қабір азабына душар ететін нәрселер.....	59
Қабір азабынан құтқаратын іс-амалдар .....	64
Өлімнен немесе қабірден қорқудың пайдалары.....	66
Ілгерідегі ізгі адамдардың өлім жайлы айтқан ғибратты сөздері.....	69

#### **IV бөлім**

Қияметалды белгілер.....	73
Қияметтің мерзімі.....	73
Қиямет күнінің жақын қалғандығы туралы .....	75
Қиямет күнінің белгілері.....	76
Қияметтің кіші белгілері .....	77
а) Болып өткен белгілер .....	77
ә) Болып өткен және қазір де болып жатқан белгілер немесе бір рет болып өтіп, сосын қайталанатын белгілер.....	79
в) Әлі күнге дейін болмаған белгілер .....	96
Қияметтің үлкен белгілері .....	105
Имам Мәһди.....	106
I белгі: Мәсих Дәжжал.....	108
II белгі: Исаның (аләйһис-сәләм) жер бетіне түсуі.....	122
III белгі: Яжуж-Мажуж.....	126
IV, V, VI белгілер: Жердің ойылып түсуі .....	130
VII белгі: Түтін.....	130
VIII белгі: Күннің батыстан шығуы.....	131
Күн батыстан шыққаннан кейін тәубе қабыл болмайды .....	131
IX белгі: Жануар.....	132
X белгі: Адамдарды жинайтын от.....	133

#### **V бөлім**

Қиямет-қайым.....	135
Сүр үрілу.....	135
Қайта тірілу.....	137
Барша мақлұқаттың бір жерге жиналуы.....	138
Адамдардың жиналу сипаты.....	139
Адамдардың киіндірілуі.....	140
Қияметтегі махшар .....	140
Қиямет күнінің қорқыныштары .....	140